

Жапбаров Амангелді

**Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен
дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-
әдістемелік негіздері**

9-кітап

Шымкент-2011

УДК 378.(075.8): 811.512.122
ББК 74.268.1Қаз

Ж 30

Пікір жазғандар:

1. Ысқақ Б. – Академиялық инновациялық университеті, профессор, п.ғ.к.,
2. Жапбарова Г.А. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, пед.ғыл, кандидаты.
3. Боранбаев С. ф.ғ.д. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі

Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері – Шымкент «ИП Валиев» баспасы. 2011. -260 бет.

ISBN 9965-03-079-0

Бұл монографияда оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыра оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері, оның мақсаты мен мазмұны, сауатты жазу дағдысын қалыптастыра оқыту жүйесі мен әдістемесі сипатталды. Онда жазудың емлелік икемділік пен дағдыларының жүйесі, тіл білімдік негізі, жаттықтырудың әдіс –тәсілдері қарастырылды.

Еңбек педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрант, докторанттарға және мектеп мұғалімдері мен зерттеушілерге арналған.

УДК 378.(075.8): 811.512.122
ББК 74.268.1Қаз

ISBN 9965-03-079-0

Жапбаров А.

Кіріспе

Қоғам өмірдегі және экономикадағы терең өзгерістер барлық оқыту жүйесінің қайта құрылуын талап етіп отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл құқына көтерілуі, Қазақстан Республикасының тіл туралы заңының қабылдануы келешек ұрпақты оқытуда сауатты да мәдениетті қарым-қатынас жасауға үйрету міндеті жаңаша қылыптастыруды талап етуде.

Қазіргі әдіскерлердің оқыту саласындағы айрықша назар аударып отырған мәселесі - тілді қатысымдық - танымдық тұрғыдан оқыту. Ал бұл қазақ тілін тәжірбиелік түрде оқытуды талап етеді. Мәселен, Ә.Исабаев: «Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арқылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылымын сезеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады. Сауатын стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артады. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдер мен дағдыларын қалыптастырады»- дейді [1,39]. Ал орыс әдіскерлері: «Диктант», выполняет лишь одну функцию и дает возможность учителю контролировать степень освоения школьниками правил орфографии и пунктуаций»- деп көрсетеді [2,7].

Тіліміздің толық орфографиялық сөздігінің (1998, 2001, 2006ж.) басылымдарына біраз уақыт өтті. Бұл жылдар қазақ тілінің қызмет етуі мен даму барысында айтарлықтай тарихи құбылыстардың кезеңі болғаны мәлім. Осы мерзім ішінде қазақ тілінің ішкі даму заңдылықтарында да әсіресе, экстралингвистикалық деп аталатын сыртқы яғни қоғамның саяси, мәдени, құрылымдық, экономикалық т.б. өзгерістеріне орай орын алған деректерге де қатысты тіл білімінде де елеулі жаңалықтар, соны бағыт-бағдар пайда болып жатқаны белгілі. Бұл қазақ тілінің қатысымдық қызметіне де онды көрініс беруде.

Тіл – тарихи құбылыс, халықтың әлеуметтік өмірінің қызметшісі. Әсіресе, ана тіліміздің мемлекеттік тіл статусын (дәрежелік атағын) иемденген тұстан бері сөздік қазынамыздың толығу, іріктелу бағытына, оның терминология саласына, сондай-ақ әріптердің аталуына, емле мәселелеріне, қазақ тілінің үндестік заңы сияқты фонетикалық жүйесіндегі табиғи құбылыстарда жетілдірулердің жүріп жатқаны байқалады. Ал бір- қатар пікірлер баспасөз беттері мен жиын-конференцияларда графиканың (алфавиттің) түр-тұрпаты мен емлеге түбегейлі өзгерістер енгізу туралы пікірсайыстар, болашақ үшін тілек-талаптар түрінде орын алып келеді. Бұлардың бірқатары қазіргі кирилицадан (орыс алфавитінен) латын жазуына көшу кезеңде ескерілуге тиіс пікірлер болса, енді бірсыпырасы көшкенге дейін-ақ қолданыстағы әліпби құрамын өзгертуді, кірме сөздерді «қазақша сындырып» жазуды ұсыну сияқты талаптар түрінде болып отыр.

«Қазақ тілінің» жаңа бағдарламасында «Білім берудің негізгі

сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілінің қызметін жүйелі меңгерген, қатысымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу» деп көрсеткен [3,6]. Бұл – өмірдің өзі туғызып отырған талап. Оқушылардың дүниетанымдылығын қалыптастыруда, олардың ойлау, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіруде сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеудің маңызы ерекше. Бұл үшін оқушы тілдің фонетикалық жүйесін, сөздің орфоэпиялық нормаларын, сөз және оның мағынасына орай орнымен қолдана білу, сөздің морфологиялық құрылымы, сөзден сөйлем құрау жолы сияқты күрделі нәрселерді меңгеруі қажет. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қазақ тілінің қоғамдық - әлеуметтік маңызы артып, қолдану өрісі кеңейіп отырған жағдайда орфографиялық білімдерін кеңейтіп, өз тәжірибесінде қолдана білуге жаттықтырудың маңызы арта түсуде.

Бұл монографияда төмендегі мәселелер қарастырылды:

- қазақ тілінің орфография тарихына мәлімет беру;
- оқытуда орфографиялық ұстанымдарды белгілеу;
- емле туралы жүйелі білім, білік пен дағдысын қалыптастыру;
- қазақ тілін оқытудың тәжірибелік әдістерін жүйелеу негізінде оқушылардың сауатын арттырудың әдістемесін жасау.

Бірінші бөлім

Оқушылардың орфографиялық білім, білік, дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-теориялық негіздері

1.1 Орфографиялық икемділік пен дағдыны қалыптастыру әдістемесінің зерттелуі мен оқытылу жүйесі

Қазақ тілін, оның орфографиясын тиімді де нәтижелі оқыту үшін әдістеме ғылымының негіздеріне сүйенетіміз белгілі. Бүгінде әдістеме ғылымы өз алдына зерттеу нысаны, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бар дербес ғылым болса, оның даму, қалыптасуы А.Байтұрсынов, Ш.Х.Сарыбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, С.Жиенбаев, С.Рахметова, Н.Оразбаева, Б.Құлмағамбетова, Х.Арғынов, Ә.Исабаев, Ә.Әбілқаев, т.б. сияқты әдіскер-ғалымдарының есімдерімен тығыз байланысты. “Әдістеме-дайын рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба” болғанымен [5.2], “тілдік материалдарды практика жүзінде белгілі оқушыларға саналы түсіндіріп, меңгерудің бірден-бір дұрыс жолын үйрететін және оны зерттеп, тексеретін дидактикалық маңызы зор ғылым” [6.6], “пәнді терең меңгеруде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жүйесі, мәні және қалай оқыту туралы ғылым” [7.7], “қазақ тілінен берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым” [8.6]. ретінде бағаланады. Алайда қоғам өміріндегі соңғы жылдардағы елеулі бетбұрыстар оқыту үдерісінде жас ұрпақ тәжірибесіне басқаша талап қоя бастады. Яғни білім беру үдерісінде модернизациялау, инновациялау, ақпараттандыру, сол арқылы әлемдік білім кеңестігіне ену бүгінгі таңдағы басты мақсат болып отыр. Әлемдік білім кеңестігіне ену үшін оқыту әдістемесін де жаңаша құру міндеттелініп отырғаны белгілі. Осыған орай, педагогика ғылымының лексикасына “педагогикалық технология”, “оқыту технологиясы” деген жаңа ұғымдар еніп, олар бар болмысымен оқыту үдерісінде өз нәтижесін бере бастағанын ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдей алады. Әдістеме ғылымы мен оқыту технологиялары мақсаты жағынан бір болғанымен (сапалы білім, сапалы тәрбие беру), сипаты, оқу материалдарын игерту әдіс-тәсілдері, мұғалім мен оқушының әрекеті т.б. жағынан ерекшеленеді. Әдістеме ғылымы “нені”, “кімді” және “қалай оқыту” мәселелерін шешуді көздесе, оқыту технологиясы осыларға қоса “қалай нәтижелі оқыту” дегенді мақсат етеді. Яғни оқыту технологиясының басты сипаты-бағдарланған нәтижеге жету, нәтижелі білім беру.

Орфография – бұл біртұтас жазу жүйесі. Ал жазу жүйесі міндетті түрде тілдердің рухани және материалдық мәдениетінің өркендеуіне ықпал етеді. Өйткені көптеген мәдениет қайраткерлері жазудың сауатты болуын және оқырманның мәтінді жеңіл түсіне білуін талап етті. Ал, Ф.Оразбаева: Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді деп

есептейді. Сондай-ақ, жазбаша сөйлеу тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет екендігін көрсетті [8].

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлеу әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұны - мағынасына ғана емес, нұсқасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазбаша сөйлеу үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: себеп-салдарлық; аналитико-синтетикалық; орындалымдық. Сондықтан жазу әрекеті, біріншіден, белгілі бір ақпаратты екінші адамға жеткізудің нәтижесінде ойға келеді, алдымен оның себебі пайда болады.

Екіншіден, аналитика-синтетикалық кезінде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен байланысып тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін (текст) пайда болып, жазу орындалады. Бұл үдерісте мынандай әрекет жасалады:

1. Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
2. Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
3. Жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген ақпаратты білдіруі, қарым-қатынас жасалуы.

Себептік кезеңде адам жазумен шұғылдану үшін белгілі бір себеп-салдарлар пайда болып, яғни адам өмірде кездесетін әр түрлі деректі, ақпаратты басқа біреуге жеткізу қажеттілігінен айтуды, жазуды қалайды, сол арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастың алғышарттары жасалады.

Екінші кезеңде өмірден туған қажеттілік, яғни белгілі бір хабар миға ауысады, адамның санасында бейнеленеді, ой-пікір туғызады, ақпараттық жоспар жасалады.

Үшінші кезеңде адам санасындағы қалыптасқан ой сөзге, сөйлемге айналады. Сол ойды дұрыс жеткізу үшін тіл үйренуші тиімді сөздерді іздейді, жеткізгісі келетін хабардың ең басты мәнін дәл, нақты жеткізуді қалап, сөздердің мән-мағынасын ойластырады.

Төртінші кезеңде ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектеледі, белгілі бір ереже норма заңдылықтарымен қағазға түсіп, жазуға айналады. Ол жазудың үлгісімен ғана емес, білдіретін мазмұндық сипатымен де ерекшеленеді.

Бесінші кезеңде қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен, белгілі бір ақпараттың толық мазмұнын оқушыға жүйелі түрде дұрыс жеткізу

ойластырылады.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы мен емлесі. Графика, яғни жазу таңбалары - жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік таңбалар екі түрде жазылады: баспа түрінде және қолжазба түрінде. Әрбір әріп бас әріп және кіші болып таңбаланады. Барлық әріптердің жүйелік жиынтығы тілдің алфавитін құрайды.

Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесі мәселе - орфография. Ол - белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені игермей тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес.

“Орфография деп тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы туралы ережелердің жиынтығын айтады. Орфография тілдегі сөздердің, олардың түрлі тұлғаларының жазылу нормасын белгілейді”[9,4]. Ал орфографиялық норманы сақтау, қабылданған орфографиялық ереже бойынша жазу әркімнің міндеті. Тілдегі сөздердің біркелкі жазылуының қалыптасуы халықтың мәдени дамуының негізгі көрсеткіштерінің біріне жатады. Ал сауатты жазу-үйрету, дағдыландырумен қалыптасады.

Сауатты жазуда орфографияға қатысты кездесетін қиындықтар да кездеседі. Олар:

1. Фонетикалық, морфологиялық, тарихи ұстанымдардың өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ескеру;

2. Екпін, интонацияға байланысты дұрыс жазылуды қадағалау.

3. Қазақ тіліндегі еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру.

4. Жуан, жіңішке дыбыстардың фонемалық қасиетін есте сақтау.

5. Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгеру т.б. Жалпы орфографиялық білім екі саланы қамтиды:

1) жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білу ережесі;

2) грамматикалық заңдылықтарды игеру арқылы тіркесті, сөйлемдерді байланыстырып, дұрыс жазу нормасы.

Жазудың әдістемелік ерекшелігі - графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып сауатты жазуға жаттықтыру, оқыту.

Мектептер үшін білім беру стандартында «Қазақ тілі» пәнін оқытудың басты міндеттерінің бірі ретінде: «қазақ тілінде сөйлеу және жазу икемі мен дағдыларын қалыптастыру» -деп, жазбаша сөйлеуге баса көңіл аударады [10,3]. Сондықтан оқушыларды жазбаша сөйлеуге дағдыландыру үшін жазбаша қатысымның ерекшеліктерін анықтап, ол бойынша оқушыда қалыптастырылатын икемділік пен дағдылар жүйесін белгілеп алу қажет.

Жазып сөйлеу деп «жазбаша мәтіндер арқылы вербальдық (сөздік) тілдесу» -деп, көрсетіледі. Ол мерзімі шегерілген және тікелей болуы мүмкін.

Жазып сөйлеу монологтың, яғни мәтіннің әр түрлілігімен

ерекшеленеді. Ол ауызекі диалогтық сөйлесуге қарағанда анағұрлым дамыған. Сонымен бірге, жазып сөйлеуде екінші бір адаммен әңгімелесуге мүмкіндік жоқ. Тыныс белгілер арқылы сөйлем құрау тәртібі болатын сөйлеу әрекетіндегі интонация, мәнерлілік басқа қабылдаушыға ықпал етудің қосымша құралдары болып табылады. Сөйлеу мәдениеті жазбаша сауаттылықтан көрінеді. Ал сауаттылық білім, білік, дағдыларды игерумен байланысты. Сондықтан оқушылардың орфографиялық икемділігі мен дағдысын қалыптастыру мен сауаттылығын дамыта оқытудың өзіндік жүйесі бар:

1. Тіл дамыту: оқушылардың сөйлеу әрекетін белгілі жағдаятқа орай жүргізе білуге баулу.

2. Оқушылардың сөйлеу әрекетін қалыптастыру және жетілдіру: қатысымдық (коммуникативтік) біліктілікті жалпы әртүрлі пікір айтуда меңгеру бойынша жүргізілетін мақсатты жұмыстар арқылы жүзеге асыру. Сондықтан оқушылардың мектепте игерілетін орфографиялық білім, білік, дағдысын қарастырайық.

Білім беру сапасы - қоғамдағы білім беру үдерісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығын, яғни білім беру мазмұнын, оқыту қалыбы (формасы) мен әдістерін, материалдық техникалық базалары т.б. бойынша анықталады.

Білім - қоршаған ортада тәжірибелік тұрғыда нәтижесі байқалып, оның адам миында нақты бейнеленуі. Оның бейнеленуінің байқалу түрлері:

1. Тұжырымды бейнеленуі бойынша: жекелей; қоғамдық;
2. Бейнелену қалпы бойынша: теориялық (ауызша) білім; бейнелі, сезім органдары арқылы ұғынылатын білім: амалдық білім.
3. Аймақтық және пәндік танымдар бойынша берілетін білімдер.
4. Психологиялық деңгейлері бойынша: Білім-білу-елестету-түсіну-пайдалану-әрекет-қарым-қатынас- қажеттілік (тізбек бойынша).
5. Жинақталу дәрежесіне байланысты: Дерек-құбылыс, түсінік-терминдер, байланыстар - заңдылық, болжам-теория, әдіснамалық білім-бағалау білімі.

Біліктілік – бұл берілген білімді меңгерудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бұл туралы Ә.Тұрғанбаев: “Сонымен, ғылым дегеніміз білім, бірақ білімнің бәрі бірдей ғылымға жатпайды. Білімді тұжырымдауға бағытталған қызметтің нәтижесі болып табылатын білім ғана ғылымға жатады. Демек, ғылымды анықтап беретін басты бір белгісі – білім өндіру мақсатында іске асатын айрықша іс-әрекет, яғни жаңа білім тұжырымдау бағытында іске асатын арнайы таным процесі -дей отырып, жаңа білім алу үшін мақсатты қызметті іске асырушы адамдар тобымен (зерттеушілермен т.б.) қатар материалдық және методикалық база (приборлар, құрал-саймандар, оқыту, үйрету құралдары

т.б.), сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін жазып алатын жазу тілі қажет” дегенді айтады [11. 21].

Жалпы мағынада алғанда, білім ұғымы шындық дүние жайлы ой-пікірлер жиынтығын білдіреді. Бұл терминнің мынадай үш мәнін бөліп көрсетуге болады.

Бұл термин біріншіден, адамның бірдеңе істей алу, бір затты жасай білу қабілетін білдіреді, яғни тәжірибелік дағдыға айналған іскерлік мағынасында қолданылады. Өйткені ондай тәжірибелік іс-әрекет қисынды мәні бар күнделікті тәжірибеге негізделген белгілі бір білімге сүйенеді.

Екіншіден, “білім” деген сөз көп жағдайларда ғылыми білім мағынасында қолданылады. Мұндай білімдерге тән маңызды бір сипаттама – әрбір ғалым өз зерттеу жұмысында басшылыққа алатын негізгі мақсат-шындық ақиқатты ашу.

Ал кейде білім деп, үшіншіден, белгілі бір субъективтік факторды (мақсат-мүддені) іске асыруда шешуші рөл атқаратын пікірлерді, сенім-нанымдарды айтады [11. 22].

Бұл пікірлерге сүйенгенде, орфографиялық білім де анықталуы тиіс. Яғни “орфография сөздерінің жазылуы туралы ереже” десек, ал ереже – тіл білімінің жиынтық білімі. Мәселен, бала біріккен сөздің емлесін игеру үшін күрделі сөздер туралы білімімен қоса, біріккен сөздің жазылу емлесі туралы білімі болуы керек. Сондықтан емлеге үйрету жалпы мектеп көлеміндегі қазақ тілі туралы білім мен дағдыны игеруге сүйенеді.

Жаңа немесе өзгерген жағдайға сай білім негізінде белгілі әрекетті тиімді атқарудағы жеке бастың қабілеті біліктілік деп те аталады. Ал дағды - бақылаусыз қандай да бір істерді өздігінен автоматты орындау қабілеті болмақ.

Сипатына қарай біліктілік және дағды: қимылдық (моторлы); сезімдік (сенсорлық); ақыл-ойлылық (интеллектуалдық) болып бөлінеді.

Тіл осы кезеңде: синтаксистік құрылымын күрделендіру және көлемін ұлғайту; сөздердің қолдану аясын кеңейту; әртүрлі тіл құралдарын қолдануды дамыту мақсатын көздейді.

3. Оқытуда қатысымдық әдістің мәні. Әдіс барлық уақытта белгілі бір мақсатқа бағытталғандығы және осы мақсатқа бара бар, яғни оған жетуде барынша тиімді болуға қабілетті болуы тиіс екендігі белгілі. Мәселен, қатысымдық әдіс сөйлеуге жаттықтыру құралы ретінде арналған оқытудың теңбе-тең құралы ретінде анықталады.

Сөйлеу – өте-мөте күрделі және көп аспектілі құбылыс. Біріншіден, ол өмірінде қатынас құралының қызметін атқарады. Екіншіден, сөйлеу - бұл әрекет, анығында адам әрекеті түрлерінің бірі. Үшіншіден, сөйлеу әрекетінің нәтижесінде оның өнімі - айту туындайтындығын еске түсіру маңызды. Әрекет ретінде де, өнім ретінде де сөйлеу оқытуда бағдар беру қызметін атқаратын анық бір белгілерге (сипаттамаларға, параметрлерге) ие, өйткені ол белгілер сөйлеуді дамыту үшін қандай жағдай жасау қажеттігін болжайды, сондай-ақ, оқыту нәтижелерін бағалаудың жүйесі болып есептеледі.

Сөйлеу қатынас құралы ретінде ауызша да, жазбаша да жүзеге асырылады. Бірінші жағдайда адам қатынастың екі құралын - тілдік белсенділіктің түрлері ретінде сөйлеу және түсінуді меңгеруі керек. Ал екінші жағдайда жазу және оқи білуді меңгеру керек. Осылайша сөйлеу тілдік әрекет ретінде қатынас құралының түрі болып табылады.

Сөйлеу қатынас міндетін шешу мақсатында өз ойыңды жеткізу. Бұл бір адамның әрекеті, ол қатынасқа түскенде одан тыс болмайды, өйткені қатынас бұл әрқашанда басқа адамдармен өзара әрекеттестік. Сондықтан тілдік әрекеттің барынша дербес түрі бола отырып сөйлеу қатынас шеңберінде оған міндетті түрде оқытуды және оған сүйенуді талап етеді. Сондықтан, сөйлеуге оқыту үдерісіндегі «қатынас», «сөйлеу» және «оқыту» ұғымдарының арақатынасын түсінуі қажет. Сондықтан қатынас дегеніміз – бұл «адамдардың адамдарды өңдеуі». Сол себептен қатынас сананы және жеке адамның сана - сезімін дамытудың ең бір маңызды шарттарының бірі, жеке адамның толық дамуының түрткісі болатындығына назар аударылған [9].

Негізгі қатынас және іс-әрекет - өз алдына дербес нәрселер, бірақ бір-бірімен тығыз, өзара байланысты өмірдің біржақты үдерістері. Олардың арасында көптеген алмасулар болады. Мысалы, қатынастың жалпы сипаттарын ескере отырып, зерттеушілер оның негізгі қызметтерін ерекшелейді. Мәселен, А.В.Ковалев қатынастың қызметін үш топқа ажыратады:

1) ақпараттық- қатынастың (ақпаратты қабылдау және тапсырумен, адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);

2) жүйелі - қатынасты (адамдардың бір-бірінің әрекетін жөнге салуы, өзара әрекетті ұйымдастыру);

3) эффекті-қатынасты (олар адамның сезім әрекетінің аймақ ортасын анықтайды) [12,5].

Үшіншілері - танымдық, сезімдік, тәрбиелік қызметтеріне назар аударады. Өйткені әрбір қарым-қатынас жасаушы өз мақсатына мынандай амалдардың көмегімен жетеді, ауызекі сөйлесу, тыңдап түсіну, оқу, жазу, паралингвистика (сөйлеу мәнері, үзіліс т.с.с) және кез-келген өзара әрекет. Осы кезде қатынас жасау үш түрлі әдістермен жүзеге асады: ақпараттық (ойын, қызығушылығын, сезімін т.б. бөлісу), интеракциялық (қатынас жасаушылардың өзара әрекеті) және перцептивтік (қабылдау және адамды адамның түсінуі) [13]. Сондықтан қатынастың психологиялық мазмұнын әрекет түрінде былай көрсетуге болады:

- Қатынас тақырыбы-қарым-қатынас жасаушылардың өзара әрекеті;

- Қатынас бірлігі-элеуметтік өзара әрекет бөлімі;

- Қатынас туралы- ауызша (сөйлесу, түсініп тыңдау, жазу, оқу) және ауызша емес (паралингвистика, біріккен немесе өзара әрекет);

- Қатынас тәсілдері-ақпараттық, интеракциялық перцептивтік;

- Қатынас өнімі (немесе қоры)- ақпаратты талдау;

- Қатынас нәтижесі - өзара байланыстың өзгеруі;

Осыдан қатынасты былайша анықтауға болады: қатынас дегеніміз

адамның жеке тұлға ретінде тіршілік ету әрекетін сүйемелдеудің түрі болып табылады. Соның ең негізгісі- тіл арқылы қатысымдық әрекет. Ал баланың сөйлеу әрекеті үнемі даму үстінде болады.

Баланың жалпы тілін дамытудың мынандай бағыттары бар деп есептейміз.

1. Сөздіктің дамуы. Бала айналадағылармен дұрыс қатынас жасау үшін керекті сөздіктерді іріктеу сұрыптау арқылы жүргізеді. Сондықтан мұғалімдер балалардың сөйлеуге керекті сөздердің мағынасын тек білуі мен түсінуі ғана емес, сонымен қатар оларда тілге деген назарының дамуы үшін де керек. Сондай-ақ сөйлеу әрекетінде белсенді түрде сөздерді қолданылу мақсатына байланысты әрекет етеді. Сөздік қоры дамиды.

2.Тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру. Сөздік тіл үшін құрылыс материалы болып табылады. Грамматика сөздердің өзгерту нормаларын және олардың сөйлемде қосылу тәсілдерін орнатады. Одан бөлек ол тіл құрылым үлгілерін анықтайды.

Бала айналадағылардан грамматикамен жабдықталған сөздерді естиді, оқиды. Естігенін, оқығанын ұға отырып, ол грамматикалық ұғымды қабылдап, тіл тәсілдерін тани бастайды. Мұғалім тілді оқыту жүйесіне балалар назарын қызықтыратын үйлесімді жаттығулар жүргізеді. Белгілі бір ана тілінің морфология және синтаксистік ережелерін бекітіп, сөйлеу әрекетін ұйымдастырады.

3. Сөйлеуде белгілі екпін, интонацияны пайдаланады. Сол арқылы тілдік құралдар арқылы қарым-қатынасқа түседі. Ал оны жазуда емле ережелері мен тыныс белгілерді пайдаланады.

Мұндай сөйлеу әрекеті оқытуда ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстары арқылы қатар жүргізіліп отырылады. Бұл жөнінде Н.И.Жинкин: «Овладение письменной речью происходит медленно, на базе и через посредство устной речи. Достижение в письме перестраивают и устную речь учащихся»,- деуі соның дәлелі [14,7]. В.Г.Ананьев пікірі де соны қуаттайды: «Устная речь, создавая готовность к усвоению письменной, сама принимает иной вид на основе письменной» [15,8]. Олай болса, жазба тіл ауызекі тілдің негізінде жетіле отырып, өзінің де ерекшелігімен анықталады.

Жазу - тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен тұлғасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет.

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазу үш бөліктен құралады. Олар: себеп-салдар, аналитика-синтетикалық, орындау. Яғни жазу әрекеті, біріншіден, белгілі бір әсерді екінші адамға жеткізудің нәтижесінде ой пайда болады, алдымен оның себебі анықталады. Екіншіден, аналитика-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді. Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін пайда болып,

жазу орындалады. Сондықтан тілдік қатысымға байланысты жазу бірнеше әрекеттік кезеңнен тұрады да, көпсалалы құрылым ретінде көрінеді:

1. Қажеттіліктен пайда болатын себеп.
2. Түрткіліктің ойда, санада бейнеленуі.
3. Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
4. Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
5. Жазудың екінші адамға түсініктілік ретінде ақпаратты білдіруі.

Жазу механизмінің күрделілігіне сәйкес жазуға үйрету екі сатыдан тұрады: а) Жазу техникасын үйрету; ә) Өз ойын жазбаша түрде сауатты жеткізуге үйрету. Ал жаттығу, жаттықтыру – осы сөйлеу әрекеттерін қалыптастыруға негіз болатын әдістемелік әдіс, әрі дидактикалық жұмыстың түрі. Сондықтан оқыту үдерісінде жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыс болып есептеледі.

1.2. Оқыту үдерісінде оқушылардың орфографиялық икемділік пен дағдысының мазмұны мен мақсаты

Ғылым атаулының қай-қайсысының да өзіне тән дүниеге келу, қалыптасу, даму жолдары болады [16,3]. Қазақ тіл білімі де осындай жолдардан өтіп, өзінің тарихи қалыптасу дәуірін басынан кешірді. Ал орфография тіл білімінің негізінде қалыптасады. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі графика мен орфографияның даму тарихын қысқаша қарастырайық.

Қазақ халқы басқа да түркі халықтары сияқты ислам дінінің тарауымен бірге келіп енген араб жазуын ертеректен бастап-ақ қолданған. Бірақ грамматикалық құрылысы жағынан да, дыбыстық жүйесі жағынан да түркі тілдерінен мейлінше басқа болып келетін араб тілі графикасы қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға сай келмейтін. Соны байқаған орыс түркологтары болсын, қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин болсын - барлығы да қазақтар үшін араб жазуының қолайсыз екенін өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ айтқан болатын.

Біржолата өзгертуді көздемегенмен араб жазуындағы үйлесімсіздіктерді жамап-жасқау арқылы емлелік кемшіліктерді жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уалаяты» мен «Айқап» журналы беттерінде де көтерілді. «Айқап» журналы арнайы айтыс та ұйымдастырды. 1914 жылы араб жазуын қазақ тілінің емлесін сәйкестендіру жолдарын баяндаған оқу құралы да жазылды. Бірақ жазу нормасы, емле жүйесіз күйінде қалды. Өйткені бұл графикадағы көптеген таңбалар сөз басында бір түрлі, сөз ортасында екінші түрлі, сөз аяғында үшінші түрлі таңбаланып жүрді.

Араб жазуын тастап, латын графикасына негізделген алфавитті алу ең алғаш Азербайжанда көтерілді. 1922 жылы Бакуде жаңа түркі алфавиті комитеті құрылды. 1924 жылы Азербайжан Орталық Атқару Комитеті латын алфавитін міндетті мемлекеттік алфавит деп жариялады. 1926 жылы Бакуде Бүкілодақтық түркологиялық I съезд өткізілді. Бұл съезд өзінің

қаулысында түркі тілдес халықтарға араб жазуын тастап, латын графикасына негізделген жаңа әліппені қабылдауды міндеттеді.

Жаңа әліппеге көшу жұмысы Қазақстанда едәуір баяу дамыды. Латын алфавитіне негізделген жазуды қабылдау мәселесі 1924 жылы болған қазақ білімпаздарының съезінде көтерілгенімен, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» 1929 жылы 25 шілдеде жарияланды. Бұл қабылданған емле ережелерінде көптеген олқылықтар болды. Олар:

1. Емленің негізгі ұстанымы фонетикалық деп есептеліп сөз қалай айтылса, солай жазылатын болды.

2. Қысаң дауысты у, и дыбыстары жуан айтылғанда үу, болып қосарлы таңбамен таңбаланатын болды.

3. Сөздің екінші, үшінші буындарында еріндік - о, ө, ү, ұ дыбыс таңбалары естілгенмен оларды жазбай, езулік дауыстылар таңбалары жазылатын болсын делінді (пұрылтариат, көмәнес).

4. Сөз соңында о, ө әріптері жазылмайды (динамы, келі, бұйра).

5. Сөз ішінде екі дауысты қатар жазылмауы (зоология, тыйатыр).

6. Сөз ішінде қатаң дыбыстар мен ұяң дыбыстар таңбасы қатар жазылмай, ұяң дыбыс қатаңға айналады (аптанамия, Бекпалат).

7. Бір-бірімен ма, па, да, ді сияқты дәнекерлер арқылы жалғасатын қос сөздерде сызықша бұл дәнекерлерден бұрын қойылды (қол-ма қол, қол, өзді өзі, кім-де кім т.б.) [17,35].

Жаңа әліппені қабылдау кезінде жіберілген шалағайлықтарды Қ.Жұбанов «О проекте казахского алфавита», «К проекту реформы казахского алфавита» дейтін жобаларында қатал сынады [18]. Баспасөз беттерінде, түрлі кеңестерде айтылып келген пікірлерді жинақтай келе, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі 1938 жылдың 2-қаңтарында «Қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне кейбір өзгерістер енгізу туралы» деген қаулысында бұл кемшіліктерді жою үшін мынадай түзетулер енгізуді ұйғарды. Олар:

1. Жазуда морфологиялық ұстанымы (принцип) басшылыққа алынды. Бұл ұстаным біріккен сөздерде де, басқа тілден (орыс тілінен) енген сөздерде де қолданылсын. Сондай-ақ, о, ө, ү, ұ, б, д, г таңбаларының алғашқы қабылданған емлелері өзгертіліп, олар қазіргі емлеміздегі жазуға келтірілді. Қосарлы йу, үу, ұу таңбалары орнына бір ғана у, -ый, -ій, -й орнына тек і алынды. Тыңнан х,ф, в таңбалары енгізілді. Сөйтіп дауыстылар саны 11-ге (а-ә, ы-і, ү-ұ, е-ө, и, у), дауыссыздар саны 21-ге жеткізілді. Бұл өзгертудегі емле ережелері толықтай дерлік орыс графикасына негізделген жазуда да қолданылды.

Қанша жөнделді дегенмен, сөз емлесін жазуда орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерді жазуда әлі де болса кемшіліктер кездесіп жүр.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы 1940 жылдың 10 «Қазақ жазбасын латын алфавитінен орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшіру туралы заң» қабылдады. Бұл заңда әліппе 41

әріптен құралып, оның 32-сі орыс тіліндегі қалпында алынып, қазақ тілінің өзіне тән 9 әрпі олардың соңынан қосылатын болсын делінді [19]. Сонымен бірге емлелік ереже бекітілді.

Енді оқушыларды сауатты жазуға жаттықтыра үйрету мәселесі көтерілді. Мәселен, А.Байтұрсынов «тіл адамның барлық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күй де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазу мен сөйлесу ауамен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасын, дағдысын білу керек. Әр халықтың дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады», - деді [20]. Сонымен бірге ол: «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады сол арқылы ойды дұрыс жеткізуге болады» деген пікір білдірді [20,335].

Жазу белгілі бір орфографиялық қағидаларға негізделеді. Орфография (грек orthos-дұрыс, grapho-жазамын) сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Орфография - әдеби тілдің «киімі» ғана емес, ол, алдымен, сауатты жазудың, ана тілдің мәдени меңгерудің маңызды құралы екендігі айқындалды. Ендігі мәселе жазу нормаларын белгілеу қарастырыла бастады [21].

Б.Қалиұлы: «Жазуымыздағы ала-құлалықтың 3 түрлі себебі бар: оның біріншісі - тілімізге араб-парсы және орыс тілі сөздерінің көптеп енуі. Екіншісі - орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа да Еуропа тілдерінен келген сөздерді өзгертпей жазғызу үшін, 12 орыс әрпінің (дыбысының) қазақ тіліне зорлап ендірілуі. Үшіншісі - кірме сөздерде үндестік заңының сақталынбауы. Яғни жазудағы ала-құлалықтың басты себебі-тіліміздегі үндестік заңының бұзылуы. Үндестік заңы - ұлы заң. Өзін қазақпын деп есептейтін әрбір адамның бұл заңды бұзуына құқылары жоқ. Өйткені қазақ тілін тіл етіп отырған - осы заң» - дей келе, морфологиялық ұстанымды да қазақ тілі орфографиясының негізгі ұстанымдары деп, есептейді. «Біріккен сөздерді біріктіріп жазайық, ондағы дыбыстық өзгерістерді ескерейік, елейік дегенді айтқанда, біз тіл деп аталатын құдіретті күштің сол ерекшелігімен санассақ дейміз. Оның өзіндік даму заңын тізгіндемесек, тежемесек дейміз», - деп ой тұжырымдайды [22,11]. Ал тарихи-дәстүрлік ұстаным тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де, сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Бұған көбіне орыс тілінен енген сөздердің орысша тұлғасын сақтап жазылуын бірқатар араб, парсы сөздерінің х, ь

әріптерімен жазылуын (халық, хат, хабар, Хамит, жиһаз) жатқызып жүрміз дей келіп, Р.Сыздықова: бұл ұстанымды «тарихи» деп атау шартты. Қазіргі емлеміздің тарихы жарты ғасырдан асар-аспас болған соң, жазуда сіңірілген тарихы бар сәттер жоқ деуге болады,- дейді [21,90].

Қазақ тілі білім-тұлғасы жағынан өзге де түркі тілдері тәрізді жалғамалы тілдердің қатарына жатады. Сондықтан да әртүрлі лексика-грамматикалық амалдардың барлығы дерлік сөз тудырушы, сөз түрлендіруші қосымшалар, сөздердің тіркесуі мен бірігуі арқылы жасалады. Сөздің түрлі қосымшалармен түрлену барысында түбір мен қосымшаның жігінде, ырғақты сөз топтары компоненттерінің аралығында әртүрлі дыбыстық құбылыстар (ассимиляция, аккомодация, абсорбция, лобиалды аттракция, палаталды аттракция, диссимиляция, метатеза, диэреза, дедукция, т.б.) пайда болады. Әсіресе, түбірдің қосымшалардағы дыбысқа, керісінше қосымшалардағы дыбыстардың түбірге тигізер әсер-ықпалы ерекше болады. Алайда жазу тәжірибесінде дыбыстық құбылыстардың бәрі бірдей ескеріле бермейді.

“Тілдік жүйеге, оның дыбыстық құрылым жүйесіне орфографияның сәйкес болуы қажет. Сонда ғана тілдің жазбаша және ауызша түрлері бір-біріне кереғар болмайды. Алайда, мұндай талап тілдің жазбаша және ауызша түрінің айырмасын мүлдем жойып, ерекшелігін елемей деген сөз емес. Жазба тіл ауызша тілдің хатқа түскен жай ғана көшірмесі емес. Ауызша сөйлеу интонация, сөздердің ерекше мәнерімен айтылуы, ой екпіні, эмфазалық құбылыс т.б. толып жатқан дыбыс заңдылықтары болады” [23,20].

Тілдік қарым-қатынасқа түскенде тіл бірліктері сөз ағымында белгілі бір орфографиялық заңдылыққа орай бір-бірімен ұласа айтылып, бір-біріне ықпал жасап, әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырайды. Ал осындай жүйені елемей, тілдік дыбыстарды әріптер түрінде нақпа-нақ айтсақ, сөздің дыбысталудағы тұтастығы, үндесімі мен үйлесімі бұзылмақ. Сөйлеуде дыбыстарының бір-біріне әсер етіп, ықпалын тигізіп ұласа айтылуы-мәнді фонетикалық құбылыс. Ал бұл құбылыстар жазуда белгілі емлелік ережелер негізінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілінің қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша жазуды ғалым профессор Ә.Жүнісбеков [24] пен С.Мырзабеков те қоштайды [25]. Бұл пікірлердің тіл дамуы барысында тұрақталып, фонетикалық ұстаным да басшылыққа алынды.

Ал күрделі сөздерді бірге жазуда белгілі ғалым К.М.Мусаев мынадай ұстанымдарды атап көрсетеді [26, 36-38].

1. Фонетикалық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша күрделі сөздің бір компоненті фонетикалық өзгеріске түссе, онда сөз бірге жазылады. Мысалы, бүгін - бұл+күн, белбеу - белдің бауы, т.б.

2. Мағыналық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша сөздер бірігіп жазылады:

1) Бір компоненті дербес мағынасынан айрылған күрделі сөздер. Мысалы: ақсақал-үлкен адам, қария.

2) Антропонимдердің компоненттері бірігіп жазылады. Мысалы, Аллаберген.

3) Аң, жәндік атаулары бірігіп жазылады. Мысалы, тасбақа.

4) Топонимдер бірігіп жазылады. Мысалы, Ақтөбе, Талдықорған.

5) Күрделі қысқарған сөздер біріктіріліп жазылады. Мысалы: пединститут т.б.

3. Ұғымдық мағыналық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер бірге жазылады. Мысалы: баспасөз, шікізат т.б

Алфавит пен орфография ережелерінің бірізге түсуіне А.Ысқақов, М.Балақаев, Ә.Ермеков, С.Қирабаев, Т.Жанұзақов т.б. ғалымдар ат салысып, газет беттеріне мақалалар жариялады. Мәселен, орфография дегеніміз - әдеби тілдегі сөздерді оның грамматикалық формаларын бірыңғай жазу жөніндегі ережелердің жинағы - дей келіп, А.Ысқақов негізінен жобадағы күрделі сөздердің жазылу ережесін қостады [27,3].

«Қазақстан мұғалімі» газетінде «Орфографияның бірер ережелері туралы» деген мақаласында профессор М.Балақаев: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес», - деп тұжырымдады [28].

Ә.Ермеков «Екі мәселе» деген мақаласында тұтас бірігіп бір мағына берсе, біріктіріп жазуды қолдайтын мынадай мысалдар келтіреді: ойөріс, дүниетану, арасалмақ, ауылшаруашылық, теміржолшы т.б. [29,3]. Осы пікірді жалғастыра отырып, Қ.Шәукенов: күрделі есім сөздер анықтауыштық қызмет атқармай, нәрсенің не адамның орнына жүріп тұрса, оларды біріктіріп (сарымай, теміржолшы) жазуды құптайды [30].

Емле ережелерінің бірізге түсіп қалыптасуында «Анықтағыштардың» да маңызы зор. Мәселен, Р.Сыздықованың 2000 жылы шыққан «Қазақ тілінің анықтағышында» сөздердің бірге және бөлек жазылу ережелері жайында: Ғылым мен техника салаларында терминге арналған күрделі атаулар; екі түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары; шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, әр алуан атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары; екінші сыңары аралық, тану сияқты сөздер және алғашқы сыңары авия, авто, изо, ультра тәрізді сөздер болып келген күрделі тұлғалар біріктіріліп жазылады» - деп, нақтылай түседі [31, 53].

Сауатылықтың негізі мектептен қалыптасатындықтан емлені оқытуға ғалымдар ертеден-ақ көңіл бөліп келеді. Оған Ш.Сарыбаевтың, Ж.Шакеновтың еңбектерінің кейбір әдістемелік нұсқаулар мен ғылыми мақалаларды атауға болады. Морфологиялық ұстаным біріккен сөздердің, қос сөздердің, қысқартылған сөздердің және күрделі емлесін белгілейді,- дей келіп, орфографияны үйрету әдісін меңгеру үшін, алдымен, оны әдістемелік жақтан топтастырып алуды ұсынады. Атап айтқанда:

1. Түсіндіру емлесі. Мұғалім жазылуы қиын сөздерді жазып көрсете отырып түсіндіреді. Түсіндіру емлесінде оқушылар көру сезімін де, есту қабілетін де қарастырады.

2. Көздік емле. Мұғалім жазылуы қиын сөздерді күн ілгері жазып қояды, оқушылар оқып көзі қанған соң мәтін тасаланады, оқушылар оған қарамай жазады.

3. Жат жазу. Орфографиялық жағынан талқыланған сөзді оқушылар өз беттерімен жазады.

4. Аралас жазу. Онда әрі емлелік, әрі шығармашылық қасиет бар. Сондықтан оны аралас жазу дейді. Яғни орфографияға қатысы бар әңгіме жатқа жазылады.

5. Әдейі қате жазылған сөзді мұғалім оқушыға беріп, оны түзеттіреді.

6. Орфографиялық сөздікті пайдалану. Мұғалім жазылуы қиын сөзді тақтаға жазып, оқушыларға сөздіктен іздетеді [32, 5].

К.Аханов, Б.Кәтенбаева, Т.Әбдіғалиевалардың әдістемелік нұсқауында: «Күрделі сөздердің бір түрі - біріккен сөздер. Мұғалім біріккен сөздердің әрі мағыналық, әрі тұлғалық жақтарына тереңірек үңіле қарап, оқушыларға ешбір дауы жоқ екі ұғым тудырмайтын нақты мысалдар ұсынып, оларды оқулықта берілген теориялық түсінік төңірегінде түсіндіру керек дей келіп, біріккен сөздер мен тіркес сөздердің құрамын ажыратудың тиімді жолы ретінде салыстыру әдісін ұсынады. Мысалы, ақсақал, итмұрын т.б. деген сөздерді бірге жазып, әрқайсысының мағыналарын ажыратуға олардың синонимдерін жарыстыра айтып түсіндіру керек», - дейді [33, 19].

И.Ұйықбаев мақаласында бірге және бөлек жазылатын сөздерді салыстырып көрсету (қосаяқ-қос аяқ), біріккен сөзді мәтіннен теріп жаздыру әдісін, біріккен сөздерге сөйлемдер ойлап тапқызып, біріккен сөздің сыңары болатын сөзді іріктеп алып олардан біріккен сөздер жасату, т.т. әдістер оқушылардың ой-өрісін дамытуға жәрдемдеседі, емлесін біледі, біріккен сөздерді басқа сөздерден ажырата білуге қалыптасады деп түйіндейді [34].

Ғ.Мұсабаев «Біріктіріп жазылатын сөздер» деген мақаласында: сөздің біріктіріп жазылатынын анықтау үшін 5 түрлі ғылыми өлшем бірлігін қояды:

1) Екі түбірден құралған сөздер алғашқы мағыналарын қашықтап, жаңа бір мағына берсе;

2) Екі сөз үнемі қатар айтылу салдарынан бір ұғымның атауына айналғанда, екі компоненттің бірі я екеуі де жекелеп алғанда ешбір мәнге ие бола алмаса, мұндай сөздер бірігіп жазылады: алаңғасар т.б.

3) Сөздің дыбыстық деформацияға ұшырауы: белбау-бел буар «б» түсіп қалған, тыржалаңаш - тырдай жалаңаш.

4) Екі сөзден бірігіп, белгілі бір аңның, жәндіктің, өсімдіктің аты болып, халық тәжірибесінде қалыптасып қалған сөздер (қарағаш, қарақұйрық).

5) Бірге жазылып қалыптасып кеткен сөздер дәстүрлі принцип бойынша бірге жазылады: денсаулық, өзара т.б [35, 50].

Жаңа «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (2005) емле тұрақталды. Сондай-ақ, сауатты жазу үшін мынадай қорытынды беріледі:

1. Емле сөздігіміздің алдыңғы басылымдарында орыс тілі арқылы енген сөздер, әсіресе интернационалдық деп танылатын терминдер мейлінше көп берілген болатын, мұндағы мақсат қазақ тілінде жазылған әр алуан әдебиетте жиі не сирек болса да, әйтеуір кездеседі деген сөздердің дұрыс жазылуын білу үшін орыс тілінің орфографиялық сөздігіне қоса үңіліп отыру әрекетінен құтқару еді делініп, мынадай жағдайларды қалдырған. Авто, авиа, агро, интер сияқты сөздермен келген тұлғалардан қазақ сөздерімен келетіндері сөздікте қалдырылды және авиаспорт, авиаконструктор, автопортрет, автореферат, интернационалдық сияқты бөгде тілдік сөздермен келгендері де берілген.

2. Орыс тілінен келген сөздердің күнделікті өмірде: оқу-ағартуда, әлеуметтік-саяси іс-әрекеттерде, өндірісте және бұқаралық ақпарат құралдары газет, журнал беттерінде, радио мен теледидарда жиі қолданылатындары қалдырылды, сондай-ақ, қазақ тілінің қосымшаларын жалғап жазуда қиындық келтіретін кірме сөздер (олардың жиі не сирек қолданылатындары қалдырылды, сондай-ақ қазақ тілінің қосымшаларын жалғап жазуда қиындық келтіретін кірме сөздер (олардың жиі, не сирек қолданылатынына қарамастан) емле сөздігінің бұл басылымында қалдырылып, олардың қазақ тілі қосымшаларымен келгендегі жазылу үлгісі көрсетілді: прототип, прототипке; раунд, раундысы; бандероль, бандерольға, бандеролі, букинист, букиниске, букинисі, букинистер; пленум, пленумға, пленумы; полюс, полюске, полюсі; этюд, этюдке, этюді; экономист, экономистке, экономисі, экономистер т.б.

3. Бұл басылымның сөзтізбесіне көптеген жаңа сөздер қосылған.

а) бұрын қолданылып келген кірме сөздердің қазақша баламалары: әдістеме, әуежай, бағдарлама, бейнетаспа, дәйексөз, зейнетақы, зейнеткер, ұшақ, күнпарақ, қазанама, медбике т.б.

ә) жаңа ұғымдарды атайтын жаңа сөздер, олардың дені туынды тұлғалар болып келеді: оқылым, ауысым, өтінім, егемендік, жаңайқай, оралман, тұсаукесер т.б.

б) белгілі бір терминдердің бағалауыш мәнді стильдік сыңарлары да сөздіктен орын алды: президент - Елбасы, гимн - әнұран, қала әкімі - қалабасы, Астана - Елорда.

4. Елеулі өзгерістің бірі - аң-құс, өсімдіктердің күрделі атауларының жазылуына байланысты. Бұрын ұсынып келген жазу тәртібі бойынша бірінші сыңары ақ, қара, ала түс атауларымен келген аң-құс, өсімдік, жан-жануарлар атаулары тіркес ретінде бөлек жазылатын. Сол сияқты алдыңғысы тау, тас, су, жер деген сөздер, соңғысы ботаникалық, зоологиялық атаулар болып келген күрделі сөздер де бөлек жазылатын. Бұлардың барлығы, шындығында, күрделі бір атау болып табылады, яғни бір ғана аң-құс, жәндік, өсімдік атын білдіреді, тіпті екінші сыңары

біркелкі болып келгенде де алдыңғы компонент олардың түсін, қасиетін, тегін айырып көрсететін анықтауыш сөзден гөрі, соңғы атаумен бірігіп барып, бір ғана аңның, құстың, өсімдіктің, жәндіктің атын білдіретіндігі ескерілді. Сондықтан бұл аталған топтар біріккен сөз ретінде қосылып жазылды (бұрынғы сөздікте ұяда, мысалы, ақ, қара деген сөздердің ұясында тіркеліп берілген болатын): ақжалбыз, ақбаттауық, ақбидай, ақжүзген, ақсусар, ақтиін, ақшағала, ақши, қарабидай, қаракұр, қараләйлек, қаратұнжыр т.б.

5. Бірсыпыра сөздер жаңадан қосылды. Олардың бірқатары тұржинақ (ассортимент), ақуыз (белок), дәкетанғыш (бинт), мойынтақ (галстук), әлеует (потенциал) сияқты жаңа ұғым атаулары болса, енді бірі әдеби қатары жоққа тән, бірақ нормаға ену әлеуеті бар жатыскүн, (демалыс күн), майшолпы (кепсер) сияқты жергілікті сөздер болып келеді (олар жерг.-жергілікті деп көрсетілді).

Сондай-ақ, жазылуы қиындық тудыратын кейбір ауызекі, сөйлеу тілінің элементтері де сөздіктен орын алды, мысалы: ұзынжол дәптер, торкөз дәптер.

6. Бұрын бөлек жазылып келген бірқатар тіркес біріккен сөз ретінде қосылып жазылған: қансонар, қолбала. Бір жаңа ұғымды білдіретін атау сөз іспеттес бірсыпыра тіркестер де біріккен сөз түрінде тұлғаланды: ойтүрткі, ойтолғақ, алмаағаш, кестежіп, аяқмәшине, бормәшине, ішбүлгін, тастабақ, ауызүй, басқосу. Осы қатарға бойжету, бойұру, атсалысу сияқты біріккен етістік тұлғалар да қосылған.

7. Қазақ тілінің емле ережелерінде орыс тілінен ертеректе еніп, қазақ тілінің дыбысталу заңдылықтарына бойсұнып, тұлғасы өзгеріп қолданылатын сөздер сол өзгерген күйінде жазылады деген бап бар болатын. Бұл сөздердің басым көпшілігі тұрмыс-салтқа, сауда-саттыққа қатысты тұрмыстық лексика деген топқа жататыны белгілі: самауыр, кереует, бәтес, жәшік, кір (өлшеуіш, құралдың бөлігі), божы (вожжи), көшір (кучер). Осы қатарға тағы да ондаған тұрмыстық зат атауларын қосуға болады. Мысалы: келі (бұрын кило деп келгеніміз), ал бұрын завод, товар, поезд деп жазылып келген бес-он сөздің зауыт, тауар, пойыз деп өзгертілуінің де негізі бар: зауыт, пойыз, газет, минут сияқты сөздер де ертеректен осылай қолданылып келгені мәлім, ал тауар, үтік, қарындаш сөздерінің түп-төркіні түркілік (демек, қазақтық та) екенін ескеріп, бұлардың да орысша тұлғалары өзгертілген.

8. Жаңадан енген сөздердің бірқатарына өс.-өсімдік, мед.-медицина, әск.-әскери сөз, этн.- этнографизм, зоол.- зоологиялық термин, тер.-термин сөз, зерг.-зергерлік өнер, қаратпа- қаратпа сөз, сөйл.-сөйлеу стиліне тән қолданыс, экон.-экономикалық термин деген сияқты қысқартылған түсініктемелер берілген

9.-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), да+n+у жұрнағымен жасалып, терминдік ұғымға ие болған сөз тіркесі біріккен сөз - термин ретінде қосылып жазылды, яғни олар саяси-әлеуметтік, экономикалық мәдени терминдер деп немесе терминдік мәндегі анықтауыштар деп танылды:

жалпақшешейлік, қаназдық, аққандылық, екіжүзділік, дүниежүзілік, еңбексүйгіштік, ұлтжандылық; жалпы адамзаттық, жалпыэкономикалық, ақтаңдақтау, алақөздену, жылбасылық, қарақотырлану, ақжағалдану т.б.

10. Құрал-жабдықтардың қазақша аттары техникалық атаулар ретінде қосылып жазылды: ақаутапқы, әуетозандатқыш, бензоқұйғыш, дәнсепкіш, жылутартқыш т.б.

11. Бұрынғы ереже бойынша бейнелі тіркес ретінде бөлек жазылып келген ақ көңіл, ер жүрек, кең пейілді, ақ жүрек сияқты бірқатар сөздер қосылып жазылды: ақкөңіл, ержүрек...т.т. Сол сияқты бұрын бөлек жазылып келген өлшем атаулары ретіндегі тіркестер де біріккен сөз ретінде біріктіріліп жазылды: көзкөрім (жер), биесауым (уақыт), таяқтастам (қашықтық). Сондай-ақ мезгіл, шақ атауларын беретін күнұзаққа, күнілгері, күнібұрын, алақөлеңке сияқты т.б. сөздер біріктіріліп жазылды.

12. Кейбір сөздердің, мысалы, кейбір ауру атауларының (туберкулез-өкпеауру, аппендицит-соқырішек т.б.) қазақша баламалары кейін қолданыла бастаған бес-он сөздің (лауреат-иегер, телевизия-теледидар т.т.) орысшасы да, қазақшасы да сөзтізбеде берілді. Олардың бір тұлғада қалыптасып орнығуы ондаған жылдардың тәжірибесін керек етеді.

Сөйтіп, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» ұсынылып отырған 5-басылымы соңғы он-он бес жылдың ішіндегі тілімізде болып жатқан өзгеріс-жаңалықтармен толықтырылған; сөздікті пайдалануға көмегін тигізетін анықтама материалдар молырақ берілген; қазіргі қолданыстан шығып бара жатқан кірме сөздер мен жазылуы орыс тіліндегі түрімен бірдей түсетін, күнделікті тіл тәжірибесінде жиі қолданылмайтын, көбінесе интернационалдық терминдер болып келетін сөздер сөздіктен шығарылған; бірге не бөлек жазуда қиындық келтіріп жүрген сөздер біршама реттеліп; екі сөзбен білдіретін аң-құс, құрт-құмырсқа, бақа-шаян, өсімдік атаулары біріккен сөз ретінде сөзтізбеге шығарылғандығы байқалады. Ал бұл өзгерістер мектепке арналған оқулықтар мен оқу құралдарына ескерілмей келеді.

Тұжырымдағанда, орфография мәселісі – күрделі мәселе. Өйткені жазу пайда болғанан кейін-ақ емле, тыныс белгілер туралы мәселе туындаған болатын. Ол заман талаптарына орай үнемі жетілуімен келеді. Әсіресе, оқыту, білім беру саласында орфографияның маңызы арта түсті. Әсіресе, ол оқушылардың сауаты мен тіл мәдениетін дамыту мақсатында оқулықтар жасауда айырықша көріне бастады. Оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырудағы оқулықтар мен оқу құралдарның рөлі жоғарылаумен оның сауатты жазылу талабы қойылуда. Сондықтан қазіргі кезде оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыру үшін қатысымдық оқыту әдістемесінің мәні артып келеді. Сондай-ақ, орфография туралы оқушылардың білім, білік дағдысын қалыптастыра оқытудың әдістемелік жүйесі болу керек деп есептейміз.

Бұл жұмыс екі бағытта қарастырылды:

1. Тіл теориясы туралы білім беру. Әсіресе, емлеге қатысты жазу

белгілері (орфография) бар тілдік категориялар мен тұлғалары туралы анықтама, ереже, заңдарды саналы игерту;

2. Емле ережелерін түзу оны жазуда қолдана білу дағдысын қалыптастыру.

1.3 Орфографиялық икемділік пен дағдысын қалыптастырудың лингвистикалық негіздері

Оқушылардың сауаттылығын арттыру қазақ тілі сабағының басты міндеттерінің бірі. Олай болса, орфография бойынша жүргізілетін жұмыстар 5-9-сыныптардағы негізгі теориялық білім игерту мақсаттарының бірі болмақ. Өйткені мектепте оқылатын қазақ тілі курсының ережелерін оқушы дағдысына ендіретін, түсіндіретін, яғни орфография туралы білім, білік, дағдыларын қалыптастыратын кезең осы 5-9 сыныптарда болып есептеледі. Сондықтан бастауыш сыныптардағы өтілген орфограммаларды қайталау мен 5-9-сыныптарда оқылатын орфограммалармен байланыстыру арқылы оқушылар сауатты жазу ережелері мен анықтамаларын меңгереді.

Дұрыс жаза білуге дағдыландыру үшін оқушы әрдайым өтілген ережелерді еске түсіріп, оны орынды жерде қолдана білу мүмкіндігіне ие болу керек. Демек, емле ережесін игеру орфографиялық сауаттылықтың негізі болмақ. Сондықтан емле ережесін талдамастан бұрын қазақ тілін оқыту бағдарламасындағы ережелердің берілуін жүйесін қарастырайық.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің міндетті стандартында: «Оқушылардың тілдік сауаттылығының негіздерін БМ (бастауыш мектеп) қалыптастырады. Оған «Әліппе», «Қазақ тілі» деп аталатын пәндер атсалысады. Яғни МНС (мектептің негізгі сатысы) да берілетін тілдік теориялық білімдерді меңгерудің алдын ала дайындығын МНС-та (мектептің негізгі сатысында) басталады», -деп көрсетеді [10].

Ал бұл стандартта орфография, пунктуация арнаулы қарастырылмайды. Негізінен орфографияны әдеби тіл нормалары бойынша, пунктуацияны оқылатын грамматикалық оның ішінде синтаксистік материалдар аясында қарастырады. Мәселен, 5-9 сыныптар бойынша білім беруде «әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлері болатынын және оларға тән ерекшеліктерді білу» деп көрсетеді [10,4]. Сондай-ақ, фонетика бойынша «жазбаша тілде орфографиялық заңдылықтарды сақтай білу» десе, сөзжасам бойынша «біріккен сөздерді, қос сөздерді, қысқарған сөздерді, тіркесті сөздерді емлесіне сай жаза алу» деп анықтайды [36,16]. Пунктуацияны синтаксис бойынша қарастырып «сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қоя алу» деп талап етіледі.

Ал бұл талаптар қазақ тілі бағдарламасы бойынша мына төмендегіше жүйеде оқыту көзделген:

5-сыныпта лексикадан білім беріледі. Бұл жерде орфография мәселесі тек басқа тілден енген сөздердің емлесі ғана сөз болған. Ал фонетикада дыбыстардың емлесі қарастырылған. Сондай-ақ орфоэпия мен

орфография нормаларын арнаулы оқытуды талап етпейді, тек үндестік заңға ғана байланысты түсініктер беріледі.

Алайда 5-сыныпта емлелік икемділік пен дағдыны қажет ететін «сөзжасам» бөлімінде оны игеру талап етілмейді. Мәселен, А. Айғабылов: «Сауатты жаза білуге үйрету жұмысының дұрыс жүргізілуі үшін мұғалім оның түрлеріне айрықша мән бергені жөн. Олар: 1) әріп емлесі, 2) дефис кою 3) бірге жазылуы», - деп көрсетеді [39].

6-сыныпта сөзжасам бойынша: тіркесіп жасалған сөздердің емлесі; қысқарған сөздердің емлесі; реттік сан есімдердің қолданылатын орындары, емлесі; болжамдық сан есімдердің қолданатын орындары, емлесі, жалпылау есімдігінің сызықшамен жазылуы; белгісіздік есімдіктерінің жазылу емлесі; болымсыздық есімдігінің жазылу емлесі; тұйық етістіктің емлесі; одағайлардың емлесі; шылаудың қызметі, емлесі; одағай, қыстырма, қаратпа сөздердің тыныс белгілері (тіл мәдениеті бойынша); орфографиялық норма, емле ережесіндегі соңғы толықтырулар мен өзгерістер берілген.

7-сыныпта орфографиялық нормалар тұрғысынан талдау; сөз таптарының емлесі; қосымшалардың қолданудағы нормадан тыс ерекшеліктері; лексикалық норманы игерту.

8-сыныпта негізінен синтаксиске байланысты тыныс белгілер үйретіледі. Мысалы: бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; айқындауыш мүшелер, біріңғай мүше, қаратпа, қыстырма, одағайлардың тыныс белгілері. Жай және құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері; төл сөздің тыныс белгілері [36].

9-сыныпта тіл мәдениеті және пунктуация оқытылады, яғни 5-8 сыныпта оқытылған тыныс белгілер туралы білімдері қорытылып, жалпы пунктуация туралы мәлімет беріледі.

Тұжырымдағанда, орфографиялық емлені оқытуды белгілі бір жүйесі жоқ, тіпті емлелік дағды берудің 5-9 сыныптардағы жүйесі жасалынбай, көлемі белгіленбеген, тек оқылатын теориялық тіл білімін материалдарына орай, яғни олардың жазылу емлесі қоса үйретіледі.

Мектепте орфографияны оқыту жұмыстары грамматикалық материалдармен байланысты бірнеше бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт тілді игеру, оның заңдылығын, құрылысын, жүйесін т.б. игеру, яғни теориялық білім беру. Екінші бағыт – қолдану жүйесін, ойды беру тәсілдерін, қарым-қатынасты пайдалану жүйесі т.б. игеру, яғни тәжірибелік білім беру. Бұл екі бағыт қабаттаса да бір-бірімен байланысып оқыту үдерісінде іске асырылады.

Бірінші бағытта мектептегі оқу пәндерімен қатар, тіл заңдылығы мен құрылысы, жүйесі туралы білім беретін тіл мен әдебиет пәндері арқылы жүзеге асырылады. Олар тіл мен әдебиет теориясын білім мен дағды бере отырып, оқушының жеке басын дамытады, ол нәтижеде тілінің ойының дамуына әкеледі.

Ал, екінші бағытта тілдік құралдардың қолдану жүйесін, ойды беру мен қарым-қатынас жасау тәсілдерін игеруде сауатты жазу, яғни

орфография саласы болып маңызды рөл атқарады.

Бұл бағытта оқытудың негізі лингвистикалық білім мен икемділік, дағдыны негізге алады. 5-9 сыныптардағы лингвистикалық білім негіздері бағдарламалық материалдарды игерумен анықталады. Ал білімнің тәжірибеде қолданылуы икемділік немесе іскерлікпен және дағдымен байланысты болмақ. «Икемділік пен білім негізінде оқушының белгілі әрекетті орындай алу бейімділігін айтамыз. Икемділік қандай да бір іске деген шеберліктің негізі болып табылады. Дағды деп әрекеттің саналы түрде автоматтандыру дәрежесіне жетуін айтады, яғни дағды автоматтанған әрекет» [37].

Икемділік пен дағды білім мен тәжірибеге негізделеді. Олай болса, сөйлеу әрекетінің өзі тілдік құралдардың жұмсалуды болады. Сондықтан тіл дамытудың негізгі тіл туралы білімді, яғни лингвистикалық білімді игеру қажет.

Психологиялық әдебиеттерде іскерліктің мынадай түрлерін көрсетеді: іскерлігі жеткіліксіз әрекет, кейбір іскерліктің қалыптасуы, дамыған іскерлік, іскерлік-шеберлік.

Сөйлеу әрекетіндегі дағды мен іскерлікті психологтар мен педагогтарды сөйлеу әрекетіндегі шығармашылықпен (қолдану) қабілеттілігі (немесе сөйлеу әрекетін игеруі) деп түсіндіреді. Ал, қабілеттілікті: тілдің негізінде ойды жеткізе алу қабілеті әрекет ету бағдарламасын лайықты тілдік құралдарды пайдалана білу қабілеті, ойын қалыптастырып, оны тұжырымдап айтып не жазып беру қабілеті деп бөледі. Міне бұл жерде сөйлеу әрекетінде сөйлеу іскерлігі қалыптасуына тілдік құралдың, тілдік құрылысы мен заңдылықтары және оның нормалары туралы білімнің қажеттілігін айқын аңғаруға болады.

Тілдің қызметі қатысымдық болса, онда оқушылардың тілін дамыту қарым-қатынас қызметімен бірлікте қарастырылады. Сондықтан қарым-қатынас жасау барысында А.А. Леонтьев сатылы жүйенің бар екендігін ескертеді: қарым-қатынастың жағдаятын болжамдау, жоспарлау, даярлау, орындау, бақылау және бағалау. Ал осы кезеңдері тілдік құралдармен өрнектегенде бірінші кезеңде мақсатты белгілейді, яғни жеткізбекші пікірлерді ойша болжамдайды. Ол пікірді қалай жеткізудің тәсілдерін ойластырады яғни тілдің сөз, сөйлем, т.б. бөлшектерін таңдайды да соны мазмұн арқылы жарыққа шығарады. Сондықтан да тіл дамытудың лингвистикалық негізі тілдің құрылысы туралы білім болып табылады.

Оны әдебиеттерде былайша тұжырымдайды: 1) Сөздік қорын молайту; бұл тіл біліміндегі лексиканы оқытудың мақсатына еңбек; 2) грамматикалық құрылыс бойынша жұмыс. Ол тіл білімінің грамматика (морфология, синтаксис) бөліміне байланысты жүргізілмек. 3) тілдің дыбыстық жағымен жұмыс, бұл тіл ғылымының фонетика мен орфоэпиясына байланысты қарастырылады. 4) тілдің түрлі қалыптасуымен (формаларымен) жұмыс - ол функционалды стилистикасы үйретумен байланысты. 5) сауатты жазу, бұл орфографиялық ережелерге негізделеді.

Орфографияны дамыта оқытудың теориялық негізгі лингвистикалық пәндер болып табылады, өйткені олардың да зерттеу нысаны сөз екені белгілі. Сондықтан «Лингвистикада зерттеудің екі бағыты бар: бірінші-тілдік жүйені зерттеу; ал екінші-сөйлеу» деп анықталады [13]. Демек, емлені игерту үшін тілдік құрылысты дұрыс меңгерудің қажеттілігі келіп шығады.

Мектеп бітірген жастар өз ана тілінің ғылыми негізінен, оның жазбаша, ауызекі сөйлеу ерекшеліктерінен хабардар болады. Сондықтан бағдарлама оқушылар ойлау қабілетінің дамуына, жетілуіне, сондай-ақ, сөйлеу және есту қабілеттеріне, зейініне көңіл бөле отырып, тілдік материалдарды орынды қолдана білу сияқты іс-әрекеттерді арттыру негізгі мәселенің бірі болып отыр. Мысалы, қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика тарауларын оқыту арқылы оқушының тілін дамытуға болады.

Графика мен емленің ғылыми негізінде дұрыс шешілуі тілдің дыбыстық жүйесін, оның өзіндік заңдылықтарын білуге тығыз байланысты. Ал тілдің дыбыстық жүйесін, оның заңдылықтарын тіл білімінің фонетика деп аталатын саласы зерттейтіні белгілі. Осы себептен де әліппе, емле сөз болған жердің бәрінде де тілдің дыбыстық құрылымына соқпай кету мүмкін емес. Өйткені фонетиканың мақсаты: «Әрбір тілдің дыбыстық жүйесінің өзіндік сипаты, түрлі заңдылықтарын білудің маңызы зор. Тіліміздегі дыбыстарды, олардың жасалуын, қолдану ерекшелігін білмей, әдеби тілдегі сөздердің жазылу, айтылу заңдылығын игеру мүмкін емес» [38,4].

Дыбыс тілі - күрделі құбылыс, оның әр түрлі ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктерді негізге ала отырып, дыбыс тілінің физиологиялық, акустикалық, функционалдық (үш аспект) ерекшеленетіндігін түсініп, игеру керек.

Тілдің физиологиялық аспектісі дегеніміз – дыбыс жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің қызметі. Сондықтан тіл дыбыстарды акустикалық ерекшелікке (аспектіге) қарай дыбыстың жасалуы, дыбыстың күші, дыбыстың ырғағы (тембірі) әр түрлі болады. Дыбыстарды дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді деп жіктеуде дыбыстың осы ерекшелігі шешуші роль атқарады.

Жазбаша және ауызша сауаттылық білімінің дыбыстық жүйесін жақсы игерумен тікелей байланысты. Демек, оқушының дыбыс үндестігі мен түрлі дыбыстық ерекшеліктерді жаттанды қабылдамай, оны саналы түрде түсініп меңгеріп, іс жүзінде пайдалана білетіндей білім мен дағдысын қалыптастырылады. Яғни оқушы фонетикалық білім арқылы әдеби тілдің түрлі дыбыстық заңдылықтарымен танысады, дыбыстардың жіктелуін, ықпал заңдарын ажыратумен бірге түрлі орфографиялық, орфоэпиялық сауаттылықты меңгереді.

Мектеп бағдарламасы фонетикалық білім беруде оқушылардың білім мен дағдысын сөйлеудің орфоэпиялық нормасы бағытында қалыптасуды міндеттейді. Мысалы, «Оқушыларды қазақ тілі

грамматикасының негізгі ережелерін, орфографиялық, пунктуациялық заңдылықтарын жете меңгеріп, теориялық білімді іс жүзінде тәжірибелік жұмыстарында дұрыс қолдана білуге дағдыландыру тіл сабағының басты міндеті», - деп анықталған [38,8].

Лексика - тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қаралмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфологиялық сөздерінің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздерінің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді. Сондықтан сөздердің жазылу емлесі бар. Сондықтан лексиканың емлесін оқытуда оның білімдік, танымдық маңызы ұғымдық мәнін терең меңгерумен қатар, тілдің салалары фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын түсіне білуге, яғни бүкіл тілдік жүйені қатысымдық негізде меңгереді. А. Айғабылов: «... лексиканы оқытудың практикалық маңызы бар. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу (орфоэпиялық), жазу (орфографиялық) нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолдануы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздер түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі, әуезділігін, әсерлігін түсінуге дағды алады», - деп көрсетеді [39,42].

Лексика бөлімімен саналы әрі тиянақты білім беру үшін мектеп бағдарламасына енген тақырыптардан теориялық және тәжірибелік жағынан мәнін ашып алуға көңіл бөлінеді, яғни лексиканы оқытумен орай мынадай үш бағытта білім беріледі:

1) сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналық), синоним, омоним, антоним сөздер;

2) қолдану аясына байланысты: (актив, пассив сөздер) қолдану аясы жалпылама сөздер, белгілі аяда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект және кәсіби сөздер) көнерген сөздер мен неологизмдер;

3) шығу төркініне қарай: қазақтың байырғы сөздер мен басқа тілден енген сөздер.

Сөздің мағыналық топтары оқушыға 5-сыныптан бастап таныс. Олар сөз мағыналарының контексте әр түрлі қолданылуын (тура, ауыспалы), синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің тіліміздегі көркемдік, стильдік мәнінің ерекше екендігін мәтін ішінен ажыратуға, тіл ұстарту бағдарламасы бойынша, ресми-кеңсе, ауызекі сөйлеу, көркем әдеби стилінде қолданудағы алуан түрлі жолдарын түсінумен бірге сөздіктен берілу тәртібімен танысып, сөйлеу, жазу нормаларына жаттығады. Ал екінші, үшінші топқа жататын ұғымдар 5-сыныпта таныстырылады. Бұл арқылы оқушы тіліміздегі сөздердің даму, қалыптасу жолдарын белгілеп, сондай-ақ тілдің стильдік ерекшеліктерін таниды. Мысалы, қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілдің енген сөздерді оқу арқылы тілдің баю, даму жолын түсініп, терминдер мен диалект кәсіби

сөздердің, көнерген сөздер мен неологизмдер мәнін білу арқылы тілдің сан-саналы стилдік тармақтары болатынын, олардың әрқайсысының қажетіне қарай тіліміздегі айрықша орны мен қызметін игереді. Сондықтан лексикадан алған білім оқушының сөздік қорының баюына өз ойын жеткізуде сөзді орынды таңдап ала білуіне т.б. жағдай жасай отырып, сауатты жазу іскерлігін қалыптастырады.

Емлені игертуде «Сөздердің жасалуы» деген бөлім тілдік материалдың қарастыратын мәселелеріне қазақ лексикасындағы сөздердің қандай амал-тәсілдер арқылы жасалатынын анықтаумен байланысты білімдерін негізге алады. Морфология бөліміндегі сөз таптарының жасалуы, тұлғалық көрсеткіштері, сөздердің құранды бөлшектердің бәрі сөздердің жасалу заңдылықтарымен ұштасып жатады. Сол себепті «Сөздердің жасалуы» лексикадан соң, сөз топтарынан бұрын жеке тарау етіп танып, өз алдына категория етіп оқытуда ережелерімен байланыстырады.

Сөздердің әрқилы жолдармен жасалу ереже-анықтамаларын негізінен әр сөз табына қатысты, «сондықтан сөздердің жасалуын орфография заңдылықтарымен ұштастыра оқыту оқушының сөйлеу, жазу тілін дамыту, сауаттылығын арттыруға іскерлік дағдыларын қалыптастырады» сондықтан сөздердің жасалуы деген ұғым – жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ереже-анақтамалардың жиынтығы. Қазақ тілі сөздерінің жасалу жолдарын оқыту лексика, грамматика заңдылықтарымен тығыз байланыстыра қарастырылады. Сөздердің мағынасы, олардың тұлғалық ерекшеліктері және сөйлемде қолданылуының бәрі өзара іштей тұтасып жататын заңдылық. Сондықтан сөздердің әр түрлі жолдармен жасалуы, жаңа ұғым, жаңа бір грамматикалық тұлғада жұмсалуды, сөздік құрамды байытатын және дамытатын категория болып саналады.

Тілдің орфографиялық сөздігіне» сөздікті қарастырушылардың **көксағыз** сөзін біріккен сөз деп [197-б], ал **тау сағыз** [382-б] сөзін сөз тіркесі деп бөлек жазып көрсетуін, әрине, құптауға болмайды. Сөздікте осылар тәріздес тілдік бірліктерінің табиғатының бір болуына, біртектес болуына қарамастан, әр басқа бірліктер (бұл жерде әңгіме жеке сөз болса, оның лексикалық бірлік, ал еркін тіркес болса, синтаксистік бірлік, синтаксистік құбылыс ретінде қаралуы тиісті екендігі жайында сөз болып отыр) ретінде қаралуы жиі ұшырасады. Аталған орфографиялық сөздікте **еңбеккүн, жалақы** деген сөздердің бірге **еңбек ақы** дегеннің осылайша бөлек, **жүкаяқ, басқұр, желмая, қолғап** деген сөздер бірге, ал **ит аяқ, жел бау, қазан қап** дегендердің бөлек жазылып, біртектес құбылыстардың бірінің біріккен сөз, екіншісінің сөз тіркесі деп танылуы қазақ тіл білімінде сөздердің шегін айқындаудың әлі күнге дейін шешілмеуінің салдарынан болса керек», -дейді [40,55].

2001 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» жоғарыда аталған тілдік тұлғалар тұтастай бірігіп жазылып, күрделі сөз ретінде танылған [41]. Күрделі сөздердің оқыту барысында

сөздердің бірге және бөлек жазылуы олардың табиғатын танытудың ғылыми ұстанымы бола алмайды деп білеміз. «Қазақ тілінің анықтағыш» атты еңбекте академик Р.Сыздықова бөлек жазылатын, бірге жазылатын, дефис арқылы жазылатын және қысқарған сөздердің емлесі туралы тұжырым жасағаны белгілі.

Ғалым бөлек жазылатын сөздер туралы былай дейді: «екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр түсті, сынды айтатын күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олар мыналар: екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысынан тегін, (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтін және өзгермелермен ажыратылған белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы, ағаш шот (ағаштан жасалған шот), ат қора (атқа арналған қора), жел диірмен (желмен жұмыс істейтін диірмен), жол азық (жолда жеуге арналған азық), май шам (маймен жанатын шам), май қасық (май ішкенде қолданатын қасық) т.б. [42,37-53].

Қазіргі қазақ тіл білімінде күрделі сөз мәселесін сөз еткен ғалымдарымыздың бірі – М.Балақаев. Ғалым еңбектерінде күрделі сөздерді топтап береді. 1. Біріккен сөздер 3 топқа бөлінеді: а) тұтаса біріккен: шекара, бесжылдық, балықкөз, т.б.; ә) ұласа (тіркесе) біріккен: тас көмір, қара май, ортан жілік; б) қысқара біріккен: әкел, апар, вуз; 2. Кіріккен сөздер 2 топқа бөлінеді: а) жымдаса кіріккен: бүгін, биыл, жетпіс; ә) жылыса кіріккен: ашудас, белбеу; 3. қос сөздер де 3 топқа бөлінеді: а) мәнделес қос сөздер, ә) қарсы мәнделес қос сөздер, б) мәнді-мәнсіз қос сөздер. 4. Түйдекті тіркестер, олар 4 топқа бөлінеді: а) күрделі етістіктер тобы, ә) күрделі есімдер тобы, б) идиома, фразалар тобы, в) көмекші сөздер мен есімдер тобы. Аналитикалық тәсілмен жасалған сөздер - күрделі сөздер болатындығын айта келіп, сөздердің күрделенуі – түркі тілдерінің, оның бірі қазақ тілінің заңды ерекшеліктерінің бірі”, - деп көрсетеді [43,184].

Сонымен қатар М.Балақаев күрделі сөздерді іштей мынадай топтарға бөліп қарастырады: 1. қос сөздер. 2. Бөлек жазылатын күрделі тіркестер. 3. Біріккен сөздер. 4. Кіріккен сөздер. Бөлек жазылатын күрделі тіркестерге мыналарды жатқызады: 1) күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды білдіретіндер: тұс киіз, жер ошақ, жел бау, уық бау. 2) халықтық әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін білдіретін тіркестер: қалың мал, ат жарыс, ұрын келу, мал сою, т.б. 3) халықтың өміріндегі қоғамдық-саяси құбылыстарды білдіретін тіркестер: Отан соғысы, ішкі саясат, сыртқы саясат, т.б. 4) қоғамдық құрылысты, адамдардың атақ-дәрежесін, лауазымын білдіретін тіркестер: аға сұлтан, төбе би, мал дәрігері, тіл маманы, т.б. 5) дене мүшелері, ауруларды атау, т.б.: тоқ ішек, ащы ішек, күре тамыр, асық жілік, көз ауруы, сары ауру, т.б. [43,187].

Мұндай тілдік бірліктердің қазақ грамматикасында күрделі сөз емес, сөз тіркесі деп танылатыны профессор М.Балақаевтың еңбектерінен жақсы білеміз. Ғалым қабыса байланысқан зат есімді тіркестерден құралған тіркестер әр уақытта анықтауыштық қатынаста тұратынын басшылыққа

алады. Олардың ритмикалық бір екпінге (фразалық) бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұратынын ескерткен. Анықтауыштық топқа ене бермейтінін, олардың құрамында мағыналық байланыстың болатынын ескере келе, ғалым олардың байланысу жолдарында болатын ерекшеліктерді саралаған. Атап айтқанда, тас жол, темір күрек, қол сағат тіркестерінде сөздердің орын тәртібімен байланысып, аналитикалық тәсілге негізделгенін басшылыққа ала отырып, орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда мағыналық қатынасты білдіретін тіркестердің болатынын дәлелдейді. Мысалы, сағат қалта-қалта сағат, көз әйнек-әйнек көз т.б. сияқты тіркестерді жатқызады. Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің құрамындағы мағыналық қатынастарды саралай келе, ғалым оларды былайша топтастырады:

1. Заттың неден, қандай заттан жасалғанын білдіреді: темір пеш, (темірден жасалған пеш), ағаш күрек (ағаштан істелген күрек) т.б.

2. Салыстыру, теңеу мағынасында жұмсалады: қамыс құлақ, аттың құлағы қамыстай деген мағынада, пісте мұрын, жібек жүн т.б.

3. Бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылады. Мысалы, ат қора (ат тұратын қора), мал қора, шай кесе т.б. [43,49-51]

Бұдан байқағанымыз, біріншіден, лингвистикалық зерттеулерде әлі де болса, күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің жігін айқындайтын ұстанымдардың жоқтығы, екіншіден, теориялық зерттеулердегі тұжырымдардың бірізге түспегендігі байқалады. Мәселен, жоғарыда аталған «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбектегі бөлек жазылатын сөздерге берген анықтамада: бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының неге арналғанын және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бөлек жазылады», - деп аталса, дәл осы теорияның тәжірибелік мәні қарама қайшылық туғызады. Себебі, 2001 жылы шыққан орфографиялық сөздікте арнау мағынасында жұмсалатын мұндай тілдік тұлғалар бірігіп жазылған. Мысалы, бас киім - баскиім [41,70], аяқ киім - аяқкиім, аяқ қап - аяққап [41,55]. Бұл мәселе қазақ лингвистикасында 1940 жылдардан басталған. Ол жөнінде «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты оқулықтағы мына деректі айтсақ та жеткілікті: «30-40 жылдары баспасөзде кездесе бермейтін өнеркәсіп, келіссөз, арасалмақ, арақатынас, көзқарас, шикізат, өмірбаян, аэрошана, табиғаттану сияқты сөздердің жазылуы нормаға айналды. Осы тұста бұрынғы синтаксистік үйірінен біржола іргесін аулақ салмаған біріккен сөздерді қай топқа жатқызуды білмей, бірде олай, бірде былай жазып та қоямыз. Мысалы, аяқ киім, баскиім». 40-жылдары біріктіріліп жазылатын, 1963 жылғы орфографиялық сөздігінде олардың құрамы ажыратылып жазылған. Ал 1978 жылы мемлекеттік терминком баскиімді осы біріккен қалпында қабылдап еді, содан бері оны біріктіріп жазып жүрміз, ал аяқ киім де солай бірге жазылуы керек қой, бірақ емле сөздікте бөлек. Немесе бозторғай, қараторғай, тасбақа, есекмия біртұтас сөздер ретінде баяғыдан бері біріктіріліп жазылатын, ал 1963 жылғы емле сөздігінде бөлек, зоологтардың еңбектерінде бірге, басқа да әдебиеттерде оларды екі түрлі жазу кездеседі [44,207].

Күрделі сөздер емлесіне арнайы тоқталған ғалымның бірі профессор К.Аханов. Ғалым грамматика теориясына арналған еңбегінде күрделі сөз туралы жалпы түсінігінде оларға тән белгілер (семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық) аталып, оның өзіне ұқсас (сөз тіркесінен) тұлғалардан айырмашылығы бар деп көрсетеді. Сонымен бірге семантикалық тұтастық - күрделі сөз атаулының барлық түріне ортақ белгі дей келіп, сөздердің семантикалық тұтастық белгісінің табиғатын түсінуде әр түрлі көзқарастардың бар екендігін айтады. Атап айтқанда: 1) күрделі сөздерге тән мағына - идиомалық мағына; 2) Күрделі сөз еркін сөз тіркесінен бір ғана ұғымды білдіру қасиеті жағынан ажыратылады.

Морфологиялық тұтастық белгісін сөз еткенде күрделі сөз де жалаң сөз тәрізді түрленіп, көптеледі, септеледі, жіктеледі. Оның сыңарларының әрқайсысы бөлек-бөлек өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, бір тұлғаға ие болатындығына тоқталады [45,82-83]. Бұл мәселеде А.И.Смирницкий семантикалық тұтастық емес, сөздердің тұтас тұлғалану белгісін негізгі белгі деп есептейді. Ол тіл білімінде тұтас тұлғалану (цельнооформленность), ажыратыла тұлғалану (раздельно оформленность) деген терминдерді енгізеді. Оның пікірінше, тұтас тұлғалану сөзге (күрделі сөзге) тән де, ажырата тұлғалану сөз тіркесіне тән деп есептейді [46,190]. В.М. Жирмунский бұл өлшембірлікті түркі тілдері үшін жарамсыз деп есептейді [47,32]. Түркі тілдерінде тұтас тұлғалану күрделі сөзге де, темір күрек тәрізді сөз тіркесіне де тән. Морфологиялық тұтастық пен құрылымдық тұтастық өзара тығыз байланысты, құрылымдық тұтастық – сөз атаулының барлық түріне ортақ белгі. Мысалы, көртышқан, құрбақа, асық жiлік, қосаяқ, аяқтабақ тәрізді күрделі сөздер сыңарларының орнын ауыстырып айтуға көнбейді.

Синтаксистік тұтастық белгісі дегенде оның синтаксистік жағынан бөлшектенбей, сөйлемде бір ғана мүше болуы ұғындырылады. "Күрделі сөз сөйлем мүшелеріне мүшеленбейтін, ажыратылмайтын лексика - грамматикалық единица да, еркін сөз тіркесі сөйлем мүшелеріне мүшеленетін синтаксистік единица деп" нақтылайды [45,85]. Сонымен қатар күрделі сөздердің синтаксистік тұтастығы дәлелдеген: 1) күрделі сөз құрамындағы сыңарларының арасында синтаксистік қатынас сақталмайды; 2) күрделі сөз құрамындағы әрбір сыңар сөйлемде өз алдына дербес мүше бола алмайды, тұтас күйінде бір қызмет атқарады; 3) әрбір сыңары өздігінен синтаксистік қатынасқа түсе алмайды, тұтас күйінде түседі.

К.Аханов жалпы тіл білімінде күрделі сөздерді: кіріккен сөздер, біріккен сөздер, құранды сөздер немесе құрама сөздер, кәдімгі күрделі сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер немесе күрделі қысқарған сөздер деп топтастыру дағдысы бар екендігін айта келіп, жалпы күрделі сөздерді:

1) күрделі біріккен сөздер;

2) күрделі-құрама сөздер;

3) күрделі қос сөздер

4) Күрделі қысқарған сөздер деп 4 топқа бөлуді дұрыс деп табады.

Күрделі құрама сөздердің өзін іштей бірнеше топқа бөледі: а) Күрделі зат

есімдер тобы (ортан жілік, қайын ене, қайын аға, қайын сіңлі, т.б.); ә) Күрделі сын есімдер тобы (қара торы, қызыл шырайлы); б) Күрделі етістіктер тобы (кіріп шық, сатып ал); в) құрама етістіктер тобы (көмек ет, ән сал, сабыр қыл). Сыңары бөлек жазылатын мұндай күрделі сөздерді А.Н.Кононовтың топтастыруы бойынша кәдімгі күрделі сөздер (собственные сложные слова) десек, бұл терминнен күрделі сөздердің басқа түрлері нағыз немесе кәдімгі күрделі сөздер емес пе деген қарсылық туады. Ал Н.А.Баскаковтың топтастыруы бойынша құрама сөздер десек (қара кыус, киндик шеше), онда күрделі сөздің осы тобына жататын күрделі зат есім, сын есім, етістік деген бұрыннан қалыптасқан терминдерді өзгерткен болар едік. Мұндай сыңары бөлек жазылатын күрделі сөздерді – күрделі құрама сөздер деп атауларды оқушыларға үйрете отырып, оның емлесі игертіледі.

Күрделі сөздердің бір түрі – біріккен сөздер. Біріккен сөздер мәселесі Г.Жәркешова, А.Ермековтердің зерттеу нысандары болғаны белгілі. Г.Жәркешова "Біріккен сөздердің кейбір мәселелері" деген мақаласында қатар тұрған екі сөздің бір мағына білдіретіні сөйлемнің бір мүшесі болатыны, бір екпінге ие болатыны және сөз арасында дыбыс өзгерістері болатыны біріккен сөздерді айырудың негізгі белгілері деп көрсетеді [48]. А.Ермеков біріккен сөздердің сыртқы түр-тұрпаттық белгі-қасиеттеріне тұтас тұлғалануын, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаруын, белгілі сөз табына кіруін, бірұдай интонациямен айтылуын, кейбір компоненттерінің бүтіндей я жартылай дербес мағынасынан айрылуын, бірге жазылуын, сөздікте бүтін бір сөз ретінде берілуін жатқызады [49,5].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қасым Балқия "Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым" атты монографиясында күрделі сөздердің ғылыми-теориялық негізін арнайы зерттеп, оның қалыптасу, даму арналарын айқындайды, уәждемесіне тоқталады. Ғалым тіл білімінде күрделі сөздердің табиғатын танытатын, қасиетін көрсететін үш түрлі белгіні: мағыналық тұтастық, құрылымдық тұтастық және қызмет тұтастығы белгілерін атап көрсетеді [50,172].

Олай болса, біртұтас ұғымды білдіру – күрделі сөз бен сөз тіркесінің, сол сияқты күрделі сөздің бірігіп жазылуы мен бөлек жазылуына шарт бола алмайды.

Сондықтан да Қ.Жұбанов бұл туралы өз пікірін былайша білдірген: «Тегінде мағынаны өлшеу қылумен анықталына қоймайды. Мысалы, қолғап деген бір нәрсенің аты ма, сондықтан бір-ақ сөз бе немесе екі сөз бе? Бөлек-бөлек алғанда, қол деген сөздің өз мағынасы бар, қап сөзінің өз мағынасы бар, бірақ екеуі қосылғанда қолғап деген бір-ақ сөздің аты болып шығады. Осы сияқты қарақұс дейтін бір сөз бе, екі сөз бе деп сұрау қоюға болады. Бір сөз дейін десең, қара дегеннің өз алдында мағынасы бар, құс дегеннің өз алдына мағынасы бар, бірақ екеуі қосылып келіп, бұл арада бір нәрсенің аты болып тұр. Ал бұларды бір нәрсе дейін десең, дәл осылай болып жасалған өгіз арба, темір қасық т.б. да бір сөз болу керек сияқты. Осылай болғанда, анықтаушы мен анықталғыш сөздің екеуі қосылып, бір

сөз болып санала беруі керек сияқты. Міне, жалғыз мағынаға сүйенгенде, айырып алу қиын болатыны осыдан. Сондықтан мағынаны өлшеу қылуға алып тұрып, бірақ жалғыз мағынаға ғана сүйенбей, басқа өлшеулерді қосып қарауға керек болады» [51,223] Қазіргі күнде бұл мәселенің көкейтестілігі күрделі сөзді оқытумен оның емле ережесін қалыптастыруда маңызын жойған жоқ. Дей тұрғанмен, осы мәселенің мәнін зерттеуге өз үлесін қосқан ғалымдарымыздың тұжырымдары күрделі сөз бен оның емлесін оқытудың ғылыми ұстанымын айқындауға негіз бола алады.

Күрделі сөздерден білім мен тәжірибелік дағды қалыптастыруда ғылыми ұстанымды басшылыққа ала отырып, оның теориялық негізін қалыптастырған ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдарын мектеп грамматикасында бөлінген сағат санына қарай сұрыптап алу міндеті - біздің жұмысымыздың лингвистикалық негізі болып табылады. Мәселен, А.Ысқақов «Практикалық тұрғыдан қарағанда жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызмет атқарады, олардың олқылықтарын толтырады, ал теориялық тұрғыдан, дара сөздермен жарыса өмір сүріп, сол дара сөздердің тууына қызмет етеді» -деген пікір айтады [52,120]. Бұдан мынандай қорытынды шығаруға болады:

1. Күрделі сөздер мен дара сөздердің тілде атқаратын қызметі бірдей.

2. Дара жалаң сөздердің номинативтік қызметі, номинация теориясын толықтырады. Яғни бұрын-соңды атауға ие болмаған заттар мен құбылыстарға ат беруде жалаң сөздердің мағыналары логико-семантикалық жақтан үйлесіп, грамматикалық байланысқа түседі. Мұндай құбылысты ғалым идиомалану дейді, лексикалану деп те атайды. Күрделі сөз сыңарының дыбыстық өзгеріске түсу нәтижесінде жиі қолдану себебінен бастапқы мағынасынан ада-күде айырылуды делексикалану деп атаған. Ғалым күрделі сөз компоненттерінің ара қатынасын «бірігу, қосарлану, тіркесу» деп, олардың сыртқы материалдық бөлшегін фонетикалық жақтан, ішкі құрылымын семантикалық жақтан қарастырып, олардың арасындағы қарым қатынастың нәтижесінен күрделі сөздердің тілдік заңдылықтарының жиынтығы шығатынын саралап көрсетті. Бұл мәселе «күрделі сөз» бен «біріккен сөз» терминдерінің басын ашуға көмектеседі. Әдетте бірігіп жазылған сөздерді «біріккен сөз» деп, бөлек жазылатын сөздерді «күрделі сөз» деп атаймыз. Күнделікті тәжірибемізге сүйенсек, оқушыларға мынадай мәселелерді шешуге жаттықтыру қажет:

1. Біріккен сөздердің құрамында да екі сөз, күрделі сөздердің құрамында да екі сөз, олардың бірге және бөлек жазылу себептері неде?

2. Бірге жазылатын сөздерді біріккен сөздер деп атаған да, күрделі сөз деп атап отырған күрделі сын есімдерді, күрделі сан есімдерді, күрделі етістіктерді бөлек жазылатын сөздер деп неге атамаймыз?

3. Біріккен сөздер күрделі сөздерге жатпай ма? Олардың құрамында да екі сөз бар емес пе, неге оны күрделі сөз деп атамай біріккен сөз деп бөліп аламыз?

4. Күрделі сөздерді сөз таптарына қарай жеке жеке көрсетеміз де, біріккен сөздерді жалпы бере салудың себебі не?

5. Күрделі сөздер мен біріккен сөздерде мағыналық жақтан, атқаратын қызметі жақтан қандай айырмашылық бар сияқты көптеген сауалдар бар.

Бұл сауалдарды талдау барысында басы ашылмаған мәселелердің әлі де болса бар екеніне көз жеткіздік. Расында, бірге жазылатын сөздердің де бөлек жазылатын сөздердің де құрамында кем дегенде екі сөз болады. Жазылу емлесіне қарамастан, олардың тілде атқаратын қызметі бірдей. Мағыналық жақтан алғанда екеуі де белгілі бір зат не құбылысқа берілген атауды білдіреді. Сонда біріккен сөз бен күрделі сөздің айырмашылығы оның емлесінде ғана болып тұр. Бірге және бөлек жазылулар олардың шегін айқындауға негіз бола алмайды. Себебі тілімізде күрделі сөздер сияқты бір ұғымның мәнін анықтайтын тіркестердің де бар екені белгілі. Ондай тілдік құбылыстар бір жерде күрделі сөз деп танылса, бір жерде сөз тіркесі, бір жерде атаулық тіркес, бір жерде лексикаланған тіркес, енді бір жерде шектеулі тіркес деп аталып жүр. Мұндай тілдік құбылыстар мектеп оқулықтарында шатастырылып араласып беріледі. Бұл мәселе тек қазақ тіл ғылымында ғана емес, туыстас түркі тілдерінің бәріне ортақ болып отыр. Ол жөнінде татар тілін зерттеуші ғалым Ф.А.Ганиев пікіріне тоқталайық: «В некоторых грамматиках ошибочно утверждается, что сложные слова образуются путем вхождения в компонентов в синтаксические связи. Если бы между компонентами сложных слов существовало синтаксическая связь, что они являлись бы не сложными словами, а свободными синтаксическими словосочетаниями» [53,10]

Расында, күні бүгінге дейін күрделі сөздердің жасалу жолын сөз тіркестерімен байланыстырып қараймыз.

Э.В.Севортянның «Біріккен сөздердің түп төркіні негізінен сөздердің сөйлемдегі алатын орнына қарай синтаксистік байланыстан туып, қалыптасқан», -деген пікірі де бар [54,55]. Татар тілінің зерттеулерінде күрделі зат есімдердің жасалуын үш түрге бөліп көрсеткен:

1. Морфологиялық,
2. Синтаксистік
3. Лексикалық - синтаксистік - морфологиялық.

Синтаксистік - морфологиялық тәсілдің негізінде жасалған күрделі зат есімдер туралы: «Этот способ образования имен существительных заключается в том, что два слова входят синтаксическую связь и образует новое понятие», -дейді [55,152]. Қазақ тілі білімінде күрделі зат есімді атаулардың табиғатына байланысты Н.Ильясова былай дейді: «Зат есімді атауларды екі түрлі тәсілге негіздеген жөн сияқты.

1. Таза лексика-семантикалық бірлікте жұмсалатын сөзжасамның аналитикалық тәсіліне (сөзқосым, тіркестіру тәсілі) негізделген күрделі сөздер. 2. Синтаксистік еркін тіркестердің байланысу амал тәсіліне негізделгендер - атаулық тіркестер”.

Таза лексика-семантикалық бірлікте байланысқан күрделі сөздердің тобына тасбақа, егеуқұйрық, оқжылан сияқты тілдік құбылыстарды жатқызуға болады. Ал синтаксистік еркін тіркестердің байланысу амалы

негізінде пайда болған атаулық тіркестерге көл бақа, су жылан, темір жол, күміс қасық, балта сап сияқты тілдік құбылыстарды жатқызуға болады. Олар бір мағынада жұмсалып, бір ұғымның атын білдіргенімен, лексика-грамматикалық құрылымында өзіндік ерекшеліктері бар дей келе [56,57], олардың өзіндік ерекшеліктерін және арақатынасын атап өтеді. Атап айтқанда, күрделі сөздер мен атаулық тіркестердің жасалуында болатын өзіндік ерекшеліктерін сөздердің мағыналық жақтан байланысу жолдары арқылы анықтаған. Атаулық тіркестерді грамматикалық күрделі сөздерді лексика-семантикалық тәсілмен байланысатын тілдік құбылыстар ретінде жеке-жеке қарастырып, оларға тән ерекшеліктерді былайша атап көрсетеді: «біріншіден, атаулық тіркестердің матасу қабілеттілігі болса, күрделі сөздер матасу формасында жұмсала алмайды. Мысалы, көл бақа тіркесін көлдің бақасы түрінде қолдануға болады. Ал тасбақа сөзін тастың бақасы түрінде қолдана алмаймыз. Екіншіден, матасудың негізінде байланысқан атаулық тіркестердің құрамындағы зат есімдердің әрқайсысы дербес мағыналарын сақтаса, күрделі сөздердің құрамында сөз сыңарларының біреуі, кейде екеуі де дербес тұрғандағы мағынасын жоғалтады. Үшіншіден, атаулық тіркестер сабақтаса байланысып барып, сөзжасамның аналитикалық тәсіліне қарай қалыптасып, біріккен сөздерге ұласады. Мысалы, көлдің бақасы - көл бақасы, көл бақа, көлбақа.

Сондықтан «күрделі сөздер» терминін бірге және бөлек жазылатын сөздерге ортақ таңба деп қабылдап, күрделі сөздердің өзіне тән басты белгілерін ерекше атап өткен орынды.

1. Күрделі сөздер біртұтас лексикалық мағына береді.

2. Сөйлем ішінде болсын, жеке тұрғанда болсын дара сөздер сияқты дайын күйінде қолданылады.

3. Құрамына қанша сөз болғанына қарамастан, бір ғана сұраққа жауап береді.

4. Әрқашан сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады. Құрамындағы сөздер бөлініп, сөйлемнің жеке-жеке мүшесі бола алмайды.

5. Орын тәртібі тұрақты болады.

Күрделі сөздерге тән бұл белгілердің негізі құрамындағы сөздердің семантикалық жақтан біртұтастықта тұруы болып табылады. Олай болса, семантикалық тұтастықтан қалыптасып, біртұтас лексикалық мағынаға ие сөздердің тобын күрделі сөздер деп танимыз. Олар бірігу, қосарлану, тіркесу тәсілі арқылы жасалады.

Тұжырымдағанда, сөздердің жазылу емлесі күрделі сөздер негізінде қарастырылады. А.Ысқақов күрделі сөздер мәселесін әуелдегідей синтаксистік жай сөз тіркестерінің лексикалануынан, фонетикалық өзгеріске түсуінен, идиомалануынан, т.б. жайларынан іздей келе, сөздердің күрделілігіне негіздеп дәлелдеген. Нақтырақ айтсақ, ғалым күрделі сөздер тобына мына тәрізді құбылыстарды жатқызады: 1) бастапқыда өзара сөйлем мүшелері ретінде тіркесе келіп, кейіннен ол қасиеттен ажырап, күрделіге айналғандар, яғни лексикаланудың арқасында күрделенген сөздер (айбалта, ақсақал, жылқышы ата); 2) тұрақты тіркестер немесе

фразеологиялық тұлғалар деп аталатындар (бас сауға, ала аяқ, жүрек жұтқан); 3) есімдер мен етістіктердің тіркесуінен жасалған құранды етістіктер (қызмет қыл, рұқсат ет, ән сал). Сонымен қатар ғалым біріккен сөздер мен кіріккен сөздердің өзара айырмашылығын түсіндіруге де көп көңіл бөлді. 4) белгілі бір сөз табына тән бір тектес сөздермен сабақтаса құралған күрделі есімдер (ақ шұбар, бара бер) деп анықтайды да олардың жазылу емлесін осы ерекшеліктерге байланысты екендігіне назар аударады.

Ал Б.Кәтенбаева, М. Нұрғалиев: «Сөз құрамын оқытуда нысана еткен дидактикалық материалдың сұрыпталып берілуінде оқушылардың тілін дамыту, ой-өрісін кеңейту және сауатты жазуға дағдыландыру мәселелері жан-жақты ескеріледі», - деп жазды [42, 17].

Грамматиканы оқыту - оқушының сөйлеу, жазу тілі дағдысын, мәнерлі оқуын, орфографиялық, пунктуациялық және стильдік білім дағдыларының қалыптасуының, дамуының негізгі кілті болып табылады. Оқушыларға морфологиядан білім берілгенде сауатты жазуда тыныс белгілерге байланысты мынандай мәселелеріне назар аударылады: морфологияның сөз және оның грамматикалық көрсеткіші туралы ілім екендігі игертіліп, грамматикалық қандай мағына мен қызметке не болып тұрғанына қарай сауатты жазуға болатыны ескертіледі.

Х.Арғынов «Қазақ тілінде өз ойын дұрыс айтып я жазып бергісі келген адамға қазақ тілі синтаксисін білу – ең негізгі, ең басты шарт», - деп жазды. [57, 27]. Сондықтан қазақ тілі синтаксисінің саналы да терең білімі бар оқушыға ана тілінде оқытылатын басқа пәндермен жеңіл де берік білім ала ойын өзгеге ашық та айқын етіп жеткізу, өзгенің ойын дұрыс түсіне білу үшін синтаксистен білім берілумен қатар олардың тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіледі.

Тұжырымдағанда, сауатты жазудың лингвистикалық негізіне мынадай мәселелерді жатқызуға болады:

- сөздер мен формалардың, сөз тіркестері мен сөйлемдердің тіліміздегі қолданылуы туралы білім мен дағды беру; қазіргі қазақ әдеби тіліміздегі көркемдік және суреттеме құралдарының қолдану ерекшеліктерін стильдік түрлерімен байланыстыра білу. Өздерінің тәжірибесінде және көркем әдеби шығармаларындағы олардың қолдану ерекшеліктері туралы мәлімет беру арқылы орфографиялық дағдысына қалыптастыру;

- тілдің мағыналық ерекшеліктері мен синонимдердің қолданылуы және олардың сауатты жазудағы емлесік тыныс белгілерін ерекшеліктері туралы дағды беру;

- тілдік экспрессия мен эмоционалдығы туралы білім беріп, мәтіннің, сөйлемнің, сөздің ерекшеліктерін тани білуге, орфографиялық мәнімен мәнерлеп оқуға оған байланысты тыныс белгілерін қоюға жаттықтыру.

Ол үшін оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыру барысында жүргізілетін жұмыстар тілдің лингвистикалық заңдылықтары

мен ерекшеліктерін негіз етіп, басшылыққа ала отырып ұйымдастырылады. Олар:

- тілдің грамматикалық құрылыстарын үйрету арқылы орфографиялық дағдылары беріледі;

- тілдің әр түрлі жағдайда жасалу ерекшеліктерін тани біліп, яғни тіл стильдеріне және олардың ерекшеліктеріне байланысты тілдік құралдарды тандап алуға, өмірдегі тілдің жасалуындағы қызметтік стильдік ерекшеліктерді тани біліп, олардың пунктуациясын өз тәжірибесінде қолдана білуіне жаттықтырылады. Сондықтан қазақ тілін оқыту, тіл білімі туралы білім мен дағды беру оқушының сауатты жазуына жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, жазу – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен тұлғасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарам-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет.

Жазу, біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазу құбылысында сөйлеу әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде бала сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазу қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына емле, тыныс белгілерінің дұрыс белгіленуіне байланысты жүзеге асады. Демек, жазу графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауда сауатты болуы арқылы жүзеге асады. Сондықтан жазбаша жұмыс түрлерін нәтижелі орындаудың икемділіктері мен дағдылары мынандай талаптардан тұрады:

1. Дұрыс жазу да сөйлеу әрекетінің түрі. Қазіргі кезде әдістемеде жазу және жазбаша сөйлеу деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдарды ажырату, жазу механизмдерінің ерекшеліктеріне байланысты. Ол механизм екі бөлімнен тұрады: а) жеке әріптерден сөздер құрастыру; ә) жеке сөздер мен сөз тіркестерінен жазбаша түрде мәтін (хабар) құрастыру.

2. Жазу механизмінің бірінші бөліміне тән икемділік дағдыларды қалыптастыру үшін оқушылар графика мен орфографиялық меңгеруге тиіс. Оларды меңгеру дағды деңгейіне дейін жеткізілуге, ал жазу механизмінің екінші бөлімін меңгеру үшін оқушылар белгілі графикалық кодтың көмегімен өз ойларын өзгелерге жеткізе білуге тиіс, яғни бұл жерде жазбаша сөйлеу әрекеті жүргізіледі. Сонымен жазбаша сөйлеуге графикалық және орфографиялық дағдылар құрама бөлік ретінде кіреді.

3. Жазба сөйлеу – сөйлеу әрекетінің айрықша түрі, ол ақпаратты графикалық байланыс арқылы, яғни, графикалық түрде қалыптастырып, сөйлеу тудырады. Сонымен жазбаша сөйлеу әрекеті сөйлеудің

экспрессивтік түріне жатады. Құрылған ой жазба таңбалары арқылы қағазға түсіріледі. Сол ерекшеліктеріне орай тыныс белгілері қойылады.

4. Жазбаша тілді дамыту негізінде жазудың психофизиологиялық сипаттамасына байланысты жүргізіледі. Сондықтан Н.И.Жикиннің айтуы бойынша, ақпаратты жазбаша түрде жүргізу барысында сөйлеу екі сатыдан тұрады: а) ойды ауызша жеткізу үшін дыбыстық хабарды қалыптастыруға қажетті элементтер, ә) дыбыстық кодты графикалық кодқа айналдыру. Бұл ерекшеліктер орфография мен пунктуация бойынша сөйлеу әрекетіне ескеріледі [58].

Дыбыстық хабардың қалыптасуы күрделі әрекет болып табылады: айтылымды мазмұндық жағынан бағдарламалау; жазылымды грамматикалық тұрғыдан жүзеге асыру; сөздерді іріктеп алу; дыбыстарды іріктеу; сөйлеуді сырттай жүзеге асыру, айту, жазу ойды жазбаша жеткізу барысында сөйлеу іс-әрекетке қосымша дыбыстық хабарды белгілі жазумен ұштастыру, хабарды іштей сөйлеуге келтіру әрекеті қосылады. Жазбаша түрде берілген мәтінді көшіріп жазғанда немесе естігенді жазғанда (диктант) бірінші элемент өз ойын кодтау емес, көру немесе тыңдау арқылы қабылданған сөйлеу туындысының кодын ашу болады. Демек, жазбаша сөйлеу қалыптасуының екі сатысы: кодтау немесе кодты ашу жазудың ауызша сөзбен және жазбаша мәтінді оқумен тығыз байланыстылығына әкеледі. Сөйтіп жазу тіл дамытудың маңызды құралына айналады.

Жазбаша тілдің дамуының негізі – орфографиялық дағдының қалыптасуы. Өйткені орфографиялық дағды қалыптаспай, жазбаша сөйлеу әрекетіне жаттықтыру нәтижесіз болмақ.

1.4 Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастырудың психологиялық негіздері

Тіл мен сөйлеу қарым-қатынас мақсатында тілдік құралдарды пайдалану үдерісі ретінде психолог ғалымдардың ұдайы назарында болып келеді.

Сөйлеу механизмдері оның қызмет атқару механизмдері сияқты соңғы уақытта бірнеше рет мұқият зерттелінді. Оның ішінде Б.Г.Ананьев, В.А.Артемов, Л.С. Выготский, Н.И.Жикин, И.Львов, А.Н. Соколов және бірқатар басқа да ғалымдардың жұмысы маңызды болып табылады.

Психология ғылымының анықтауынша, адамның сөйлеу тілі оның орналасу және қызмет атқару тәсілдері бойынша екі түрге бөлінеді - ішкі тіл және сыртқы тіл. Сыртқы тіл өз кезегінде жазбаша (екі нысанда: жазу және оқу) және ауызша болып бөлінеді.

Ғалымдар көптеген эксперименттер жүргізе отырып, біздің барлық тілдік әрекеттердің дыбыстық сипатқа ие екендігін көз жеткізе дәлелдеп берді. Демек, есту және кинестетикалық (тіл қозғаушы) рецепторлар адамның кез келген тілдік қызметі жағдайында өз белсенділігін танытады, яғни адам ішкі тіл тұрғысынан ойлағанда, сондай-ақ сөйлегенде немесе әлдебір адамды тыңдағанда, жазғанда немесе оқығанда тіл белсенді қызмет атқарады.

Бұл жағдайда, кезінде И.П.Павлов тарапынан анықталғандай, екінші сигналдық жүйенің негізгі (базалық) компоненті ретінде тіл қозғаушы

анализатор ретінде танылады. Ол барлық қалған анализаторлардың қызметін үйлестіріп отырады.

Жазудың сыртқы (дыбыстық) құрылыммен тығыз байланысы туралы А.Р.Лурия өзінің «жазудың психологиялық-физиологиялық очерктері» кітабында өте сенімді түрінде баяндап өтеді. Ол, әсіресе, жазу үдерісі жай ғана көру түсініктері мен тиісті қозғалтқыш факторлардың байланысынан ғана құралатын жай ғана идеомоторлық акт деп қарастырады. Осы үдерістің құрамына қозғалыс және көру салаларынан тыс жатқан көптеген компоненттер енеді, оған мыналар жатады: міндеттің туындауы (бастапқы ой), ойдың алдын-ала құралуы, есте сақтау және оны ішкі тілдің көмегімен жадыда сақтау, пайда болған ойды фразаның немесе біртұтас мәтіннің тиісті құралымына енгізу [59].

Жазбаша мәтін өздігінен тіл болып саналмайтыны белгілі, ол бар болғаны көзбен көрілетін графикалық сызба. Сондықтан күрделі психологиялық-физиологиялық үдеріс ретінде жазбаша тілдің сипатын дұрыс ұғыну үшін, «әрбір нағыз жазу актіңде көзбен көру компоненттері ғана емес, сондай-ақ есту анализі де қатысып отыратындығын, және жазылатын сөз неғұрлым бізге аз үйреншікті болса, соғұрлым дыбыстық талдаудың көбірек қатысуын қажет ететіндігін» ескеру керек, екендігі белгілі.

А.Р.Лурияның атап өтуінше, жазу үдерісінде артикуляциялар (жазылушы сөзді іштей қайталау) зор рөл атқарады. Олар жазбаша тілдің маңызды құрамдас бөлімі болып табылады. Солай бола тұрса да, кейде естілмейтін ішкі сөз түрінде жасырын күйде пайда бола алады [59].

Жазу үдерісінің дыбысталуы туралы Н.И.Жинкин де өзінің «III-VII сынып оқушыларының жазбаша тілін дамыту» мақаласында атап өтеді. Жазбаша тілді ауызша тілге механикалық тұрғыдан қарсы қоюға қарсылық көрсете отырып, ол былай дей тұжырымдайды: «Интонация жазбаша тілге емес, тек қана ауызша тілге қатысты деген пікір өте қате, ол тілдің дыбыстық табиғаты туралы ережелерге қайшы келеді», -деп есептеді [58].

Н.И.Жинкин өзінің жұмысында «тіл дамыту әдістемесі үшін маңызды болып келетін, жазылуына сөйлемді «интонациялық орнықтыру» деп аталушы ережені ұсынады. Ол ойластырылған сөйлемнің алғашқы сөзін жазғаннан соң-ақ, ақыл-ойда интонациялық орнықтыру мен бүкіл сөйлемнің пішіні анықталады» деп санайды.

Оқушылардың өзара байланысатын жазбаша тілін дамытуда Н.И.Жинкиннің тарапынан құрастырылатын мәтіннің ескертпелі синтезі туралы ережесі де ерекше маңызға ие. Ескертпелі синтез ең алдымен қажетті сөздерді таңдай білуде, белгілі бір ойға сәйкес пәндік заттық белгілерді (яғни мазмұн элементтерін) бөле білуде, әлдебір ойда білдіруге барынша жақын келетін синтаксистік құрылымдарды таба білуде қарастырады. Сонымен қатар ескертпелі фразалық синтез үдерісінде предикаттардың (логикалық екпіндердің) интонациялық тұрғыдан бөлініп тұруы маңызды болып табылады деп есептейді [58].

Сондай-ақ предикаттарды дұрыс орналастыра білу жазып отырған адамның қолына сөйлем топтарын интонациялық-мағыналық предикаттар

синтезді меңгеру кілтін ұсынады, бүкіл мәтіннің интонациясын түсінуге мүмкіндік береді.

Тілдің дыбыстық компоненттерінің жазумен байланысы туралы мәселе сондай-ақ Л.Н.Кадочкин және Л.К.Назарова сияқты психологтардың жұмыстарында да жарық көрген. Бұл жұмыстарда тілдік кинестезиялар, яғни қозғалтқыш сезімдердің жазу үшін танылатын маңызы айтылады.

Сонымен қатар психолог ғалымдардың жазбаша тілге түрлі көрініс күйіндегі оқу үдерісінде де жатқызатындығын атап өту қажет («ішінен оқу, жай оқу, дауыстай оқу»). Осыған байланысты жазбаша тілдің адамның психологиялық-физиологиялық аппаратының кинестетикалық және есту рецепторларымен тиісті байланысу ауқымы барынша кеңейе түседі.

Сонымен, тіл психологиясы бойынша жоғарыда атап өтілген еңбектерге қысқаша шолу жасаудан мынадай қорытынды шығады: оқушылардың жазбаша тілін қалыптастыру үдерісін ешбір жағдайда тілдің дыбыстың табиғатын бақылаудан ажыратып қарауға болмайды. Керісінше, жүйелі түрде, сабақтан сабаққа қарай бұл бақылауларды оқушылардан ауызша тілді тәжірибесімен ғана емес, сондай-ақ жазбаша тілді дамыту мақсатында оқушылар орындайтын алуан түрлі жаттығулармен де байланыстарып отыру қажет.

Лингвистика ғылымында тілдің дыбыстық жағына ерекше көңіл қойылады. Көптеген орыс және кеңес ғалымдары В.А. Богородицкий, А.Л.Шахматов, А.М. Пешковский, В.В. Виноградов, Л.В.Щерба және т.б. тілдің интонациялық құрылымына тікелей және жанама ретте өз еңбектерін арнады.

Мектеп оқушыларының орфографиялық сауатын дамыту әдістемесі үшін, стилистикалық синтагманың негізгі бірлігі ретіндегі синтагма туралы ілім өте маңызды болып келеді. Бірқатар ғалымдардың синтагмаға деген көзқарастарын сын тұрғысынан егжей-тегжей талдай отырып, В.В.Виноградов бұл терминге мынадай түсінік берді: «Синтагма дегеніміз - бұл «шындық өмірдің бір бөлшегін көрсететін, берілген хабардың жанды экспрессиясымен интонациясына толыққан семантикалық- синтаксистік тіл бірлігі». Ол сол бір сөздің, сол бір тілдің осыдан басқа да семантикалық-синтаксистік бірліктерімен тығыз мағыналық байланыста тұрады», дей келіп, синтагманың орфографияға қатыстылығын айтады [60,136].

В.В.Виноградовтың ойы бойынша, синтагмалық бөлінуде хабардың нәзік мағыналық және стилистикалық белгілері беріледі. Сондықтан сөйлемді синтагмаларға дұрыс ажырата білу және олардың ерекшеліктерін дұрыс анықтай білу автордың ой тереңдігіне үңіле білуге, әлдебір айтылған сөздің нәзік мағыналық белгілерін түсіне білуге мүмкіндік береді де, тыныс белгілерді дұрыс қоюға негіз болатынын айтады.

Сонымен синтагма туралы ілімде қандай да бір мәтіннің стилистикалық жетістіктерін ұғыну кілті орын алған. Осы себепке орай тілдік ағымның синтагмалық бөлінуін оқушылардың стильдік сезімін дамыту мақсатында, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тыныс белгілерді пайдалану жағын да қарастырады.

Алайда, атап өтілген мәселе бойынша әдіскер-ғалымдар мен тәжірибелі-мұғалімдер арасында әлі күнге дейін бірізді пікір жоқ екендігін ескерген жөн. Бірқатары, олардың өзі көпшілік болып саналады, синтагма туралы мәселе таза теориялық маңызға, ол оқушыларға қиын тиеді, сондықтан синтагма туралы ілімді синтаксисті оқытуды мектеп тәжірибесінде пайдалану қажет емес дейді. Басқа біреулері сөйлемді грамматикалық талдау кезінде ғана, тілдің синтагмалық бөлінуіне сүйену керек деген ұсыныс айтады. Мәселен, Г.Р.Тукумцев өзінің «Синтагма туралы ұғым» деген мақаласында осылай жасауды ұсынады [61,13].

Сонымен қатар, мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, сөйлемдердің синтагмалық мүшеленуін оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын арттыру, пунктуациялық сауатын жақсарту және ауызша әрі жазбаша тілін дамыту үшін сәтті пайдалануға болады.

А.М.Пешковскийдің орыс тілін мектепте оқыту тәжірибесіне тілдің дыбыстық жағын бақылауды алғашқылардың бірі болып енгізгені белгілі [62,146]. Сонымен бірге ол оның мұғалімдер мен оқушыларға арнап оқу құралдарын жасады. Сондай-ақ оқушылардың тілдік есту қабілетін дамытуға және тілдің түрлі ырғақтық-әуездік құрылымын тануға ерекше көңіл бөлді [62].

XX ғасырда 50 жылдарында мектеп оқушыларынан тілдің дыбыстық жағымен танысуы мәселелеріне Г.П.Фирсов зор көңіл аударды [63,146]. Ол алғаш рет біздің әдістемелік ғылымда психолог-ғалымдардың тілші ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, сондай-ақ педагогикалық іс-тәжірибенің озық тәжірибелерін және өзінің Мәскеу қаласында өткізген эксперимент нәтижелерін ескере келе, ғылыми тұрғыдан, синтаксистік пунктуацияны табысты түрде меңгеру үшін тілдің дыбыстық жағын бақылау қажеттілігін дәлелдеп берді.

Г.П.Фирсовтың әдістемелік ізденістеріне академик В.В.Виноградов жоғары баға береді. Ол Г.П.Фирсовтың монографиясының алғы сөзіне былай деп жазды: «Мектепте тілді оқыту тәжірибесінде синтаксис пен интонациясын, тілдің интонациясы мен экспрессивтік - мағыналық шақтарының байланыстары мен арақатынастары мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Атап айтқанда, бақылаудың осы саласы оқушылардың бойында тілдік сезімді дамыта түседі, оның мәнерлеу құралдарын терең ұғындырады және бір ғана сөйлемнің, бір ғана мәтін үзіндісінің ішіндегі, мағынаның түрлі комбинациялары мен ренктерін тануға қызығушылық оятады» [63,156].

В.В.Виноградов оқырмандар назарын Г.П.Фирсовтың жұмысының әдістемелік жағына ғана емес, сондай-ақ лингвистикалық тұрғыдан да маңызды екендігіне назар аудартады. «Г.П.Фирсовтың синтаксис пен пунктуацияны зерттеумен байланысты интонация мәселесіне арналған зерттеу - деп атап өтеді. Ол орыс тілін оқытудың жалпы педагогикалық немесе әдістемелік жүйесін жақсарту үшін ғана емес, сондай-ақ қазіргі орыс тілі стилистикасына қатысты құнды материалдар дайындау үшін де зор маңызға ие» [63,156].

Алайда, қазіргі кездегі мектеп тәжірибесін ескерер болсақ, тілші мұғалімдер Г.П.Фирсовтың әдістемелік ізденістерінің маңыздылығын өз дәрежесінде бағалап отырған жоқ, әрі мектепке синтаксис пен пунктуацияны оқыту күнде көпшілік жағдайда тілдік құралдарын лексика-грамматикалық тұрғыдан сипаттаумен ғана шектеліп отыр, тілдің жанды ретте дыбыстау мәселесін назардан тыс қалдырып келеді. Соның нәтижесінде синтаксис пен пунктуацияны оқыту ғана емес, сондай-ақ мәнерлеп оқу дағдаларын дамытудың да маңызы төмендеді. Тілдің дыбыстық және экспрессивтік-мағыналық құрылымы арасындағы байланыс пен арақатынасты орнату үшін, интонацияны бақылауға алу да пайдаланылмайды. Ал негізінде, осы бақылаулар тілші мұғалімдердің оқушыларға алуан түрлі тілдің құралдар ішінен белгілі бір тілдік міндеттерді іске асыру үшін барынша ыңғайлы келетін синтаксистік құрылымдарды таңдап алуға мүмкіндік береді. Лингвистика ғылымында синтаксистік-стилистикалық құралдарды осылай ажырату жолдары баяғыда-ақ белгіленіп қойғандығын атап өткен жөн.

Г.В.Колшанский мәтінді құрайтын тілдік құрылымдардың интонациялық мағыналық ерекшеліктері тілдің психологиялық бағыттылығына тікелей байланысты болатындағын атап өте отырып, ол былай деп жазды: «... кез келген құштарлық баяу немесе жылдам түрде өз тілімен сөйлейді. Жан қозғалысы құштарлық әрекеттері арқылы айтылымның қысқа немесе толыққандылығын өлшеу керек». Сөзді зерттеудегі өзінің әдістемелік жүйесін негіздей отырып, ол оқушылардың жазба тіл барысында фразалық синтез жасай білуіне зор мән бере қарады. Соңғысына байланысты айта отырып, фразалық мәтіндерде мерзімдік тіл белгілі бір үлесте үзілмелі тілмен кезектесіп отыруы қажет екендігін көрсетеді. Ол мұны былай түсіндіреді: «буынның біртегіс болуы кезеңдердің бөлімдерінде, мерзімдік буынның үзілмелі буынмен бірігуінде белгілі бір мөлшерде болуын, және суреттелуші оқиғалардың жылдам немесе баяулықпен тілдің әлдебір құпия келісімде болуын талап етеді» [64,176].

Біршама уақыт өте келе, тілдің психологиялық негізін, атап айтсақ, тілдік интонацияны қарастыруға В.Н.Всеволодский - Гернгросс қатты көңіл бөлді. Ол интонацияны басқаратын заңдар психологиялық -физиологиялық үдерістермен тікелей байланыста деп есептеді.

Сондықтан ойлау сөз, сөйлем арқылы жарық көреді. Сөйлеу мен ойлау әрекеттері бір тұтас, бөлінбейтін ойлау-сөйлеу әрекетін түзеді. Міне сондықтан тіл әрекеті игерілген тіл материалдарына емес, ойлауға сүйенеді. «Чтобы практически владеть русским языком или каким-либо языком, надо поэтому не опираться на языковые знания, а мыслить на используемом языке» [65,5].

Адамға қоршаған ортадағы шындықты дұрыс тануға көмектесетін, әр түрлі ұғымдардың бір-біріне айырмашылықтары мен ұқсас белгілерін анықтайтын ұғымдар логикалық ойлау амалдар жүйесі нәтижесінде жасалынады.

Орфографиялық ұғымдарды игеруде мынандай ерекшеліктерді ескеру қажет. «Үй жануарлары» сөз тіркестік ұғымды түсіндіргіміз келді делік,

біріншіден, мұны түсіндірерде мазмұны тым тар айтылса, оқушылар тым тар мағынада түсінетін болады. Оқушы мұндай жағдайда «үй жануарлары» деген ұғымға итті, мысықты жатқызбауы мүмкін. Өйткені оқушылардың көпшілігінің түсінігінше, үй жануарларына етін, сүтін, жүнін көлік ретінде пайдаланатын жануарлар ғана жатуы тиіс. Егер «Үй жануарлары» деген ұғым тым кең мағынада түсіндірілсе, онда балалар бұл ұғымға тауық, үйрек, қазды да т.б. жатқызуы мүмкін мұғалім сабақта қате түсінушіліктің бірінші түрін болдырмау үшін үй жануарларының кездейсоқ белгілеріне көбірек көңіл бөлінеді де екінші жағдайда осының негізгі қасиеттері жайында көбірек сөз етеді. Яғни тіркестегі сөздердің жеке-жеке өзіндік мағынасы болған бөлек жазылып, тіркеске түсу арқылы бір ұғымды білдіреді. Сол арқылы дара, күрделі сөздерді игеріп, оның жазылу емлесін естеріне сақтайды.

Ұғымды меңгерудің екінші жолы, яғни сол игерілген ұғымдарды іс-тәжірибеде пайдалану. Қазіргі зерттеушілердің (П.Я.Гальперин, т.б.) пікірінше, баланың оқудағы жетістігі – әрекеттенуінің жемісі. Сондықтан баланың сауатының дамуының негізгі жолы - оны әртүрлі әрекеттерге жету болып табылады [66,21]. Ал білімді тәжірибеде пайдалана білу дегенді, негізінде, екі түрлі мағынада түсінуге болады. Біріншісі, оқушының сабақтан алған білімін келесі сабақтардағы тапсырмаларды шешуге қолдана алу: екіншісі, оқушының қалыптасқан ұғымдарда әр түрлі жұмыстарда (сөйлем құруда, мазмұндама, шығарма т.б.) пайдалана алу, ал білімді тәжірибеде қолдану ұғымдардың оқушы санасында қалыптасуының негізгі шарты.

Оқушылардың ұғымды меңгергендігінің белгісі оны қалыпты және жаңа жағдайда қолдана алатындығы (Мысалы, баяндауышты кез келген, тіпті грамматикалық құрылысы жағынан күрделі сөйлемнің өзінен де табу). Егер оқушы берілген ұғымның негізгі белгілерін тауып, өз шешімі десе (неге бұл сөзді баяндауыш деп санайды), мұндай ұғым бастауыштан кейін қойылатын сызықшаны үйрету кезінде пайдаланылады.

Ұғымдардың өмір сүруінің бірден-бір формасы сөз деген дегенбіз. 4-5 сыныптардағы оқушылардың грамматикалық білімдерді меңгерудегі терминнің рөлін Ф.М.Званцева жүргізген арнайы зерттеу де тиісті ұғымды шапшаң және берік меңгеруге ғана емес, сонымен бірге, оқушылардың грамматикалық материалды жалпы бағдарлауына жақсы ықпал жасайтынына көз жеткізеді. Терминдері грамматикалық курстың әр түрлі тақырыптары бойынша енгізген сыныптарда ана тілінің грамматикасын меңгергендегі тиянақты берік нәтижелер көрсеткен. Мәселен, бұл сынып оқушылары тиісті теориялық материалды бақылау сыныптарындағы оқушылардан 6-8 есе шапшаң меңгергенін көрсетеді [67].

Ана тілін сабақтарына терминнің енгізілуі эксперимент өткізілген сынып оқушыларының тиісті ұғымды меңгеруіне ғана емес, сондай-ақ, ой-өрісінің дамуына да септігін тигізген. Бұл терминдерді қазақ тілі сабақтарына сөзсіз енгізу қажеттігі бар. Өйткені көпшілік оқушылардың орфографиялық қателіктері термин сөздерді жазудан жіберіледі.

Психологтар, ғалымдар ұсынған (А.АЛюблинская, Н.Кабанова -

Меллер, Д.Н.Богоявленский, В.В.Давыдов, Н.А.Менчинская, Ә.Алдамұратов, т.б.) балаларда ұғымдарды қалыптастырудың жолдарын саралай отырып, бұл жұмыстар басшылыққа алатын қағидаларды анықтадық:

- 1) меңгерілетін ұғымды белгілейтін сөздерді бақылау мен іріктеу;
- 2) игерілуге тиісті әрбір жаңа зат пен құбылысты талдау және мәтінмен басқа зат не құбылыстарда болатын негізгі белгілерді айқындау;
- 3) берілген ұғымның қосалқы белгілерден дерексіздендіру (абстракциялау), салыстыру әдісін пайдалану;
- 4) жаңа ұғымдарды бұрыннан таныс сөздермен белгіленген топтарға жатқызу. Осы арқылы орфографияны игерту. Ал орфографияны игертудің психологиялық амалдары бар.

Талдауға түп негіз (синтез 1) бағыт-бағдар беретіндігінен және ой амалдары нәтижесінде толығырақ танылатын (синтез 2) сол негізді (бүтінді) танудың құралы болатындығынан көрінеді. Мәселен, сөз тіркесінің екі сөзден тұрып, бір пайымды білдіруі синтез, ал сол сөз тіркесін әр сөзін ажыратып ұғымға бөлу – бұл анализ. Осы сөз тіркесінің ерекшелігі арқылы сөз тіркесі мен тіркесімен сөздер ажыратылады.

Ойлау үдерісінің, бәрі де осындай сызбамен жүреді, ол әрқашанда осы үш бұрышынан: синтез 1 – анализ – синтез 2 тұрады. Мысалы, «Ол бәрін де біледі. Шәкірттерге үйрету тек тілегі, бірақ өзі үндемейді, жүрмейді». «Дос болғың келсе менімен, әліппені біл дейді», деген жұмбаққа 1 және 2 сынып оқушылары сенімді түрде «Мұғалім» деп жауап берді (өйткені мұғалім бәрін біледі, тілегі шәкірттерін үйрету). Мәтіндегі «бірақ өзі үндемейді, жүрмейді» деген маңызды белгісіне мән берілмейді. Яғни бүтінді талдау аяғына дейін жүргізілмегендіктен, қате жауап беріледі.

Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп аталатын ой амалдары пайда болады. Салыстыру – екі (немесе одан да көп) заттар мен құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталған ақыл-ой әрекеті. Бұл ойлау әрекеті оқушылардың сөз бен сөйлемдердің жазылу емлесін сапалы түсінуіне әкеледі.

Салыстыру амалдарын меңгеру мектеп оқушыларының оқу жұмысында тіл дамыту мен ой дамытуда аса маңызды. Өткені игерілетін материалдардың қомақты бөлігі салыстыруға негізделеді. Балалар салыстыру арқылы ана тілі курсынан сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тіпті мәтін мен мәтінді, бастауыш пен баяндауышты, зат есім мен сын есімді, сондай-ақ нүкте мен үтірді, сызықшаны т.б. айыра білуге үйренеді.

Салыстырусыз бала жүйелі білім ала алмайды. Оқушыларды салыстыру амалдарына жаттықтыру – табиғи қажеттілік. Салыстыру жолымен оқушылар әр түрліліктің жалпылығын (зат есім, сан есім, сын есім т.б. есім сөздері) және ұқсастықтың әр түрлілігін (дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болуы) оңай табады сол бойынша орфографиялық ережелерді есте сақтайды.

Енді оқушылардың орфографиялық дағды қалыптастырудағы ойлау амалдарына тоқталайық. Мектептегі тіл дамыту мен дамытудағы есте сақтау мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты үдерістер, олай дегеніміз, есте

сақтау мен ойлау байланысын зерттеген психолог – ғалым П.П.Блонский есте сақтау үдерісін ойлау үдерісінің өтетін көпір екенін көрсетті. Л.С.Выготский кіші жастағы балалардың есте сақтауын ұзақ жылдар зерттеп, жас баладағы ойлау көбіне есте сақтауға байланысты анықталады деген қорытындыға келген, ол жас баладағы ойлаудың өткенді еске түсірудің, яғни өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйену екенін, ойлаудың есте сақтауға байланысты дамитынын айтты. Жас баладағы түсінік логикалық құрылымға емес, есте сақтауға негізделген, олай болса, есте сақтау, дамыту, ойлау өз кезінде орфографиялық дағдының қалыптасуына игі ықпалын тигізеді [68].

Оқушылардың теориялық ұғымдары жүйелікпен, сабақтастықпен меңгеруінде педагогикалық-психологиялық тұрғыда дұрыс жолға қойылған мұғалім мен оқушының арасындағы дидактикалық қарым-қатынас аса маңызды болып табылады. Б.Г.Ананьев, В.М.Бехтерев, П.П.Блонский, Л.С.Выготский, Н.И.Жинкин, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов секілді ғалымдар қарым-қатынастың табиғаты адамдардың жас ерекшелігіне, жеке басының даму барысына қарай жетіліп өзгеріп отыратынын қарастырған.

Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай үлкендермен, құрбы-құрдастармен, мұғаліммен қарым-қатынасы да деңгейлеп өсіп отырады. Жеткіншектердің қарым-қатынасқа байланысты түрлі қиындықтарды бастан көшіретіндігін мұғалім айқын сезе білуі тиіс.

Оқушылардың орфографиялық танымдық әрекетін ұйымдастыру. 6-сынып оқушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгерген үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылығы мен оқу-таным қызметінің белсенділігіне сүйенеміз. Сондықтан оқушылардың оқу-таным әрекетін белсендіру жұмыстарының түрін жан-жақты талдауға көңіл бөлдік.

Оқушының оқу үдерісінде таным әрекетіне: қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау, зейіннің шоғырлануы, бір қалыпқа түсуі, яғни іштей әрекетке дайындау жатады. Есте сақтауды талап ететін ой амалдарында болатын қабылдаудың толықтығын қамтамасыз ету үшін анализ, синтез, теңеу, салыстыру, нақтылау сияқты белсенді ақыл-ой әрекеті болуы керек. Яғни күрделі сөздерді құрамына қарай талдау, оларды ұқсас тіркестермен салыстыру, емлесін көңіл бөлу, т.б. қабылдаудың сапасын арттырады.

Қабылдау. Қабылдауды ұйымдастыру заттың бастағы бейнесін, мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Кез келген таным үдерісі қабылдаудан басталады. Оқу материалын қабылдаудың маңызды көрсеткіші-ұғыну. Оқу үдерісінде қабылдау ойлану мен түсіну ұғымымен тығыз байланысты жүргізіледі. Таныс затты қабылдау оны тануға саяды. Затты тану арқылы оқушы оның мән-мағынасына игереді, оны белгілі бір топқа жатқызады. Мысалы, қос сөздердің, қысқарған сөздердің емлесі оқушыға таныс, тыныс белгісі қалыптасқан, сондықтан оқушы одан қателеспейді. Таныс емес затты қабылдауда оқушы алдымен оның өзіне таныс жақтарын іздейді. Қандай ерекшелігі бар екенін іздестіре бастайды. Мысалы, сөздерді біріктіріп жазу үшін соған қажетті деректерді іздейді, салыстыралы, белгілі бір ережеге негіздейді. Бұл жерде түсініп қабылдау үдерісі жүреді. Оқушы

материал бойынша негізгі мәселені түсіну үшін, қабылдауды дұрыс ұйымдастыру керек, яғни оқушылардың түсінуіне бір арнаға бағыттау қажет. Ол үшін мұғалім кіріспе сөз және соған сәйкес нұсқауды пайдалануына болады. Мысалы, күрделі сөздердің емлесін оқушы түсінуі үшін, ең алдымен, бірігіп жазылатын сөздерді (біріккен сөздердің түрін) еске түсіріп, қысқаша шолу жасап барып, оқушыларға ережені қайталату тиімді. Қабылдауды ұйымдастырудың тиімді бір жолы – жекелеген фактілерді талдау, көрнекілікке айрықша мән беру, мақал-мәтелдер келтіре отырып нақтылау, ғылыми терминнің мағыналық мәнін ашу. Мысалы, ғылымның әр саласының атауы, терминдері екі-үш сөзден құралса да, бірге жазылатын ерекше түсіндіру оқушының жете түсінуіне мүмкіндік береді. Материалды қабылдау – бұл оқушының шамасына қарай оны түсінуі. Сондықтан материалды дұрыс қабылдау оны дұрыс түсіндірумен байланысты. Түсініп қабылдау бейне тұтастығымен бірлікте қаралады. Бейне тұтастығы білімді жалпылау, қайталау, қорытудан құралады. Соның нәтижесінде пән туралы тұтас білім қалыптасады.

Зейінді ұйымдастыру. Оқушылардың материалды толық нақты қабылдау және оны түсінуі зейіннің жинақтылығымен тығыз байланысты. Сабақта оқушылардың зейінін ұйымдастыру – олардың санасын, ақыл-ойын оқу материалының мазмұнына, әрекетке бағыттау, ойлануды талап ету. Жаңа материалды түсіндіру оқушылардың зейінінің тұрақтылығы кезіндегі мұғалімнің әрекетімен байланысты. Мұғалім материалды айтып ғана қоймай, ойланады, оқушылардың өз ойына ілестіреді, бір мәселеден екіншіге ойша жылжиды. Бұл не? Ол немен байланысты? Неліктен? Одан қандай қортынды жасауға болады? Оны қалай дәлелдейміз? Сияқты сұрақтардың көмегімен оқушылардың жүйелі ойлауға, анализ жасауға, дәлелдеуге, бағалауға, қорытуға жаттықтырылады.

Сабақ үдерісінде оқушылардың зейінін екінші мәселеге аудару қажеттілігі туады. Ол үшін орындалған жұмысты қорытып, оқушылардың ережеге көзін жеткізіп, көңілін орнықтырып барып, екінші тапсырмаға оқушының зейінін аударуға болады. Мысалы, алдымен біріккен сөздерге орфографиялық сөздіктен мысал тергезіп, одан кейін, оның бірігіп тұрған себебін анықтап, ережені еске түсіріп, тапсырманы қорытып, екінші тапсырмаға ауысуға болады. Зейін оқушылардың жұмысқа қызығушылығы негізінде ұйымдастырылады.

Жадыда сақтауды ұйымдастыру. Адам негізгі ақпаратты: көзбен көру (визуальды қабылдау), құлақпен есту, түсіну(сезіну) арқылы қабылдайды. Бұл құбылысты психология ғылымында репрезентативті жүйе деп атайды. Психологтардың тұжырымдауы бойынша жеткіншек жасындағылардың есту арқылы есте сақтау қабілеті басым. Осыған орай әңгіме, мұғалімнің сөзі, баяндау әдістері әр сабақта қолданылып отырады.

Оқушының ақыл-ой деңгейінің дамуын көрсететін оның жадындағы игерген білімі. Есте сақтаудың құрылымы: ақпаратты қабылдау, ойында сақтап қалу, еске түсіру және пайдалану. Бұл құрылымның сапасы есте сақталатын материалдың оқушы үшін мәніне, оқытушының сүйенген

нұсқауына, әдіс, тәсіліне тығыз байланысты. Сабақта мұғалім материалды сөзбе-сөз жаттап және еске түсіруді немес жалпы мағынасын еске сақтауды нұсқайды (ескертеді). Сабақта оқу материалын есте сақтау мұғалімнің басшылығымен іске асырылады. Мұғалім оқушылардың белсенді әрекетін туғызады, материалдың мәнін ашады, арнайы нұсқау береді. Ол үшін әр түрлі жаттығулар орындатады. Есте сақтаудың көлемі ақпараттың санымен анықталады. Мұғалім материалды саралап, есте сақтайтын жерін ерекше нұсқайды. Ақпарат аз болса, есте сақтау жеңіл болады. Сондықтан оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруда, біріншіден, бұрынғы білетіндерін, екіншіден, жаңа мағлұматтарды, олардың ішінен есте сақтауды қажет ететіндерін анықтауы тиіс.

Есте сақтаудың 4 түрі ажыратылады:

- жылдам есте қалдыру;
- қысқа уақытқа есте қалдыру;
- өтпелі есте сақтау;
- ұзақ есте сақтау;

Орфографияны оқыту үдерісінің мақсаты-оқушылардың ұзақ есте сақтауын дамыту. Мысалы, сөздің бірге, бөлек жазылу фактісін салыстырмалы түрде мынадай кестелермен беруге болады.

2-кесте – Сөздердің бірігіп жазылуының негіздері

Негізгі ұстаным	1-себебі	2-себебі	3-себебі	4-себебі
Сөздер бірігіп жазылады (итмұрын)	Бір ұғымды білдіреді өсімдіктің аты	Бір ғана сұраққа жауап береді (бұл негізгі емес)	Термин, бір ұғымның атауы (биол. термин)	Сөйлемнің бір ғана мүшесі болады

3-кесте – Сөздердің бөлек жазылуының негіздері

Негізгі ұстаным	1-себебі	2-себебі	3-себебі	4-себебі
Бөлек жазылады (ағаш қасық)	Анықтауыштық қатынасқа негізделген	Құрамындағы сөздер жеке-жеке сұраққа жауап береді	Әр сөз сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады.	Сабақтаса байланысады.

Ақпараттың ең негізгі белгілерін ерекше бөліп көрсету арқылы түсіндіру оқушының есінде ұзақ сақталады. Ақпаратты толық айтып, тезис, аннотация түрінде жинақтауға, тезистен толық талдауға көшу де тиімді болмақ.

Жас баланың есі логикалық құрылымға емес есте сақтауға негізделеді.

Сондықтан орфографиялық дағдының психологиялық қалыптасу ерекшеліктерін қарастырайық.

«Дағды – бұл ойлаудың қабілеті барысында қалыптасатын, сана-сезімнің автоматтандырылған құрамдық бөлігі». «Автоматтандырылған» термині мен «автоматты» терминін дұрыс ажырату қажет. Автоматтандырылған термині дағдының, бастапқыда белгілі бір ережелер негізінде, содан кейін барып автоматтандыру үдерісіне бейімдейтін іс-әрекет арқылы дағдының қалыптасу тәсілін білдіреді [85].

Мұндай дағды табиғатын психологиялық түсіну, жоғарыда қарастырылған ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы кейбір шетелдік психологтар мен әдіскерлерге тән механистикалық теориямен ерекшелінеді. Олардың ойынша, (Торндайк, Удгсон, Лаи, Мейман т.б.) педагогтың міндеті – оқушы сөзді дұрыс түсініп, бұл сөз бейнесін қолдың дұрыс қозғалысымен байланыстыру деп есептеген. Мұндай ассоциацияның қалыптасуы сөзді ұғынуды, қабылдауды және оның жазылуын қайталау жиілігіне байланысты дейді. Дағды табиғатын бұлайша түсіну барысында оқушының ойлау, талдап қорытынды жасау қабілеті толығымен теріске шығарылды.

Қазіргі уақыттағы «автоматтандырудың» психологиялық теориясы-осы сияқты механистикалық көзқарастарға қарама-қарсы көзқарас.

Шындығында Томсон атап өткендей, сауатты адам «қайда қай әріпті қою керектігін» ойламайды. Әрине, бұл білім берудің соңғы нәтижесі, бірақ бұл дағдыны қалыптастыру жолы санасыз болуы керек дегенді білдірмейді. Әрине, дағдыны қалыптастыруды механикалық жолмен жүзеге асыруға болады. Оны К.Д.Ушинский: «Грамматикалық ережелерді пайдаланбай, бірден дұрыс сауатты жазуға дағды алу үшін, ондаған жылдар тоқтаусыз дайын үлгіден көшіруі қажет, бірақ мұндай «промотейді» кез-келген жаңа сөз тығырыққа тірей алады», - дейді [68].

Механикалық жолмен қалыптасқан дағды, емле ережесін қамтымай, әрбір сөздің орфографиясын есте сақтау арқылы қалыптасады. Сондықтан мұндай «промотей»-дің жаңа сөзді кездестіруі, оны есте сақтаудан талап етеді. Яғни, мұндай сананың механикалық жұмысы орфографияны үйреніп білуде балаға тән емес [68].

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, жасы ең кіші оқушылардың өзі жазу барысында, емле ережесінің үйлес жағдайларын жинақтап қорыта келіп, өзі жасаған бақылауға сүйене отырып, жаңа сөздер жазады. Сонымен бірге, егер оқушыға кейбір ережелерді ескертпеген күннің өзінде, олар оны өздері құрып алатынын атап өтуге болады. Әрине, мұндай «ережелер» көбіне қате болмайды және де көбіне балалар не үшін бұлай жазатынына, басқаша жаза алмайтынына есеп бере алмайды. Сондықтан да, жазушы жұмысын өте мұқият зерттеу арқылы осындай «саналы гарамматиканы» байқауға болады [69].

Осылайша, орфографияны механикалық жолмен игеру әдістері педагогикаға қарсы және тиімсіз және адамзат санасының табиғатына тән емес. Орфографиялық материалдар ойлау жұмыстарына келесідей мүмкіндіктер береді: ойлау, жүйелеу және талдап қорыту арқылы есте сақтау

жұмыстарын жеңілдетеді.

Орфографияны саналы түрде оқу, үйрену механикалық жолмен игеруге қарағанда келесідей артықшылықтарға ие болады. Мәселен, «автоматтандырылған» үйренумен ілесе жүретін дағды әрбір басқан қадам сайын, көбінесе қиындықтарда, санаға қайта қалыптасады, қалыптасу барысында алынған дағды, көбінесе қиындықтарда, санаға қайта қалыптасады, қалыптасу барысында алынған дағды, автоматты ғана емес саналы түрде бола алады, автоматтылықпен саналылықтың бірлігі қандай да бір көлемде соның өзінде болады. Мұнымен мұғалім әрбір қадам басқан сайын кездесетіндіктен ешқандай экспериментсіз-ақ орфографиялық дағдының саналық табиғаты туралы айтуға болады. Сөз орфографиясын қарапайым жаттауға негізделген дағды мұндай мүмкіндіктерге ие бола алмайды.

Дағдының саналы қалыптасатынын теріске шығарушы механикалық теориялар, сол арқылы грамматиканы да теріске шығарды. Дағдының саналы қалыптасу теориясы негізгі орфографияның грамматикалық және орфографиялық ережелерін игеруде дағдының саналы даму негізінің құралы екенін көрсетеді. Бұл қалыпты жағдай. Өйткені грамматика белгілі бір жүйеде тілдің біріңғай көрінісі, грамматикалық категориялар арасында өзара ара қатынасын бекітеді, оларды жазуда шартты белгілерін, қазақ тілінің емле ережелерінің ерекшеліктерін белгілейді. Басқаша айтқанда, грамматиканы игеру оқушыға адамзат дамуымен қалыптасқан ғылыми тәжірибені пайдалануға мүмкіндік береді. Емле ережесінің мұндай заңдылықтарын білу орфографиялық дағдының саналы қалыптасуының негізін көрсетеді. Бұл дағдыға жалпылама сипат береді. Ол әрбір жеке сөз орфографиясын жаттаудан ерекшеленіп, әрбір оқушы әрбір сөз алдында тығырыққа тірелмей, ол сөзді ережеге теңдестіру және орфографиялық ережелерге сәйкес жазуда мүмкіндік туғызады. Мұндай саналылық негізінде қалыптасқан дағды өте үлкен нәтижеге ие болады. Оқушы ережені игеріп, сол арқылы барлық сөздің дұрыс жазылу мәселесін шешеді және әрбір сөз грамматикасын жаттауды қажет етпейді. Бұдан келіп осындай жалпылама дағдылар негізгі табиғаты жалпылаудың ойлау амалдарына және бұл жалпылау негізі болып грамматикалық ереже не анықтама екендігін көруге болады.

Жатталынатын әр материал кейбір ортақ ережелерін игеру арқылы есте сақтау жұмыстарын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл сирек кездесетін, олардың арасында ешқандай ішкі мағыналық байланыс жоқ, дерек немесе құбылыстар болып табылады. Мысалы: телефон номерін есте сақтау, тарихи оқиғалар күні, уақыты, адамдар аты-жөні, ботаникалық және географиялық терминдер. Бірақ бұл жағдайда дағды туралы емес, қарапайым есте сақтау бірыңғай деректерін игереді. Мұндай құбылыстарды орфографиядан да көруге болады. Яғни орфография туралы сөз болғанда, дағдылану қалыптасуын тек қана теоретикалық ережелерге ғана емес орфографиялық деректер сипатына тәуелді етіп дағдылану қалыптасуының психологиялық ерекшеліктері мен лингвистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциалды әдістер қолданылады.

Дағдыланудың қалыптасу механизмі - автоматтандырылған іс әрекет. Бұл үшін саналы іс әрекеттің автоматтандыруға қажетті мәселелері анықталады. Мысалы, саналы іс әрекет деп, саналы түрде меңгерілетін мақсатқа жетуге бағытталған іс әрекетті айтуға болады. Егер, мысалы, біз қандай да бір орфографиялық жаттығуларды саналы түрде орындағымыз келсе, оқушылар алдына, тек орфографиялық мақсат қою арқылы орындайды. Ал саналы іс әрекеттің екінші белгісі болып, біз қандай жолмен алға қойылған мақсатқа қол жеткіземіз дегенге мүмкіндік береді. Яғни, орфографияны оқытуда мұғалім оқушыдан нақты орфография туралы ойлап, неліктен бұл емлені басқаша емес, дәл осылай жазғанын түсіндірілетін кезең болып табылады.

Орфографиялық дағды – бұл күрделі дағды. Ол жазу дағдысын, сөздің дыбыс құрылымын талдауды, грамматикалық білім негізінде орфограмманы танып білу, оған қажетті ережені қолдану және орфограмманы дұрыс жазуды қамтиды. Сондықтан бұл шеберлік пен дағды, орфограммалар сипатына тәуелді, және жеке орфограммаларға негізделеді.

Бірақ орфографиялық дағдының қалыптасуы үшін бұл жеке амалдарды орындай білу жеткіліксіз. Дағды табиғатына көптеген жылдар бойы зерттеу жүргізген Е.В.Гурьянов бұл туралы былай деді: «Жеке іс әрекеттерді жеке бөліктерге бөлу жеке іс әрекеттерді орындауда қандай да бір бөлшегін жетілдіру ғана емес, ең алдымен және ең бастысы сәйкестендіру үшін, одан кейін жеке іс әрекеттердің барынша күрделі іс әрекеттің орнын басуды қамтамасыз ету үшін қажет» [70].

Педагогика үшін дағды табиғатын бұлай түсінуден келіп, аса маңызды нәтиже келіп шығады: егер оқу барысында барынша күрделі іс әрекеттерді дағдыға айналдыру қажет болса, жеке іс-әрекеттерді туындатып жекелеген жаттығулармен қанағаттануға болмайды. Егер, мысалы, біз бастауыш сынып оқушыларына буын құраудағы дауыстыларды үйрету үшін, алдымен сөздегі дауысты дыбысты жекелеп табуға, содан соң бір тектес сөздерді теріп жазуға үйретеміз, олай болмаған жағдайда оқушылар бұдан кейін буын құрайтын дауыстылар ережесін бірден қолдануға, немесе осы екі ептілік дауысты дыбыс, буын құрау немесе шеберлікті біріктіру қажет болғандықтан қиналады.

Өз бетінше жазуға көшу барысында, оқушылардың жазба жұмыстарында орфографиялық қателердің көптігін байқауға болады. Мәселен, өз ойын жазба түрінде білдіруде орфографиялық ережені сақтамағандықтан, орфографиялық нормалар бұзылады. Өйткені, мұны бірте-бірте игеру қажет, яғни әрбір жеке орфографиялық ережелер немесе анықтамалар оқушылардың шығармашылық жұмыстарында қолданылатын жаттығуларды ұсыну арқылы бірте-бірте игертіледі.

Мұндай сәйкестендіру барысында жүретін өзгерістерді кейбір психологтар былайша түсіндіреді. Жекелеген іс-әрекеттер ойлану барысында оқушылардың іс-әрекетінің мақсаты болып табылады: осы мақсатқа қол жеткізу үшін олардың бар назары шоғырланады. Егер баланың санасы басқа жаңа мақсатқа қол жеткізу бағыттамасы (мысалы өз ойын жеткізу) ол

да баладан шығармашылық күшті қажет етеді. Онда бірінші әрекет қосалқы іс-әрекетке көшіп, бірте-бірте оқушылардың назарын жаңа мақсаттан аудару және автоматтану әрекеті қалыптасады. Мәселен, оқушы дағдыға ие болу үшін А.Н.Леонтьев мынадай пікір айтады:

«Оқушының алдына мұндай жаңа мақсатты қою, дәл мұндай нақты жағдайда ол әрекет басқа іс-әрекеттің орындалу әдісі болып кетеді. Басқаша айтқанда, нақты осы іс-әрекеттің мақсаты, жаңа мақсатқа талап етілген іс-әрекет шартына айналуы қажет ретінде анықталады» [69]. Ал біздің келтірген мысалымызда қосалқы әрекет түрі орфография болса, ал бастапқы мақсат болып шығармашылық жазу болып табылады.

Дағды қалыптасу үшін ереже бойынша барлық іс-әрекет қандай да бір жаңа мақсатқа қол жеткізуде тек қосалқы рөл атқаруы тиіс. Егер осындай жағдайларда дағды бұзылмайтын болса, оның беріктігіне сенім арта беру қажет; егер мұндай сынға шыдай алмаса, онда санаға қайта әрекет еткізу керек, яғни жекелеген орфографиялық іс-әрекеттермен жұмыс істеу арқылы білім алуды ары қарай жалғастыру қажет. Осы бағытта орфографиялық сауаттылықтың әдістері туралы әдістемелік мәселелерді шешуге болады. Мысалы, диктант – бұл оқушылар алдына ешқандай жаңа мақсат қоймайтын, таза орфографиялық жұмыс. Шығарма – өз ойын жеткізу сияқты жаңа мақсат қояды. Мұнда оқушылардың орфографиялық әрекеттері, қосалқы әрекеттер болып қалады. Сондықтан шығарма (өзіндік шығармашылық жазудың кез келген түрі) орфографиялық дағдының қаншалықты қалыптасқанын көрсете алады.

Қазіргі кезде мектептерде оқушылардың сауаттылығы диктант бойынша есептеледі. Әрине бұл диктанттың қолайлығынан, яғни диктантқа тексеруді қажет ететін орфограммаларды енгізе алуынан келіп шығады. Бірақ психологиялық көзқараспен мұндай сынақ орфографиялық дағдының беріктігін дұрыс бақылауға, өлшеуге кепіл бола алмайды.

Жаттығулар үдерісінде ережелерді пайдалану бойынша әрекеттің саналы түрде орындалуы жүріп жатады. Оның барысында осы іс-әрекеттің орындалу әдістері мен тәсілдері жетіліп отырады. Бұл жетілу әдіс - тәсілдердің қайсысы тиімді, икемді екенін ұғынуға алып келеді. Бұл тәсілдер белгілі бір пікірдің қалыптасуына әкеледі. Қандай да бір тәжірибелік іс әрекетке негізделетін қозғалтқыш ақыл-ой әрекеті болып табылады. Осылайша интеллектуалды дағды мен ептілік қалыптасады.

Е.В.Гурьянов бұл үдерістің келесідей кезеңдерін көрсетті:

1. Алғашқысы оқушыны басқарудың барлық күрделі әрекеттерімен жалпы таныстыруды, жеке әрекеттердің пайда болуының алғы шарттарын игереді.

2. Қажетті жеке әрекеттерді ажырата білу.

3. Осы әрекеттерді жүйелеу, барынша айқын белгілерді іріктеу.

4. Жеке белгілердің негізгісін, яғни жалпылаушы үдерісіне біріктіру, мұнда бірінші барынша қарапайым әрекеттер, одан кейін күрделілер біріктіріледі. Мұның барысында әрекеттер автоматтандырылады [70].

П.А.Шеварева жүргізіген жұмыстарда, әрекеттердің нақты

ерекшеліктерін анықтайды. Ол ойлаудың екі түрін айырады:

- 1) әрекетке негізделген ойлау;
- 2) қалай әрекет қажеттілігін белгілейтін белсенді ойлау [71].

Тұжырымдағанда, бұл пікірлер ойлаудың автоматтандыру жолында негізгі өзгеру сызығын белгілеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, өз іс-әрекетін сезіну ролінің бірте-бірте жойылуы. Екіншіден, негізделген одан кейін оперативті ойлау есебінен ойлау операцияларының көбеюі. Үшіншіден, жеке, ұсақ әрекеттерді өзінің көлемі бойынша барынша үлкен іс-әрекеттерге біріктіру, соның есебінен тасымалдау шекарасы кеңейеді. Төртіншіден, іс-әрекеттердің орындалу әдістерін жетілдіру, орфографиялық мәселелерді шешуде барынша тиімді әдістерін іріктеу, соңында автоматтандырылған іс-әрекеттер, мұнда оқушы ережені ойламай, дағды негізінде жазуға жаттықтыру.

Автоматтандырудың физиологиялық механизмін И.П.Павлов және оның қызметтері автоматтандыру үдерісі туралы психологиялық тұжырымдардың дұрыстығын растайды, қолдайды. Бізге белгілі болғандай И.П.Павлов психологияда саналы деп танылатын, мидың кейбір бөлігінде қозушы әрекеттерді физиологиялық механизмге жатқызады. Ол бұл бөліктерді шығармашылық деп атады. Онда жаңа байланыстардың тұйықталуы және олардың топталуы жүріп отырады. Ал ми сыңары бұл уақытта төмен деңгейде қозушылыққа ие болады. Павлов: «Олардың функцияларын ертеректе қалыптасқан рефлексстер құрайды. Бұл бөлім іс-әрекеті болып, біз субъективті түрде санасыз, автоматты деп атайтын әрекет болып табылады» -деп көрсетеді [72]. Автоматизация физиологиялық табиғатын бұлай түсінуден келіп, еліктеменің бастапқы кезеңі, орфографиялық дағдының қалыптасуына сәйкес келіп, бас миының бізге белгілі бір бөліктерінің өте жоғары қозушылығы негізінде жүзеге асырылады, ал соңғы нәтижесінде орфографиялық іс әрекеттер дәл осы уақытта тежеліп тұрған бөліктерде орындалады, ал оған сәйкес мидың келесі сыңары И.П.Павловтың айтуы бойынша «біздің басты ісіміз» дегендей белсенді түрде қызмет атқарып жатады [72].

И.П.Павловтың көзқарасы бойынша түсіндіру дегеніміз келесі динамикалық еліктеу мынадай бейнелеуден көрінеді: «Ішкі және сыртқы қоздырушы әсерлердің нәтижесінен белгілі бір мерзім ішіндегі ми сыңарының қабатында болып жататын барлық тарату мен қондырғылар, бірыңғай қайталана беруші ортада автоматты түрден де жеңіл жүзеге асырылып отырады. Осылайша, ми қабатында барынша нерв еңбегі бола алатын динамикалық еліктеу қалыптасады» [72]. Бұл үдерісті: «жүйке еңбегінің төмендеуі, ми белсенділігінің төмендеуі, сәйкесінше ми қабаты бөліктерінің қозғыштығының төмендеуі, содан кейін іс-әрекеттің автоматтандыруға әкеледі» деп түсіндіреді.

Автоматизациялаудың физиологиялық табиғатынан келіп, орфографиялық дағдының қалыптасуының алғашқы кезеңі мидың кейбір бөліктерінің жоғарғы деңгейде қозғыштығынан келіп шығады. Бұл ми қабының мұндай жағдайы сананың белсенді қызмет етуіне әкеліп соғады.

Автоматтандыру барысында орфографиялық әрекеттер ми қабының сол уақытта тежеліп, тоқтап тұрған бөлігінде жүзеге асырылады, ал мидың белсенділігі ми қабының басқа бөлігінде жүзеге асырылады.

И.П.Павлов айтқандай, «жүйке энергиясын жұмсауды» төмендету екінші сигналды жүйеге жатқызуға болады, ол Павловтың айтуы бойынша «адамзат жүріс-тұрысының негізгі реттеушісі» болып табылады деді. Осы арқылы ойлау үдерісінің қоюлануы түсіндіріледі.

Біз жазғанда сөздің мағыналық жағдайын түсінеміз және олардың мағынасына байланысты жеке құрылымдық элементтерін қолданамыз, біз оның графикалық формасы туралы ойламаймыз, бірақ біз ол жазудың семантикалық жағдайын ары қарай игере береміз. Мәселен, автоматтандырылған жазуда тілдің семантикалық жағының сақталуы омонимдік дыбыс формаларын ажыратуға мүмкіндік береді, мысалы е мен и арасындағы қандай да бір дыбыс зат есімнің әртүрлі септіктерінде кездесетін дыбысты е немесе и арқылы жазу қажет (оның септелу мағынасына қарай). Бірақ сауатты адам оны жазу барысында сәйкесінше ережелерді есіне түсірмейді, септіктің грамматикалық категориялары туралы ойламайды да, бірақ ол тіл мәнін түсіне береді.

Автоматизация үдерісін бұлай түсіну тілдің «сезімі» және «тіл ерекшеліктер» мәселесіне қайта әкеліп соғады, бұлар Буслаев, Ушинский, Пешковский еңбектерінде қарастырылып өтілген.

Қабылданған материалдарды ұғыну, бірінші кезекте есте сақталынған бұрынғы тәжірибенің әсері, қайталау үдерісінен барынша тиімді әдістерін орфографиялық мәселелерді шешуде талдап жинақтау, яғни мұның барлығы қандай да бір орфограмманың «қоздырғыш» ретіндегі қайталау барысында жүзеге асырылады.

Жаттығу мен дұрыс түсірілген және ұйымдастырылған машықтану – бұл қандай да бір алғашында келтірілген әрекет пен қозғалысты қайталау емес, ол қандай да бір мәселені қайталап шешу, бұл үдеріс барысында бастапқы іс-әрекет жетілдірілді және сапалық түрде өзгергіш болады.

Егер ережелермен реттелетін, орфография туралы айтатын болсақ, онда мұндай мәселелер жазба тәжірибесінде ережелерді қолдануды үйретеді және мұнда қандай да бір сөздің қайталануы емес, қандайда бір ереженің әртүрлі сөз бен сөйлемге қолданылуы қайталанатын. Сондықтан мұнда орфографияны қайталау, негізінде теориялық білімді жазба тәжірибесінде қолдану болып табылады. Сондықтан, психологиялық жағынан алғанда жаттығу үдерісіндегі қайталау бастапқы іс-әрекет нәтижесін білу, қайталауды бұрынғы іс-әрекетпен салыстыру, олардың дұрыстығын бағалау, мәселені нақтылау, міне осылардың барлығы орфографияны игеруге негіз болады.

Ережені қолданудағы жаттығулар адам санасында тек сөз жазылу үлгісін сақтаумен ғана емес, жалпылама сипаттағы орфографиялық дағдыны қалыптастыруда аса қажет болатын ойлау, есте сақтау әдістері, ойлау амалдарын жетілдіреді.

Осы жағдайды ескеретін оқу, үйрету оқушының білмей қалуына жол бермейтін, өзінің механикалық сипатын жоғалтады, орфографияны үйрену

оқушының белсенді, саналы түрде жұмыстарына негізделген ойлаудың даму деңгейін жоғарылатады.

Сонымен дағдының қалыптасуының аса маңызды шарттары болып келесілер табылады: 1) Ережені білу. 2) Ережені қолдану тәсілдерін және оларды шеберлікпен қолдана алу. 3) Осы шеберлік пен дағдыны қалыптастыратын жаттығулар.

1.5. Орфографиялық емлені оқытудың педагогикалық негіздері

1. Мектепте орфографиялық дағды қалыптастырудағы тіл материалдарының көлемі мен оқыту жүйесі.

Әрбір білім қағидалар жүйесінен тұрады. Әдістеме ғылымының негізгі білім беру, оқыту теориясы дидактиканы негізге алады.

Дидактиканың негізгі категорияларына: білім беру, оқыту, үйрету, дағды мен іскерлік, оқытудың мақсаты, ұйымдастырылуы, түрі, нысаны, әдіс-тәсілі, оқытудың нәтижесі т.б. жатады. Яғни дидактика – оқыту, білім беру, оның мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастырылуы туралы ғылым. Оның әдіснамалық негізі таным философиясының нысанды заңдылықтары.

Жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мақсаты – оқушыға жан-жақты білім мен тәрбие беру, соның негізінде жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Ал міндеті: халқымыздың ұлттық мәдени мұрасымен таныстыру; қоғамның қажетіне қарай біліммен қаруландыру; ғылыми көзқарасын, саяси, нарықтық, құқықтық түсінігін қалыптастыру, шығармашылық ойлауын, өз бетімен білім алу мүмкіндігін жасау, адамгершілік, азаматтық бағыт, бағдар беру, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу т.б. Оқытудың мазмұны – нені оқыту мәселесіне жауап береді. Оқытудың мазмұнын пәннен берілетін білім мен одан қалыптасатын дағды мен іскерлік құрайды.

Әрбір тілдік материалдар әдістемелік жүйе теориясы бойынша орналасады. Ал жүйе дегеніміз не? Әр сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерін оқыту тәртібін жүйе деп атайды. Қазақ тілі бағдарламасындағы тілдік материалдар белгілі тәртіп бойынша орналасқан. Алдымен орта мектепте фонетика оқытылады. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің сөз үйренуі дыбыстарды айтудан басталады. Жас сәби айналадағы құбылыстарды дыбыстау арқылы көрсетеді. Дыбыстардың мағына ажыратушылық және тұлғалық ерекшеліктерін аңғармай тұрып жеке сөздерді түсіну қиынға соғады.

Осы фонетикалық материалдардан кейін тілдің лексика саласы өтіледі. Лексика сөздің түрлі мағыналық ерекшеліктерін қарастырады. Дыбысты және сөзді білген оқушы әр сөзге қосылатын қосымшалардың ерекшелігін білуге талпынады. Содан кейін морфология саласы өтіледі. Алдымен сөз құрамындағы тақырыптарды, сонан соң сөз таптары материалдары оқытылады. Осы сөзді және олардың қосымшаларын білген оқушыларға сөз бен сөздің байланысын, сөйлем мен сөйлемнің үйлесуін білдіру қиынға соқпайды. Сондықтан да синтаксис тақырыптарының оқытылуы да осы

орында беріледі.

Сондай-ақ бір тілдік саланың ішкі өтілу тәртібі де білім беруде үлкен қызмет атқарады. Фонетика материалдарының ішінен оқушыларға алғаш рет алфавиттен хабар беріледі. Алфавитті бәрінен бұрын өтудің негізгі себебі мынада: 1) оқушылар бастауыш мектепте өткенін еске түсіреді; 2) бастауыш мектепте берілген білім кеңейтіледі; 3) Бұдан кейінгі тақырыптар дыбыс пен әріптің заңдылықтары болғандықтан, оны жете меңгертуге септігін тигізеді; 4) алфавиттен әріптердің дыбыстық жағын еске түсіреді; 5) сөздікпен жүргізілген жұмыстар бұдан кейінгі еңбекті жеңілдетеді; 6) дыбыс пен әріп туралы алғашқы білімдері жинақталады; 7) айту мен жазу арасындағы айрмашылықты сезеді; 8) есту қабілеті қалыптасады; 9) жаттығулар арқылы қабілеті кеңейеді.

Алфавиттен кейін өтілетін тақырыптың бірі – тіл дыбыстары. Мұнда сөздің сөйлемге бірігуі, сөздің буын жігі, буынның дыбыстық жағы, фонетиканың мағынасы мен зерттейтін нысанасы сөз етіледі, әріп пен дыбыстың ара қатынасы салыстырылады. Дыбыс жасаудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі айтылады. Тіл дыбыстары туралы түсініктен кейін буынның ең кішкене бөлшегі – дыбыс сөз болады. Бұл тақырыпты өтпей, тілдің дыбыстық жүйесіндегі дыбыс заңдарын білу қиын соғады. Дыбысты үйрете отырып, оны белгілеу үшін қабылданған шартты таңба – әріп салыстырылады. Дыбысты айтуда әріпті жазып көрсету үлкен роль атқарады. Дыбыстау мүшелері, дыбыс пен әріп жөнінде түсінік алған оқушыға дауысты мен дауыссыз дыбыстарды меңгертуге қиындық келтірмейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметі дыбыстың өзіндік белгілерін, яғни дауыстылар мен дауыссыздардың ерекшеліктерін жете ажыратуға септігін тигізеді. Дауыстылар мен дауыссыздардың өзіндік белгілері, жіктелуі өтілген соң, дауыстылардың түрлері оқытылады.

Дауысты дыбыстардың ішінде алдымен еріннің қатысына қарай бөлінуі өтіледі. Езулік дауыстылар ерінді дауысты дыбыстармен салыстырыла түсіндіріледі. Бұдан кейін дауыстылардың иектің қызметіне қарай бөлінуі келеді. Еріндік және езулікті жете игерген оқушыға, ашық, қысаң дауыстыларды саналы меңгертуге болады. Иектің төмен түсуі немесе жоғары көтерілуі, ауыздың кең және тар ашылуы ашық пен қысаң дауыстының жасалуына байланысты. Ауыздың, иектің әрекетімен бірге ерін мен езу де қозғалыста болады. Бұған іле-шала дауыстылардың тілдік қалпына қарай бөлінуі, одан кейін тіл дауыстыларды бірінен кейін бірі өтіліп қазақ тілінің дыбыс жүйесі игертіледі. Соңынан олардың емлесі үйретіледі.

Дауысты дыбыстардың емлесі дыбыс жүйесінің материалдарына байланысты оқытылады. Мұнда теориялық білімді орфографиямен жанастыру ұстанымы көзделеді. Бұл жүйенің, біріншіден, дауыстылардың түрлерін жете меңгерту үшін, екіншіден, сол түрлеріне байланысты берілетін емлесік білімді терең ұғындыру үшін, үшіншіден, әріптерді бір-бірімен салыстыра, салғастыра таныту үшін, төртіншіден, берілетін білімді талдап - жинақтап жасау үшін, бесіншіден, берілетін білімнің жігін үзбей, яғни жүйелілікті сақтау үшін жаттықтырылады.

Сонымен бірінші кезекте еріндік дауысты дыбыстардың емлесі оқытылады. О, е, у, ү, ұ әріптерін еріндік дауысты дыбыстардан кейін өтіледі. Бұдан кейін езулік дауысты дыбыс әріптерінің емлесі үйретіледі. Алдыңғы тақырыпты жетік үлгерген оқушылар езулік дауысты дыбыс әріптерінің емлесін ойдағыдай меңгеріп кетеді. Езулік дауысты дыбыстар туралы теориялық білім а, ә, е, э, ы, і әріптерінің емлесімен байланыстырылады. Оқушылар көздерімен көріп, қолдарымен жазады. Сөйтіп көру түйсігі мен сезім түйсігі ұштасады. Осыдан соң и, е, ю, я әріптерінің емлесі оқытылады.

Дауыстылар мен олардың емлесінен кейін дауыссыз дыбыстар мен олардың емлесі оқытылады. Дауыссыз дыбыстардан бірінші кезекте үнді дауыссыз дыбыстар өтіледі. Үнді дауыссыздарды бұлай өтудің мынадай себептері бар: 1) үнді дауыссыздар ұяң мен қатаңға қарағанда дауыстыларға бір табан жуық; 2) үнді мен дауыстыларды салыстыра талдау үшін өте қажет; 3) қатаңнан ұяңның, ұяңнан үндінің үні басым; 4) үнді мен дауыстыларды салыстыру арқылы дауыстылар қайталанатын; 5) үнділерді жете меңгерту үшін оның өзіндік белгілері ескеріледі. Бұдан кейін үнді дауыссыздардың емлесі теориялық білімге жанастырылады. м, н, ң, у, л, р, й әріптерінің орналасу тәртібі оқушылардың көру қабілеті мен есту қабілетіне орай беріледі. Ұяң дауыссыздар үнділерден кейін өтіледі. Ұяңда үндіге қарағанда үн, дауыс солғындау. Сондықтан осы тәртіпте өтілуі орынды. Теориялық білімнен кейін ұяң дауыссыздардың емлесі өтіледі. Олардың орналасу тәртібі мынадай болады: б, в, д, з, ж, г, ғ, ң. Ұяң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі түгел оқытылады. Бұның емлесілік сауаттылықты арттыру үшін және қатесіз дағдыландыру үшін септігі мол.

Қатаң дауыссыздар ұяңнан кейін оқытылады. Қатаңды ұяңға қарама-қарсы қойып, салыстыру мағынасында өтілгені дұрыс. Қатаң дауыссыздар былайша тізбектеледі: и, ф, т, с, ч, ш, щ, к, қ, х. Қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі де теориялық мәліметтен соң өтіледі. Бұлай еткенде: 1) теориялық білім мен емлесілік білім қабысады; 2) қатаң дауыссыздардың емлесінен хабар беру оқушылар біліміне, мұғалімнің уақытына, сағат санына нұқсан келтірмейді; 3) қатаң дауыссыздардың емлесіне байланысты қателер кетпейтін болады; 4) орфографиялық сауаттылығы артады. Дауыссыз дыбыстардан соң дауыссыз әріптер тіркесінің емлесі оқытылады. Алдымен олар мына тәртіп бойынша орналастырылады: мб, мн, нг, нд, фт, ск, кс, кт, рк тіркесінің емлесі бірінші кезекте, сонан соң мм, лл, тт, сс, сть, зд тіркесінің емлесі оқытылады. Әріптер тіркесі әркелкі әріптер мен біркелкі әріптер тізбегі негізінде орналастырылады.

Осыдан кейінгі өтілетін күрделі тақырыптардың бірі – буын. Буын туралы мәлімет және оның түрлері оқытылады. Тасымал – буынға тығыз байланысты. Сондықтан оның буыннан соң өтілуі заңды. Сөз бөлшектерінің тасымалдануы буынның түрлеріне тікелей қатысы бар. Қазақ тіліндегі сөздердің екпіні әрқашан сөздің соңында, соңғы буында болады. Екпіннің, негізінен, буынға түсуіне, буында болуына байланысты буын мен тасымалдан кейін өтілгені мақұл. Екпін көптік жалғауында тұрсын немесе басқа қосымшаларда болсын соңғы буында болады. Сондықтан екпін буын мен

тасымалдан кейін оқытылады.

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды, олардың емлесін және буын мен тасымалды, екпінді өтіп болған соң, осыларға жанастыра үндестік заңы өтіледі. Үндестік заңы мынадай мәселелерді қамтиды. 1) кейбір орфографиялық мәселелер; 2) орфоэпиялық мәселелер; 3) буынға және 4) екпінге қатысты мәселелер. Сондықтан үндестік заңының дыбыс жүйесі материалдарының ақырында оқытылуы орынды.

Үндестік заңы туралы түсініктен кейін буын үндестігі өтіледі, өйткені буын үндестігі - дауыстыларға байланысты үндесу. Дауыссыз дыбыстарға байланысты үндесу - дыбыс үндестігі болып табылады. Дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстар өтілетін болғандықтан, дыбыс үндестігінің де осы жүйемен өтілуі нәтижелі. Дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалы бұрын, кейінді ықпалы кейін өтіледі. Түбір мен қосымшаның аралығындағы ілгерінді ықпалдың орны морфологиялық жүйе бойынша белгіленеді. Сөз бен жеке сөздер құрамы түбір сөз және қосымшалы сөз болып бөлінеді. Бұдан соң сөздердің бірігуі және сөздердің тізбектеліп тіркесуі ескеріледі.

Сондай-ақ ілгерінді ықпалды өтуде, алдымен сөз, оның қосымшасы біріккен сөз және сөз тіркестері жүйесі ескеріледі. Түбір сөздегі соңғы дыбыстың қосымшадағы басқа дыбысқа, біріккен сөздің алғашқы сыңарларының соңғы дыбысы кейінгі сыңардың басқа дыбысына, қатар келген бірнеше сөздің алғашқысының соңғысына әсер етуі сөз өтіледі. Ілгерінді ықпалды жете меңгерген оқушыға кейінді ықпал заңдылықтары оншалық қиындық келтірмейді. Кейінді ықпалдың түбір мен қосымша аралығындағы, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы, сөз тіркестері аралығындағы үндесуі оқытылады. Дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесуінің орфоэпия мен орфографияға тікелей қатысты екені бұрыннан белгілі. Мектепте бұл мәселені оқытып-үйрету тек дыбыс жүйесі тақырыптарын өтумен шектеліп, сонымен бітіп қалмауы керек. Дыбыстардың ықпал ету, үндесу заңдылығын морфология бөлімінде әр түрлі жалғауларды (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) оқытуда қайталап, еске түсіріп отыру қажет. Сонда оларды оқушылар жадында сақтайтын болады, мұның өзі олардың орфоэпия мен орфографияның ара қатысын жете білуіне көмектеседі.

Морфологиялық тақырыптардың ішінде алдымен сөздердің жасалу материалдары оқытылады. Сөз құрамы тақырыптары төмендегі тәртіппен жеткізіледі: түбір сөз, туынды сөз, біріккен сөз және қысқарған сөз. Ол тақырыптардан кейін қосымша материалы екі түрге ажыратылып, жұрнақ пен жалғаулардан білім мен дағды беріледі. Тіліміздегі сөз бен сөзді байланыстыратын төрт түрлі жалғау мынадай тәртіппен оқытылады: көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау және жіктік жалғау. Сондай-ақ тіліміздегі тоғыз сөз таптары төмендегі тәртіппен үйретіледі: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау сөздер мен одағайлар.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың орналасу реті мен оқытылу тәртібін

белгілеу үшін алдымен қосымшалардың сөзге жалғану тәртібіне негізделеді. Алдымен көптік жалғауы, бұдан кейін тәуелдік жалғауы, одан соң септік жалғауы, ақырында жіктік жалғауы өтіледі. Сондай-ақ біріккен сөздерден, қос сөздер мен қысқарған сөздерден кейін зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, есімдіктің, етістіктің, үстеудің және еліктеу сөздердің қосымшалары оқытылады.

Орта мектеп оқушыларына қазақ тілінің синтаксис материалдары үш салаға ажыратылып оқытылады: 1) сөз тіркесі синтаксисі; 2) жай сөйлем синтаксисі; 3) құрмалас сөйлем синтаксисі. Алдымен синтаксис туралы түсінік беріледі де, сөйлемнің мағынасына қарай түрлері төмендегі тәртіппен оқытылады: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер. Сөз тіркесі синтаксисінің тақырыптары мына тәртіппен оқытылғаны жөн: сөз тіркестерінің құрылысы мен грамматикалық мағынасы, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер, тақырыптары. Сөздердің байланысу түрлері төмендегі тәртіппен оқытылады: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.

Оқушыларға сөйлем мүшесінен алдымен дара және күрделі мүшелерден білім беріледі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері мен күрделі бастауыш, баяндауыш, дара және күрделі баяндауыш, күрделі баяндауыштың, бастауыш пен сөйлемнің түрлері - ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы және кезектес салалас сөйлемдер, салалас құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері, салалас құрмаластың тыныс белгілері. Сондай-ақ оқушыларға сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерінен төмендегі тәртіпте білім беріледі: сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері - шартты бағыныңқы, қарсылықты бағыныңқы, себеп-салдар бағыныңқы, мезгіл бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы және мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Сабақтастардың тыныс белгілерін, жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас, сатылы көп бағыныңқы сабақтас, көп басыңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмалас сөйлемдер, аралас құрамаластың тыныс белгілері, тақырыптары.

Сонымен бірге оқушыларға төл сөз бен төлеу сөзден төмендегі тәртіпте білім беріледі: төл сөз бен төлеу сөз жайында жалпы түсінік, төл сөз бен автор сөзі, төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі, төл сөздің тыныс белгілері, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары оқытылады. Мектеп оқушыларына тіл ұстарту материалдарын тілдік салалардан кейін беріледі. Тіл ұстарту материалдары мына тәртіппен оқытылады: тіл ұстарту – стилистиканың бір тармағы, тіл ұстарту түрлері, тіл туралы мәлімет, тілдің мәні мен қызметі, тіл – тарихи құбылыс, қазақ тілі – ұлт тілі, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қазақ тілінің дамуы, қазақ әдеби тілінің стильдері туралы мәлімет, қазақ әдеби тіл – қуатты құрал.

Тұжырымдағанда, емле, тыныс белгілер 5-8 сыныптарда әрбір тілдік материалдары негізінде үйретіледі. Оқыту нәтижелі болу үшін емлені оқытудың ұстанымдары негізге алынады.

2. Орфографияны оқытудың ұстанымдары. Оқу үдерісінің мазмұнын, мақсаты мен ұйымдастырылу формасын айқындауда дидактикалық ұстанымдардың маңызы зор. Өйткені дидактикалық ұстаным

дегеніміз – материалдың мазмұнын жеткізудің негізі болып табылады. Яғни мұғалім пән бойынша кез келген тақырыпты дидактикалық ұстанымдарға негіздеп өтеді.

Оқытуда табысқа жету көп жағдайда оқушылардың қабылдауын дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Міне, осыдан келіп қабылдаудың айқындылығы оқытудың бірінші ұстанымын құрайды. Ал оқыту үдерісінде көру, сезіну арқылы қабылдау маңызды роль атқаратындықтан, бұл – дидактика көрнекілік ұстанымы деп аталады.

Көрнекілік және қабылдаудың айқындығы өтіліп отырған нысанды саналы түсіну үдерісімен тығыз байланысты. Зейінді нысанға шоғырландыра отырып, құбылыстың мәнін білу, онда қандай байланыстылық бар екендігін аңғару, байланыстардың себебін ашу, өтіліп отырған құбылысты жан-жақты тану мүмкіндігін береді. Бұдан білімді белсенді түрде меңгеру ұстанымы келіп шығады.

Оқытудың келесі кезеңінде білімді пысықтай отырып, оны бекіте түсу үдерісін жүзеге асыру болады. Бұл - меңгерілген білімнің беріктік ұстанымын туғызады. Білімді саналы және берік игеру материалды оқушының шама-шарқына лайық оқытқанда ғана жүзеге асырылмақ. Дұрыс қабылданған немесе оқушының меңгеруге шама-шарқы жетпеген материалдар оқытудың келесі кезеңдерінде түсінікті болуы тиіс. Демек, үйретілетін материал белгілі бір жүйемен құрылуы тиіс. Мұндай талап оқытудың бірізді және жүйелі құрылу ұстанымын қажет етеді. Ең соңында, оқытудың ең маңызды ұстанымы ретінде ғылымға негізделген ұстанымы алынады. Бұл дидактикалық ұстанымдарды орфография мен пунктуацияны оқытудағы ерекшеліктерін қарастырайық:

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Ғылым адам (қоғам) өмірінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан мектепте берілетін білім жас ұрпақты ғылым негіздерін игеруге мүмкіндік жасайды. Оқытудың ғылымилық ұстанымы мектепте берілетін білім мазмұнына негізделеді. Осыған орай мұғалім тілдік құбылыстарды түсіндіруде олардың ғылыми негізін ашуға оны индуктивті, дедуктивті жолмен түсіндіруге тырысады. Оқушыларды ғылымның соңғы жаңалықтарымен таныстыру оқу-тәрбие үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыруда маңызды. Мысалы, «Күрделі сөздің» кейде «Құрама сөз» деп аталатынын ескере отырып, Н.Уәлиевтің ол туралы мақаласын оқушыларға беруге болады. Мұндай жұмыстар оқушылардың, біріншіден, материалды тереңірек түсінуіне мүмкіндік жасаса, екіншіден, оларды ғылымға қызықтырады, үшіншіден, ғылыми еңбектерді оқи білу дағдысы, мәдениеті қалыптасады.

Мектеп оқыту жұмысының негізіне білімнің ғылымға негізделу ұстанымын алады. Демек, оқушы меңгерген білім ғылыми болуы керек деген сөз. Барлық пәндерден, соның ішінде қазақ тілі пәнінен жасалған бағдарламалар мен оқулықтар осы ұстанымды басшылыққа алады. Білімнің ғылымилығы ең маңызды ұстаным болып табылады.

Оқушылардың сауатты жазуға үйретуде тыныс белгілерінен алған теориялық білімін жаттығу жұмыстарды орындату арқылы дағдыға

айналдыруға болады. Тыныс белгілерін дұрыс қойып жазуға жаттықтыратын өнімді жұмыс түрлерінің бірі пунктуациялық талдау және мұғалім оқыған сөйлемді жазғанда, қандай тыныс белгілерін қою керектігі туралы ережені игерту; Сондай-ақ сөйлемнің мағынасы мен интонациясына қарай оқушыларға белгілі бір сөзден кейін қоюға тиісті тыныс белгісін жазғызып отыру; тыныс белгісін жатқа қою (жаттаған өлеңді немесе әңгімені тыныс белгісін қойып жазғызу); жай сөйлемнен мүшелерін немесе құрмалас сөйлемнен оның белгілі бір компонентін тапқызып, олардан соң қойылатын тыныс белгісін айтқызу, тыныс белгісі қойылмай жазылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қойғызу; белгілі бір ережеге сай мысалды ойлап дәлелдету; тірек сөздерді ендіріп сөйлемдер құрау, тыныс белгісін қойғызу; сызба бойынша сөйлем құрастыру; картина бойынша сөйлемдер айту; диктант, мазмұндама, шығарма жазу, тағы басқалар. Жаттығу арқылы дағдыландыру жұмыстарының қайсысының қай сабақта жүргізілуі өтіліп отырған тыныс белгісіне және сабақтың мақсатына байланысты болмақ.

Оқытудың жүйелілік ұстанымы. Сыртқы ортаның нақты бейнесі жүйелі түрде мида кескінделгенде, адам нақты, терең білім алатыны белгілі. Білім жүйелі түрде қалыптасуы үшін оны дұрыс ұйымдастыру қажет, яғни материалдың ішкі логикасы сақталуы, оқушылардың танымдық мүмкіншілігі ескерілуі; дағды мен іскерлікті қалыптастыратын жұмыстардың көбірек орындалуы, оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте оқу материалын бөлшекке, блокқа, модульге бөліп оқыту тиімді. Мысалы, күрделі сөзді және олардың емлесін екі бағытпен беруге болатын сияқты: бірінші бағыт: теориялық блок, яғни күрделі сөздердің теориялық сипатын ашу, екінші бағыт: сауаттылық блогы. Онда күрделі сөздердің емлесі, оны игертуге арналған жұмыстар жүргізіледі. Оқу пәні ғылымның кішірейтілген көшірмесі. Сондықтан оқушыларға оның жүйесін көрсету; ұғымдарды қалыптастыру, басқа пәндермен байланыстыру нәтижелі болып есептеледі.

Жүйелілік ұстанымына оқу материалдарын дұрыс орналастыру да енгізіледі: оқу материалының дұрыс, бір-бірімен сабақтаса орналасуы, берілуі, үйретілетін материалды оқушының тиянақты, жүйелі, бірізділікпен қабылдауына мүмкіншіліктер жасайды. Материалды дұрыс орналастыруда оқушының жас ерекшелігі ескеріледі. Бұл ұстаным оқытудың алдын ала болжау ұстанымымен ұштасып жатады.

Жүйелілік негізінде құрылған бағдарламалық материалдарды бір-бірімен байланыстыра отырып бұрын берілген материал мен келесі материалдың сабақтас болуын көздейді. Материал орналастырудың жүйелілігі оны оқытудың шамаға лайық болуын да ескеріп отырады. Оқу материалдарын жүйеге түсірген кезде шамаға лайықтаудың белгіліден белгісізге қарай, оңайдан қиынға қарай, жақыннан алысқа қарай оқыту ережелері сақталады.

Әрбір жеке пән бойынша материалды жүйелі орналастыру оқушыларды да жүйелі оқуға міндеттейді.

Оқытудың саналылық ұстанымы – материалды құрғақ жаттамай,

түсініп, саналы меңгеруі. Белсенділік пен саналылық ұстанымының негізінде оқушының ақыл-ой әрекеті арқылы жеткен материалды саналы меңгеру бірнеше деректермен байланысты; білім алу, оқудың мотиві, оқушылардың танымдық, белсенділік деңгейі, оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы, оқушылардың танымдық әрекетін басқара алу, әдіс-тәсілдердің әр түрлілігі т.б. Мысалы, күрделі сөздердің емлесін үйретуде саналылық және белсенділік ұстанымын іске асыру үшін - материалды игертудің мақсаты, маңызы, мәні ашылуы керек. Атап айтқанда:

- оқуш
ылар күрделі сөздің емлесін игерудің қажеттілігін білуі;
- ақыл-
ой әрекетін туғызатын әдіс-тәсілдерді пайдалану (салыстыру, анализ, синтез,
жүйелеу т.б.)
- оқуш
ының өз беттерімен ізденуі;
- логик
алық жүйелілікті сақтау;
- ереже
нің табиғатын бірнеше мысалдармен ашу;
- игері
летін материалдың ең негізгісін біліп алу;
- игерг
ен білімдерін іс жүзінде қолдана алу;
- оқуш
ылардың шығармашылық ойлауына, сұрақ қоя білуге, оның жауабын тыңдай
білу мәдениетінің қалыптасуына, т.б. мүмкіндік жасалуы тиіс.

Тұжырымдағанда, білімнің тиянақты болуы материалды саналылықпен игеруге байланысты. Бұл ұстанымның мәні эмпирикалық теориялық білім мазмұнын игеру мен оқушылардың таным қабілетін дамытуда жатыр. Білімнің беріктігі тек нысанды деректерге (оқу материалының мазмұны мен құрылымы) ғана емес, оқушылардың оқу материалына мұғалімге қатысы, оқу үдерісін ұйымдастыруына, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға да байланысты. Сондай-ақ, оқушылардың білімі берік те терең болуы білімнің дұрыс қабылдануына да байланысты. Ол үшін оқушыларға арнайы сөздік, анықтағыштармен жұмыс істету керек. Мысалы, бірге жазылатын сөздерді оқушылар орфографиялық сөздіктен өздері іздеп, жазылуын естеріне сақтағаны тиімді.

Білімнің берік болуында қайталаудың маңызы зор. Қайталау, бекіту материалдары оқушының тек есінде сақтауын емес, ойлау қабілетін де арттыратындай болуы қажет.

Оқушылар материалды саналы түсінулері үшін, мұғалім сабағында қандай мақсат көздейтіндігімен алдын ала таныстырылады. Бұл - оқушылар зейіні көзделген мақсатқа аударылып, материалды дұрыс қабылдауда, байқағыштық қабілетін арттыруда, сабақтың тиімді өтуінде өте маңызды әсер етеді.

Шамаға лайықтау ұстанымы. Оқыту жұмысы шамаға лайықталуы керек, онсыз оқыту да, табыс та, саналық та, белсенділік те, тәрбиелік те сипат болмайды. Оқушының табиғаты, даму ерекшелігі, жеке басының қасиеті ескеріліп отырылуы тиіс. Шамаға лайықтауда мына жағдайлар ескеріледі: а) оқушылардың жас ерекшеліктері, ә) білім дәрежелері, б) бағдарлама аумағы.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа мұғалімнің оқыту шеберлігіне, оқытуды шамаға лайықтап құру ережесін дұрыс жүзеге асыра білуіне байланысты. Ондай ережелер мыналар: а) белгіліден белгісізге қарай оқыту, ә) оңайдан қиынға қарай оқыту, б) жақыннан алысқа қарай оқыту. Белгіліден белгісізге қарай оқыту ережесі оқытудағы таным үдерісінің негізі болып табылады. Мысалы, балаларға хат танытып, олардың дұрыс оқи және жаза алуын қамтамасыз етпей тұрып, грамматиканы оқыту мүмкін емес.

Оңайдан қиынға қарай оқыту да белгілі біріділікті көздейді. Балаға жазу үйрету жеке әріпті жаздырудан басталады да, одан буындап жаздыруға көшіріледі, сонан соң барып тұтас сөз, сөйлем жаздырылады.

Жақыннан алысқа қарай оқыту көбінесе материалдың орналастырылу тәртібі арқылы көрінеді. Мысалы, сөздің ең кіші бөлшегі сөз құрайтын бөлшек, дыбыс болғандықтан, грамматикада ең бірінші болып фонетика оқытылады, одан кейін грамматиканың басқа салалары күрделілігіне қарай орналастырылады, бұл теориялық материалдарға орай олардың емлесі үйретіледі.

Шамаға лайықтау ұстанымы жүзеге асыруда оқушының жеке-дара ерекшелігін де ескеріп отыру қажет. Әрбір адамның дамуында, өмір тіршілігінде, мінез-құлқында қабілетінде өзіндік сипат ерекшелік қасиеті болады. Сондықтан әр оқушыны сабақ үстінде де, мектептен тысқары да бақылап, әрқайсысының оқу қабілетіне, сөйлеу шеберлігі мен жазу сауатына, қандай жағдайда дұрыс түсініп, белгілі ұғымды меңгеретініне көңіл аударып, есептеу – бұл ұстанымның нәтижелігін арттырады.

Көрнекілік ұстанымы. Көрнекілік ұстанымын теориялық жағынан бірінші болып негіздеген Я.А.Коменский болса, орыс педагогтары ішінде К.Д.Ушинский көрнекіліктің мәнін психологиялық жағынан да зерттеді. Ол - көрнекілік туралы былай деп жазды: «Бұл – дерексіз түсініктер мен сөздерге емес, балалар тікелей қабылдайтын нақты бейнеге құрылған ілім... нақтыдан дерексіз, түйсінуден ойлауға қарай оқыту соншалық табиғи және айқын психикалық заңдылыққа негізделеді» [68]. Сонымен бірге: «Көрнекі оқытудағы басты мақсат,- деп жазды Ушинский - байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытындылар шығаруға үйрету болып табылады» [68].

Көрнекіліктің ғылыми негізі философияның таным теориялары мен И.П.Павловтың жоғарғы нерв қызмет туралы іліміне негізделген.

Өмірде бар заттар мен құбылыстарды көрсету арқылы көрнекі оқу құралы мектеп оқуын өмірмен байланыстырады, сөйтіп теорияны тәжірибемен ұштастыру жөніндегі дидактикалық ұстанымды жүзеге асыруға

көмектеседі; оқушыларда жүйелі түсініктер мен ұғымдар қалыптастыру ісінде мұғалімге көмекші болады. Оқушылардың логикалық ойлауы мен тілін дамытуда зейінін белгілі мақсатқа аударуға, шығармашылық талғамын дамытуда көмектеседі; өтілген оқу материалдарын берік меңгерту мүмкіндігін жасайды.

Көрнекіліктің мақсаты оқушыларға нақтылы нәрсені көрсету ғана емес, нақтылықтан дерексіз қорытынды жасап отыруға үйрету болып табылады. Нақтылы көрнекі материалды саналы түрде меңгеру үшін, қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, талдау жасау керек болады. Дұрыс байқай отырып, оқушы көргеніне анализ жасауға, негізгісі қайсысы екенін ажыратуға, салыстыруға, жалпылама қорытынды жасауға, заңдылықтарын анықтауға үйренеді. Нәтижеде сауатты жазуға дағдылана бастайды.

Көзбен көру сезіну арқылы материалды есте сақтау. Көрнекілік ұстанымы туралы Я.А.Коменский көрнекті оқытудағы басты мақсат оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету болып табылатындығын атап өткен еді [73].

Тұжырымдағанда, жалпы дидактикалық ұстанымдар – бұл оқу үдерісінің жалпы заңдылықтарымен мақсаттарына сәйкес әдіс-тәсілдері мен ұйымдасқан қалыптарын, мазмұнын анықтайтын базистік ереже. Сондықтан жалпы дидактикалық ұстанымдардың рөлі төмендегідей анықталады:

- оқу үдерісінің көптеген заңдылықтарының бірлескен әрекетін білдіреді;
- мұғалім мен оқушының әрекетін реттейді;
- оқытудың барлық кезеңдерінде барлық оқу пәндерін оқытуда соның ішінде орфограмманы меңгертуде өзінің жалпы маңыздылығын сақтайды.

Ол үшін мынандай мәселелер анықталады:

- жалпы орфограмманың барлық түрлерін меңгерту;
- жеке орфограмманың әртүрлі бөлімдеріне қатысты орфограммаларды игерту;
- орфографияны меңгертуде грамматика мен фонетика арасындағы байланысы арқылы тіл жүйесін негізге алу;
- орфограммалардың танымдық белгілерін тіл материалдары бойынша игерту.

Бұл байланыс мынандай жүйеде жүргізіледі:

- белгілі бір морфемада дыбыстарды салыстыру;
- дыбыстардың фонетикалық ортасы;
- жалпы және жеке есімдер;
- сөз

мағынасы және сөз құрылысы;

-

сөз

таптары және сөйлем мүшелері;

-

сөз

құрамына қарай талдау.

Бұл ұстанымдар жалпы орфографияға қатысты болса, сондай-ақ тыныс белгілердің де қойылу ұстанымдары бар:

1. Грамматикалық ұстаным. Грамматикалық ұстаным дегеніміз тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою. Грамматикалық ұстанымды, басшылыққа алғанда, оқушылар алдымен сөйлемнің құрылысы мен құрамын және оның түрлерін ауызша талдай білуі шарт. Сонан кейін сөйлемнің құрылысы мен құрамына және оның түріне қарап, сол сөйлемді жазарда қандай грамматикалық ережелерге сүйеніп қандай тыныс белгілерін қоюдың қажеттігін алдын ала ойластырып алады. Соңынан мұғалім сол сөйлемді жазуды талап еткенде, белгілі бір тыныс белгілерін қою жөніндегі өз ой қорытындысына көзі жеткеннен кейін ғана, жазу үдерісінде сөйлемнің керек жеріне тиісті тыныс белгілерін қойып жазуына болады. Сөйлемді жазып болған соң, оны мұғалім соңғы рет оқығанда немесе өзі іштей тағы бір рет оқып қойған тыныс белгілерінің дұрыс-бұрыстығын тексергені жөн.

Қазақ тыныс белгілерінің көбі грамматикалық ережелерге сүйеніле қойылады. Әсіресе сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен құрмалас сөйлемнің түрлерінің және төл сөз бен бастауыштың, тағы да басқа синтаксистік тұлғалардың тыныс белгілері грамматикалық ережелерге негізделе қойылады. Бұл сияқты синтаксистік тұлғалардың тыныс белгісін дұрыс қойып жазу үшін, олардың өзіндік грамматикалық белгілерін оқушылардың білуі керек. Мұнсыз олар сөйлемді түр-түрге бөліп ажырата алмайды, сол сияқты сөйлемнен бірыңғай мүшені немесе төл сөзді, тағы басқа да синтаксистік тұлғаны, олардың тыныс белгісін дұрыс қоя алмайды. Сондықтан қазақ тілінің тыныс белгісін жете білуде грамматикалық ұстанымды басшылыққа алудың мәні зор.

2. Мағыналық ұстаным. Мағыналық ұстаным дегеніміз сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздей қойылуы. Қазақ тыныс белгілерінің ішінде нүкте (.), сұрақ белгісі (?), леп белгісі (!) және тырнақша сияқтылар мағынаға негізделе қойылады. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің қандай ойды ажырата білмеген оқушылар олардың соңынан тыныс белгісін дұрыс қоя алмайды.

Салалас, сабақтас сөйлемдердің әр түрінің мағынасын (себеп, қарсылық, талғау, мезгіл, шарт тағы басқа мағына білдіретінін) білмеген оқушылар олардың қай компоненттерінен кейін қандай тыныс белгісін (үтір, қос нүкте, сызықша т.б.) қоятынын игермейді. Сол себепті де тыныс белгісін үйретуде мағыналық ұстанымды басшылыққа алудың мәні зор. Егер оқушы кейбір тыныс белгісі синтаксистік тұлғаның мағынасына қарай қойылатынын білсе ғана, сол синтаксистік тұлғаларды дұрыстап жаза алады. Мәселен, оқушы жалғаулықсыз салалас себеп мағынаны білдіретінін аңғарса

ғана, оның арасына қос нүкте қойып жазады. Сол сияқты жалғаулықсыз салалас қарсылықты мағынаны білдіретіндігіне көзі жеткенде ғана, оның арасына сызықша қойып жазады.

Сонымен, белгілі бір синтаксистік тұлғалардың мағынасына қарай тыныс белгісін қою, яғни мағыналық ұстаным, кейбір синтаксистік тұлғамен тыныс белгісінің мағынасының бірлігін, немесе бір-бірімен тығыз байланыста екенін айқындайды және қазақ тілінің тыныс белгісін дұрыс қоя білуді іс жүзіне асырады.

3. Интонациялық ұстаным. Интонациялық ұстаным дегеніміз сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың сазына, нақышына келтіріліп айтылуына және естілуіне қарай қою.

Мектепте сөйлемдерді және олардың құрамындағы әр сөзді, сөйлем мүшелерін нақышына келтіріп өз интонациясымен айтуға үйретудің мәні зор. Егер оқушылар әр сөйлемді сазына, нақышына келтіріп айта алмаса, олар өз ойларын тыңдаушысына әдеби тілдің нормасына сай етіп жеткізе алмайды, сондай-ақ айтылған ойды, естіген сөйлемдерін өз мәнінде түсіне де алмайды әрі оларды дұрыс жаза да алмайды. Сондықтан да сөйлегенде, әр сөйлемді өз интонациясымен айтып, жазғанда, сол интонацияны аңғартатындай етіп тыныс белгілерін қойып жаза білу керек. Өйтпесе сөйлеушінің ойы бұрмаланып, сөйлемнің алғашқы мағынасын жойып, жаңа мағына иеленуі мүмкін. Мәселен, “Бұл қаланың жылқысын бағып отырған жатақ деген сөйлемді осы жазылған күйінде оқысақ, бұл сөзінен кейін пауза жасап оқимыз, өйткені сөйлемдегі ой екпіні осы сөзге түскен, сонымен бірге ол сөз сөйлемде бастауыш қызметін атқарғандықтан, өзінен кейінгі сөйлем мүшесінен дауыс ырғағы арқылы ажырай айтылып тұр. Егер сол сөйлемнің ой екпінін отырған сөзіне түсіріп айтсақ, ол сөз, отырған сөйлемнің бастауышы болады да, Бұл сөзі анықтауышқа айналады. Сөйтіп, сөйлемнің алғашқы мағынасы бүтіндей өзгереді. Бірінші сөйлемде, яғни бұл сөзінен соң кідіріс жасап айтқан сөйлемде, ой белгілі бір адамның белгісіз бір қаланың жылқысын бағатын жатақ екені жайында айтылса, екіншісінде, сол сөйлемде отырған сөзінен кейін кідіріс жасап айтқанда, белгілі бір қаланың жылқысын бағатын белгісіз адам жатақ екені жайында айтылады. Сөйтіп, кідірістің (паузаның) қай сөзден кейін қойылғанын дұрыс аңғара алмаған адам тыныс белгісін дұрыс қоя алмайды да, сөйлем білдіретін ойды бұрмалап жібереді. Міне, осы бір ғана тілдік дерек тыныс белгісін дұрыс қоюда, ойды дұрыс түсіну, сөйлем мағынасын бұрмаламай дұрыс айтуда интонацияның және интонациялық ұстанымның рөлінің зор екенін аңғартады.

Интонациялық ұстанымға сүйеніп қазақ пунктуациясын дұрыс жазуға үйрету арқылы, біріншіден, оқушыларымыздың ой-өрісін кеңейтсек, екіншіден, олардың тіліміздің ішкі заңдылығын тереңірек те саналы түсінуіне мүмкіндік жасаймыз: үшіншіден, оқушыларды әдеби тілдің нормасына сай дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға баулимыз. Сөйтіп, олардың тілінің ширауына, ойының дамуына жағдай тудырамыз.

Қорыта келгенде, оқушыларға, қазақ орфографиясы пунктуациясынан терең білім, берік дағды беру үшін, мұғалім оқу үдерісінде жоғарыда аталған

ұстанымды, грамматикалық, мағыналық, интонациялық және тыныс белгілерін мағынасы мен қызметіне сай оқу үдерістерін басшылыққа алып оқытқанда ғана, оқушылардың сауатын дамытамыз. Сол сияқты оқушылар да осы үдерістерге саналы түсініп, оларды негізгі білімді игеретін болса, қазақ орфографиясынан білімі терең, дағдысы берік болады.

Қазақ орфографиясы мен тыныс белгілерді жете білу үшін оқушылар алдымен қай сөз қалай жазылатыны мен қай тыныс белгісі қандай жағдайда қойылатынын, оларды жазу жөніндегі ережелерді, заңдылықты игеріп, онан кейін сол ережелерді үнемі еске сақтау тиімді болмақ. Соңында өздері білген ережелер мен заңдылықтарға сүйеніп, соларды дұрыс қоюға жаттығып, берік дағды қалыптастыру шарт. Сонда ғана оқушылар кез келген мәтіндерді дұрыс оқып, сауатты жаза біледі, тілін ширатып, ой өрісін кеңейте алады.

3. Оқытуда орфографиялық білім, білік, дағдыларын қалыптастырудың нәтижелі әдістері. Білім беруде бұл ұстанымдарды іске асыратын оқыту әдістері бар екені белгілі. Әдіс қалай нәтижелі білім беру сұрағына жауап береді. Әдіс-тәсілсіз белгілі бір мақсатқа жету қиын. Әдіс (гректің *metodos* - бір нәрсені зерттеу, іздеу) - мақсатқа жетуге оқытушы мен оқушының реттелген әрекеті. Әдіске ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде, «бір нәрсені теориялық зерттеудің немесе оны тәжірибе жүзінде іске асырудың жолы, тәсілі» [74, 199].

«Білім беру әдістері, оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі мен оқушылар жүргізетін жұмыстардың мұғалімнің басшылығымен орындалатын тәсілі» сияқты анықтамалар беріледі [75, 147].

Т.С.Сабыров әдіске: тәсіл амалдардың жиынтығы; оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру тәсілі; білім берудегі мұғалім мен оқушылардың өзара, әрекетінің моделі, -деп анықтама береді [76, 45]. Сондай-ақ әдісті білім беруде мақсатқа жетудің жолы, амалдың жиынтығы деп те түсінуге болады.

Педагогикалық еңбектерде әдісті мұғалім мен оқушының әрекетіне жатқызады. Мұғалімнің әрекеті - оқыту, білім беру әдісі де, оқушының әрекеті – үйрену, білім алу әрекеті болып табылады. Екеуінің бірлескен әрекетінен оқыту әдісі туындайды. Оқыту әдісі тәсілмен тығыз байланысты. Тәсіл – әдістің элементі, бөлігі, бір реттік әрекет. Әдіс тәсілдің жиынтығы. Мысалы, жаңа материалды түсіндіру әдісі: салыстыру, көрнекілік, сұрақ-жауап т.б. тәсілдерден құралады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әдістің түрі де, атауы да сан алуан. Мысалы, А.Әбілқажев әдістерді оқушылардың білім алу көздеріне қарай (мұғалімнің сөзі, әңгіме, талдау, грамматикалық талдау, жаттығу, көрнекілік, т.б.), оқу үдерісінде оқушылардың қатысу дәрежесі мен сипатына қарай (актив, пассив), оқушылардың жұмыс сипаты мен орнына қарай (жазбаша, ауызша, үй тапсырмалары, т.б.) бөлсе [77, 21-25], Ә.Исабаев оқушылардың білім алу көздерін негізге ала отырып: қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері, қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері, қазақ тілін теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістері деп бөледі. Ал Д.Әлімжанов пен Ы.Маманов оқыту әдістерін: анализ-синтез,

салыстыру, көрнекілік, оқулықты пайдалану, т.б. деп бөлсе [78,47], Л.Ф.Федеренко пәннің ерекшелігі мен мақсатына қарай жаңа материалды хабарлау әдісі, бекіту және тексеру әдісі деп [79, 148-156]. А.В.Текучев білім алу көздеріне қарай: мұғалімнің сөзі, әңгімелесу, тілдік талдаулар, жаттығу әдістерін атайды [80, 67], Е.А.Баринаова оқушы мен мұғалімнің сөзі, бақылау, оқушының өз бетімен жұмыс істеуі деп жіктейді [81, 16]. М.А.Данилов, Б.П.Есипов әдісті атқаратын міндетіне қарай: білім алу, дағды мен іскерлікті қалыптастыру, білімді іс жүзінде қолдану, шығармашылық әрекет бекіту, білім, дағды, іскерлікті тексеру деп бөледі. И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин танымдық әрекеттің типіне қарай түсіндірмелі-иллюстративті әдіс, репродуктивті әдіс, проблемалы баяндау, эвристикалық және зерттеу әдістері деп бөледі [82]. Ю.К.Бабанский әдістерді топтап:

1) Оқушының оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру әдісі (мұғалімнің ауызша баяндауы, әңгіме, лекция, көрнекілік, индуктивті, дедуктивті, репродуктивті, іздену, зерттеу т.б.);

2) Оқушылардың қызығушылық белсенділігін туғызу әдісі (оқу-танымдық ойындар, оқу дискуссиялары, нандыру, талап ету, т.б.);

3) Тексеру әдісі (ауызша, жазбаша) деп 3-ке бөледі [83].

Сонымен қатар қазіргі оқыту үдерісінде оқытудың белсенді әдістері кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, интерактивті әдісі, іскер ойындар, пікірсайыс, миға шабуыл, оқу дискуссиясы т.б. Оқыту әдістерін топтап, әдістер жүйесін жасау қажет дей келіп, ғалым З.Бейсенбаева оны 3-ке бөледі: 1) теориялық білім алуға бағытталған әдістер жүйесі. Бұл әдістік жүйені: ақпаратты-дамыту және проблемалы-іздену деп бөледі. 2) Білімді жетілдіру және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру әдістерінің жүйесі. Әдістік жүйе: репродуктивті және шығармашылық делініп 2-ге бөлінеді. 3) Білімді тексеру, бағалау, түзету әдістерінің жүйесі. Оны ауызша тексеру және жазбаша тексеру деп бөледі [84,90].

Ғалым Қ.Жолымбетов орфографияны оқытуға байланысты мынадай әдістерді атап көрсетеді: байқау әдісі, баяндау әдісі, әңгімелесу әдісі, кітаппен жұмыс әдісі, жаттығу әдісі, талдау-жинақтау әдісі, салыстырма әдіс, индукция-дедукция әдісі [85, 15]. Бұл әдістердің қай-қайсысы болмасын, сабақ беру үдерісінде қолданылады.

Әдістерді таңдауда сабақтың дидактикалық мақсаты, оқушылардың білім деңгейі, мұғалімнің мүмкіншілігі негізге алынуы тиіс деп ойлаймыз. Осыған орай, қазақ тілі пәнінің мектептегі мақсатына қарай оқыту әдістерін екіге бөліп қарастырдық. 1) оқу материалын алғаш игеруге мүмкіндік жасайтын әдістер; 2) игерген білімді бекітетін, жетілдіретін әдістер. Бірінші топқа: ақпаратты-дамыту әдісі (мұғалімнің сөзі, әңгіме, тілдік талдау, бақылау, оқулықпен жұмыс т.б.), эвристикалық әдіс (іздену, диспут, пікірсайыс, ситуативті, миға шабуыл, конструктивті, диагностикалық т.б.) Екінші топқа: жаттығу, тәжірибелік жұмыстар жатады.

Қазақ тілін қатысымдық негізде оқытуда мұғалімнің сөзіне басымдық берілуде. Мұғалімнің сөзі – оқу материалын монологті жеткізу. Негізгі қызметі – теориялық білім беру. Қосымша қызметі – дамыту, тәрбиелеу,

қызығушылығын ояту, тексеру. Мұғалімнің сөзі мақсатына қарай: кіріспе сөз, хабарлау сөз, қорыту сөз болып бөлінеді. Мысалы, сөздің құрамына қарай дара, күрделі болып келетіндігі, дара сөздер бір сөзден ғана, күрделі сөздер екі немесе одан да көп сөзден құралатыны – кіріспе сөз. Оның мақсаты – оқушыларды жаңа материалды тыңдауға дайындау. Хабарлау сөздің мақсаты – материалдың мазмұнын жеткізу, ал қорытудың мақсаты – қорыту, жалпылау. Мұғалімнің сөзінің тиімділігі оның тіл мәдениетіне, сөйлеу шеберлігіне, дайындық деңгейіне байланысты. Әңгіме әдісінің негізгі қызметі – оқушыларды пәнге тарту, қызықтыру, бұрынғы тірек білімдерін жаңғырту. Әңгіме әдісінде оқушылардың танымдық әрекеті дедуктивті тәсіл (оқушының бұрынғы игерген ережелерінің негізінде жеке қорытынды жасауға бағытталады) тәсілмен дамиды. Әңгіме әдісі: хабарлау–кіріспе әңгіме, бекіту–әңгіме болып бөлінеді. Әңгіме – тілді меңгертуде қолданылатын негізгі әдістердің бірі, жаңа тақырып негізінен оқушылардың мұғалім тарапынан қойылған сұрақтарға берген жауаптары арқылы ашылады.

Оқытуда әңгіме әдісінің эвристикалық әңгіме түрі қолданылып жүр. Эвристикалық әңгіме әдетте жаңа білім беруде қолданылады. Бұл үшін оқытылатын тақырып оқушыларға алдын ала біраз таныс болуы керек, яғни оқушылар бұл тақырып бойынша біраз білім мен мағлұматпен танысулары тиіс. Тақырып осы әдіспен түсіндірілгенде:

1. Оқушылар мұғалім тарапынан алдын ала даярланған тіл материалдарын бақылайды, танысады;

2. Сұрақтар көмегімен тіл фактілеріне талдау жасайды. Мұғалім сұрақ береді, оқушылар жауап қайтарады. Егер жауап бере алмаса, мұғалімнің өзі жетектейді;

3. Оқушылар қорытынды шығарады;

4. Мұғалім аталған тіл материалдарын іс жүзінде қолдану жолдарын көрсетіп береді. Мәселен, емлені игертудегі әңгіме әдісімен өткізілген сабақ үлгісін келтірейік.

1. Өтілген тақырып: «Сан есімнің түрлері және олардың емлесі».

2. Жаңа сабақты күрделі сын есімнің жасалуын күрделі сан есімнің жасалуын меңгерту. Жаңа сабақтың мақсаты түсіндіріліп, тақырып тақтаға жазылды.

а) Оқушылардың назары төмендегі тіл деректерге аударылды: екі, отыз екі; сегіз, сексен екі; сегіз жүз отыз екі;

ә) Мұғалім талдау үшін берілген сөздерді оқытты. Одан кейін тіл деректер бойынша сұрақтар беріп әңгімені бастайды;

Мұғалім: - екі, сегіз, отыз сөздері құрамына қарай қандай сөздер?

Оқушы: - Бұл сөздер құрамына қарай дара сөздер.

Мұғалім: - отыз екі, сексен екі, сегіз жүз отыз екі сөздері неше сөзден құралған?

Оқушы: - отыз екі, сексен екі - екі сөзден, сегіз жүз отыз екі сөзі төрт сөзден құралған.

Мұғалім: - Мұндай сөздерді құрамына қарай қандай сөздер деуге болады? Неге?

Оқушы: - Бұл сөздер құрамына қарай күрделі сан есімдер, себебі олардың құрамында екі я одан артық сөздер бар.

Мұғалім: - күрделі сан есімдер қалай жазылады екен?

Оқушы: - күрделі сан есімдер бөлек жазылады.

Мұғалім оқушылардың қорытынды пікірлерін жинақтайды: тілімізде дара және күрделі сан есімдер қолданылады. Дара сан есімдер бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер. Күрделі сан есімдер екі я одан да көп түбірдің тіркесінен немесе қосарлануынан жасалады. Орта мектепте оқушылардың күрделі сөздер бойынша білімдерін тексергенде және оған баға беруде, алған білімдерін тереңдетуде қатесіз әңгіме әдісін пайдаланылады. Мұндай әңгіме барысында оқушыларға берілетін сұрақтар күрделендіреді: мысалы: өздігінен ойлануға мәжбүр ететін жаттығулар беріледі.

Оқу дискуссиясы немесе интерактив әдісі. Оның негізгі қызметі – оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, ал қосымша қызметі – оқыту, дамыту, тәрбиелеу және тексеру-түзету. Оқу дискуссиясын өткізу үшін оқушылар берілген тақырып бойынша дайындалады. Оның мақсаты - оқушыны өз ойын анық, айқын, дәлелді жеткізе білуге, сыни ойлауға үйрету. Мысалы, күрделі сөздердің емлесіне байланысты мынадай пікірсайысын өткізуге болады. Бір ұғымның бірде бірге, бірде бөлек жазылуы неліктен? Мысалы, сегізкөз, сегіз көзі түгел, итмұрын, ит мұрыны өтпестей, қараторғай, шымшық торғай т.б. Оқу дискуссиясы оқушының бұрынғы игерген білімін толықтыра, бекіте түседі. Оқушы өз ойын дәлелдеуге тырысады. Оның тәрбиелік жағы да тиімді. Оқушы пікірталас кезінде өзін ұстауға, қарсыласының пікірін сыйлауға үйренеді.

Оқушыларға емледен теориялық білім беруде тіл деректерін бақылау әдісінің де маңызы зор екендігін тәжірибе байқатты. К.Д.Ушинский: «оқушыларға тілдік өзгерістер туралы жаңа мағлұмат беруде олардың өз бетінше жұмыс істеуіне кең өріс алып беру, даяр тұрған қорытындылардан гөрі, өзінше ойлауға оқушылардың өздерін қорытынды шығаруға мәжбүр ету пайдалы екендігін көрсетіп, тіл деректерін оқытушының жетекшілігімен оқушылардың өздері бақыласын, грамматикалық ережелер мен анықтамаларды мүмкіндігі барынша оқушылардың өздері айқындасын», - деп жазған еді [68]. Міне, осындай оқушылардың өздерін қорытынды шығаруға мәжбүр ететін әдіс тіл деректерін бақылау талдау әдісі болып табылады. Бұл әдіс кейбір әдебиттерде проблемалық оқыту деп те аталады. Білімді меңгеру – тек қана оқу материалын, ережелерді, заңдылықтарды, мағлұматтарды есте сақтау арқылы емес, оны оқушылардың өздері логикалық талдау жасай отырып пайдалана білуі арқылы жүзеге асады. Бұлай істеу оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамытады. Проблемалық оқыту әдісі оқушыларды өздігінен еңбек етуге алған білімін жаңа материалмен ұштастыра білуге үйретіп, жеке пәндерге қызығушылығын арттырады. Проблемалық оқыту әдісіне байланысты М.И.Махмутов, В.Оконь, Т.В. Кудрявцев, И.Я.Лернер, Т.И.Шамовалардың еңбектері жарық көрді. Қазақ тілі сабақтарында белгілі бір тақырыпты осы әдіс арқылы түсіндіру үшін мынадай мәселелерге көңіл бөлеміз:

а) оқушылар тіл деректерін талдау қабілетіне ие болуы керек;
ә) өтілетін тақырып оқушыларға аздап таныс болуы (сабақтастық) қажет;

б) бақылау, талдау үшін ұсынылатын материалдар оқушылардың түсінігіне сай келуі және дұрыс қорытынды жасай алуларына көмектесуі тиіс.

Тіл фактілерін бақылау, талдау әдісіне арналған сабақта мұғалім де, оқушы да белсенді әрекет етпек. Атап айтқанда, мұғалімнің де, оқушының да қызметі бірнеше басқыштардан тұрады.

1-басқыш: Тиісті материалдар ұсынылады, оқушылар берілген материалмен танысады;

2-басқыш: Танысу үшін берілген материал бойынша тапсырмалар беріледі: Оқушылар емле фактілерін талдап, тапсырмаларға жауап іздейді;

3-басқыш: Тапсырмаларға жауап талап етеді, оқушылар қорытындыларын айтады.

4-басқыш: Оқытушы жинақтайды, оқушылар жалпы қорытынды шығарады.

5-басқыш: Мұғалім жалпы қорытындыны оқулықтағы анықтамалармен, ережелермен салыстыруда талап етеді; оқушылар салыстыру арқылы өздері шығарған қорытындылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтайды.

Тұжырымдағанда, оқыту әдістері сан алуан. Солардың ішінде орфографияны оқытуға байланысты мына әдістерді нәтижелі қолдануға болады. 1) байқау әдісі; 2) баяндау әдісі; 3) әңгіме әдісі; 4) кітаппен жұмыс істеу әдісі; 5) жаттығу әдісі; 6) талдау-жинақтау әдісі; 7) салыстырмалы әдіс; 8) индукция-дедукция т.б.

Байқау әдісі. Нақтылы материалдарды меңгеруде баяндау әдісі шешуші орын алады. Тіл сабағында оқушылар тілдік құбылыстарға тікелей байқау жасайды. Байқау үдерісі абстракт ойлауға негізделмейді, керісінше, байқау арқылы қорытындыланып, абстракт ой туады. Байқау танымдық рөл атқарады. Ол – шындық өмір құбылыстары туралы түйсінуді реттейді. Сөзді немесе сөйлемді байқай отырып, оқушы тіл заңдылығының емле ережесін үйренеді.

Талдау - жинақтау әдісі. Зат және құбылыстарды тану үшін олардың жеке элементтерін ажырата білу, жеке бөліктердің атқаратын қызметі мен алатын орнын біле отырып, талдау жинақтау әдісі бойынша жүзеге асырылады. Бүтінді бөлшекке бөлу – талдау, ал бөлшектен бүтін құрау жинақтау. Талдау мен жинақтау жеке-жеке емес, бірлікте қаралатын болғандықтан, талдау- жинақтау әдісі деп қосылып айтылады.

Тіл сабақтарында, сөйлем сөздерге, сөз буындарға, буын дыбыстарға сөз, сөздерден сөйлем құралатындығы белгілі. Айталық, тұтас сөзді талдатып үйрету үшін, оқушылар «сөз», «буын», «дыбыс» деген грамматикалық терминдерді білуі керек.

Грамматика тілдегі тіл формасы мен мағынасы жөніндегі ілім болғандықтан, жеке формаларды даралай бөліп алып, оған мағыналық анализ жасайды, сөйтіп оны белгілі жүйеге келтіреді. Соның нәтижесінде сөз

формалық жағынан да, мағыналық жағынан да саналы түрде жете танылады. Бұл – тілдік құбылыстарды оның табиғатына қарай синтетикалық тану болып табылады. Бұл білім емлеге де қатысты.

Салыстырмалы әдіс. Салыстырмалы әдіс оқушылар зейінін өтіліп отырған нысанға аударып, оны жақсы меңгеруде көмектеседі, оқушылардың саналы түрде логикалық ойлауын дамытып, алған білімін тәжірибеде саналы түрде қолдана білу мүмкіндігін жасайды. Грамматикалық ереже немесе емлені салыстыру кезінде грамматикалық категориялар мен формалар арасында қандай ұқсастық немесе қандай айырым бар екендігі ашылады. Сөйте отырып, материал арасындағы бәріне ортақ ерекшелік аңғартылады. Салыстырма әдістерді әр түрлі сипатта жүргізуге болады.

1. Сабақта орын алатын ақыл-ой жұмыстарының сипаты бойынша салыстыру екі түрлі мақсат көздейді: а) оқушылардың жеке ұқсастық белгілерін анықтау, ә) айырым белгілерін анықтау. Нысанның көлемі бойынша бір ғана жолмен салыстыратын жай салыстыру және әр түрлі жолмен салыстыратын күрделі салыстыру жүргізіледі.

2. Салыстырылатын нысандар сипатына қарай:

- а) емле ережелері салыстырылады;
- ә) өздердің айтылуы мен жазылуындағы ұқсастықтар мен ажырымдар салыстырылады;
- б) сөздердің лексикалық мағынасы салыстырылады;
- в) сөздердің морфологиялық бөліктерінің ұқсастықтары мен ажырымдары салыстырылады ;
- г) грамматикалық категориялар мен олардың тұлғалары салыстырылады

Жаттығу әдісі. Жаттығу арқылы оқушы білімі беки түседі. Жаттығу әдісі көп жағдайда қайталаумен байланысты. Жаттығу арқылы теориялық білім қайталаанады. Жаттығу күрделі психологиялық амалдарға негізделеді. Ол оқушылардың сезіну мен түйсінуіне тікелей байланысты. Жаттығу үстінде қашан белгілі бір дағды қалыптасқанша, оқушының ойлау жұмысы тоқтамайды. Жаттығу бейінді, есті және ерікті белгілі дәрежеде тәрбиелеуге көмектеседі, орфографиялық, пунктуациялық дағдыларды қалыптастырады.

Қорыта келгенде, мұндай әдіс-тәсілдер арқылы, оқушылардың өздерінше орындайтын түрлі жазба жұмыстары арқылы да тілдік ұғымдарды меңгеру дәрежеде тексеріп көруге болады. Сонымен, оқушылардың өз үдерісінде меңгерген тілдік ұғымдарды жазба жұмыстарды орындауда қолдана алулары, біріншіден, олардың грамматика саласындағы теориялық білімін тәжірибемен тығыз ұштастырады. Екіншіден, балалардың сана дағдысын қалыптастырып, оны үнемі дамытады. Үшіншіден, оқушылардың игеру тиісті мәтіндерінің өзекті мәселесін ашып көрсетіп, оны әрі ұтымды, әрі шапшаң және тиянақты етіп орындап шығуға бейімдейді. Төртіншіден, оқушылардың грамматикасынан меңгерген білім нәтижесі жазба жұмыстарын орындауда анық байқалып, олардың білім дәрежесі мен сауатын арттырады.

Қазақ тілін, оның ішінде күрделі сөздердің емлесін тиімді де нәтижелі

оқыту үшін әдістеме ғылымының негіздеріне сүйенетініміз белгілі. Бүгінде әдістеме ғылымы өз алдына зерттеу нысаны, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бар дербес ғылым болса, оның даму, қалыптасуы А.Байтұрсынов, Ш.Х.Сарыбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, С.Жиенбаев, С.Рахметова, Н.Оралбаева, Б.Құлмағанбетова, Х.Арғынов, Ә.Исабаев, А.Әбілқасымов, Ф.Оразбаева т.б. сияқты әдіскер-ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. «Әдістеме - дайын рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба» болғанымен, «тілдік материалдарды тәжірибе жүзінде білім алушыларға саналы түсіндіріп, меңгертудің бірден-бір дұрыс жолын үйрететін және оны зерттеп, тексеретін дидактикалық маңызы зор ғылым», «қазақ тілінен берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым» ретінде бағаланады. Алайда қоғам өміріндегі соңғы жылдардағы елеулі бет бұрыстар (егемендігіміз) оқыту үдерісіне, жас ұрпақ тәрбиесіне басқаша талап қоя бастады. Яғни білім беру үдерісін модернизациялау, инновациялау, ақпараттандыру, сол арқылы әлемдік білім кеңістігіне ену бүгінгі таңдағы басты мақсат болып отыр. Әлемдік білім кеңістігіне ену үшін оқыту әдістемесін де басқаша құру міндеттеліп отырғаны белгілі. Осыған орай, педагогика ғылымының лексиконына «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» деген жаңа ұғымдар еніп, олар бар болмысымен оқыту үдерісінде өз нәтижесін бере бастағанын ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдей алады. Әдістеме ғылымы мен оқыту технологиялары мақсаты жағынан ерекшеленеді. Әдістеме ғылымы «нені», «кімді» және «қалай оқыту» мәселелерін шешуді көздесе, оқыту технологиясы осыларға қоса «қалай нәтижелі оқыту» дегенді мақсат етеді. Яғни оқыту технологиясының басты сипаты бағдарланған нәтижеге жету, нәтижелі білім беру.

Оқыту технологиясының түрлері сан алуан. Солардың ішінде орфографияны оқытуда нәтижелі технологияның бірі – модульдік технологияны. Модульдік технологияны жоғары мектептің оқыту үдерісіне енгізу тәжірибесі бар (Жақсылықова К., Бейсенбаева З.). Ал, орта білім беретін қазақ мектептерінің тәжірибесіне енгізу ғылыми түрде толық қолға алынбағанымен, А.Жапбаров: «Соңғы кездері дамыта оқытудың модульдік технологиясы мектеп өміріне ене бастады», -деп атап көрсетеді.

«Модуль» ұғымы сөздіктерде: 1. Белгілі бір маңызды көрсеткіш пен шамаға берілген атау. 2. Математикалық логарифмдердің модульдік жүйесі немесе көшу модулі тұрақты көбейткіш. 3. Сәулет пен құрылыста қолданылатын шартты белгі векторлық сипаты - оның ұзындығы деген анықтамалар беріледі [86]. Модуль ұғымының этимологиялық мәні білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Қолданылып жүрген модуль ұғымы термин ретінде алғаш математика ғылымында пайдаланылған. Негізгі мағынасы - өлшеуіш. Осы мағынасына сай бұл ұғым педагогика ғылымына да енгізіліп, модульмен оқыту идеясы педагогика саласында 60-шы жылдары қолға алына бастады. Осы жылдардан бастап оқытудың сапасын көтеру ізденістері басталды.

Модульмен оқыту әдісіне көптеген зерттеушілер үлкен қызығушылық танытты. Педагогикада модульмен оқыту идеясының негізін салушы ғалым АҚШ-тағы Падуа университетінің профессоры С.Н.Постлезвейт оқу материалдарын бөлшектерге бөліп, оны «микрокурс», «миникурс» деп атаған. Ғалымның бұл ұсынған оқыту мазмұны бірліктері ғалымдар арасынан қолдау таба келе, «модуль», «модульмен оқыту» ұғымы қалыптасқан.

Модульмен оқытудың тиімділігін айқындауда ғалымдардың пікірлері әртүрлі мәселен, В.Б.Закарюкин, В.И.Панченко, Л.М.Твердин модульмен оқыту тәсілі оқытудың қалыптасқан бірліктерінен оқу мазмұнын икемді етіп құруға пайдалы деп санаса, дидактикалық мақсатқа жету үшін ғалымдар модульді «Білім алушыға өзіне қолайлы темпте жұмыс істеуге, соған лайық оқытудың тәсілін таңдауға мүмкіндік жасау», білім алушыға өз мүмкіншілігін, соған сәйкес К.Жақсылықова: «Модуль – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульмен оқытудың негізгі құралы, басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы», -дей келіп, модульдік оқыту қазақ тілін сапалы оқыту бағытын айқындайтын бірден-бір “жол”, -деп тұжырымдайды [87]. Сонымен бірге, К.Жақсылықова модульмен оқытуға: «Модульмен оқыту дегеніміз қазақ тілінде өзара тілдік қатынасқа түсу дағдысы мен іскерлігін сапалы қалыптастыру мақсатында жұмсалатын оқытушы мен оқушының, оқушы мен оқушының, оқытушы мен оқу тобының жасырын ішкі күші мен бірлескен әрекетінің белсенділігін арттыруға негізделген оқыту жүйесі», -деп түсінік береді [87, 70].

Модульмен оқыту мәселесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеген ғалым Л.Екшембаева модульдің базалық ұғымына былайша сипаттама береді: «Модуль есть элементарная структурная единица выражения системных отношений, которые лежат в основе процесса переработки и хранения информации». Сонымен қатар қызметтік бағыты жағынан оны: 1) тік (вертикальные); 2. көлденең (горизонтальные) деп екіге бөледі [88].

Модульдік оқытуды оқыту үдерісіне енгізуде З.Бейсенбаева алғаш рет жоғары оқу орнында қазақ тілінің бір саласы сөзжасамды модульдік технология негізінде оқытуды ұсынып, оның тиімділігін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан дәлелдейді. Модульді оқытудың басты ерекшеліктері мен ұстанымдарын зерделей келе, оның белгілі бір әдіснамалық талаптарға концептуалдық (белгілі бір ғылыми тұжырымдамағы негізделуі); жүйелілік (оқыту жүйесімен сәйкес келуі); басқарушылық (мақсат қою, жоспарлау, оны іске асыру); тиімділік (оқыту стандартының талабын орындауға кепілділігі); қолайлылық (білім берудің мақсатына қарай өзгертуге, толықтыруға болатындығы) т.б. сай болуына көңіл бөледі [84].

Сондай-ақ емлені оқытуда мынадай оқыту технологияларды да нәтижелі қолдануға болады: дамыта оқыту, кешенді талдай оқыту, деңгейлеп оқыту, т.б.

Тұжырымдағанда, алдағы қарастырылған орфографияны оқытудың ұстанымы мен әдіс-тәсілдерінің оқушылардың сауатты жазу дағдысын қалыптастыруда тәжірибелік жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырғанда нәтижелі болмақ.

4. Орфографиялық жұмыстардың мазмұны мен жүйесі. Сондықтан біз ең алдымен орфографияны қазақ тілі пәнін оқуда берілетін білім, білік, дағдылардың мазмұнын қарастырайық. Ол үшін орфографияны оқытудың жүйесін талдайық.

Орфография – бұл біртұтас жазу жүйесі. Ал дұрыс жазу жүйесінде мына мәселелер маңызды деп есептеледі:

- а) біркелкі түсінікті болу;
- ә) әдеби тілдік нормада;
- б) орфографиялық қағидалардың сақталуы.

Тұжырымдағанда, орфографияны оқыту, мына төмендегі сияқты терминологиялық ұғымдары арқылы жүйе бойынша жүргізіледі.

1. Орфография – жазудағы бірізді ережелердің жүйесін жасап зерттейтін тіл білімінің саласы. Бұл туралы білім мектеп бағдарламасында бірінші сыныптан басталып қазақ тілін оқытудың толық курсы аяқталғанша жалғасады.

Орфографиялық оқыту – оқушыларлы орфографиялық дағды мен іскерлікті қалыптасу үдерісін сипаттайтын оқыту әдістемесінің бір саласы болып есептеледі. Сондықтан ана тілін оқыту әдістемесінің басты мәселесі тіл дамыту мен орфографиялық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстарының бірлігі болып табылады.

Қазіргі мектептегі қазақ тілі курсына орфограммалар мен орфографиялық ережелер фонетикалық, морфемалық, сөзжасамдық және морфологиялық материалдарды (5-9 сынып аралығында) меңгертумен, ал тыныс белгілер синтаксистік материалдармен байланысты игеріледі:

2. Орфографиялық ұстанымдар: морфологиялық – морфемалардың графикалық біркелкілігі сақталатын, фонемалардың алмасу заңдылықтары ескерілмей алғашқы қалыпты сақтап жазу (мысалы: өзенге (өзенге емес), құрылысшы (құрылышшы емес)).

- Дәстүрлі фонемалар өзгертуге бейім жағдайда, белгілі фонеманы белгілеу мақсатында фонологиялық мүмкіндіктен туатын әріптер қатарымен белгіленеді (мысалы: түн-түнде және т.б.). Орфографиялық ұстанымдар орфограммалар арқылы қалай жазу керектігін анықтайды.

3. Орфографиялық сауаттылық дегеніміз – қабылданған емле ережелерге сәйкес жазудың әріптік және әріптік емес графикалық құралдарын сөзді жазуда дұрыс қолдана білу болып табылады.

Орфографиялық сауаттылықты меңгеру деңгейі:

- абсолюттік орфографиялық сауаттылық;
- салыстырмалы орфографиялық сауаттылық.

Абсолюттік орфографиялық сауаттылық – барлық емле ережелерді дұрыс қолдана білу және анықталмаған орфограммалармен келетін сөздерді қатесіз жазу.

Салыстырмалы орфографиялық сауаттылық – белгілі бір жүйе бойынша ендірілген, анықталған орфограммалармен келген сөздерді қамтитын, мектепте оқытылатын емле ережелерге сәйкес сөздерді жаза білу. «Жазу дағдысына қатысты оқушыларға қойылатын талаптар шектеулі болуы керек: оқушылар мектепте алған білімді келешекте өндірісте және қоғамдық қызметінде қолдануы қажет» [79].

4. Салыстырмалы орфографиялық сауаттылыққа жетуге бағытталған жеке мақсаттар:

- оқушыларды негізгі орфографиялық түсініктермен таныстыру;
- осы түсініктер негізінде оқушыларда орфографиялық біліктілік қалыптастыру;
- анықталмаған орфограммалармен сөздерді жазуға үйрету;
- оқушыларды орфографиялық сөздерді пайдалана білуге үйрету және оған қажеттілік тудыру;
- оқушыларға орфографияны меңгеруге жағдайлар жасау (алғышарттар).

5. Мектептегі орфографиялық ережелер жүйесі – оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен сауатты жазу дағдысын дамыту мен тереңдетуге бағытталған талаптар жүйесін жасау. Ол үшін қойылатын негізгі талаптар:

- мұғалімнің сөзі анық, таза, нақты болуы керек;
- әдеби тілде сөйлеу нормаларын сақтауы тиіс;
- сабақтағы барлық жазулар стилистикалық, орфографиялық және каллиграфиялық тұрғыдан мінсіз болуы;
- айтылуы мен жазылуы қиындық тудыратын сөздерді, әсіресе терминдерді анық айту және міндетті түрде түсіндіру керек, келесі кезекте оқушылардың осы сөздерді дұрыс айтуы мен жазуын қадағалауы тиіс.

Оқушыларға қатысты орфографиялық ережелерге қойылатын талаптар:

- өз сөзінің дұрыстығын қадағалау; басы артық сөздерді яғни вульгаризмдер мен диалектизмдерді қолданбау;
- мұғалімнің сауалына толық, кең көлемді жауаптар қайтару; сөзді нақты, анық айту;
- жазба жұмыстарында жоспар бойынша әрбір фразаның құрылысын мұқият ойлап, ойын жүйелі жеткізе білу; азат жолды сақтау;
- анық, көркем жазу; жазғанын мұқият тексеру; қажет болған жағдайда орфографиялық сөздікті пайдалану;
- жазба жұмыстарын оқушылар дәптеріне қойылатын талаптарға сәйкес орындауы тиіс; дәптерлерін таза және ұқыпты ұстау.

Орфография бойынша жүргізілетін жұмыстардың мазмұны:

1. Мектепте меңгерілетін орфографиялық білім түсінік пен деректерге сәйкес жинақталады.

Орфографиялық түсініктер жазудың бірінғай деректерімен айқындалады және жазу жүйесін сипаттайды.

Түсініктердің бір тобын оқушылар меңгереді, екінші тобын мұғалімдер оқу үдерісін ұйымдастыруда пайдаланады.

Орфографиялық түсініктер:

- лингвистикалық (орфограмма);

- психологиялық (маңызды және маңызды емес орфограммалар);
- әдістемелік (орфограммалардың қойылу мәні);
- әдістемелік (орфограммалардың танымдық белгілері);

Мектеп бағдарламасындағы қазақ тілін оқыту мазмұнына орфограмма түрлерінің атауы, орфографиялық ережелер мен анықтағыштар енеді.

Орфографиялық ережелер:

- белгілеу – орфограмманы таңдау немесе қандайда бір жазуда тыйым салынып, емлесі ескертулер берілетін жағдай;
- реттеу орфограмманы таңдау барысында оқушылардың дұрыс жазу әрекетінің әдіс-тәсілдері.

Орфографиялық ережелер өзінің құрамына қарай бір немесе бірнеше нұсқалармен байланысты болып, оқулықта жаттығу, үлгілерімен бекітіледі.

Орфограммаға байланысты біліктілік пен дағдылары:

- сөзден орфограммаларды табу, ереже, анықтамасын естеріне түсіру;
- орфограммаларды дәлелдеу;
- орфографиялық қателерді табу және түзету.

Орфографиялық жұмыстардың алғышарттары. Психологияда игертілетін білімнің қажеттілік қуаты және өзектілігі деп бөлінеді. Өзекті – жеке тұлғаның тіршілік әрекетінің ішкі және сыртқы жағдайларына бейімделуінен туындаған психикалық күй. Бұл – ішкі және сыртқы қажеттіліктен туындайтын адам белсенділігінің негізгі уәжділігі. Осы мәселеге орай оқытылатын орфограммалар психологиялық тұрғыда екіге бөлінеді:

- өзекті – оқушыларға қиындық тудырады;
- өзекті емес – оқушыларға қиындық тудырмайтын;

Оқытудың міндеті: өзекті орфограммалық қажеттілікті оқытуда өзекті емес орфограммаға айналдыру.

2. Орфографиялық ережелерді қолдану кезінде қиындықтар оқушыларға тілдік біліктіліктерді меңгерудің ерекшеліктермен туындайды. Мәселен, әдіскерлер келесі қиындықтарды ескертеді:

- фонетикалық – дыбыстардың үндесуі, екпін түспеуі;
- сөзжасамдық – сөз құрылысының әсіресе, күрделі сөздердің емлесі;
- морфологиялық – сөз таптарының омонимдігі, категорияларды бір-бірінен ажыратудың белгілерін игерту;
- синтаксистік – сөздердің қарама-қарсы тәртібі, сөйлем мүшелеріне талдау;
- семантикалық – сөздің ауыспалы мағынасы, мағынаның абстрактылығы және т.б.

3. Орфографиялық дағды мен біліктілікті қалыптастыруда ес пен жадының келесі түрлері ескеріледі:

- есту (жатқа жазу кезінде морфемаларда фонемаларды есту арқылы есте сақтау);
- көру (көру арқылы есте сақтау, көшіріп жазу);
- емлесі қиын орфографиялармен жаттығу;
- қайталап жазу.

4. Оқушылардың орфографияны меңгеруіне байланысты мынандай базалық ұғымдарды басшылыққа алады:

- фонетикалық дауысты және дауыссыз дыбыстар; ұяң, үнді және қатаң дауыссыздар; ызың және мұрын жолды дауыссыздар; дауыссыздардың ұяңдауы, дыбыстардың үндесу

- морфемалық және сөзжасамдық – қосымша; түбір; жұрнақ; жалғау; күрделі сөз; түбірлес сөздер; - морфемалық және сөз жасамдық – сөздердің түбірін және жалғауын ажырата білу; түбірлес сөздерді табу; сөз жасамдық талдау жасау;

- морфологиялық – зат есім – жалпы және жалқы септелуі; есімдік-болымсыздық және белгісіздік; сан есім – дара және күрделі, есептік және реттік, септелуі; етістік – түрі, жіктелуі, тұйық етістік, шақтары, райлары, жекеше және көпше түрі; есімше – жекеше және көпше түрі, септелуі; шылау – демеулік, жалғаулық, сұраулық; -морфологиялық – сөздің қай сөз табынан екенін анықтау; омонимдік формаларын ажырата білу; сөз таптарының негізгі грамматикалық белгілерін анықтау;

- синтаксистік – сөз тіркесі; сөйлем мүшелері; сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңары; сөздердің сабақтаса, салаласа байланысуы. Негізгі тілдік біліктілік – тану, тілдік құбылыстарды талдау және топтау: - синтаксистік – сөз тіркесінің басыңқы, бағыныңқы сыңарларын табу; сөйлем мүшелеріне талдау; сөйлем мүшелерін сөйлем мүшелері бола алмайтын сөздерден ажырата білу; сөйлем мүшелеріне, сөз тіркесіне басыңқы сөзден бағыныңқы сөзге сұрақ қою,

5. Сауатты жазудың дағдыларын табысты меңгерудің қажетті жағдайларының бірі – оқушылардың орфографиялық қырағылығы, яғни мәтінде оқу кезінде орфограммаларды таба білу икемділігінің болуы. Мысалы, орфографиялық қырағылық:

- талдау жасау;

- сөздің, морфеманың, буынның әрбір элементін таба білу;

- орфограммаларды бір-бірінен ажырата білу, таба білу, анықтау;

Сөздегі орфограммаларды таба білуде орфографиялық ереже негізге алынатындықтан, оқушылар орфографиялық ережелерді орфограммамен байланыстыра біліп, саналы игеру нәтижелі болып есептеледі.

Сондықтан танып-білу белгілері оқушыларға орфограммалардың түрін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, мына ерекшеліктер осындай белгілерге жатады:

- фонетикалық – үндестік заң ережелері;

- лексика-грамматика-жалқы есімдер, жалқы атаулар және т.б.;

- лексикалық-демеулік шылау, жалғаулық шылау;

- құрылымдық – кейбір жұрнақтар мен жалғаулардың болуы, күрделі сөздер.

Негізгі міндет оқушылардың танып-білу белгілерін білу: сөздегі орфограммаларды табуды және сенімді түрде орфографиялық ережелерді қолдана білуді қамтамасыз етеді. Сондықтан 5-9 сыныптарда мынадай орфографиялық жұмыстар ұйымдастыру тиімді болмақ:

1. Оқушыларды орфографиялық ережелермен және орфограммалармен таныстыру.

2. Арнайы орфографиялық жаттығулар жүргізу.

3. Арнайы емес орфографиялық жаттығулар бұрынғы білімдерін естеріне түсіру;

4. Жаттығуды сұрыптау.

5. Жазба жұмыстарды таңдау.

Ал бұл жұмыстарда орфографиялық ережелер мен орфограммалармен таныстыру, жаттықтыру жүргізіледі: Мысалы:

- оқытылатын орфограммалармен келген сөздерді оқушылардың қабылдауы;

- тақтаға жазылған сөзді көру-есту арқылы қабылдау;

- оқытылған орфограмманың ажыратып, белгілей білуі;

- жазу нормасын таңдау жағдайымен және орфограмманың берілген түрлерінің танымдық белгілерін игерту:

- лингвистикалық мәтінге оқушылардың өз бетінше талдау жасауы; орфограмманың танымдық белгілерін табу; мұғалімнің немесе оқушының жаңа орфографиялық ережені тұжырымдап дәлелдей білуі; графикалық белгілеу үлгілерін талдау;

Орфограммаларды меңгертуде сауатты жазу біліктілігін қалыптастыру үшін орфографиялық жаттығулар жүргізіледі. Ол екі бағытта ұйымдастырылады:

1. Арнайы орфографиялық жаттығулар: жай көшіру (мәтінді орфограмманы жібермей көшіру) – оқушыларды орфограммаларды таба білуге, дұрыс жазудың графикалық белгілерін үйретуге жаттықтыруы; күрделі көшіру (орфограмманы жіберу арқылы мәтінді көшіру) – оқушыларды орфограммаларды таңдай білуге үйрету: көру арқылы емлесі қиын сөздерді тақтаға жазу арқылы оқушылардың қабылдауы ұйымдастырылды; есту арқылы айтылмай қалған орфограммаларды еске түсіру; диктант жүргізу. Жаттығудың бұл түрі оқушы сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді немесе мәтінді дауыстап оқу арқылы жатқа жаздыру. Оның мақсат міндетіне қарай түрлері бар: Оқып-үйрету диктантының түрлері: өзгеріссіз (толық); формалардың (жеке сөздің, құрылымының, сөйлемнің) өзгеруі арқылы; таңдаулы (оқылған емлені жазу); ескерту жазуға дейін жіберілетін қатені ескерту; талдау-жазу кезінде жіберілетін қатені ескерту; түсіндіру – дұрыс жазуды таңдай білуді түсіндіру, жіберілген қатені табу және түзету.

2. Арнайы емес орфографиялық жаттығулар: конструкциялық (құрастыру) – сөз жасау, сөз тіркесін, сөйлем құру; белгілі құрылым бойынша сөздерді іріктеу; шығармашылық диктант – жаңа сөздер, сөз тіркестерін, сөйлемдерді өздігінен құрау арқылы оқылған мәтіннің көлемін кеңейту; еркін диктант – азат жол бойынша мәтіннің бірінші оқылымынан кейін есте сақтап жаздыру; мазмұндама – мәтіннің жазбаша мазмұнын баяндау; шығарма-берілген тақырып бойынша оқушылардың өзіндік жазбаша жұмысын жүргізу.

Қорыта келгенде, жазбаша сөйлеудің өзгешелігі: бір қарағанда мұнда қатысымдық байланыс жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Өйткені сөйлеуші

білгенін қағазға түсіреді, бірақ онда екінші адаммен тікелей қатысым іске аспайды. Жазылымның қиындығы да осында: жазу үстінде адам ойын тиянақты, жүйелі, бас-аяғын түгендеп, басқа біреуге ұғынықты болатындай етіп, екінші адамға ыңғайлап жазады, тілдік қарым-қатынастың жазбаша түріне бейімдеп орындайды. Тұжырымдап айтқанда, жазу оны жазған адамның ыңғайынан гөрі, жазуды оқитын, қабылдайтын басқа екінші біреудің ыңғайына қарай, екінші адамның талап-тілегін ескеріп, сол үшін жазылады. Сондықтан жазу қатысымдық ерешеліктерді басшылыққа алады:

- оқушылардың емлелік икемділіктері мен дағдыларын нақтылау, әр сынып бойынша көлемін белгілеу;

- орфографияны оқытудың негізгі бағыттары мен жүйесін нақтылау;

- орфографиялық білімді мектеп бағдарламасындағы грамматикалық материал негізінде игерту жүйесін көрсету;

- оқушылардың емлелік икемділіктері мен дағдыларының қалыптасу әдістемесін жасау;

Қазақ тілін сауатты үйрету үшін, оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Мұнда жазба жұмыстарына жататындар:

1. Жазбаша жаттығулар.

2. Жазбаша бақылау диктант.

3. Мәтін құрастыру.

Екінші бөлім

Оқушылардың емлелік икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

2.1 Орфографиялық икемділік пен дағдысын қалыптастыра оқытудағы жазба жұмыстардың жүйесі

1. Ережемен жұмыс. Оқушылардың ана тілінен сауаттылығы мен білім деңгейі грамматикалық ережелерді тиянақты меңгеріп, оларды неше алуан жазба жұмыстарында дұрыс қолдана білу дағдыларымен анықталады. Осы мақсатқа орай шәкірттердің орфографиялық ережелерді жетік меңгеруі - негізгі көрсеткіш. Алайда оқушылардың орфографиялық ережелерді саналы меңгеріп, оларды жазу жұмыстарында емін-еркін қолдануы, сауатты жаза білуге төселуі, өзінен-өзі қалыптаса қоятын, оп-оңай үдеріс емес. Сауатты жазу грамматикалық ережелерді жаттап алумен де қалыптаса қоймайды.

Сауатты жазуға төселу грамматикалық ережелерді әр алуан жаттығулар мен жазу жұмыстарында дұрыс қолдана біліп, оларды жүйелі түрде жүргізу нәтижесінде ғана қалыптасып, бара-бара дағдыға айналады. Оқушылардың әр қилы жазу жұмыстарын өздерінің іс-әрекеттері арқылы орындап, оларды дағдыға айналдыруы ой арқылы, сананың қатысымен жүзеге асады. Саналы іс-әрекеттер, жүйелі машықтану оқушылардың орфографиялық ережелерді тиянақты меңгеріп, оларды жазба жұмыстарын орындауда емін-еркін қолдана алуын қалыптастырады. Оқушылар тілдегі сөздерді, түрлі атауларды естілуі мен жазылуы арасындағы айырмашылықтарды аңғарып, оларды жазу жұмыстарында дұрыс қолданатын болады. Мұндай нәтижелерге оқушылар ең алдымен ережелердің мәнін ұғынып, оларды түрлі жазба жұмыстарында қолдану арқылы жетеді.

Адамның әр алуан іс-әрекеттерді үйреніп меңгере алуының табиғи-ғылыми негізі жоғары жүйке қызметінің заңдылықтарымен дәлелденеді. Осы заңдылықтарға орай үйрену үдерісі ми алаптарындағы уақытша байланыстар (ассоциациялар) негізінде іске асады. Оқушылардың орфографиялық ережелерді меңгеріп, оларды саналылықпен жазу жұмыстарында қолданып отыруы ми алаптарындағы осы уақытша байланыстардың жасалуы болып табылады. И.П.Павлов еңбектерінде ассоциациялардың үш түрі атап көрсетілді. Ассоциация дегеніміз - бұрын байланыссыз жатқан екі нүктенің өзара байланысқа түсуі. Осы заңдылықты белгілі психолог С.Ф. Жуйков өзінің «Психология формирования орфографических навыков» деген еңбегінде «адамның бас миы қабығындағы екі нүктенің байланысы» деп атайды. Ассоциациялардың

бірінші түрі - шартты рефлекс. Мұны И.П.Павлов бұрын байланыссыз жатқан екі нүктенің өзара байланысқа түсуі деп атайды. Екінші түрі - бір мезгілде жүйке жасушаларының әсерінен әрекеттер арасында байланыс жасалуы. Мұндай ассоциациялар - білімдеріміздің негізі. Ал ассоциациялардың үшінші түрі жай немесе жасанды ассоциация делінеді. Бұл - бірімен-бірі байланыссыз екі дыбыс бірінен соң бірі қайталану нәтижесінде байланысқа түседі, немесе бір дыбыс өзінен кейін екінші дыбысты қажет етіп тұрады. Жоғары жүйке қызметіндегі осындай заңдылықтар білімдеріміздің табиғи негізін құрайды. «Павловские среды» деген еңбекте уақытша байланыс, яғни ассоциация түсінудің, жаңа білімдерді қалыптастырудың негізі деп көрсетеді. Осы жағдайлар - оқушылардың орфографиялық ережелерді саналылықпен меңгеріп, оларды жазба жұмыстарында қолдана алуларының жалпы табиғи-ғылыми негізі, болмақ.

Арнайы жүргізілген оқыту экспериментінде жоғары қызметінің мұндай заңдылықтары бірсыпыра жағдайды анықтап білуге мүмкіндік берді.

Біріншіден, сөздердің жазылуы мен айтылуы біріне-бірі сәйкес келмесе, онда орфографиялық ережені міндетті түрде басшылыққа алып, қолданып отыру қажет. Ал сөздердің айтылуы мен жазылуы арасында айырмашылық болмаса, онда сөздерді естілуінше жазып, есте сақтау керек. Мысалы: *қала, дала, ара, жол, мөр* т.б. Ал *жазса, қазса, шекара, ақ марал* т.б. сөздерді қатесіз жазу үшін міндетті түрде орфографиялық ережелерді білу керек.

Екінші, тәжірибе жұмыстары мен жаттығулары жүргізген кезде тіл мұғалімі оқушылардың оқу материалдарын меңгеруге жұмсайтын уақытын барынша тиімді пайдалана білуі қажет.

Үшінші, оқушылардың сөздерді дұрыс жазып, олардың мәнін түсінуі жеткіліксіз. Айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылығы болатын сөздерді оқушылар жете түсініп, олардың дұрыс жазылу сырын қанық игереді. Мысалы, қазақ тілінде мынадай орфографиялық ереже бар: *ашса, өшсе*, сияқты сөздердің *-са, -се* деген жұрнақтары түбір сөздің соңғы дыбыстарына бейімделіп *«-ша», «-ше»* болып естіледі, бірақ жазуда ондай сөздердің түбірін сақтап жазу керек. Мұндай сөздердің жазылу ережелерін оқушылар бастауыш сыныпта-ақ өткен. Дегенмен, әр түрлі себептерге байланысты балалар мұндай ережені ұмытып, өздерінің жазба жұмыстарында қателер жіберуі ықтимал. 5-6 сынып оқушыларымен жазба жұмыстарын жүргізгенде, бұрынғы өтілген ережелерді орайы келгенде қайталап отыру нәтиже береді. Мысалы, әріптердің емлесін өтуде мынадай жүйеде ережемен таныстыруға болады.

Ң әрпінің емлесі бойынша. Ң-дауыссыз дыбыс. Үнді дауыссыз дыбыс. Тіл арты дауыссызы. Ң әрпі сөздің басында еш уақытта жазылмайды. Ң – мұрын жолды дыбыс. Мысалы, *теңге, еңбекақы, маңызды теңдік, ыңғайлы, қайырлы таң, таңердең, заң, таңба, қаңтар*.

Ң әрпі сөздің басында жазылмайды, тек сөздің ортасында және соңында келеді.

“Ң” әрпі мына жағдайларда қолданылады:

1. Ілік септігінің жалғауында (-ның; -нің; -дың; -дің; -тың; -тің.).

Қызметкер+дің, Әселдің, министрліктің, қоғамның.

2. Есімдіктер. *Менің, сенің, сіздің, оның, біздің, біздердің, сендердің, сіздердің, олардың.*

3. Жіктік жалғауының II жағында (жекеше, көпше түрде) (-сің; -сың) *сен отансүйгіш+сің, сен ақылдысың, сендер қызметкер+сің+дер, сендер мамансыңдар.*

4. Тәуелдік жалғауының II жағында (-ың, -ің, -ң). *Сенің қызметкер+ің, сенің атаң, сендердің жұмыс орын+дар+ың, сендердің деректерің.*

Осы жалғаудың сыпайы түрінде (-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз). *Сіздің қызметкер+іңіз, сіздің отбасыңыз, сіздердің мекенжай+лар+ыңыз, сіздердің өтініш+тер+іңіз.*

5. Етістіктің бұйрық райының II жағы, көпше түрі *отыр+ыңдар, өткізіңдер, айтыңдар, жіберіңдер.*

Осы жалғаудың сыпайы түрінде: *көрсет+іңіз, жасаңыз, көмектесіңіз, барыңыз.*

6. Сондай-ақ, ң дыбысы сөз ортасында немесе сөз соңында кездесетін мына сияқты сөздерді есте сақтау қажет. Мысалы: *жаңа, соңғы, аңыз, сұңқар, оң, мың, таңертең, шаң, қоңыр, қоңырау, маңай, шаңырақ, жаңалық, кеңес, теңіз, оңай, оңаша, теңге, маңызды, қаңтар, шұңқыр, таңдау, кезең, шаңырақ, алдыңғүні, алдыңғы, әңгіме, еңбек, ештеңе, жаңбыр, жаңылтпаш, жаңылу, жеңімпаз, жеңіл, шаңғы, аң, маңдай, өңдеу, сең, таңба, таңдамалы, шеңбер, терең.*

Ң дыбысын н дыбысымен шатастыруға болмайды. Ң-Н дыбыстарды дұрыс қолданбаған жағдайда сөздердің мағынасы өзгереді: *шын-шың, он-оң, ен-ең, т.б.*

Ө әрпінің емлесі бойынша. Ө - жіңішке, ашық, еріндік, дауысты дыбыс. О дыбысының жіңішке түрі. Ө әрпі сөздің басқы буынында жазылады. Сөздің соңғы буынында жазылмайды. Мысалы: *өкімет, өнер, төлем.*

Орыс тілінен енген сөздерде о әрпі орын талғамайды. Мысалы: *кимоно, динамо, кино.*

О - жуан, Ө - жіңішке дауысты дыбыс. О, Ө әріптерінің жуан және жіңішке болып келуінде фонематикалық мән бар:

<i>бол-бөл</i>	<i>оз-өз</i>	<i>соз-сөз</i>
<i>болды-бөлді</i>	<i>ор-өр</i>	<i>сол-сөл</i>
<i>боз-бөз</i>	<i>орыс-өріс</i>	<i>тор-төр</i>
<i>қош-көш</i>	<i>от-өт</i>	<i>тол-төл</i>

Ескертуге мынадай анықтаманы беруге болады:

- біріккен сөздің екінші сыңарында ө әрпі жазылады: *көркемөнер, көкөніс.*

- қос сөздің екінші сыңарында ө әрпі жазылады: *көл-көсір*

Эксперименттік зерттеулерде оқушылардың бұрынғы өткен орфографиялық ережелерді тиянақты меңгере алмай, естілуі мен жазылуы арасындағы айырмашылығы болатын сөздерден жазба жұмыстарында қателер жіберетіні анықталған болатын. Ал жазу жұмысындағы қате жіберу себептері оқушылардың тіл ережелерін жалаң жаттап алып, мүдірмей айтып

беруді ғана мақсат етуіне байланысты. Сондықтан олар сол ережелерді қажетті жерінде дұрыс қолдана алмайды. Сондықтан оқыту үдерісінде кездесіп отыратын осы жағдайдың себептерін тереңірек анықтау мақсатымен айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылық болатын сөздерді іріктеп алып, олардың жазылу ережесін оқушылардың қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін анықталады.

Оқу бағдарламасына сәйкес келетін кейбір тақырыптар мен ережелерді орфографиялық сабақтармен ұштастырып отыру мүмкіншілігі бар. Сондықтан ретті жерінде өтілген тақырыптарды грамматикалық ережелермен ұштастырып, орфографиялық қағидаларды қайталап отыруға баса мән беріледі.

Оқушылардың жазба жұмыстарында жіберілген емлесілік қателері мен оларға байланысты қағида-ережелерді саналарында тұрақтандыру мақсатымен, соларға шендес, ұқсас, бір тектес сөздер іріктеп алынып, олардың дұрыс жазылу емлесін қамтитын жаттығулар мен жазба жұмыстары жүргізіледі. Осындай жұмыстарды орындау кезінде қажет болатын тілдік ережелер мен қағидаларды оқушылар естеріне түсіріп, оларға өз беттерінше анықтама беріледі. Осы бағыттағы оқыту жұмысы мұғалім жетекшілігімен жеке оқушылармен де, сыналушы оқушылар тобымен де жүргізіледі. Ал оқушылардың қате жіберген сөздері жаттығулар мен жазба жұмыстарының мәтіндерінде әр түрлі ыңғайда, түрлендіріліп сан рет қайталанып отырылады.

Мұндай тәсіл оқушылардың дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру мақсатын көздейді. Сонымен бірге оқушылардың тіл ережелерін тиянақты меңгеру жолындағы орындайтын жазба жұмыстары олардың өз беттілік іс-әрекеттерін дамытып отырумен қатар, ақыл- ойын да өрістетіп отыру мақсатын қояды.

Оқушылардың орфография саласындағы ережеге байланысты білімдерін, дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай талаптар қойылады:

1. Графикалық форманы есте сақтап, оны тәжірибе жүзінде немесе әріптердің дыбысталуы мен жазылуы арасындағы ассоциацияны қалыптастыру.

2. Морфемалардың мағыналары арасындағы ассоциацияларды санада қабылдау.

Оқыту жұмысының осындай нәтижелерін іздестіре отырып, төмендегідей ережелік қорытындылар жасауға үйретуге болады:

1. Оқушылар жазба жұмыстарын орындағанда, орфографиялық ережелерді грамматикалық білімдерімен салыстырады, оларды басшылыққа алып отырады. Дегенмен оқу үдерісінде жоғары сынып оқушылары бұрынғы сыныпта өткен ережелерді тиянақты меңгере алмау себептерінен жазу жұмыстарында жіктік жалғауларды жалғаулық шылаулармен өзара шатастырып, қателер жібереді.

2. Әдетте оқушылардың ұқсас ережелерді шатастыруы сол ережелердің әрқайсысының өзіндік сипаттары мен мағыналарын нақтылы ажырата алмауларына байланысты. Мұның өзі оқушылардың ережелерді дұрыс қолдана алмай, жазу жұмыстарында қателер жіберуіне әкеліп соқтырады.

Тұжырымдағанда, ана тілін оқытуда оқушылардың орфографиялық ережелерді меңгеруі жалпы грамматикалық ережелермен тығыз ұштастырып жүргізіледі. Ал оқушылардың жалпы ана тілінің қағидаларын меңгеруі олардың ақыл-ой әрекеттерімен байланыстырып жүргізгенде ғана жемісті нәтижелер береді. Осындай талаптарды жүзеге асыру үшін, оқушылар әрбір сөздің жазылу емлесін жете меңгеріп, оны басқа сөздердің ерекшеліктерімен шатастырмауы керек: екіншіден, жеке сөздердің өзіндік емлесін жете түсініп, жалпы орфографиялық ережелердің мәнін тиянақты меңгеру оқушылардың дұрыс жазу дағдысын қалыптастырып, сауатты жазуын тұрақтандырады. Осы тұрғыдан қарағанда, оқушылардың орфографиялық ережелерді меңгерулері - ұзақ мерзімге созылып, жүйелі түрде машықтанып отыруды талап ететін күрделі психикалық үдеріс. Ережемен жұмыста жиі қолданылатын жаттығудың бірі-талдау.

Орфографиялық талдау – нәрселердің қасиет-белгілерін ойша ажырату. Бір нәрсені екінші нәрседен ажырата білу - айыру деп аталатын физиологиялық үдеріс негізінде пайда болады. Жаттығу нәтижесінде дұрыс қалыптасатын айыра білу - ой арқылы талдау үдерісінің жемісі. Онан әрі бұл үдеріс қайталана берсе, онда ми орталығы мен тітіркендіргіш арасында уақытша байланыс жасалады. Сөйтіп, оқу үдерісін ұғыну осы талдау мен біріктірудің алма-кезек ауысып отыру нәтижесінде жүзеге асады.

Орфографиялық ережелерді түсіну, басқа да грамматикалық материалдарды ұғыну сияқты, жүйелік ұстанымына негізделеді. Оқу материалдарын жүйелілікпен ұғынуды салыстыру тәсілі де ерекше роль атқарады. Грамматикалық материалдарды оқушыларға салыстыру тәсілімен ережелердің нәзік, елеусіз деген ерекшеліктерін аңғарып, оларды өзара шатастырмай тиянақты меңгеретін болады. Орфографиялық ережелерді, грамматикалық материалдарды оқушылардың тиянақты меңгеру мақсатын көздеп жүргізілетін жазба жұмыстары мен олардың табиғи-ғылыми негізін қарастыра отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Оқушылардың орфографиялық ережелерді тек ауызша жаттап алуы жеткіліксіз. Меңгерілген білім нәтижелерін оқушылар жазба жұмыстарында жүйелі түрде қолданып, оларды санасына сіңіреді.

2. Оқушылар оқу материалдарын әр тарапты түсініп, олардан туындайтын ережелерді өздігінен жасай алатын дағдыларға үйренетін болса, ондай материалдар есте тиянақты сақталады.

3. Балалар мұғалім жетекшілігімен өздерінше бір емлесілік ережеге тән сөздерді жан-жақты талдап, оны екінші емлесілік ережеге тән сөздермен шатастырмайтын дәрежеге жеткенде, орфографиялық ереженің мазмұны да солғұрлым кеңінен танылып айқындала түседі, сондықтан ережені мысалдармен дәлелдей білуге үйрету қажет.

4. Орфографиялық ережелерді жазба жұмыстарында сан рет қолдану нәтижесінде оқушылардың автоматты іс-әрекеттері (дағдылары) қалыптасып, ойлау арқылы жасалатын түрлі кейбір амалдар қысқарады. Сөйтіп тиісті міндеттердің шапшаң орындау қабілеті дамиды. Оқушылардың сауатты жазуға төселуі тек жазу жұмыстарын орындаумен шектелмей, олардың әр

алуан көмекші құралдарды, көркем әдебиеттерді, газет-журналдарды оқып, көздері қанығып, терминдер мен атау сөздердің неше алуан сырларын ұғыну арқылы да дамиды.

Оқушылар білімін жетілдіруде жазба жұмыстарын орындаудың маңызы ерекше болатындығы нақтылы тәжірибелермен айқындалды. Біз енді оқушылардың әр алуан әдіс-тәсілдермен меңгерген грамматикалық ұғымдарын түрліше мәтіндерді талдап, тиісті тапсырмаларды шешуге қолдана алу амалдарын қарастырайық.

Тұжырымдағанда, сабақтарда жүргізілген жазба жұмыстарының типтері мен түрлерін былайша жіктеуге болады:

Ережелерді игерту жаттығулары. Бұлар - оқушылардың белгілі тақырып бойынша грамматикадан өткен оқу материалдарын бекітеді. Басқаша айтқанда, жаттығудың бұл түрі балалардың оқып үйренген білімдерін бекіту жинақтау мақсатымен жүргізіледі. Бекіту жаттығулары оқу материалдарының қарапайымдылығы мен күрделілік ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың берілген тапсырмаларды оқылған ережелерді қолдана отырып, өздіктерінен орындауын көздейді. Жаттығудың бұл түрі білімді игерту жаттығулары деп аталады. Ал оқушылар белгілі мәтіндер мен сөйлемдерді талдап, олардан мұғалім жетекшілігімен тиісті қорытындылар шығарады. Жаттығуының бұл түрі - ереже шығаратын жаттығулар делінеді.

Нығайтушы жаттығулар бойынша оқушылардың орындайтын жазу жұмыстары, меңгеруге тиісті грамматикалық білімнің дамып қалыптасуы кең көлемде тілдік қағидаларды, анықтамаларды және заңдылықтарды білуден жалпылығы тар, ішінара, дара жағдайларға қарай ауысып, дедукциялық ойлау әдісі бойынша дамиды. Басқаша айтқанда, оқушылардың грамматикалық білімдері жалпы ережелерді оқып үйренуден жеке сөйлемдерді, сөздерді, дара құбылыстарды талдай білуге қолданылады. Сөйтіп, оқушылар грамматикалық қағидаларды жеке сөздер мен сөйлемдерді талдау нәтижесінде жете түсініп, меңгеретін болады. Ал жалпы грамматикалық ережелердің мәнісін жаттығуларды орындау арқылы түсініп, өздерінің іс-әрекет тәсілдерін дамытады. Осындай әрекеттер арқылы оқып білген оқу материалдарын тәжірибе жүзінде тексеріп, оларды анықтайды. Пысықтаған материалдар оқушылардың жадында тұрақты сақталады.

Ондай мағлұматтарды жаттығулар мен жазба жұмыстарын орындауға қолданады.

Ал қағидалар мен ережелер шығарушы жаттығуларды орындау тікелей пән мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Оқып үйренуге тиісті тіл материалдары оқушылардың өздері келтірген мысалдар арқылы талданып, олардан тиісті қорытындылар шығарылады. Сөйтіп, тиісті грамматикалық ережелер дара, жеке сөйлемдерді талдаудан жалпы жағдайларға қарай көшіп отырады. Осындай іс-әрекеттер нәтижесінде оқушылардың әр қилы жаттығулар мен жазба жұмыстарын орындауы дара деректерден, жеке мысалдарды талдаудан жалпы ереже шығаруға қарай ойысып индукциялық ойлау әдісі бойынша дамиды. Мысалы, оқушылар етістіктің сөйлемдегі қызметін талдап, етістік көпшілік жағдайда сөйлемде баяндауыш мүше

болады деген жалпы қорытындыға келеді. Мысалы, *ал емлені игертуде осындай жалпы қортындыны басқа сөз табына байланысты қолданылады. Мысалы, зат есімнің баяндауыш болуы сызықшаның қойылуы туралы ережеге әкеледі.*

2.2. Орфографиялық жазба жұмыстарының жүйесі

Орфографиялық дағды қалыптастыру мынадай мақсаттардан туындайды:

1. Сабәқ мақсаты айқын болып, тiлдiк тақырыптың негiзгi, өзiндiк ерекшелiктерi, iшкi тiлдiк заңдылығы, емлелiк ерекшелiгi айқындалуы тиiс;

2. Әрi сол тiлдiк тақырыптың негiзiнде оқушының өзiндiк ойын жеткiзе бiлудi игеруде қатысымдық әдiс бойынша тiлiн дамыта оқытылуы тиiс.

Себебi, кез келген тiлдiк тақырыптың теориялық негiзiн жетiк бiлмейiнше, оның орфографиялық сауатты жазу негiзi қалыптаспайды. Өйткенi тiлдiк құралдардың лингвистикалық негiзiн аша отырып, емлелiк дағдыны қалыптастыруда жүргiзiлетiн негiзгi жұмыс түрiнiң бiрi – нақты мақсатқа негiзделген жаттығулар жүйесi.

Жаттығуға ғалымдар: «Упражнение – это метод обучения, представляющий собой планомерное организованное повторное выполнение действий с целью овладения ими или повышения их качества. Без правильно организованных упражнений невозможно овладеть учебными и практическими умениями и навыками» [74,351]. «Оқу материалын меңгертудi ұйымдастырғанда оқу үдерiсiнде қолданылатын әдiстiк жүйенiң құрылымдық бiрлiгi» [75,246] т.б. анықтамалар бередi. Жаттығу дағды мен iскерлiктi қалыптастырудың ең тиiмдi жолы, әдiсi болғандықтан, оны түрлендiрiп өткiзудiң, яғни жаттығуды iштей жiктеудiң, жүйесiн жасаудың маңызы зор. Ғылыми-әдiстемелiк еңбектерде жаттығудың түрлерi сан алуан. Педагогика ғылымдарының докторы Р.Шаханова жаттығулар жүйесiн: тiлдiк жаттығулар, сөйлеу жаттығулары және тiлдiк жағдай туралы деп 3 тармаққа бөледi [89,20]. Ал А.Жапбаров орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда жаттығуларды: 1) аналитикалық немесе грамматикалық-орфографиялық талдау түрiндегi жаттығу, 2) синтетикалық немесе мәтiн құрау үшiн сөйлемдердi қайта құру жаттығулары, 3) грамматикалық ережелердi топтастыру сипатындағы жаттығу немесе орфограммаларды грамматикалық жiктер мен формаларына қарай, мысалы, жұрнақтар мен жалғаулар т.б. 4) ұқсас немесе қарама-қарсы формалар бойынша жұмыс [8,32] деп жiктейдi. Педагогика ғылымдарының докторы Н. Құрманова жаттығулар жүйесiнiң жiктемесiн: мақсатына қарай: тiлдiк, сөйлеу, аспектiлiк, кешендi т.б., оқу материалының табиғатына қарай: диалогтiк тiлдегi, монологтiк тiлдегi; орындалу тәсiлiне қарай: ауызша, жазбаша, бiр тiлдiк, екi тiлдiк т.б., сөйлеу қызметi түрлерiне қарай: айтылым, оқылым, жазылым т.б., сөйлеу формасына қарай: ауызекi сөйлеу тiлi, жазбаша тiл жаттығулары, тiлдiң аспектiлерiне қарай: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистiк деп бөледi [90, 40]. Педагогика ғылымдарының

кандидаты Н.Шадиева "жаттығу" терминінің орнына "тапсырма" ұғымын қолданып, оларды: білімдік тапсырма, проблемалық тапсырма, пәнаралық тапсырма, шешендік тапсырма, танымдық тапсырма, интеллектуалдық тапсырма деп бөледі [91, 19]. Орфографиялық дағдыны, жазуда қате жібермеу іскерлігін қалыптастыруда А.И.Власенков жаттығудың мынадай түрлерін ұсынады: орфографиялық талдау, сөзді құрамына қарай талдау, сөздің ұясын жасау, қажетті дыбыстарды, сөздерді, белгіні қоя білу, көру және түсіндірме диктантын алу [92]. Осы пікірлерге сүйене отырып, емлені оқытудағы нәтижелі жаттығулар сұрыпталды. Мәселен, күрделі сөздер және оның емлесін оқыту үдерісінде сауаттылық дағды мен іскерлікті қалыптастыру мақсатында жаттығулардың жүйесіне мән бердік. Жаттығуды белгілі бір жүйеде өткізуде сыныптың ерекшелігіне көңіл бөлінді. Атап айтқанда, оқушылардың күрделі сөздердің емлесіне байланысты игерген білімі; сөйлеу мәдениетінің деңгейі; оқушыларға жасалатын жағдай т.б. Осымен байланысты оқушыларға ұсынылатын әр жаттығудың сипатына, маңызына, мақсатына, міндеті мен өткізу әдістемесіне көңіл бөлініп отырды. Яғни жаттығулардың қалыптастыратын дағды мен іскерліктерінің мақсатына қарай оларды 3 блокқа топтастырдық.

Бірінші блок. Теориялық білімін толықтыру, қалыптастыру, бекіту мақсатындағы жаттығулар. Оған: кіріспе жаттығуы, көшіріп жазу (саналы көшіру), грамматикалық, ауызша жаттығулар, бақылау жаттығулары (диагностикалық), орнына қою жаттығулары, трансформациялық жаттығуларды енгіздік, олардың мақсаттары төмендегіше белгіленді.

10-кесте – жаттығулар жүйесі

Жаттығулар жүйесі		
1- блок	2- блок	3- блок
<i>Теориялық білімді толықтыру, қалыптастыру, бекіту мақсатындағы жаттығулар</i>	<i>Емлелік сауаттылықты қалыптастыру мақсатындағы жаттығулар</i>	<i>Тіл дамыту жаттығулары</i>

<p style="text-align: center;">Трансформациялық Орнына қою Диагностикалық Бақылау Ауызша Грамматикалық</p> <p style="text-align: right;">Кіріспе көшіріп жазу</p>	<p style="text-align: center;">Іздену Машықтану Жүйелеу Тексеру Шығармашылық Диктант</p>	<p style="text-align: center;">Шешендік Логикалық Танымдық Тіл мәдениеті</p>
---	--	--

Кіріспе жаттығуы. Мақсаты – мәтіндегі бірге және бөлек жазылатын сөздердің сипатына көңіл бөліп. Жалпы сауаттылығын анықтау.

Екінші кезеңде де дайын мәтін беріледі. Оқушылар біріккен сөздерді тауып, олардың неге бірігіп жазылып тұрғанына назар аударады. Яғни

құбылысты танып-білу кезеңі. Бұл мақсатта бақылау жаттығуы, ескерту диктанты орындалады.

Бақылау жаттығуы. 1- жаттығу. Берілген біріккен сөздердің жазылуына назар аударындар. Қандай түбірлерден тұрғанын анықтаңдар.

Айғаным. Сырдария. Өгізшағала. Жанармай. Қолтаңба.

Қоянжоңышқа. Сөзжасам. Женгелді. Қолғабыс. Жаманшұбар. Балабақша. Телқожа. Ақмарал. Ұлытау. Қарақалпақ. Шикізат. Ақбозат. Жанкүйер.

2- жаттығу. Біріккен сөздерді тауып, олардың жаңа мағыналарын түсіндіріңдер.

Түн салқынымен айдап отырып, сәске түс болмай-ақ Күркетал адырынан асып, Алтыбасар өткеліне таман жетіп қалыппыз. (С.Шарипов). Бір жолы Қырмызы екеуміз алтыбақанға қарама-қарсы міндік. (О.Бөкей). Ұзақты сары күнін қуу, асық ойнаумен өткізген балалардың түнгі ермегі – «Ақсүйек», «соқыртеке», «Бурақотан» сияқты ойындар. (С.Мұқанов).

Бақтияр бағаның шипалы шөптерінің шапағатын Мыңбұлақ халқы Кенжекүл кемпірден көрер еді. Кенжекүл кемпір орманнан шайшөп, дермене, күшала, шашыратқы, адыраспан, киікоты, текесақал, қылиа, көкемарал теріп, ылғи да:

Әккәй-ай, гәккәй-ай

Когда, солдат, домой-ай, -

деп ыңылдап жүргенде ешкім елемейді де, бала-шағасына тұмау, көкжөтел тиіп дімкәстанса-ақ болды, Кенжекүл естеріне түсіп, тәуіп кемпірдің жартыкеш үйіне қарай жүгіретін. (Ш.Мұртаза).

3-жаттығу. Мәтіннен біріккен сөздерді теріп, қандай түбірлерден біріккенін сызықшамен бөліп көрсетіңдер. Қажымұқан туралы кімдердің шығармасын білесіңдер.

Ш.Айтматов. Баспасөзден егер Қажымұқан күрессе, Подубныйды да жығар еді, тек ұстазы алдында әдеп сақтап, белдеспеген дегенді оқып ем.

М.Шаханов. Қажекеңнің төлқұжатында туған жері Ақмола облысы деп көрсетілгені болмаса, негізгі кіндік қаны тамған топырақ - Отырар ауданының Ақтобе аулы. Бұған қатысты деректі ауыл ақсақалдарынан жазып алған, Оңтүстік өлкесіне белгілі тарихшы, сазгер Мұхамеджан Рустемов былайша әңгімелеп отырар еді: «Қажымұқан дүниеге келгеннен кейін, әкесі ағайындарымен араздасып қалып, суыт ірге көтеріп, ауылдан көшеді. Мұңайтпастың қайтпайтын қайсар мінезін білетін қариялар атқа қонып, соңынан қуса, көш Созаққа барып қалған екен. Бұлар айғай салып:

- Кері қайт, жарқыным, бөлініп жарылмайық. Бір өкпеңді бізге қи, - дескенекен. Сонда ашынған Мұңайтпас кішкене Қажымұқанды борбайынан ұстап, көтеріп тұрып:

- Қалыңдар! Енді жақындасандар, осы баланы сендерге шоқпар етіп жұмсаймын, - депті.

Мұңайтпастың бет алған жағзынан қайтпасын сезген ағайындары: -Жарайды, қайда жүрсең де, аман болғайсың, - деп, шарасыздан ат басын кері бұрыпты. Мұңайтпас көшін алысқа тартып, сонау Ақмола жеріне

тоқтап, түбегейлі қоныстанып қалған. Негізгі құжаттарда Қажекеңді Ақмола жерінде туды дейтіні сондықтан». (Ш.Айтматов., М.Шаханов, «Құз басындағы аңшының зары»).

4-жаттығу. Берілген сөйлемдерден қос сөздерді теріп алып, олардың қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Тәңірбергеннің ақылымен жас қыз, сұлу келіншектер үстіне ескі-құсқыларын киіп, беті-қолдарын жумай, күлді-күйелеп болып жүр.

Тәңірбергеннің әлде де бір-екі күн ерулеп күте тұрайық деген сақтығын құлағына ілмеді. Күн шығар-шықпастан үй ішін оятты. (Ә.Нұрпейсов).

Сондай қалың қос-қос жылқы, табын-табын сиырлар да Албан жайлауларын оңды-солды шиырлап қаптаған. Аясы аз ғана Қарқара жазығы иін тірескен малдан беті-жүзін көрсетпейді. (М.Әуезов).

6-жаттығу. Қысқарған сөздерді жасалу жолына қарай топтап жазыңдар. *Кешкі сағат алтыда, мектеп үйінде Алғабас колхозының жалпы жиналысы болмақшы. Колхозға мүше 142 үй.* (Б.Майлин). *Ал осы роман жайында Қызылорда, Шымкент, Қарағанды, Семей пединституттарында, Қызылорда мен Жамбыл педучилищелерінде, астанамыз Алматыда С.М.Киров атындағы мемлекеттік университет пен Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтында, республиканың көптеген қазақ орта мектептерінде оқушылар конференциялары өтті.* (Ә.Нұршайықов). *1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының жұмыс барысы аясында Иордания Королі Хусейн бен Таланмен кездескен.* (Егемен Қазақстан).

Көшіріп жазу жаттығуы. Жаттығуды сауатты көшіріп, қос сөздерді тауып, түрлеріне ажыратыңдар, мағынасын түсіндіріңдер.

Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас, жаны жалғас адамдар ғана бір-бірімен тату дос бола алады. Себебі ондай адамдар бір-бірінің жай-күйін жақсы ұғысады. Бара-бара ондай адамдардың ой-арманы бір жүйеге түсіп бірінің ішіндегі пікірді екіншісі айтпай-ақ түсінетін болады. (Ә.Нұршайықов).

Үйдің іші сырт-сырт, шолп-шолп еткен тамшыларға толы. (С.Мұратбеков). *Өмір өз бетінше жекелеген адамдардың өкпе-наз, нала-мұңымен санаспай-ақ ағысын ағыл-тегіл жалғастырады-ай.* (О.Бөкей). *Әмірқан қымызы, тойы, ойын-сауығы, қыз-келіншегі бар жерде өзін-өзі ұмытып айтады.* (Ж.Аймауытов). *Манас бала-шағаның, ата-ененің, ағайын-қауымның Абайды көп ойлайтынын айтты.* (М.Әуезов). *Ар-ұят, намыс-кек - бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады.* (Ғ.Мүсірепов). *Хан қасындағылар жымың-жымың бір-біріне қарасты.* (Ә.Кекілбаев).

Грамматикалық жаттығу.

1-жаттығу. Төмендегідей грамматикалық формулаға сәйкес келетін біріккен сөз ойлап тап. Зат есім + зат есім; Сын есім + зат есім; Зат есім + етістік; Сан есім + зат есім;

3-жаттығу. Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жазып, күрделі сан есімдер емлесін есте сақта.

Шетелде қанша қазақ бар?

Тілдер жөніндегі комиссияның соңғы мәліметтеріне карағанда, шетелдегі қазақтардың саны жағынан ең көбі Өзбекстанда екен. Өзбек ағайындарымен қоңсылас қазақтардың саны бүгінгі күнде 1,5 млн. болып отыр. Ал Қытайдағы қазақтар – 1,5 млн., Ресейде 9 мың ағайын өмір сүрсе, Түркіменстанда – 100 мың қазақ бар, Моңғолиядағы санымыз – 80 мың, ал көршілес Қырғызстанның өзінде 45 мың отбасымыз бар.

Еуропадағы қазақтарға келсек, Германияда 200 отбасы бар. Ал Францияда – 210, Голландияда 35 отбасы өмір сүреді. Негізінен әлемнің 40 еліне таралған бауырларымыздың саны – 4,5млн. (Ана тілі).

5-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі қысқарған сөздерге тиісті қосымшалар жалғаңдар.

1. АҚШ... халық тұтынатын электр қуаты мен жылудың 25 пайызы АЭС... үлесіне тиеді. (Атамекен). 2. Өзбекстанның ҰҚШҚ ... қайта қосылғандығы осы жолғы басқосудың бір жаңалығы болды. (Егемен Қазақстан). 3. Сыртқы істер министрі кеше Брюсельде НАТО... мүше елдер сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатысты. (Өркениет).

Ауызша жаттығу.

1-жаттығу. Қосарлама қос сөздерге жатпайтын қос сөзді алып таста.

Мақсаты – оқушының жылдам ойлап, жылдам шешім қабылдауын қалыптастыру.

Хабар-ошар Мал-жан Үгіт-насихат Ап-алыс
--

Оқу-ағарту Қалт-күлт Ар-намыс Күш-қайрат

Орынды-орынсыз Есен-аман Кесіп-пішу Үлгі-өнеге

Трансформациялық жаттығу. 1-жаттығу. Қос сөздерді сөз таптарына қарай топтап жаз.

Ел-жұрт, барар-бармастан, отыз-қырық, сый-құрмет, ұғып-білу, қызылды-жасылды, құрбы-құрдас, жақсы-жаман, бес-бестен, тату-тәтті.

Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік

2-жаттығу. Бірге жазыла ма, бөлек жазыла ма?

Қара(адырдың) қаранды сайы елсіз. Қыстан қалған түбіті қазір де әр(жерде) сөйтіп жұлынып қалып жүр. Бір(мезгілде) бас жағына сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бір(деме) қасына тасырлатып келіп қалды. Далада құлындаған биелердің бір(неше) құлындары желінді. Жеңген жаудың сығымынан зорға құтылған қара(ала) қаңсылап, жүні жығылып, бір(жаққа) кетті. Бірақ қасқырға еш(бір) ит жете алмады. (М.Әуезов).

Орнына қою жаттығуы. 1-жаттығу. Берілген сөздерді үлгі бойынша топтап жазыңдар.

Үлгі:

Біріккен сөздер	Кіріккен сөздер
-----------------	-----------------

Қарлығаш, ағайын, жарыссөз, бүгін, кеңпейіл, өйткені, қолжуғыш, түрегел, қанақжай, тотықұс, әпер, сексен, түйетабан, шашбау, сабантой, сөйт,

2- жаттығу. Көп нүктенің орнына мағынасына сәйкес тиісті қысқарған сөздерді қойып, сөйлемдерді оқыңдар.

1. Бүгінгі таңда Абай атындағы ... республикалық ірі оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталықтарының бірі. (Зерде). 2. ... – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген, мектеп бітірушілерді қортыныды мемлекеттік аттестаттау және колледждер мен бағалаудың білім мекемелерінің тәуелсіз мемлекеті жүйесі. (Қазақстан-ZAMAN). 3. Қытай Қазақстанның ...-ға мүшелікке өту ниетін қолдап отыр. (Қазақ елі). 4. ... оқырмандардың көзқарасына ғана әсер етіп қоймайды, ол қоғамдық көңіл-күйдің өлшегіші сияқты. (Заң).

Керекті сөздер: БАҚ, ҰБТ, ДСҰ, АЛМУ.

3-жаттығу. Берілген сөйлемдерден сөз тіркесін, біріккен сөз, тіркесті сөздерді бөлек-бөлек топтап жазып кестені толтырыңдар.

Сөз тіркесі	Біріккен сөз	Тіркесті сөз
-------------	--------------	--------------

1) Айжан шамын ықтасынға қоя салып, үш ақбөкенді үш рет көтеріп апарып, жатқан сары атанның ық жағына қоя берді. (Ғ. Мүсірепов). Ақ аю - жер бетіндегі ең ірі жыртқыш аң. («Ол кім? Бұл не?») Ақ бесікте құндақтаулы бала сияқты. (Ғ. Мүсірепов).

2) Мен Кәменді мың Күреңтөбелге бермейтін қыз екен деп ойладым. (Ғ. Мүсірепов). Ұзынша, арық, көсе, қыр мұрынды, сида қара, тырбиған қара ауыз, тырбиған қызылша сақалды, күрең сары, боз, мықыр, сұр, қапсағай қара ... тағы да толып жатқан суретті адамдар. (С. Сейфуллин). Сонадан ышқынған күрең бесті шиыршық атып, қолды-аяққа тұрмады. (Ғ. Мүсірепов).

3) Темір пештің ішінде сөніп бара жатқан қызыл шоқтар көзін қысып, күлге оранып, ақырын ғана ұйқыға кетіп барады. (Ғ. Мүсірепов). Темір жол салушылардың өздерінен басқа тұс-тұстағы колхоздардан адам жіберілмегені жоқ. (Ғ. Мүсірепов). Аспан шырақтарын «Жетіқарақшы», «Темірқазық», «Құс жолы», «Қызыл жұлдыз», «Үркер», -деп атады. («Қазақстан» кітабы).

Шығармашылық жаттығулардың мақсаты - игерілген білімді кез келген жағдайда пайдалана білу. Ол оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу белсенділігін арттырады. Тексеру жаттығуының мақсаты - игерілген білімді тексеру, түзету. Жүйелеу жаттығуының мақсаты - игерілген білімді жүйелеу, дағдыға айналдыру. Машықтану жаттығуының мақсаты - берілген үлгілерге карап орындау арқылы игерілген білімді бекіту, іскерлікті қалыптастыру.

Іздену жаттығуының мақсаты - өз бетімен іздену арқылы игерген білімдерін толықтыру, сауаттылықты қалыптастыру.

1-жаттығу. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Менің Қазақстаным» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.

Елтаңба, әнұран, елбасы, бойтұмар, әнқұмар, ізбасар, ержеткен, халықаралық, отбасы, ұлтаралық, ұлтжанды. Алтыншы кезеңде оқушылар игерген білімдерін жүйелеу, дағды мен іскерлікті тексеру, жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.

2-жаттығу. «Ертөстік» ертегісінен үзінді оқылады. Соңғы сөйлемі: «Ертөстік ағаларының тірі екенін білді». Осыған дейін мазмұнын жазып, ары қарай ертегінің жаңа нұсқасын беріп, ертегіні аяқтаңдар.

Тапсырма. 1. «Ертөстік» ертегісіндегі кейіпкерлерді ата.

2. Ертегінің жаңа нұсқасында күрделі сөздің қай түрлерін пайдаландың?

3-жаттығу. Төмендегі мақала төңірегінде біріккен сөздерді қатыстырып, ой-толғау жазыңдар. Көгілдір экран көңілден шыға ма? Бізді теледидар жаулап алғалы қашан?! Қолымыз қалт етсе, соған үңілеміз. Үлкен де, кіші де. Ал, сол теледидар «ауруына» ұшырағандардың басым көпшілігі - балалар. Теледидардың пайдасы мен зияны жайында айтып жатудың қажеті жоқ. Өйткені ол туралы баспасөз беттерінде көп жазылып жүр. Қысқаша айтсақ, «сиқырлы» жәшік сендерді енжар, бойкүйез, қатыгез етіп қояды екен.

Ал бүгінгі арналарымыз өскелең ұрпаққа не беріп жатыр? Соған келейік. Іліп алар нәрі жоқ, қорқынышты шетелдік мультфильмдер, «боевиктер», «ужас»... Оның үстіне әр түрлі сериалдар... Бір КТК арнасының өзінде он бір сериал бар екен. Әрқайсысы бір сағат уақыт алғанда, тәуліктің 24 сағатының тең жартысы сонымен кетеді деген сөз. Қайран уақыт... Одан басқа арналар да қалыстайды. (Ақ желкен).

• Ой толғау жазу немесе пікірталас өткізуге қажет сұрақтар:

- Өз басың теледидар көргенді ұнатасың ба?

- Шынымен, бүгінгі балалардың білімінің төмендеп кетуіне теледидар кінәлі ме?

- Жоғарыдағы тілшінің мақаласына орай қандай пікір айтар едіңдер?

- Оның көтеріп отырған мәселесі дұрыс па?

4-жаттығу.

1. Қос сөздерді толтырып, сөйлем құра.

Әзіл - ...

Айтыс - ...

Ғылыми - ...

Ар - ...

... – желпі

... – төкпелі

... – кепшік

... – Дамай

Мінез - ...

Жора - ...

Өсек - ...

Жөн - ...

... – сезім

... – ғажайып

... – насихат

... – салтанат

(зерттеу, оспақ, жеңіл, кедей, құлық, өтірік, сана, үгіт, тартыс,

намыс, аумалы, дау, сән, қиял, жолдас, жастық)

5-жаттығу. Берілген сөздердің сыңарларын тауып, қос сөз жасаңдар.

Көң, бұрқ, алқа, емен, ескі, жал, жер, қат, қылтың, ойқы, соқа, сыбыр, сылаң, түрлі, тысыр, тіл, қыз.

Жүйелеу жаттығуы. 1-жаттығу. Мына біріккен сөздерді жасалу жолына қарай топтап, әрқайсысына мысал жазыңдар.

Азатжол, айнакөз (балық), батаяқ (кәде), бесіксалар (кәде), бойжеткен, білезік, дүниетану, қарлығаш, еңбеккүн, қолғанат, мойынсұну, жаздыгүні, жайнамаз, құлаққағыс, ақсүйек, әкелу, өнертабыс, келіссөз, белбеу, демалыс, балтытұмсұқ (құс).

Жетінші кезеңде оқушылардың интеллектуалдық дамуын бақылау, тіл мәдениетін көтеру, білімін толықтыру мақсатына танымдық, шешендік тіл мәдениеті жаттығулары беріледі.

4-жаттығу. Тіркесті сөздерді сөз таптарына қарай жікте.

1) Айтжанның бет-аузы үсіген-қара ала, торы ала еді. Оны әлі өзі де көрген жоқ-ты. (Ғ.Мүсірепов).

2) Әшейінде тарының таба нанын шетінен опырып алып аузына тығып жіберетін қыздар бүгін ақ нанды күрек тістерімен ғана тістелейтін болыпты.

3) Жер ошақ біткеннің бәрінен көк ала түтін көтеріліп, шақыр-шұқыр қазан қырылды. (Б.Майлин.)

4)Жанындағы біреудің жарғағын алып, қара қошқыл насыбайды бас бармағы мен сұқ қолының арасына қысып, қайда саларын білмеген адамдай, әңгімесін соғып, бірсыпыра отырады. (Б.Майлин)

5) Келесі күні Оспанның үлкен үйінде бар туысқандардың жиыны болды. (М.Әуезов).

6)Әйгерім өзінің киіз үйімен көшіп келіп, Абай сонда отыратын болды.

7)Қой қора жақтан біреудің тықылы естілді. (Ә.Әлімжанов).

Тексеру жаттығуы. 1-жаттығу. Берілген сөйлемдерді салыстырып, дефис (-) пен сызықшаның қойылу себептерін түсіндір.

Мақсаты - қос сөздер емлесі бойынша игерген білімдерін тексеру, ұқсас құбылыстарды салыстыра отырып бекіту.

1. Ойын-күлкінің қызығымен таң атқанын білмей қалдық (Б.Майлин). Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат (А.Құнанбаев).

2. Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық (мақал). Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды (Ы.Алтынсарин). Берілген сөйлемдерді салыстырып, дефис (-) пен сызықшаның қойылу себептерін түсіндір.

Осы жаттығуларды сабақта қолдану жолдарын Ы әрпінің емлесін оқыту бойынша қарастырайық. Ы әрпінің емлесі оқытуда мына сияқты теориялық анықтама, ережелер игертіледі. Ы әрпі сөзде орын талғамайды, сөздің арлық буындарында жазыла береді. Мысалы, ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмыра, жапырақ, отырыс, ынталандыру.

1. Сөз "р" дыбысынан басталып, одан соң а, ә, е, и, у, ұ әріптері және

"л" дыбысынан басталып, одан соң а, ә, е, о, ұ, у, ы, әріптері келгенде, сөз басында "р", "л" әрітерінің алдында "ы" әрпі жазылмайды: разы, рай, рақат, рақмет, лаж, лайсаң, лақ, лапыл, Рысалды, Рыскүл.

2. Сөзде "ы" әріпі "я", "ю" әріптерінің алдынан жазылмайды: қия, қияқ, қиямет, қиянат, қию, жию, биязы. Рақ(ы)метке бүгінгі мәлімдеме үлкен әсер етті. Әр жиналыстың өзіне (ы)лайықты бір әсері болды. Мәжіліс залы (ы)лық толған кезде басшылар келіссөздерін жалғастырды.

3. Сөз құрамындағы "ы" дыбысы жазуда түсіп қалып, жазылмайтын жерлері: етістік "ы" дыбысына аяталып оған тұйық етістіктің -у жұрнағы қосылғанда, "ы" әрпі жазылмайды, түсіп қалады: тоқы-у - тоқу, оқы-у-оқу: таны-у -тану.

4. Сөздің соңғы буынындағы "ы" әрпі оған дауыстыдан басталатын қосымша мағына өзгермейтін сөздерде түсіп қалады, жазылмайды: халық-ы - халқы, мұрын-ы - мұрны, мойын-ы – мойны.

5. Соңғы буынында "ы" әрпі жазылатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, "ы" әрпі жазылатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, "ы" әрпі түспей жазылады: қорық-ы - қорығы, қылық-ы - қылығы.

6. Етістіктің "Ы" дыбыстарына аяқталып, оларға көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, сөз соңындағы "Ы" әрпі мен көсемшенің -й жұрнағының орнына "и" әрпі жазылады: оқы-й-ды - оқиды, таны-й-ды – таниды.

7. Етістік "йі" әрітеріне аяқталып, оларға көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, соңындағы і-й әрітерінің орнына "и" әрпі жазылады: байый-ды - байиды, кейі-й-ді - кейиді.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына ы әрпін қойып, көшіріңіз.

Қ...рағлық, ас...ра, қ...рс...зд...қ, ...нт, мақсат...ғ..., салмақт...қ, құқ...қтар, ау...ст...р...м, халықарал...қ, кел...с...м, от...р...с, бейб...тш...л...к, серп...н, кел...сөздер, хал...қтар...м...зд...ң, мүддес...не, ...зг...л...кт..., ортал...қтанд...ру, нег...зделген, қ...зметт...к.

2-тапсырма. Берілген сөздерге қосымша жалғаңыз.

Отыр, нұсқау, лайықсыз, қырсыз, қырағы, құрылыс, құрылтай, жария, жауыз, сақтау, держава, бағдарламалар, даңғаза, даналар, ауытқу, аудар, азамат, азғын, жарамды, жаңыл, жомарт, жоба, қағидат, маңызды.

3-тапсырма. Берілген сөздер арқылы сөз тіркесін құрастырыңыз.

Құқық, жадығат, халықаралық, сыртқы, консулдық, заңдастыру, шапқыншылық, шекаралық, шарттарды, бұйрықты, қабылдау, артықшылықтар, дипломатиялық, әртараптандыру, наразылық, қосылмаушылық, азаматтық, басшысы, тұйықтық, ықпалды, шырғалаң.

4-тапсырма. Төмендегі сөздерге қосымша қосылғаннан кейін, оларды емлеге сай жазыңыз. Үлгі: бауыра - баура.

Қорық-а, қойын-ау, мойын-ақ, қырын-а, сарын-а, ойына, орын-а, жұрын-ақ, сарық-ыт, жалық-ау, қайыр-ақ, жайына, ұлы-ғай, қиын-а.

5-тапсырма. Сөйлемді оқып, "ы" әрпінің емлесіне талдау жасаңыз. Асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндірмелі сөздіктен қараңыз.

1. Бастықғың берген тапсырысын қызметкерлер толық бітіргені туралы ақпарат дайындады. 3. Ықылым заманда ұрпағына қалдырған бай әдебиетті оқырмандар таласа оқып жатыр. 4. Ұғымталдық қасиетімен ерекшеленеді.

7-тапсырма. Құрамында ы әрпі емлесіне сай сөздері бар мақал-мәтел теріп, олармен сөйлем құраңыз.

8-тапсырма. Төмендегі сөздерге қосымша қосылғаннан кейін, ы әрпін жазылатын жерде жазып, жазылмайтын жерде жазбай көшіріңіз.

Құлық-ы, қойын-ы, қайын-ы, жайын-ы, қиын-ы, жиын-ы, қауыз-ы, суын-ы, нарық-ы, көрік-і, бөрік-і, қырық-ы, парық-ы, тұрық-ы, ырық-ы, сиық-ы, ойық-ы, қиық-ы, қалып-ы, құлып-ы, дауыс-ы, туыс-ы.

9-тапсырма. Сөздердегі ы, і әріптерінің емлесін түсіндіріңіз.

Мейірім, ерітінді, қабілет, бөктері, ырыс, ырызық, іреу, іле, ұзын, топырақ, қорық, қысым, тебінгі, қадір, емурін, көнтері, іркілістер, ілгерілеу, шығыстарды, орналастыру, орталықтандыру, қызметкерлер, қолданылады.

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына ы немесе і әріптерін қойыңыз.

Әлем...д...к, ақша ең алд...мен төлем және сат...п алу қарж...с... бол...п таб...лад.... Өнеркәс...пт...к үлг...лерд... жасауға, қорғауға және пайдалануға байлан...ст... ұймд...қ, мүл...кт...к және еңбекке қат...ст... проблемалар патент заңдар...мен реттел...п от...рад....

11-тапсырма. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді жазыңыз.

12-тапсырма. "Екібастұз" сөзінің құрамындағы әріптерден мағыналы канша сөз жасауға болады?

Ойын жаттығулары. 1. Оңынан да солынан да бірдей оқылатын сын есімдерді табыңыз.

2. Құрамында 3 "а" кездесетін туынды сын есімді табыңыз.

3. Бір буыннан ғана құралған қандай сын есімдер бар?

4. Құрамында 3 "т" әрпі келетін негізгі сын есімі айтыңыз.

5. Сөз ішінде қосарлы дауыссыз дыбыстары бар сын есімдерді табыңыз.

2-жаттығу. Күрделі атаулардан тұратын төмендегі кестені толтырыңдар.

№	Қыз балалар есімі	Ер балалар есімі
1.	Нұржамал	Бауыржан
2.	Ақмарал	Нұрсұлтан

Іздену жаттығуы. Төмендегі қос сөздердің түсініксіз сыңарына этимологиялық талдау жасаңдар.

Мақсаты - қазіргі кезде мағынасыз делінетін қос сөз сыңарларының ерте кезде мағынасы болғанын, ол сөздердің басқа тілден енген сөз екендігіне оқушыларды іздендіру арқылы көз жеткізу.

Оқушылардың ізденімпаздық, өз бетімен жұмыс жүргізу қабілеттерін арттыру.

Жүн-жұрқа, жөн-жосақ, киім-кешек, иіс-қоныс, көйлек-көншек, қуғын-сүргін, жолдас-жора, ескі-құсқы, айла-шарғы, азық-түлік, шала-шарпы, сәлем-сауқат.

1-жаттығу. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен жапырақ, сөз, құрт, сыңарлы біріккен сөздер теріп жазындар.

2-жаттығу.

I. Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңінде кездесетін аң-құс, өзен-көл аттарын теріп жазып, сөздерді дара, күрделі түріне қарай жікте.

Тұжырымдағанда, қазіргі кезде мұғалімдердің сабақта қолданып жүрген жаттығуларының мынадай түрлері бар;

1. Өтілген тілдік материалдарды оқушыларға қайталап жатқа айтқызу арқылы жаттықтыру (емле, ереже т.б.)

2. Өтілген тілдік материалдарға (оқушыларға) мысалдар тергізіп, сол мысалдырды тәжірибелеріне пайдалану мақсатында жаттықтырылады;

3. Әріптердің емлесіне байланысты, қалдырылып қолданған сөздерге орнына тиісті әріптер жаздыру. Мысалы; ме...мил...қу.. т.б.

4. Түбір сөздер беріп, оған қосымшаларды жалғатып жаздыру. Мақсаты- сөз түрлендіруші мен сөз тудырушы қосымшалардың ерекшелігін таныту. а) жаңа сөздер тудырудың амалдарын білдіру мақсатында. Мысалы: жұмыскер, Бақытжан т.б. ә) Сөйлемдегі қосымшалардың байланысын білдіру мақсатында. Көптік-жіктік; ілік-тәуелділік;

5. Жеке әріптердің беріп-сөз құрату, бірнеше сөздерді беріп сөйлем құрату, сөйлемдерден қайырым, қайырымдардан мәтін түзу;

6. Бір категорияның грамматикалық белгілерін кестелеп талдай жаздыру. Мысалы, тәуелдеу, септеу (мәтін теріп жаздыруға да болады).

7. Белгілі бір орфографиялық ережеге байланысты қосымшаны немесе сөйлем ішінен сөздерді аттап кетіп, оны оқушыларға таптыртып жаттықтыру. Мысалы: ...кісінеді. ...тоқыды.

8. Өткен грамматикалық белгілерді тапқызып, астын сыздырады және оны дәлелдеттіреді;

9. Мәтіннің ішінен белгілі үйретілген грамматикалық белгілердің теріп жаздыру;

10. Сөздік жасату жолымен жаттықтыру (синоним жасау, антоним, зат есім, түсті білдіретін сөздер);

11. Бір грамматикалық белгіден екінші грамматикалық белгіні ажырату жолымен жаттықтыру (көмектес септік пен шылауды ажырату);

12. Мәтіндердің ішінен грамматикалық белгілерді тауып жаздыру немесе оқушылардың жіберген қателерін дұрыстап көшірту жолымен жаттықтыру (дұрыс жаздырады, ережесін айтқызады, мысалы келтіреді т.б.)

13. Өтілген тілдік материалдар бойынша мысал тергізіп, сол мысалдарды тәжірибесінде пайдалануға жаттықтыру;

14. Сөз мағыналары мен сөздердің жазылу емлелеріне қарай сөздік жасату жолымен жаттықтыру;

15. Талдау жүргізу арқылы жаттықтыру.

16. Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы жаттықтыру.

18. Қазақ тілінен оқытуды көбінесе оқулық пен оқу құралдарында берілген жаттығу мақсатында ұйымдастыруды талап етеді т.б. Жаттығуларды орындаудың да тәртібі бар, яғни жаттығуларды орындағанда оқу үдерісі өтілуінің заңдылықтарымен айқындалған белгілі дидактикалық дәйектілікті қажет етеді.

1. Алдымен білімді берік меңгерудің қамтамасыз ететін, яғни жаңа оқу материалдарын жаттап алуға, есте сақтауға, саналы түсінуге бағытталған жаттығулар орындалуы тиіс. Бұл ретте жаңа сөздерді, ережелерді, мазмұнды жаттап немесе білу болады. Өзге бір жағдайлар да бұл жазу үдерісінің барысында оқушыларға жаңа материалды игеріп алуына көмектесу мақсатында болады. Мысалы; мәтіннің ішінен игеріп алуына көмектесу мақсатында теріп жаздыру, бір грамматикалық материалмен екінші материалды (форма, категория т.б.) салыстыру т.б.

2. Бұдан соң оқығанды, үйретілгенді жаңғыртуды көздейтін, игеру, жаттау, білу сапасын тексеретін жаттығулар орындалуы тиіс. Бұл оқушының да мұғалімнің де жұмыс нәтижесін анықтайды.

3. Енді анағұрлым күрделі жұмысты қажет ететін, білімді қолдана білуге бағытталған, тәжірибелік қолдана білу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүргізіледі. Бұлар - іріктеп таңдауды, басқа құбылыс ерекшеліктермен салыстыруды т.б. қажет ететін жаттығулар. Педагогикалық әдебиеттерде жаттығудың бұл түрін кейде жартылай шығармашылық деп атап жүр.

4. Соңынан оқушылар жаңа білімдерін тәжірибеде қолдануды үйренген соң, білім мен іскерлікті өз бетімен шығармашылықпен қолдануды көздейтін жаттығуар деп аталатын анағұрлым қиын жаттығуларды (шығарма, өз бетімен мәтін құрау) қолданылады.

Соңғы кездерде дербестікті дамытуға, қабілеттерді қалыптастыруға және белсенді ойлауға көңіл аударудың күшеюіне байланысты іздену - проблемалық, шығармашылық типтегі, танымдық және дамытушылық маңызы бар жаттығулар жасауға және құрастырылуға айрықша мән берілуде. Сонымен жаттығу білімді бекітудің және іскерлік пен дағдыларды қалыптастырудың сондай-ақ оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдісі болып табылады.

Қорыта келгенде, жаттығуларды орындағанда нақты, белгілі талаптар сақталғанда ғана тиімді болмақ. Оқушылар оны саналы түрде орындау қажет. Ол үшін мұғалім мынадай мәселелерге ажыратып, мақсатын түсіндіріп отырады:

1. Оқушы ұсынатын жаттығуды қай материалдар бойынша беріліп отырғанын анық білуі (ереже, анықтама, емле т.б.)

2. Жаттығуды қандай мақсатпен орындалу жолдарын білу (терминдер мен анықтамаларды жаттап алу, естеріне түсіру, жаңа ережені

меңгеру)

Жаттығуда қалай орындау қажет екенін білу (мұғалімнің түсіндіріп көрсетуі, оқулықта берілген үлгі арқылы т.б.)

Мектепте қазақ тілі білімі белгілі жүйе бойынша беріледі. Атап айтқанда 5 сыныпта синтаксис және орфография, фонетика, лексика, морфологиядан алғашқы мәлімет берілсе, 6 сынып лексика морфология, 7 сыныпта морфология, синтаксис, 8-9 сыныптарды синтакситің категорияларынан білім беру көзделеді.

Жаттығу жүргізудің әдіс-тәсілдері сан алуан. Тәжірибелі мұғалімдер оны әр мақсатта түрлендіріп жүргізіледі:

1. Сабақтың құрылысы, бөлшектері мен мақсатына байланысты жаттығу жүргізу. Олар: өткен материалды қайталап, естеріне түсіруге байланысты теориялық анықтама, ережелерге мысалдар ойлап таптыру;

2. Оқушылардың бұрынғы білімі мен жаңа игерілетін материалдармен байланыстырып, тіл білімінің жүйесін түсіндіру арқылы тілдік материалдың емлесі бойынша жаттығу жүргізу;

3. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін жаттығу жүргізу. Онда: ойын элементтерін пайдалану, кеспе, кесте, сызба т.б. түрлерін пайдалану т.б.

4. Оқушының сауатты жазу дағдысын ойын, тілін дамыту мен тіл мәдениетін жетілдіру үшін жаттығу жүргізу. Сондай-ақ жаттығу жұмысы әр сыныптаға қазақ тіл білімі материалдарымен байланысты жүргізіледі.

2.2.2 Орфографиялық талдау әдісі

Мұғалім орфографиялық талдау жүргізгенде емлелік материалдарды жақсы білетін бір ғана оқушының меңгеруімен есептеспей, бүкіл сыныптың жете меңгеруімен санасуы тиіс. Оқушылардың негізгі білмейтін жерлерін есепке алып, соған байланысты талдаулар жасатып отырады. Мектеп оқушыларының сауатты жаза білуі қазақ тіліне қатысты орфографиялық ережелерді жете меңгеріп, оны іс жүзінде еркін қолдана алуына байланысты екендігі белгілі.

Талдау – нәрселердің қасиет-белгілерін ойша ажырату. Бір нәрсені екінші нәрседен ажырата білу – яғни анализдік деп аталатын психологиялық үдеріс негізінде пайда болады. Яғни орфографиялық ережелерді ажыратып түсіну, басқа да грамматикалық материалдармен салыстыра ұғыну сияқты, жүйелік ұстанымына негізделеді.

Орфографиялық талдау тұсында дыбыстардың түрлері, олардың жасалуы, дыбыс пен буын заңдылықтары, үндестік заңының ерекшеліктері пысықталып қайталанып отырылуы тиіс. Мысалы, орфографиялық талдау мазмұнына қарай төмендегі тәртіпте жүргізіледі: дыбыс пен әріпке қарай еріндік дауысты дыбыс әріптерінің жазылуына, езулік дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуына, қосарлы дауысты дыбыс әріптерінің жұмсалуына, үнді дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуына, ұяң дауыссыз дыбыс әріптерінің жұмсалуына, қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің

колданылуына, дыбыстар тіркесінің емлесіне, буын жігіне байланысты, тасымалға лайықты талдау басқыштары арқылы жүзеге асырылады. Талдау сыныпта да, үйде де, ауызша да, жазбаша да орындала береді.

Қазақ тіліне қатысты орфографиялық талдау мынандай әдістемелік жүйе негізінде іске асады: 1) орфографиялық талдау қайсы тақырыпқа байланысты жүргізілетіндігі ескеріледі; 2) белгілі бір орфографиялық тақырыптарға сай сөйлем не мәтін таңдалады; 3) сөйлем не мәтінді оқушылар дауыстап оқиды; 4) сонан соң мұғалім осы сөйлемнен не мәтіннен қайсы орфографиялық ережелерді байқау керек екендігін айтады; 5) орфографиялар анықталып оқушылардың сөйлемдегі не мәтіндегі әріптер мен буындардың, сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуын түсіндіреді: Талдау таңдап алынған сөйлем не мәтін ішіндегі барлық сөзді талдап жатудың қажеті жоқ, тек сол сөйлем не мәтін ішіндегі ерекше орфограммалық жақтан көзге түсетін, талдау мақсаты мен шартына жауап бере алатын сөздер мен сөйлемдерді талдаған жөн.

Оқушылардың жазба жұмыстарында байқалған олқулықты болдырмау мақсатымен олардың әр түрлі ойлау әрекеттерін дамыту көзделіп, жоғарыда келтірілген сөйлемдерді талдау мынадай тәсілмен жүргізіледі. Мысалы, Әңгіме әдсі арқылы ауызша талдау:

Мұғалім: Бірінші сөйлемдегі *Бейсенбек пен Үсен* деген сөздер қандай сөз табына жатады?

Оқушылар: Екеуі де зат есім.

Мұғалім: Қандай сұраққа жауап береді?

Оқушылар: *Кімдер?* деген сұраққа жауап береді.

Мұғалім: Дұрыс. Осы сөйлемде *пен*-ді қоспай-ақ *Бейсенбек, Үсенді көрдім* деп айтуға бола ма?

Оқушылар: Болады. Сөйлемнің мағынасы бұзылмайды.

Мұғалім: Олай болса, *пен* деген сөздің осы сөйлемде дербес мағынасы бар ма?

Оқушылар: Жоқ. Бұл — шылау сөз.

Мұғалім: Дұрыс. Шылаулар қалай жазылушы еді?

Оқушылар: Алдыңғы және келесі сөздерден бөлек жазылады.

Мұғалім: Дұрыс. Шылау сөздердің бөлек жазылатынын естеріңнен шығармандар. Ал осы сөйлемдегі *пен*-ді сен қалай жазыпсың, Болат?

Болат: Мен бірге жазыппын, ағай.

Мұғалім: Қалай жазу керек?

Болат: Бұл сөйлемде *пен* бөлек жазылу керек. Өйткені ол шылау.

Мұғалім: Дұрыс. Енді мына сөйлемді талдап көрейік! *Үсенмен бірге келдім*. Не себепті бұл сөйлемде мен алдыңғы сөзбен бірге жазылған?

Оқушылар: *Мен* - жалғау. Алдыңғы сөзбен бірге жазылады. Бұл сөйлемде *Үсенмен* бірге деген сөздер бірыңғай сөздер емес. Олар бір сұраққа жауап бермейді.

Мұғалім: Дұрыс. *Үсен бірге келдім* деп айтуға бола ма?

Оқушылар: Болмайды. Сөйлем ұқсаспайды.

Мұғалім: *Үсен* деген атау бірге келдім деген сөзбен байланысты болу

үшін не керек ?

Оқушылар: Бұл жерде міндетті түрде *мен* сөзі керек.

Мұғалім: Осы сөйлемге қандай сұрақ қойылады?

Оқушылар: *Кіммен? Кіммен келдің?*

Мұғалім: Дұрыс. *Ал кіммен?* деген сұрақ қандай жалғаудың сұрағы?

Оқушылар: Көмектес септіктің сұрағы.

Мұғалім: Сондықтан бұл сөйлемдегі *мен* сөзі қалай жазылады?

Оқушылар: *Мен* сөзі өзінен бұрынғы сөзбен бірге жазылады. Барлық жалғаулар алдыңғы сөзбен бірге жазылады.

Қазақ тіліне байланысты оқушылардың жазба жұмыстарындағы қателерін дәптерде не тақтада тексеріп және оны түзетіп отырудың сауаттылықты арттыру үшін пайдасы мол. Сондықтан мұғалім сыныптағы және үйдегі орындалатын тапсырмаларды дәптерде қалай орындап отыратындықтарын күнделікті қадағалап, тексеріп отырғаны жөн. Теориялық материалға байланысты сынып дәптерінде орындалған тәжірибелік жұмыстар, үй тапсырмалары көшіріп жазылған мәтіндер мен жаттығулар, диктанттар, мазмұндамалар мен шығармалар мұғалім тарапынан үнемі тексеріліп тұруға тиіс.

Сынып жұмыстарын қадағалаумен қатар үй тапсырмалары да төмендегі тәртіппен тексеріледі: 1) мұғалім парта үстіне қойылған әрбір оқушының дәптерін жалпы барлап көріп шығады. Мұнда әрбір оқушының үй жұмысын орындаған, орындалмағанын, онда қандай орфографиялық қателер жібергенін байқайды; 2) бір оқушыны мұғалім тақтаға шақырып, дәптеріндегі жазылған үй тапсырмасының қалай орындалғандығын айтып беруді талап етеді; 3) үй тапсырмасының әрбір сөйлемі кезекпен оқылып тексеріледі. Мұғалім сыныптағы орындалған жаттығуларды сол күні тексеріп, нәтижесін айтады.

Оқушылардың дәптерде жіберілген қателері әр кезде қызыл сиямен түзетіледі. Себебі қызыл сия оқушылар көзіне анық көрінеді. Қателерін тез көріп, оны тез жою үшін жұмыс жүргізуге пайдасын тигізеді. Сондай-ақ қазақ тіліне байланысты орфографиялық қателерді түзетуде мына тәрізді тәсілдер іске асырылады: 1) дәптерде жіберілген орфографиялық қателердің асты қысқа сызықпен сызылады да, дәптер жанындағы ақ жолға қате жіберілген сөздің дұрысы жазып қойылады; 2) дәптерде жіберілген қатенің асты сызылып, дәптер шетіне оқулықтағы ереженің параграфы мен беті көрсетіледі. Мұндай тәсіл қате жіберілген орфограммаға байланысты ережені тауып оқып, неліктен қате жібергендігін сезу үшін іске асырылады; 3) дәптердегі жіберілген қателердің асты сызылады, бірақ ол түзетілмейді. Оқушылар асты сызылған сөздерге қарай отырып, неліктен қате жібергендігін өздері тауып түсіндіреді. Бұл да оқушыларды өздігінен іздендірудің бір түрі болып есептеледі. Бұдан кейінгі дәптердегі пунктуациялық қателердің асты қос сызықпен, стилистикалық қателердің асты ирек сызықпен сызылып көрсетіледі. Дәптер соңында қателердің барлық түрі есептеледі.

Орфографиялық сөздікпен жұмыс істеу тәсілдері, мектеп

оқушылары үшін жазылатын орфографиялық сөздік төмендегі талаптарға сәйкес жазылуы тиіс: 1) орфографиялық сөздік әрбір сынып оқушыларының алған біліміне сай сөздік қоры мен сөз байлығын есептей отырып жасалуы қажет; 2) ол сөздікке арналған бағдарламаға сәйкес жазылуы тиіс; 3) мұнда орындалуы қиын деген сөздердің жазылуы көрсетілуі керек; 4) сөздік жасауда оқушылардың әр сабақ сайын қанша сөз меңгеретіндігі ескерілуі жөн; 5) әр оқушы, әр сынып жыл сайын қанша жаңа сөз үйренетіндігі де қарастырылуы қажет; 6) сөздікте әрбір сөз екпінмен ажыратылып тұрғаны дұрыс. Осындай талаптармен жасалған орфографиялық сөздіктің пайдасы мол.

Мектеп оқушыларын сөзді жылдам орфографиялық сөздіктен таба алатындай дәрежеге жеткізу үшін төмендегі құрамда тәжірибелік дағдылардың жүйесі іске асырылуы тиіс: 1. Орфографиялық сөздіктен алфавиттік кесте 3 - 4 оқушыға дауыстап оқытылады. 2. Бұрын жатталған әріптердің, алфавиттік тәртібі қайталанатын. 3. Алфавиттегі әріптердің қайсысы қайсысынан бұрын және кейін келетіндігі таптырылады. Мәселен л әрпі қ әрпінен бұрын да, м әрпінен кейін. 4. Бір әріптен басталған сөз алынады да, осы бірінші әріптен кейінгі келген әріптердік тәртібі ақықталады. Мысалы, бақша, бақшашы, бақшашылық. 5. Бір әріптен басталған сөздер алынады да, осы бірінші әріптен кейін алфавит тәртібі бойынша қандай әріптер келетіндігіне мысалдар таптырады: Мәселен, дабыл, дағды, дайым, дақыл, дала, дамыл, дана, даңғыл т. б. 6. Орыс тілі арқылы енген сөздердің жазылуы орфографиялық сөздіктен қарап алынады. 7. Кейбір термин сөздердің жазылуы сөздіктен қаралады. Мәтіндегі кейбір сөздердің, жазылуы сөздіктен таптырылады. 8. Қазақ тілі материалдарын өтуде орфографиялық сөздік пайдаланылады. 9. Қазақ тіліне байланысты морфологиялық материалдарды оқытуда сөздік жұмысы іске асырылады. 10. Орфоэпиялық тақырыптарды өтуде орфографиялық сөздік пайдаланып отырылады. 11. Дауысты және дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін үйретуде сөздік жұмыстары алып барылады. 12. Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін оқытуда орфографиялық сөздік жүзеге шығарылады. 13. Дыбыстар тіркесінін емлесін үйретуде сөздік пайдаланылады. 14. Орфографиялық сөздіктен мысалдар таптырып, оларды буынға бөле отырып тасымалданады. 15. Түрлі жазба жұмыстарын жүргізу тұсында орфографиялық сөздік пайдаланылады. 16. Өтіліп отырған материалға байланысты әр түрлі әріптерден басталатын сөздер орфографиялық сөздік бойынша игертіледі.

2.2.3 Орфографияны игертуде диктант жұмысын жүргізу

Оқушыларға орфографияны және өз ойын жазбаша дұрыс бере білуге дағдыландыратын және үйрететін жаттығу көп қолданылатын тәжірибелік әдістерінің бірі диктант жаздыру болып табылады. Диктанттың мақсатын әр әдіскер мен озат мұғалімдер әр түрлі анықтайды.

Ш.Әуелбаев диктант жұмысының мақсатын былайша анықтайды:

«Жатқа жазу оқушылардың грамматикалық ережелерді дұрыс меңгергенін есту қабілетінің жазуға төселу машығының қаншалықты қалыптасқанын байқатады. Әр диктанттың әр түрін жазуға дайындық болады. Сыныпта жиі жазылатын диктанттың түрлері: *көру, сөздік, шығармашылық, талдау, түсіндірме, ескертпе диктанттары*. Диктанттың бұл түрлерін жүргізуге арнайы сағат бөлінбейді. Мұғалім күнделікті сабақ жоспарын жасағанда диктанттың бір түріне мәтінді дайындап келіп, сабақтың тиімді бір кезеңінде \10-15 минут\ жаздыруға болады», - дей келіп, бақылау диктантына арнаулы сағат бөлу керек дейді.

Бұған қарағанда, бұл авторлар жаздыру мақсатына қарай диктанттың екі түрі бар екенін меңзейді.

1. Үйрету бағытындағы;

2. Бақылау, білім сынау бағытында [93].

Ал, Д.Әлімжанов пен Ы.Мамановтың «Қазақ тілін оқыту методикасында» диктант туралы былай жазады: «Оқушыларға орфографияны үйретуде көп қолданылатын әдістердің бірі - диктант жаздыру болып табылады. Диктанттың бірнеше түрі бар. Диктанттың бұл көрсетілген түрлерінің барлығы да орфография мен грамматиканы үйрету үшін қолданылады. Тек бақылау диктанты оқушылардың білімін тексеру үшін жүргізіледі» [94].

Қ.Жолынбетов «Қазақ орфографиясын игертудің негіздері» \1957\ кітабында диктантты мынадай екі топқа бөліп қарастырады:

1) Үйрету диктанты

2) Бақылау диктанты [85].

Мұндағы үйрету диктантын былайша топтастырады:

1) *көру*, 2) *шығармашылық*, 3) *ерікті*, 4) *өздік*, 5) *сөздік*, 6) *ескерту*.

Тіптен Р. Мұратәлиев, Ә.Марасұлов, Н.Қасабековалар диктанттың бастауыш сыныптардағы мынадай түрлерінің бар екендігін анықтайды: 1) *әріп диктанты*, 2) *буын диктанты*, 3) *сөз диктанты*, 4) *сөйлем диктанты*, ал *көру, өздік, сөздік, терме, бақылау диктанттарын* осы сөйлем диктанттарына жатқызады.

Диктант жаздыруда жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге деген жалпы педогогикалық ұстанымға сүйеніп жүргізіледі.

Бұл ұстаным бойынша әр сынып оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім дәрежесі есепке алынады. Мысалы, бірінші сыныпта екі-үш әріпті өтісімен әріп диктанты, олардан құралған буындарды игерту мақсатында буын диктанты, бірте-бірте сатылай қиындатып, сөз, сөйлем, графикалық диктанттарға ұласады. Сөйтіп оқушылар жоғарыда көрсетілген диктант түрлерін әбден меңгерілгеннен кейін барып үйрету диктанттарының күрделі түрлері /терме, көру, шығармашылық, ескерту т. б./ жаздырылады.

Диктант жұмысын жүргізу екі мақсатты көздейді.

1) Диктант жұмысын жүргізу көбінесе оқушылардың теориялық білімін сынауға қолданады. Олардың өткен материалды қаншалықты меңгергені диктант жазу барысында айқындалып отырады. Оның

нәтижесінде мұғалім қай оқушының қандай тақырыптан қате жібергенін айқындайды. Әрі қарай мұғалім қандай шара қолдану жолын белгілеп, жұмыс жоспарын анықтайды.

2) Диктант жұмысын үйрету, қайталау, пысықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл кезде диктант жұмысын ұйымдастырып отырған жаңа білімді бекіту, кейбір ерекшеліктерін саналы таныту үшін қолданылады.

3) Диктант жұмысын ұйымдастырып жүргізудің өзіндік талаптары бар: диктант жүйелі түрде түрлендіріп жүргізілуі; диктанттың мәтін мазмұны, ережелердің саналы игерілуі; жайдан күрделендіріп, оңайдан қиынға қарай ұйымдастырылуы.

Қазақ тілінен ұйымдастырылатын басқа да жазба жұмыстары сияқты диктант жаздырудың да өзіндік әдіс тәсілдері бар. Олар: мұғалімнің диктант алуға даярлығы, диктант жүргізуге оқушыларды дайындау және жүргізу болып табылады.

Мұғалім диктант жүргізуде ең алғаш мәтін таңдаудан басталады. Диктантқа мәтін дайындауға мынадай талаптар қойылады:

1. Диктант мәтіні, мазмұны жағынан оқушыларға түсінікті, тәрбиелік мәні бар және әдеби тілдің талаптарына сай болуы керек;

2. Диктант әр түрлі жанрдағы шығармалар, үзінділер, арнаулы мәтін болуы;

3. Диктант мәтінінің құрамындағы сөздердің бәрі оқушыға түсінікті болуы керек. Егер түсініксіз және өте сирек қолданылатын емлесі қиын сөз кездесе, ол түсіндіріліп, көрсетіледі;

4. Диктант мәтінінің емле қиындығы орташа дәрежеде болып, бағдарламаға сай сұрыпталады;

5. Диктант мәтініне әрбір 2-3 орфографиялық және тыныс белгілерінің нысандар болуы тиіс т.б.

Мұғалімнің келесі бағыттағы жұмысы - диктантты тексеру. Диктант жұмысының қай түрі болса да тексеріледі. Әсіресе, бақылау жұмысын тексеріп, оқушылардың жіберген қателерін сұрыптай отырып, олардың жіберу себептерін анықтайды. Соңынан қатемен жұмысты жүргізу мен оның болдырмау әдіс-тәсілдерін ойластырады.

Мұғалімнің оқушыларды диктант жазуға даярлауы сол сабақ үстінде немесе үй тапсырмасына байланысты жүргізіледі. Бұл диктант өтіліп отырған грамматикалық материалға байланысты және сөздер мен сөз тіркесін қатесіз жазу үшін жаздырылады. Берілген мәтін ішінен өтілген ережеге байланысты сөздерді немесе сөз тіркестерін теріп жазып, оған талдау жасалады. Бұл оқушылардың сөздік қорын байытуға көмектеседі.

Сөздік диктантын жазғанда оқушылар жеке сөздердің мағынасымен таныса отырып, жаңа сөздерді игереді. Бұл диктантты жаздыру үшін үйретіліп отырылған теориялық мәселеге байланысты мұғалім мәтін таңдайды, онда оқушыларға орфографиялық немесе фонетикалық мағынасынан ауырлық келтіріп жүрген сөздерге ерекше назар аударады.

Сөздік диктантты жүргізу үшін мұғалім бірнеше тәсілді /көру, есту, түсіндіру т.б./ қолданады. Сондай-ақ сөздік диктантын күнделікті сабақ

барысында 5-8 минут уақыт бөліп өткізуге болады. Бұл диктанттың түрі сабақтың кез келген уақытысында, кезеңінде жаздырылады. Сөздік диктантына оқушылардың жыл бойы меңгеруге тиісті термин сөздер мен жазылуы қиын байырғы сөздерді де алуға болады. Бұл диктанттың көлемі әр сыныпта әр түрлі болмақ:

Терме диктант. Терме диктанты белгілі бір орфографиялық ережеге, сөздер мен сөз тіркестерін жазуға байланысты жүргізіледі. Бұл диктант арқылы грамматикалық түрлі ереже, анықтамаларды пысықтауға, қайталап естеріне түсіруге болады.

Атап айтқанда, оқушыларға күрделі бір мәтін ұсынып, соның ішінен сөз тұлғаларының бірін немесе сөз таптарының бірін теріп жазуға тапсырма береді. Терме диктантта оқушылар берілген мәтіннің керекті сөздерін ғана көшіріп қоймай, оның қандай тұлғада тұрғанын ажыратады.

Мысалы, сан есімді өткен кезде сан есім сөздердің емлесі бойынша терме диктанттың үлгісі:

Ең үлкен.

Жан-жануарлардың ішіндегі ең үлкен кит. Оның ұзындығы 33 метр, салмағы 150 тонна. Мұндай салмақ - 30 піл немесе 150 өгіздің салмағына тең деген сөз. Мұндай киттің жүрегінің салмағы - 700 килограмм, тілінің салмағы 2 тонна. Ал жаңа туған киттің баласының ұзындығы 8 метр, салмағы 6 тонна.

Сондай-ақ қос сөзді өткен кезде қос сөздің емлесі бойынша терме диктант.

Теңіз дауылы

Теңіз кеңістігінің беті ойлы-қырлы болып өзгеріп, қара қошқылданып қалыпты. Қазір бір шаңырақ құзды, қара сұрлау қойнына өтіп кететін тәріздіміз. Теңіз беті минут сайын құбылып, тау құзға, құм тауға айналды. Ашулы толқын арс-арыс етіп, теуіп кеткен сайын, біз қонақтаған шағын ғана мұз шыңы бір жағы төңкеріліп бара жатқандай дөңбекшіп-дөңбекшіп алады. Әр жерден бір опырылып түскен мұз, кесектер жандана тулаған көкжалдан төбесіне қарғып, қарғып түседі.

Ескерту диктанты. Мұғалім сөйлемді дауыстап оқиды да, бір оқушы қайталап ішіндегі сөздердің жазылу емлесін айтады. Мұнда қандай сөзге, нысанға тоқталу керек екендігін мұғалім көрсетіп, түсіндіріп, ескертеді. Соңынан сол сөйлемді оқушылар жатқа дәптеріне жазып, ережесі талданған сөздің астын сызып белгілейді, оның жазылу емлесін айтып береді. Қалған оқушылар өздерінің жазған жазуларын тексеріп, жіберген қателері болса түзетеді.

Өздік диктант. Өздік диктантты оқушылар мәтінді мұғалімнің айтуы бойынша емес, өздігінше жатқа жазады. Өзіндік диктанттың жаздырудың бірнеше жолы бар.

Бірінші өтілген тақырыпты бекіту мақсатында мұғалім диктант мәтінін тақтаға жазады. Жеке сөздердің жазылуы, грамматикалық ереже түсіндіріледі. Соңынан оқушылар мәтінді бірнеше рет оқып, жаттап алады.

Содан кейін тақтадағы мәтін беті жабылып қойылады да, оқушылар оны жатқа айтады.

Екінші мұғалім мәтінді оқулықтан, кітаптан, газет, журналдан үзінді көрсетіп береді. Мәтінді оқушылар бірнеше оқып қайталаған соң кітап, оқулық т.б. жабылып оқушылар жатқа жазады. Соңынан мәтінмен салыстырылады.

Үшінші - оқушыларға жаттаған өлеңдерді, кара сөздерді жатқа жаздыру. Өздік диктант арқылы оқушылардың өткен сабақты меңгергенін ғана емес, орфографиялық және синтаксистік ережелерді қалай ұғынғанын, оларды тәжірибеде қалай пайдалана білетінін байқауға болады.

Іздету диктанты. Бұл диктанттың басқа диктанттардан айырмасы - мұнда оқушы барлық мәтінді не сөйлемді түгел жазбайды, мәтіннің ішінен анықтамаға не ережеге байланысты жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді тауып, теріп жазады. Немесе сөйлемді, мәтінді жазып болған соң, сол нысан таптырады. Мысалы, *Қаракөз Кенжетай мен Балтабектің арасына отырады* деген сөйлемді оқымастан бұрын, біріккен сөздердің емлесін қайталап, өткенді естеріне түсіреді. Сонан соң осы сөйлемді жайлап келесі әр сөзге кідіріс жасап оқиды. Оқушылар мұғалімнің тапсыруына қарай мәтін ішінен біріккен сөзді теріп жазады, немесе түгел сөйлемді жазып, біріккен сөздің жазылу емлесі талданады.

Түсіндірмелі диктант. Бұл диктант жаңа материалды игерту мен бекітуде жаттығу әдісі ретінде өткізіледі. Сондықтан түсіндірмелі диктантты жаздырудың өзіндік әдіс-тәсілдері бар:

Біріншіден, түсіндірмелі диктант жаздыру үшін мұғалім мәтін таңдаудан бастайды. Алынатын мәтінге игерілетін немесе бекітілген нысан болып, оны ажыратудың қиындығы орташа болады.

Екіншіден, мәтіндегі нысан оқушылардың игергені және ол туралы мәліметі болуға тиіс;

Үшіншіден, мәтіндегі нысан нақты бір мәселе, ереже, анықтама, категория, форманың көлемінде болады. Өйткені бұлар бірнеше болса, оқушылардың ойы бөлініп, орындай алмауы мүмкін.

Төртіншіден, мәтіннің көлемі шағын болады, өйткені көлемді мәтінді орындату уақытты алса, екіншіден, қайталана берген мәтіннің оқушының орындау ынтасын төмендетеді.

Көру диктанты. Бұл диктант өтіліп, үйретіліп отырылған тақырыпқа байланысты нысан материалдар сынып оқушыларына көрсетіліп түсіндіруден басталады. Мұнда оқушы ережелерді игерген соң соған байланысты мәтінді көріп, оқып, бақылау арқылы есте сақтай отырып жаздырылады.

Диктант оқушылардың көру, есте сақтау, тану қабілеттерін дамыту мақсаттарын жүргізіледі. Көру диктантына жазылуы қиын байырғы термин сөздер, сөз тіркестері және шағынды мәтіндік жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

Бақылау диктанты және қатемен жұмыс. Бұл диктанттың мақсаты - оқушылардың грамматика тақырыптарын қандай дәрежеде меңгергенін

және сауаттылық деңгейінің қандай болғанын анықтау. Бақылау диктантын жүргізу үшін мұғалім күні бұрын тапсырмалар беріп, жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Қайталауға тиісті ережелерді көрсетіп, үйге өз беттерінше даярлануға үйге тапсырмалар береді. Олардың орындалу барысын үнемі қадағалап отырады. Түсініксіз немесе шала қабылданған материалдар сыныпта қайта талқыланылып, оқушы біліміндегі ақаулар түзетіледі. Мұндай дайындық жұмыстары бақылау диктантының сапалы өтуіне әсерін тигізеді.

Бақылау диктантына арналған мәтін мүмкіндігінше мағыналық тұтастықта болғаны дұрыс. Диктант мына жүйеде жүргізіледі. Мұғалім балаларды үзіліс кезінде жазылып қойылған диктант тақырыбымен таныстырады.

Диктант мәтінін дауыстап бір рет оқып береді. Жазуда қандай ережелерді басшылыққа алу керектігі қысқаша ескертіледі.

Әрбір сөйлемді мұғалім үш рет қана қайталап оқиды. Бірінші оқыған кезде оқушылар жеке сөздерді сөз тіркестерін немесе сөйлемді тыңдап, олардың мағынасын ұғып, жадында сақату керектігі ескертіледі. Екінші рет оқыған кезде балалар сөйлемді жазуға кіріседі. Алғашқы сөйлемнің сөзді қайырымнан (абзац) басталатыны түсіндіріледі. Үшінші рет қайталағанда, олар жазған сөйлемнің дұрыстығын тексеріп, тыныс белгілерін қоюы тиіс.

Мұғалім балалардың тегіс жазып отыруын қадағалап, ең баяу жазатын оқушы аяқтасымен, келесі сөйлемді оқуға кіріседі. Дәл осы сөйлемде кездесетін жазылуы қиын сөздерді немесе ережесі өтілмеген сөздерді тақтаға жазып, оның жазылуына зер салуларын ескертеді.

Тақтаға жазылған сөздер көп болса, сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты бір сөздің орнына екіншісін шатастырып көшіруі мүмкін. Сондықтан сөйлемді оқушылар жазып бітісімен, тақтадағы сөздер өшіріліп тасталғаны дұрыс.

Балалар жазған диктант мәтінін бір рет оқиды. Оқушылар мұғалімге ілесе отырып жазғандарын тексеріп шығады. Қателерді түзетеді.

Әдетте бақылау жұмысында екі сағат бөлінеді. Бірінші сағатта диктант жазылса, екіншісінде қатемен жұмыс жүргізіледі.

Қатемен жұмыс. Бастауыш сынып оқушыларының жұмысында жиі кездесіп жүрген қателердің түрі негізінен мына төмендегідей болып келеді.

1. Әріптердің емлесін білмеуден (ы-і, ү-і, у-ю, і-у, ы-у, ы-у-ю, і-ю, п-б, н-ң, қ-ғ, м-н, т.б.);

2. Бас әріптің емлесін білмеуден (әсіресе жалқы есім мен жалпы есімді көп шатастырады);

1. Шылаулар мен септік жалғауларын ажырата алмаудан;

4. Сұраулық шылауларды соларға ұқсас жұрнақтармен шатастырудан (барма, бардың ба);

5. Қос сөздің, біріккен сөздің, қысқарған сөздің емлесін білмеуден;

6. Күрделі сын есім. Күрделі етістіктердің жазылу емлесін білмеуден;

7. Шылаудың қызметін және емлесін білмеуден;
8. Сөздерді дұрыс буынға бөлуді білмегендіктен, тасымалдай алмаудан;

9. Үндестік заңын білмеуден;
10. Қосарлы дауыссыздардың бір сыңарын тастап жазудан;
11. Бастауыш пен баяндауштың арасына қойылатын сызықшадан;
12. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін білмеуден,
13. Диалогты сөздерді жаза білмеуден;
14. Қаратпа, қыстырма, одағайлардың тыныс белгілерінен.

Міне, жоғарыдағы қателіктер оқушылардың жазба жұмыстарында кездесіп отырады. Осы орын алып отырған олқылықтарды жою үшін көптеген жұмыс түрін жүргізуге тура келеді. Атап айтқанда, бастауыш сыныптардағы қазақ тілі бойынша мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады:

1. Сауатты жазуды жолға қоюды ең алдымен қалам (не шарикті автоқалам), сияның бірыңғайлылығы, дәптердің ұқыпты, таза ұсталуы; әріп тұлғасының сақталып жазылуы. (каллиграфия); парактың шетінен жиектеме қалдыру, қайырымнан, жаңа жолдан бастап жазу; тақырып атауынан кейін ешқандай тыныс белгісінің қойылмайтыны; тақырыптың жолдың ортасында жазылуы; қатені таңбалаудың белгілерін үйрету, дәптердің сыртын дұрыс толтыру - мұның бәрі мұғалімнің бірінші күннен бастап қолға алатын жұмысы болу керек.

2. Әрбір диктанттан соң оған жан-жақты талдау жүргізудің жолдарын белгілеп отырудың да маңызы зор. Бұл жұмысты тіркеп отыруға мұғалім арнаулы дәптер арнауға болады.

3. Жаттығу диктанттарын жиі әрі жүйелі жүргізу оқушылардың сауатын бекітіп, білімін тиянақтауға игі ықпал жасайды.

4. Жаңа сабақтың материалдары мен пысықтау жаттығуларында жазылуы қиын, оқушылардың көп қате жіберетін сөздерінен мысалдар келтіру де сауатты жазудың негізі болып табылады.

5. Жазылуы қиын сөздерден тірек сөздер беріп жүргізілетін шығармашылық жұмыстарды жүйелі жүргізу.

6. Жазылуы қиын сөздер мен тыныс белгілерін игертуге дидактикалық ойындардың нысаны етіп алуға да болады.

7. Фонетикалық талдауларды жүйелі жүргізу көптеген орфографиялық қатеден сақтандыруға әрі қатені жоюға көмектеседі.

8. Оқушыларға орфографиялық сөздікті пайдалану дағдыларын игерту қажет.

9. Қате жазылған сөздер бойынша жаттығулар өткізгенде, сөйлем ішіндегі ондай сөздерді түзетуді оқушылардың өзіне жүктеген дұрыс. Мұндай жаттығулар көбінесе бақылау диктантынан соң жүргізілсе, пайдалы болмақ.

10. Синтаксистік талдауларды жүйелі әрі жиі жүргізу сөйлемдегі тыныс белгілерін қоюға төселдіріп қана қоймай, сөйлемді стильдік жағынан дұрыс құра білуге де үйретеді.

11. Сөздердің орны ауыстырылып берілген жаттығулар да сөйлемді дұрыс құрып ой пікірді дұрыс бере білуге дағдыландыруда оқушыларды қайсы бір стильдік қателерден сақтандырады.

12. Диктантты тексергенде, қатенің астын ғана сызып, тұсындағы жиектемеде қате жіберген грамматикалық категорияның астын ғана жабу. (мысалы, қаратпа сөз, үндестік заңы, т.б. сияқты), ал түзетуді оқушылардың өзіне қалдыру; келе-келе қатенің таңбасын ғана белгілеп, түзетуді; оқушылардың өздеріне тапсыру, қатемен жұмыс істеудің бір түріне жатады.

Оқушылардың диктант мәтіндерін тексерген кезде мұғалім орфографиялық, пунктуациялық қателерді түзету мына төмендегідей болып келеді:

1. Қате жіберілген сөздегі әріп артық болған жағдайда, ол көлденеңінен сызылып тасталады. Мысалы, лақ, рахмет.

2. Сөздегі әріп қатені сызып, оған қажетті әріпті үстіне жазу. Мысалы бүгін, құлын.

3. Тұтас сөздерді қателесіп бөлек жазылған кезде біріктіріп кесу. Мысалы, шек, ара, құрбақа, еш қашан.

4. Қате біріктіріп жазылған сөздердің ара жігін ажырату. Мысалы, жер де, көк те, аппақ.

5. Қатені түзетпей, астын ғана сызып көрсету. Мысалы, (ырыс, ырас).

6. Қате жіберілген сөзін түгелдей астын сызып көрсету. Мысалы, (ырыс, ырас).

7. Қате жіберілген сөздердің астын сызбай жиектемеге шартты қою. Мысалы, емле қате - 1, пунктуациялық қате - V, стильдік қате, жаңа жол қатесі- I, бірге жазу -I, бөлек жазу - I, түсініксіз - ? белгілерімен көрсету.

8. Дәптердің жиектемесінде қате жазылған айтылуы ұқсас, емлесі басқаша сөздерді жазып көрсету. Мысалы, Қазір жаз ба? Сен кітапқа жазба!

9. Диалект сөздерге байланысты қате кеткен сөздердің астын сызып талқылау кезінде бұл сөздің әдеби баламасын баланың өзіне не ұжым болып таптыру. Мысалы, Абзалдың өткір бәкісі қолынан түсіп кетті. (бәкі сөзі әдеби нормадағы пышақ сөзімен алмастырылады).

10. Қателердің астын сызып, жиектемелерге қате жіберген ережелерді қайталау тапсырылады. Мысалы, Асан мен Айдар мектепке келді. Жиектемеге мұғалім мынадай белгі қояды. §12. Яғни, 12-ші тарауды оқып шық деген мағынаны білдіреді. (5 сынып).

Оқушы бұл тарауды «Бас әріппен жазылған сөздер» тақырыбын тауып, ережені еске түсіреді. Қатесін жөндейді.

11. Сөзді сөздікке қарап анықтауда белгі қою. Қате кеткен сөздердің астын сызып, жиектемеге «сөздік» деп жазу. Бұл тәсіл арқылы оқушыларды сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Оқушылардың диктант жұмыстарын бағалау, министірлік бекіткен нұсқау бойынша жүргізіледі.

Қорыта келгенде, диктант жұмысы әрбір тақырып, емле ережелерін игерту мен жалпы сауатын бақылау бойынша жүргізіледі.

2.3. Орфографияны тіл материалдары негізінде игертудің әдіс-тәсілдері

2.3.1. Фонетикалық білім негізінде жазу емлесін игертудің әдіс-тәсілдері

Орфографияны үйрету сауат ашудан басталатындығы белгілі. Сауат ашу әліппені оқыту арқылы жүзеге асырылады. Шын мәнінде, оқушының жазу сауаттылығының түп қазығы - әліппені жүйелі оқыту. Қазақ мектебі тарихында бұл мәселе ең басты көңіл бөлініп келеді. Латын жазуы негізінде жасалған әліппелерді оқыту жөнінде жазылған мақалалар мен Ә.Садуақасовтың 1940 жылы шыққан «Сауат ашу методикасы» еңбегін айтпағанның өзінде, оқуды өмірмен байланыстыру жөніндегі әліппені оқытуда елеулі ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Көрнекті ғалым-педагогтарымыз Ә.Сыдықов, Ә.Ермеков, Ж.Жолаевтар бірлесіп, әліппені оқыту жөнінде әдістемелік еңбек жазды.

Фонетиканы оқыту барысында ой құрау жөнінде дыбыстың роліне, орфоэпиялық және орфографиялық дағды қалыптастыруға, оқушылардың логикалық ойлауы мен сөйлеу тілінің дамуына басты назар аударылуы тиіс фонетикалық материалдар лексика және грамматикамен тығыз байланыста оқытылады. Өйткені дыбыс сөздің мән-мағынасын ажырату мүмкіндігін береді (ән-өн, мен-сен, тек-ток т.б.). Дыбыссыз сөз құрылысындағы өзгерістерді байқау да мүмкін емес, сөзге жалғанатын қосымшалар белгілі дыбыстық жүйе арқылы сараланып отырылмақ.

Фонетиканы оқи отырып оқушылар әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларымен танысады. Бұған дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар, олардың жуан, жіңішке, үнді, ұяң, қатаң түрлері негіз болады.

Орфоэпиялық кемшілік сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алмаушылықтан, өте шапшаң немесе өте баяу сөйлеуден белгілі бір дыбысты айта алмағандықтан болады. Бала көбінесе р, л, ш, ж, ч, щ, с, ц, э дыбыстарын дұрыс айта алмайды. Соның әсері жазуға да тиіп, бар сөзін бал, жоқ сөзін соқ деп қате жазады.

Сөйлеудегі кемшілікті жою үшін оқушы әрбір дыбыстың пайда болу үдерісін, қандай дыбыстау мүшелері қатысатынын ұғынуы қажет. Бұл үшін сөйлеу аппаратының дыбыс жасаудағы қалпын (қызметін) көрсететін кесіндіні мұғалім оқушыларға таныстыруы тиіс. Сөйте отырып, белгілі бір дыбысты айтқызып, олардың өздеріне байқау жасату тиімді. Тек байқау нәтижесінде ғана оқушылар дыбыстың жасалу үдерісіне көз жеткізіп, дыбыстау мүшелерінің қызметімен танысады. Осындай жолмен мұғалім оқушылардың орфоэпиялық кемшіліктерін жоюға көмектеседі.

Фонетиканы оқыту барысында орфографияны берік меңгерту оқушылардың ережені пайдалана отырып, дыбыс пен әріп ара

катынастарын аша білуіне негізделеді.

Тілдегі көптеген сөздер естілу қалпынша жазылады. Мысалы от, ат, мол, мал, келді т.б. Бұл сөздердің дұрыс жазылғандығы айтылуы бойынша анықталып тұр. Егер мұндағы әріптің біреуі басқаша айтылса, сөздің мағынасы мүлде басқаша болып кетер еді (өт, от, т.б.) Осылайша дыбысты әріпке тура айналдырып жазу үшін, оқушы алфавитті жақсы білуі тиіс.

Алайда, тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей естілуі бойынша жазыла бермейді. Бұған сөздің соңғы буындарында жазылатын ә, ө, ү, ұ әріптерінің емлесін жатқызуға болады. Сондай-ақ үу, ұу, ыу, іу болып естілгенімен, бір ғана у жазылатын, ый, ій болып естілгенімен, бірнеше түбірден басқа сөздерде бір ғана и жазылатын жағдайлар да сөздердің айтылуынша жазыла бермеуінің айғағы болып табылады.

Фонетиканың «Үндестік заңы» деп аталатын тақырыбы бастан-аяқ орфографиялық мақсатты көздейді, мұнда орфоэпиялық та, орфографиялық та ерекшеліктер қамтылады.

Буын үндестігі заңы бойынша, түбір сөздің соңғы буынының жуан я жіңішке болып келуіне қарай қосымша да жуан я жіңішке болып үйлесуі шарт. Бұл ережені оқушылар жеңіл меңгере алады. Алайда, тіліміздегі барлық сөздерге қосымша осы тәрізді тәртіппен жалғана бермейді. Міне, осыған байланысты ереже де, жаттығу да мол жүргізіліп, оқушылардың игеруіне тиімді жағдайлар жасалуы керек.

Дыбыс үндестігі негізінен мынадай ережеге бағынуы тиіс. а) түбір сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді я ұяң дауыссыз болса, дауыссыздан басталды қосымшаның басқы дыбысы үнді я ұяң дыбыс болады; ә) түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы қатаң болады т.б.

Тіліміздегі көптеген дыбыстар көрші дыбыстың әсерінен не өзі өзгереді, не көрші дыбысты өзгертеді. Ондай дыбыстар әсіресе, орфоэпиялық жағынан (айтылуды) көп өзгеріске ұшырайды, ал орфографиялық жағынан көбінесе орфографиялық ұстанымға бағындырылған. Мұндай дыбыстарға б-п, к-г, қ-ғ, ж-з, с-ш т.б. дыбыстарды жатқызуға болады.

Фонетиканы оқытуды оқушылар тілі мен ойлауын дамытуға көмектесетіндей етіп жүргізу үшін мұғалім: а) оқушылар білімінің жалпы дәрежесін ескеруі тиіс; ә) оқу материалдарын логикалық жағынан дұрыс және балалардың шама-шарқына, жас ерекшеліктеріне лайықтап баяндауы керек; б) сыныпта жүргізілетін жұмыстар мен үй жұмыстарында шығармашылық әрекет етуін ұйымдастыра отырып, балалардың белсенді түрде ойлау білуін дамытуы қажет; в) оқулықпен қоса орфографиялық сөздік, көрнекі құралдар пайдаланылады.

Оқушыларға өз ойын логикалық түрде жүйелі құрып, дәл де айқын және әдеби тілде баяндау, сондай-ақ дәлелдер келтіре отырып, өздігінен қорытынды шығарып отыру талабы қойылады.

Тіл дыбыстары өтілетін сабақта фонетика туралы, тіл дыбыстары

туралы, дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері туралы түсінік берілуі тиіс. «Фонетика» терминімен таныстыра отырып, мұғалім «Фонетика» дыбыс туралы және дыбыстардың сөздерде үйлесуі туралы ғылым» деген тәрізді логикалық анықтама береді. Одан әрі тіліміздегі сөздер дыбыстардан тұратындығын, дыбыстардың дауысты және дауссыз болып бөлінетіндігімен таныстырады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды топтастырудағы ерекшеліктерін жеткізе байқату үшін, оларды бір-бірімен салыстырып, ажырымдық белгілерін айтады. Оқушылар дыбыстарды өздері айтып, байқау жасайды, алдымен жеке дыбыстың, кейіннен тұтас сөз ішінде келтірілген сол дыбыстың қалай жасалуына көз жеткізеді.

Бірақ аса маңызды бола тұра бұл құбылыстың бәрі бірдей жазуда еленбейді. Өйткені жазу - «жүгіртіп» оқуға жеңіл, қабылдауға қолайлы болуы қажет. Жазудың мақсаты сөздің айтылуы мен дыбысталуын дәлмедәл көшіру емес. Жазу қандай да болмасын белгілі бір ойды, сезімді хабарлайды. Егер қоралы ат, төреге ерсең, тоналарсың дегендерді айтылуынша жазсақ (қоралат) па, (қоралы) ат) па, (төрөгөрсөң, тоналарсың) әлде төре көрсөң, тон аларсың» ба?), ақпаратты қабылдауды күрделендіре түсер еді де, артық әрекеті жұмсауға тура келеді. Сондай-ақ (бірғанатты гөрдү) дегенді адресат «бір ғана атты көрді», «бір қанатты көрді» деп, әртүрлі ұғынуы мүмкін. Сондықтан сөз ішіндегі, тіркес шеніндегі дыбыстардың бір-біріне тигізер позициялық, комбинаторлық әсер-ықпалын ескермей, дыбыстардың фонематикалық мәнін сақтап жазу мәтінді қиындықсыз, кедергісіз оқуға мүмкіндік береді. Бұл - жазудағы (графикадағы) фонематикалық ұстаным. Бірақ фонемалардың «мәнін» сақтап жазу дегенді қалай түсінуге болады?

Фонемалардың сөз ағымында әртүрлі позициялық, комбинаторлық реңктері болатыны белгілі. Ол реңктер (вариант, вариация) белгілі бір фонетикалық қоршауда көрінеді. Мысалы, (н)-ның сөз басында, сонорлармен іргелес келгенде де, жуан, жіңішке, еріндік, езулік дауыстылармен қатар айтылғанда т.б. фонетикалық жағдайларға тәуелді әр қилы реңктері болады. қысқасы, фонетикалық жағдай қанша болса, фонеманың соншама дыбыстық реңкі болады. Бірақ солардың ішінде фонемалық қоршауға неғұрлым тәуелсіздері негізгі реңк те, қалғандары қосымша реңк болады. Мысалы, бүгін, бүгінгі сөздеріндегі (н)-ның фонетикалық жағдайда тәуелділігі бірдей емес. Бүгін сөзіндегі (н)-ға қарағанда бүгінгі сөзіндегі (н)-ның дыбыстық қоршауға тәуелділігі әлдеқайда басым (бүгүңгү). Әрине, дыбыстардың барлық реңктерін орфоэпияда болмаса, жазуда көрсетудің мәні жоқ. Жазуда фонеманың сөзтанымдық қызмет атқаратын негізгі дыбыстық реңкі ғана белгіленеді. Морфеманың фонемалық мәнін сақтап жазу дегенді осылайша түсіндіруге болады.

Фонематикалық ұстаным бойынша сөз (бешшылдық), (жүмүсшү), (башшы), (мұжжарғыш), (башшы), (.жүмүщшү), (сеңгейсің), (сембісің), (ылашшыз) деп жазбай, басшы, жұмысшы, сенгейсің, сенбісің, лажсыз деп таңбалауымыздың себебі өзінен-өзі түсінікті де тәрізді. Бұлай жазудағы

мақсат - сөздің «түбірін» сақтау. Бірқыдыру сөздерді басшы, жұмысшы, ақ алма деп «түбір» сақтап жазып, (ш)-ның (с), (з)-ға, <a>ның <к>-ға тигізер әсері еленбейді. Ал бірсыпыра сөздердің жазылуында ақ - ағар, жоқ - жоғал, теп - теуіп, тебін, тарақ - тарағы деп жазып, дауыстылардың дауыссызға тигізер әсерін ескеруіміз неліктен? Сөздің түбірі ағ-, жоғ-, теу-, теб-, тарағ- емес қой? т.б. түрінде, айтылуынша жазылмай, фонеманың негізгі реңкі бойынша жазылады (бес;жылдық, басшы, мұз;жарғызі, сөйтіп, сөздің мағыналы бөліктеріне нұқсан келмейді. Мұжжарғыш, күшшүгөр, өшшү сөздеріндегі (з), (ж), (с) фонемалары іргелес дыбыстардың әсерінен өзгеріске ұшырап (ж), (ш), (ш) түрінде айтылып тұр. Бұлар <з>, <ж>, <с> фонемаларының дыбыстық варианты, өйткені фонетикалық өзге ситуацияда олар өзінің негізгі реңкіне көшеді: мұ(з)ға, (ж)ігер, ө(с)ші.

Фонемалардың негізгі мәні (реңкі) ғана сөздің мағыналық «жамылғышы» бола алады. Сондықтан сөзді фонемалардың негізгі мәні арқылы танымыз. Фонемалардың қосалқы мәнін физикалық тұрғыда түйсінгенімізбен, психикамыз функционалдық мәні жоқ дыбыстарды автоматты түрде назардан тыс қалдырады. Психикамызда сөз өзінің негізгі («жамылғышында») ((өшші) емес, өшші) түрінде бейнеленеді.

Сонымен, жазуда фонемалардың позициялық, комбинаторлық өзгерісінен пайда болған қосымша дыбыстық мәндері, яғни варианттары ескерілмейді. Өйткені дыбыстардың позициялық, комбинаторлық игерілуі, әртүрлі қосалқы мәні елене берсе, орфография тым күрделеніп, қолдануға өте қолайсыз болып шығар еді. Бірақ басты себеп ол емес. Фонемалардың қосалқы мәнінің (позициялық, комбинаторлық өзгерістердің) еленбеуінің негізгі себебі - олардың қызметі, мағына айырымдық қызметі болмағандықтан, дыбыстардың позициялық игерілуінен пайда болған өзгерістер (варианттар), сонымен, жазуда елене бермейді. Бірақ бұндай ұстанымға мынадай құбылыс қайшы келетін тәрізді. Мысалы: а) қап - қабы, кітап - кітабы, сеп - сеуіп, теп - теуіп, кеп - кеуіп, жап - жауып т.б. ә) ақ - ағар, көк - көгер, үк - үгер, бүк - бүгер, жақ - жағын, тақ - тағы, т.б. тарақ - тарағы, құраққұрағы, ширақ - ширағы, сырық - сырығы, жарық - жарығы т.б. деп неге «сындырып» жазамыз? Мұндағы о/б, к/ғ, к/г, о/у дыбыстарының өзгерісі де белгілі бір позицияға (дауыстылардың аралығы) тәуелді емес.

Мысалы, «с»-ның (ш) реңкіне көшуі үшін нақты бір фонетикалық жағдайдың болуы, (с) мен (ш) дыбыстарының іргелес тұруы шарт: (ашша) ашса, (ташша) тасша, (жұмұшшү) жұмысшы т.б. Егер бұл шарттылық ((с) (ш), (ш) (с) дыбыстарының іргелестігі) бұзылса, аталған фонемалар өзгеше реңкте жұмсалады. Бұл заңдылықтан <с> мен <ш> немесе <ш> мен <с> фонемалары іргелес келген ешбір сөз, ешбір морфема тысқары қалмайды. Басқаша айтқан да дыбыстардың комбинаторлық позициялық, комбинаторлық игерілуі үшін морфемалардың мәні жоқ. <з> фонемасының (с) реңкі туралы да осыны айтуға болады: (бессе) безсе, (біссіз) бізсіз, (ассың) азсың т.б. <з> фонемасының (с) реңкі пайда болуы үшін мейлі ол шартты рай тұлғасы болсын, жоқтықты білдіретін аффикс болсын, немесе

жіктік жалғауы болсын, бәрі бір. Міне, осы ерекшелік - дыбыстардың комбинаторлық, позициялық игерілуіне, реңктерінің пайда болуына тән басты қасиет.

Ал жоғарыда айтылған қ - ғ, к - г, п - б - у дыбыс өзгерістерін (ақ - ағар, тарақ - тарағы, терек - терегі, жүрек - жүрегi, кітап - кітабы, жауап - жауабы, кеп - кеуіп, сеп - сеуіп) <қ>, <к>, <п> фонемаларының позициялық, комбинаторлық реңкі деп тануға, басқаша айтқанда <с> - (ш) <з> - (с) құбылыстарымен бір деңгейде деп қарауға болмайды. Өйткені <қ>, <к>, <п> фонемалары кез келген морфемалар жігінде талғаусыз түрде (ғ), (г), (б) дыбыстарына өзгеріп отырмайды. Сондықтан мұндай құбылыстар фонемалардың алмасуына жатады: п>б, қ>ғ, к>г, п>у.

Осымен байланысты қазақ бірінші жағдайдағы дыбыс құбылыстары: (сембе) (сенбе), (сізсіз) (сізсіз), (башшылық) (басшылық) т.б. фонемалардың позициялық, комбинаторлық болғандықтан, жазуда еленбейді де, екінші жағдайдағы дыбыс құбылыстары фонемалар алмасу болғандықтан (ақ - ағар, қап - қабы) фонемалардың негізгі мәнін сақтап жазу ұстанымына сәйкес орфографияда ескеріліп отырады.

Сонымен фонема - дыбыс - жазу бір-бірімен тығыз байланысты. қазақ тіліндегі гемината дыбыстардың арнайы графикалық таңбасы жоқ. Мысалы: махаббат, жаббар, әбді, мүдде, жаннат, оппа, кулли, әмме, ыссы т.б. Мұндай жүйеге қарағанда, небәрі үш түбір сөзде ғана (ашшы) ащы, (кешше) кешсе, (түшшы) тұщы айтылатын геминатаны арнайы щ әрпімен таңбалау да басы артық информация.

Қосар дыбыстарға аяқталған сөздерге (орыс тілінен енген сөздерге) қосымша жалғағанда, соңғы дауыссызды таңбалайтын әріпті түсіріп жазу - қазақ графикасындағы шарттылықтың бірі. Мысалы: прогресс - прогреске, металл - металлға т.б. Бірақ баспасөз беттерінде былай жазудың дұрыстығына күмәнмен қарайтын пікірлер де бар. Алайда қосар дауыссыздың бірін түсірмей жазудың қолайсыздығы бар. Атап айтқанда, грамм, класс, ватт т.б. сөздерді, олар кейбір қосымшалармен түрлендіргенде, бірдей үш әріппен қатарынан таңбалауға тура келер еді. Мысалы: граммен, ваттты т.б. Грамм, ватт, прогресс тәрізді сөздердің ғылыми мәтінде жиі қолданылатындығын, тіпті екі сөйлемнің бірінде дерлік қайталанып отыратындығын еске алсақ, оқырман тек әріптер «шоғырынан») көз жаза алмайтындай (психологиялық) қолайсыз күй кешер еді. Бұл айтылғандар фонемалар реңкінің, фонема алмасуларының жазуға қатысты жалпы мәселелері деуге болады. Енді осы ережелердің жеке жақтары да, жеке сөздерге қатысты тұстары да бар.

Тұжырымдай келгенде, емлені үйрету сауатты жазуда тек дыбыстардың емлесін дұрыс жазуға ғана емес, емлелік дағды оқушылардың сөйлеу әрекетін қатысымдық негізде орфоэпиялық, орфографиялық нормада қолдана білу дағдысын қалыптастырады. Сондықтан фонетикалық емлеге байланысты оқытудың жүйесі бойынша үлгі ұсындық.

I әрпінің емлесін игертуде I дыбысының ерекшеліктері игертіледі.

Мәселен, І дауысты дыбыс, жіңішке, қысаң, езулік. Еріннің кейін тартылуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс. Сонымен бірге мынадай емлелік ережелер туралы мәлімет беріледі.

І әрпі сөздің түбіріне жалғанғанмен, дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, сусып түсіп қалады. Ол мынадай болады: 1.Есім және етістіктерге түрлі жұрнақтар жалғағанда; мысалы: жиын (ал) жинал, бұйыр (ық) бұйрық. қорық (ыт) қорқыт, үрік (үркек). 2. Зат есімдерге тәуелдік жалғаулары жалғанғанда; мысалы: ерік (і) еркі, көрік (і) көркі.

Ескерту. Егер ы, і дыбыстары тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, анық естілсе немесе оларды түсіріп айтқанда, сөз мағынасы өзгертін болса, ы, і әріптері сөздерде сақталады. Мысалы: киімі, пейілі, қадірі, көрігі (ұстаның көркі болса, мағына басқа болады), дәуірі, бақыты.

3. Сан есім етістіктерге -ау, -еу, -у қосымшалары жалғанғанда ы, і әріптері түсіп қалады. Мысалы: екі - екеу, жеті - жетеу, кемі - кему, алты-алтау. Енді осы ерекшеліктерге байланысты дағды қалыптастыру үшін жаттығуларды мынадай тапсырмалар арқылы орындаттырамыз.

3-тапсырма. ЫI немесе І әріптерінің қажеттісін қойыңыз.

Мәж...л...с, Үк...мет үй..., министрл...ктер үй..., тәуелс...зд...к сарайы, бейб...тш...л...к және кел...с...м сарайы, құр...лтайшы, ым...ра.

4-тапсырма. қысқарған сөздерді оқыңыз. Жалғауларын дұрыс жалғауға жаттығыңыз. Ескерту: қысқарған сөздерге қосымша жалғауда орфоэпиялық норма басшылыққа алынады. ПМ (айтылуы: і-і-ім), демек, ПМ-нің; ТМД (айтылуы: ты-мы-ды), демек, ТМД-ның; ЖШС (айтылуы: жы-шы-сы), демек, ЖШС-ның;

Өзіңіз қысқарған сөздерді дұрыс оқып, қосымша жалғаңыз.

СИМ, ҚМУ БҰҰ ҚХР

5-тапсырма. Түсіндірме сөздік арқылы сөйлем құра.

1. Ізгілік - жақсылық, адалдық, игілік
2. Ізденушілік - зерттеушілік, іздеушілік
3. Ілгерлеушілік - алға басушылық, ілгері жылжушылық.
4. Іргелес - бірімен-бірі шектес, көршілес
5. Іссапар - қызметкерді жұмыс бабы бойынша бір жерге тапсырмамен жіберу.

6-тапсырма. Сөздерді аяқталған әріптен басталатын сөзді тауып бір-бірімен жалғастырыңыз. Өзіңіз толықтырыңыз: Кепілдеме, тәуелсіздік, міндеттеме, келісім, кіріс, еркіндік, сүйіспеншілік.

ІЗ-тапсырма. Орфографиялық сөздіктің көмегімен сөздердің дұрыс жазылуына мән беріңіз.

№	Сөздер	Өзіңіз жазыңыз
1	Ізденушілік	<i>ізденушілік</i>
2	Ілеспе аударма	
3	Іссапар	
4	Іргелесуі	
5	Ірлендіру	

6	Ішкі-сыртқы	
7	Ішнара	

16-тапсырма. Берілген реттік сан есімдерді жазбаша жазыңыз және сөздерді біріктіре отырып сөйлем құраңыз. 1,2,6,7,8

18-тапсырма. Берілген сөйлемдердің құрамында жалғау жалғанғанда, түбірдегі і дыбысы түсіріліп жазылған сөздерді табыңыз.

Екеуінің орны да бос, қолайлы адам жоқ. Астана көркі жаңа, сәнді ғимараттармен көз тартады. Бірінші әрпі үлкен әріппен жазылатын сөздер. Асхат еркінен тыс жаңа жоба жасауға мәжбүр болды.

22-тапсырма. Сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

Бәсекелестік, қабілеттілік, елдестіру, елшілік, мәміле, келу, мереке, ісшара, жеке, іс парақ.

1	бәсеке қабілеттілік
2	
3	
4	

Қорыта келгенде, дыбыстардың жазылу емлесін үйрету фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық ережелерге орай жаттықтырылады.


2.3.2. Сөзжасам емлесін үйрету

«Сөзжасам» тарауы туралы түсінікте айтып кеткеніміздей, жаңа сөз, жаңа ұғым атауларының жасалуы алуан түрлі. Олардың өзіндік жазылу емлесі бар. Соның бірі - негізгі сөз. Терминнің, яғни тілдік тақырыптың, өзі айтып тұрғандай, басқа жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасауға негіз болады. Мысалы, ек, егін, егіндік, егінші, өнім, өнімді, өндіргіш;

Бұған байланысты қортындыланады ережесі: жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын сөз жасауға ұйытқы болатын сөздің түрі негізгі сөз деп аталады. Есте сақтайтын жағдай:

1. Негізгі сөздің өз ішінде бөлшектенбейтіндігі аңғартылуы тиіс; Яғни, негізгі сөздердің дыбыстық құрамы әр түрлі болғанмен, бір лексикалық мағынаны білдіріп, бір ғана ұғым атауы болатындығы, сондықтан сөз жасайтын құранды бөлшектерге бөлінбейтіндігі бір бүтін, дербес сөздер екендігі аңғартылуы тиіс.

Мысалы,



2. Басқа жаңа сөздердің түрлерін жасауға негіз болатындығы

аңғартылуы тиіс;

3. Әрі өзі жасауға негіз болған басқа сөздердің мағыналарымен ұштасып жататындығы аңғартылуы тиіс. Сондықтан да бір негізден тараған сөздер негіздес сөздер (бұған дейін түбірлес сөз деп келген) деп аталатындығы да түсіндірілуі тиіс; Мәселен,

орақ → орақ
ор → орақшы

орна → арна
орын → орындық

Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер. Жаңа сөз, жаңа ұғым атауларының жасалуы алуан түрлі. Соның бірі - жаңа, туынды сөздердің сөз тудырушы, яғни сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалуы. Мысалы, өнер, өнерлі, өнерпаз сөздерінің заттық ұғымды білдіретін негізгі өнер сөзіне -лы, --паз сөзжасамдық жұрнақтарының жалғануы арқылы екі жаңа сөз, жаңа сындық ұғым атаулары жасалып тұр.

Ал ек, егін, егінші, егіншілік, егіндік сөздерінің қимыл ұғымын атайтын ек сөзіне -ін, -ші, -ш ілік, -ін+дік жұрнақтарының жалғануы арқылы төрт жаңа сөз, яғни әр түрлі лексикалық мағына жасалып тұр. Қорытындыда бұл категорияның ережесі жасалады: сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалып, жаңа бір ұғым атауын білдіретін сөзді жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз дейміз. Есте сақтайтын жағдай:

1. Сөзжасамдық жұрнақтар арқылы әр түрлі ұғым атаулары жасалатындығы аңғартылуы тиіс. Мысалы:

а) Заттық ұғым атаулары: оқушы, сауыншы, көрме, шығарма, бұрғы, көрермен, жақсылық;

ә) Сындық ұғым атаулары: сулы, шөпті, үлгілі, қайырма (жаға), сырма (тон);

б) қимыл ұғым атаулары: тұзда, шегеле, түсте, жарқылда, тарсылда, көгер;

в) Сандық ұғым атаулары: екінші, алтыншы.

2. Сөзжасамдық жұрнақтардың қолданылу аясына қарай екіге бөлінетіндігін аңғартылуы тиіс;

а) Өнімді жұрнақтар: Мысалы, әнші, өрмекші, диірменші, сүзбе, жазба, бөлме, керме, қойма, жарма, т.б.

ә) Өнімсіз жұрнақтар: озат, қырат, болашақ, берешек, келімсек, көрермен, шабарман, сағалдырық, т.б.

3. Сөзжасамдық жұрнақтардың омонимдес болып та келетіндігін аңғартылуы тиіс; Мысалы:

а) бастама, мазмұндама, аялдама, керме, бұл жерде баста, мазмұнда, аялда, кер деген қимыл ұғымы атауларынан, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе өнімді сөз жасамдық жұрнақтар арқылы заттық ұғымы жасалса;

ә) ал қынама, қайырма, кезбе, терме (көп жағыдайда мағынасы контексте танылады) бұл жерде қына, қайыр, кез, тер қимыл ұғымы атауларынан жоғарыда көрсетілген сөзжасамдық жұрнақтар арқылы сындық ұғым атаулары жасалып тұр.

4. Сөз жасамдық жұрнақтардың туынды сөздерден кейін де

жалғанып, жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасай беретіндігі аңғартылуы тиіс; Мысалы, талаптылық сөзін алайық, талап - негізгі сөз, заттық ұғым атауы, талапты - жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз, сындық ұғым атауы, талаптылық - жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз, заттық ұғым атауы;

5. Сөзжасамдық жұрнақтар қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын байытатын ең өнімді тәсіл екендігі де аңғартылуы тиіс;

6. Сөзжасамдық жұрнақтардың қазақ тіліндегі дыбыстардың үндесу заңдылығына байланысты бірнеше дыбыстық варианттары болатындығы аңғартылуы тиіс, т.б; Мысалы, қар+лы, қырат+ты, ел+ді.

Сонымен бірге, сөз топтарына байланысты мынадай сөзжасам сұрақтарымен таныстырылады:

1. Заттық, сындық ұғым атауларынан сындық ұғым атауларын тудыратын сөзжасамдық жұрнақтар:

-лы, -лі, -ды, -ді, - ты, -ті: ну-лы, тас-ты, дене-лі, көрік-ті, өнер-лі т. б.

-сыз, - сіз: үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз, дос-сыз, орман-сыз т. б.

-ғы, - гі, -қы, - кі: жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы, соң-ғы, күз-гі, түн-гі т. б.

2. Қимыл ұғымының атауынан сындық ұғым атауларын тудыратын сөзжасамдық жұрнақтар: -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек: майыс-қақ, тай-ғақ, т. б.

-ғыш, -гіш, - қыш, -кіш: оқы-ғыш, жүз-гіш, кеңес-кіш, тыңда-ғыш т.

-ғыр, -гір, -қыр, - кір: өт-кір, ал-ғыр, тап-қыр, біл-гір, т. б.

1. Заттық, сындық ұғым атауларынан заттық ұғымын жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар

1. -шы, -ші: қойшы, жыршы, әнші, күйші, т.б.

2. -шылық, -шілік: шаруашылық, қиыншылық, кеңшілік, т.б.

3. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: балалық, кісілік, адалдық, т.б.

4. -кер, -гер: айлакер, саудагер, қызметкер, т.б.

2. Қимыл ұғымы атауларынан заттық ұғым жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар

1. -м, -ым, -ім: байлам, күзем, қысым, түсім, т.б.

2. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: бұрма, көрме, қазба, сүзбе, баспа, т.б.

3. -қы, -кі, - ғы, -гі: шапқы, тепкі, бұрғы, т.б.

4. -с, -ыс, іс: талас, айтыс, жүріс, т.б.

1. Заттық, сындық ұғым атауларынан қимыл ұғымы атауларын жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар

-ла, - ле, - да, - де, - та, - те: тісте, қолда, баста, шегеле, т.б

-а, - е: сана, сына, міне, боса, т.б.

-ой, - ай, - ей: күшей, молай, қарай, т.б.

-р, - ар, ер: жұқар, көгер, т.б.

-қар, -кер, -ғар, -гер: басқар, ескер, оңғар, теңгер, т.б.

2. Еліктеу, бейнелеу ұғымы атауларынан қимыл ұғымын жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар

-ыра, -іре: салбыра, күркіре, зырқыра, желбіре, т.б.

-ырай, -ірей: шақырай, күжірей, шікірей, т.б.

-и, (-ый, -ій): қылти, торси, ерби, т.б.

Тұлға жағынан алып қарағанда, қазақ тілінде сөздер бес түрлі тұлғада қолданылады (негізгі түбір, туынды түбір, қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз). Олардың әрқайсысының өзіндік тұлғалық ерекшелігі болғаны сияқты, әрқайсысына тән орфографиялық ерекшеліктері де бар. Сөздердің жазылуындағы морфологиялық өлшем негізгі түбір болмақ. Негізгі түбірге қосымша жалғануы арқылы сөз түрленеді, өзгереді немесе грамматикалық қарым-қатынасқа түседі.

Түбір сөздің жазылуының да өзіндік заңдылығы бар. Қазақ тіліндегі түбір сөздерге тән қасиет олардың кілең жуан дыбыстардан немесе кілең жіңішке дыбыстардан тұратындығы (жұмысшы, мемлекет т.б.) Бұл ерекшелікті негізгі сипат ретінде үйрету керек. Ескерту ретінде кейбір санаулы сөздерде жуан және жіңішке дыбыстар араласа келетіндігі айтылады (қызмет, кітап т.б.)

Туынды түбір жасайтын қосымша да (жұрнақ), сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын қосымша да (жалғау) түбір сөздің жуан я жіңішкелігіне қарай үйлесе қосылады: (оқы+ған, өнер+лі, бала+ға, іні+ден т.б.) Бұл ережеге бағынбай қосылатын қосымшалар фонетикаға байланысты айтылған. Сонымен бірге қосымшаның басқы дыбысы түбір сөздің соңғы дыбысына үндесе ыңғайласады. Орфографиялық бұл ерекшеліктерді үйрету барысында грамматикалық ереже мен жаттығу жұмыстарын араластыра жүргізу тиімді. Сондықтан сабақта бұл мәліметтердің емлесі тіл материалдарының анықтама, ережелерін негізге ала үйретіледі.

Түбір сөздердің жазылуы. Түбір мен қосымшаға бойынша мынадай анықтама беріледі:

1. Көп буынды түбір сөздер, көбінесе, біріңғай жуан не жіңішке болып келеді: мәдениет, азамат, кездесу, ерекше, әлеумет, ақпарат, жоспар, құрылыс, мәселе, мәжіліс, мекеме, маман, жоғары, тәжірибе

2. Көп буынды түбір сөздер аралас (жуан, жіңішке) буынды болып та келеді: қызмет, кітап, қауіп, қадір, қасиет

3. Аралас буынды сөздер, негізінен, араб-парсы тілдерінен, орыс тілінен келген кірме сөздердің бірқатары соңғы дауысты а дыбысын түсіріп қалыптасқандықтан, сол ықшамдалған түрінде жазылады: газет (газета емес), минут (минута емес).

4. Жазу тәжірибесінде кейбір түбір сөздер екі түрлі дыбысталуына қарай екі (кейде үш) нұсқада беріліп жүр. Олардың барлық нұсқасында қатар қолданылады: байымдау - пайымдау - бағамдау; секілді-сықылды, өзге - өңне, уәде - уағда, жаһан - жиһан.

5. Тек бір нұсқасын қабылдап, соның жазылуын сақтайтын сөздер де бар: қазір (кәзір, қазыр емес), міне (міні емес).

6. Түбір сөздердің негізгі тұлғалары өзгертілмей жазылады.

Бұл ережеге орай мынадай жаттығулар қолданылады.

1-тапсырма. Сөздерді оқыңыз. Дәптерге көшіріп, олардың жазылуын есте сақтаңыз.

Әлеумет, мәжіліс, жоспар, кеңістік, өнім, тағайындау, сайлау, аумақ, бейбіт, болжам, ұжым, біліктілік, еңбекақы, өкім, орынбасар, көмек, зәру, талап, тәртіп, мүгедек, қаржы, қолдау, алка, жергілікті, толғандыру, жандандыру, тұрғын, басқарма, кәмелетке толу, қоғамдық бірлестік, үкімет, үкіметтік емес ұйымдар.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңыз.

А-Ә	Қ-К	Ы-І
...леумет	...оғам	өн...м
...қп...р...т	аума...	тәрт...п
м...жіліс	...өме...	ұж...м
...лқ...	ә...ім	ор...нбасар
т...ғ...йынд...у	ү...імет	жерг...л...кт...
з...ру	...аржы	тұрғ...н

3-тапсырма. Төмендегі кестеде берілген сөздерге септік жалғауларын жалғап түрлендіріңіз.

Атау септік	Ілік септік	Барыс септік	Табыс септік	Жатыс септік	Шығыс септік	Көмектес септік
Кім? Не?	Кімнің? Ненің?	Кімге? Неге?	Кімді? Нені?	Кімде? Неде?	Кімнен? Неден?	Кіммен? Немен?
адамгершілік						

Есте сақтаңыз! Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады. Алайда орыс тілінен енген сөздердің ішінде дыбысталуы өзгеріп қалыптасқан бірқатар сөздер сол өзгерген күйінде жазылады. Олардың дені қазақ тілінде ертеректе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген сөздер: барқыт (бархат), бәтеңке (ботинка), бәтес (батист), бөрене (беревно), зауыт (завод), келі (кило), шіркеу (церковь), сот (суд), шенеунік (чиновник).

1-тапсырма. Берілген кіріккен түбірлі сөздердегі дыбыстық өзгерістерді түсіндіріңіз.

Жаздыгүні, бүрсігүні, білезік, әпер, апар, түрегел, биыл.

2-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі орыс тілінен және орыс тілі

арқылы енген сөздерге жақшаның ішіндегі тиісті қосымшаны жалғап, көшіріп жазыңыз.

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республика(-сы/-сі) Заңын іске асыру шеңберінде отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау» тақырыбына арналған «дөңгелек үстел» өтті. 2. Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидер(-лер/-лар) інің III съез(-ын/-ін) және Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съез(-ы/-і) Хатшылығының VIII отырысын өткізу жоспарланып отыр.

3-тапсырма. Оқыңыз. Мәтіндегі түбірлі сөздерді анықтай отырып, дыбыстық өзгерістерді көрсетіңіз.

Әлеуметтік қызмет

Әлеуметтік қызмет саласын кеңейту, әлеуметтік қызмет көлемін арттыру және оның сапасын жақсарту мақсатында кепілді және қосымша әлеуметтік қызмет түрлерінің кестесін белгілеу және оны заңды түрде бекіту, сонымен қатар, мұндай қызмет түрлерін көрсетудің тәртібіне өзгерістер енгізу, әлеуметтік қызмет түрлерінің мемлекеттік стандарттарын белгілеу, әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдардың қызметін міндетті түрде лицензиялау және олардың қызметкерлерін аккредитациядан өткізу қажет. 2008 жылғы 29 желтоқсанда "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" арнайы заң қабылданып, жұмыс істей бастады.

11-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті о, ө; ұ, ү; н, ң әріптерді қойып, жазыңыз.

О-Ө	Ұ-Ү	Н-Ң
Қ...сымша	...йым	Те...ге
К...рсету	М...гедек	Е...гізу
...згеріс	К...ндіз	Ке...ейту
...рындау	Т...рғын	Жа...у
...ткізу	Ж...мыс	За...
Б...лімше	Қ...н	Ар...айы

11-тапсырма. Берілген сөздердің жасалуындағы кездесуі мүмкін дыбыстық алмасуларды түсіндіріп, оларды қатыстырып, сөйлемдер құраңыз. Жандандыру, Қолдау, Тағайындау, Орындау.

13-тапсырма. Жақшаны ашып, қажетті қосымшаларды жалғап, көшіріп жазыңыз.

1. Әлеуметтік қызмет көрсету(-мен/-бен) айналысатын ұйымдар(-дың/дің) қызмет(-ы/-і)н міндетті түрде лицензиялау және олар(-дың/-дің) қызметкерлер(-ы/-і)н аккредитация(-дан/-ден) өткізу қажет. 2. 2008 жылғы 29 желтоқсан(-да-де) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" арнайы заң қабылданды.

15-тапсырма. Көру диктанты. Сөздерді оқып, есте сақтап, дәптерге жатқа жазыңыз.

<i>Мәжіліс</i>	<i>көмек</i>	<i>зәру</i>
<i>Шенеунік</i>	<i>әлеумет</i>	<i>кәсіпорын</i>
<i>Қолдау</i>	<i>зауыт</i>	<i>тағайындау</i>

Қосымшалардың жазылу емлесі бойынша мынадай ережелер үйретіледі.

1. Қосымшалар түбір сөздің соңынан келіп, сөзбен бірге жазылады: аймақтар, салаға, негізді, сауданы, жобаның, міндеттемеге.

2. Қосымшалар сөзге үндестік заңы бойынша сөздің соңғы буыны мен дыбысына үндесе жалғанады: даму+ға, болашақ+ты, кездесу+ді, ұйым-дас-тыр-у-шы-лар, үлес-ті, бақыт-ты, қызмет-кер-лер-ді.

Назар аударыңыз.

7-тапсырма. Төмендегі сөздерге септік жалғауларын жалғап түрлендіріп жазыңыз.

Атау септік	Ілік септік	Барыс септік	Табыс септік	Жатыс септік	Шығыс септік	Көмектес септік

3-тапсырма. Берілген сөздерге жақшаның ішіндегі қосымшаның тиістісін жалғап, көшіріп жазыңыз.

Асфальт (-қа, -ке)	
Вальс (-ты, -ті)	
Рельс (-ты, -ті)	
Фестиваль (-ы, -і)	
Ансамбль (-ы, -і)	
Роль (-ға, -ге)	

4-тапсырма. «Орфографиялық сөздікті» пайдалана отырып, төмендегідей қосымша жалғанған сөздерді теріп жазыңыз.

5-тапсырма. -сыз, -қор, -пікі, -паз, -шы, -ша, -шақ. -шық, -кер, -гер, -са, -мен, -қой, -кес сияқты қосымшаларды тиісті сөздерге қосып жазып, дыбыс, буын үндестігіне бағынатындарын бір бөлек, бағынбайтындарын бөлек топтап жазыңыз.

Үндестік заңына бағынатын қосымшалы сөздер	Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөздер

7 -тапсырма. «Орфографиялық сөздікті» пайдаланып, сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк дыбыстарына аяқталған орыс тілінен енген сөздерді теріп жазып, қосымшалар қосып түрлендіріңіз. Олардың үндесу заңдылықтарын түсіндіріңіз.

Лексикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер емлесін үйрету. Ең алдымен, пән мұғалімінің лексикалық тәсіл - негізінен сөздік қордың, сөздік құрамның басқа тілден сөз алмасу (сөз ауысу) тәсілі арқылы баю жолы екендігі түсіндіріледі.

Бұл жерде әңгіме семантикалық тәсіл жайында болмақ. Себебі сөздік қор, сөздік құрамның дамуына сыртқы себептер мен қоса ішкі себептер, яғни ішкі тілдік құбылыстар, сөз мағынасының кеңеюі деген мәселелер (семантикалық құбылыстар) әсер етеді.

Тілдегі байырғы сөздер мен олардың мағыналары жаңа мағына, жаңа ұғымның соған сай жаңа сөздердің пайда болуына ықпал жасайды. Сонда ережесі: тілдегі байырғы сөздердің мағынасын ауыстыру арқылы пайда болып, жаңа ұғым атауы болатын сөздің түрі лексикалық (семантикалық) жолмен жасалған туынды сөз деп аталады. Мысалы, қалың кітап, қалың шөп, қалың тұман, қалың ой, т.б.

Аталған сөздің мағынасы «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (5-том, 601-бет) былай беріледі. Қалың- жұқа емес, қабат-қабат деген лексикалық мағынаны білдіретін, сындық ұғым атауы.

Қалың- сөз мағынасын ауыстыру нәтижесінде пайда болған “көп” деген лексикалық мағынаны білдіретін, сындық ұғым атауы.

Қалың- сөз мағынасын ауыстыру нәтижесінде пайда болған қою, жиі деген лексикалық мағынаны білдіретін, сындық ұғым атауы.

Қалың- сөз мағынасын ауыстыру нәтижесінде пайда болған шексіз деген лексикалық мағынаны білдіретін, сындық ұғым атауы.

Лексикалық (семантикалық) тәсілдің бірнеше түрі бар:

1. Заттар мен құбылыстарды ұқсастығына қарай екінші бір зат пен құбылыстың атымен атау тәсілі. Ол тіл ғылымында метафологиялық немесе ұқсату тәсілі деп аталады. 1 Мысалы: а) Арқаның қызыл түлкісі.

ә) Болат түлкі мінезін танытты;

2. Туыс, жақын, іргелес, шектес зат пен құбылыс ұғымының атауларын бірінің орнына бірін алмастыру арқылы бір ғана атаумен беру тәсілі. Ол тіл ғылымында метонимиялық тәсіл деп аталады. Мысалы: Мұқағалиды таныдық – ақындығын түсіндік дегенді білдіреді немесе “Мұқағали” сөзі “ақындығын” деген ұғымды атап тұр. Немесе, үй іші аман - туған-туыс, ата-ана аман дегенді білдіреді. Сонда «үй іші» сөзі «туған-туыс», «ата-ана» ұғымын білдіріп тұр.

3. Туыс, жақын, іргелес, шектес заттық және құбылыстық ұғым атауларын алмастыру арқылы бүтінді бөлшегімен, бөлшекті бүтінмен атау тәсілі. Ол тіл ғылымында синехдохалық тәсіл деп аталады.

Мысалы: жүзін сағындым - ұлын, немесе қызын, немесе құрбысын сағындым дегенді білдіреді. Бұл жерде «жүз» сөзі арқылы бүтін (ұл, қыз, құрбы заттық ұғымдары) аталып тұр.

Есте сақтайтын жағдай:

1. Сөз мағынасын ауыстыруда, яғни, семантикалық тәсіл арқылы жаңа ұғым атауын, жаңа сөз жасауда сөздің «бастапқы», «негізгі», «тура» мағынасы ауыспалы мағынаның, яғни, туынды мағынаның негізгі ұйтқысы болатындығы баса аңғартылуы тиіс;

2. Сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасау мәселесі, әсіресе, лексика-семантикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасау мәселесі тілдің «Лексика» саласымен байланысты меңгертілуі тиіс.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған туынды сөздер. Жаңа сөз, жаңа ұғым атаулары сөздердің бірігуі арқылы да жасалады.

Мысалы, сары+тау+күм деген үш түрлі ұғым атауынан Сарытаукүм деген төртінші жаңа географиялық ұғым атауы, ал ай+гүл деген екі түрлі ұғым атауынан Айгүл деген үшінші қыз балаға қойылатын есім ұғымы атауы туып тұр.

Сонда ережесі: кемінде толық мағыналы екі сөздің бірігуінен жасалып, жаңа лексикалық мағынаны білдіріп, жаңа ұғым атауы болатын туынды сөздің түрін біріккен сөз дейміз. Есте сақтайтын анықтағыштар:

1. Сөздердің бірігуі арқылы әр түрлі ұғым атаулары жасалынатындығы меңгертілуі тиіс;

а) Заттық ұғым атаулары: Мәселен, 1. өсімдік, аң, құс, жәндік атауларын: алабота, мысыққұйрық, аққу, күркетауық, қосаяқ, көртышқан.

2. Кісі есімі ұғым атаулары: Назипа, Ерсайын, Сұлтанмахмұт.

3. Планета, географиялық ұғым атауларын: Темірқазық, Көкшетау, Айнакөл.

4. Ауру ұғымы атаулары: есекжем, көкжөтел соқырішек.

5. Анатомиялық ұғым атаулары: ащышек, асқазан.

6. Қоғамдық ұғым атаулары: ақсақал, елбасы, әнұран, жолбасшы.

7. Ойын ұғым атаулары: ақсүйек, алтыбакан, соқыртеке.

8. Ән, күй ұғым атаулары: «Кісенашқан», «Қайран шешем», «Жанбота».

ә) қимыл ұғым атаулары: әкет, апар;

б) Мезгіл ұғым атаулары: жаздыгүні, таңертең, биыл, т.б.

2. Біріккен сөздердің құрамындағы сөздердің ешбір өзгеріссіз тұлғалық ерекшелігін сақтап, әрі тұлғалық ерекшелігін сақтамай дыбыстық өзгеріске түсіп бірігетіндіктері, бойынша екіге бөлінетіндігін түсіндірілуі тиіс;

а) Тұлғалық ерекшелігін сақтап, тұтаса біріккен сөздер: Мысалы, Жақсытұз, Ғалымжан, Құрманбай, егінді көл т.б.

ә) Тұлғалық ерекшелігін сақтамай, дыбыстық өзгеріске түсіп, кіріге біріккен сөздер: Мысалы, апар, әкел, бүгін, қарлығаш, білезік, күздігүні, т.б.

3. Біріккен сөздер тақырыбы емле заңдылығымен, яғни орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтармен бірлікте түсіндірілуі тиіс; Мәселен,

а) Егер біріккен сөздің бір сыңары ретінде еш, бір, әр, кей, әлде сөздері есімдіктермен тіркесіп келсе, бірігіп жазылатындығы; Мысалы, ешкім, бірнешеу, әркім, кейбіреу, әлдеқашан, т.б.

ә) Егер біріккен сөздің бір сыңары ретінде еш, бір, әр, кей, әлде сөздері заттық ұғым атауларымен тіркесіп келсе, бөлек жазылатындығы;

Мысалы, еш адам, бір үй, әр қала, әлде зат, әлде хайуан, т.б.

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған туынды сөздер. Жаңа сөз, жаңа ұғым атауларын жасаудағы ең ұтымды сөзжасамдық тәсілдің бірі - қосарлану тәсілі. Мысалы, ауыл және аймақ сөздері жеке тұрғанда әрқайсысы нақты заттық ұғым атаулары болса, аймақ-аймақ деп қосарлап қолданғанда көптік, жинақтық мағынадағы абстрактылық ұғымды білдіріп тұр. Ал тау сөзі жеке тұрғанда заттық ұғым атауы болса, тау-тау дегенде тау сөзінің қайталануы арқылы мөлшерлік мағынаны білдіріп тұр.

Қос сөздің ережесі: екі басқа сөзді" қосарлануы, бір сөздің қайталануы арқылы жасалған туынды сөздің түрі қос сөз деп аталады. Сондықтан да қос сөз екіге бөлінеді: 1. Қосарлама қос сөз 2. Қайталама қос сөз Есте сақтайтын емлелік ереже: қосарлама қос сөз бойынша мына жайттар меңгертілуі тиіс;

а) Екі басқа сөздің қосарлануынан жасалатындығы; Мысалы, төрт-бес, үлкенді-кішілі, ағайған, т.б.

ә) Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз екі сөздің қосарлануынан жасалатындығы; Мысалы, шеге-меге, тері-терсек, жидек-мидек, т.б.

б) Мағынасыз екі сөздің қосарлануынан жасалатындығы; Мысалы, ығы-жығы, алқа-салқа, апыл-ғұлып, т.б.

2. Қайталама қос сөз бойынша мына жайттар меңгертілуі тиіс;

а) қосымшалы, қосышасыз бір сөздің қайталануынан жасалатындығы; Мысалы, төбе-төбе, жардай-жардай, т.б.

ә) Екі түрлі қосымшалы бір сөздің қайталануынан жасалатындығы; Мысалы, өзінен-өзі, орынды-орынсыз, үйді-үйіне, т.б.

б) Бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз бір сөздің қайталануынан жасалатындығы; Мысалы, жүзбе-жүз, ауыл-ауылға, сөзбе-сөз, т.б.

в) Сөздің бір сыңарын бір дыбысы өзгеріп немесе оған бір дыбыстың қосылып қайталануы арқылы жасалатындығы; Мысалы, қант-мант, ұн-пұн, жаз-маз, т.б.

3) Қос сөздердің жазылу емлесі яғни, үнемі үзік сызық (дефис) арқылы жазылатындығынан берік дағды берілуі тиіс; Ол үшін талдау жүргізіледі. Соның нәтижесі бойынша қос сөздердің сызбасы жасалады.

1)

Екі сыңары да мағыналы сөздің қосарлануынан	Қосарлама қос сөз	Екі басқа сөздің қосарлануынан
	Жақсы-жаман	
	Абстрактылы,	

	жалпылық, жинақтық ұғым атауы	
--	----------------------------------	--

2)

Бір сыңары қосымшасыз	Қайталама қос сөз	Бір сыңары қосымшалы қайталама қос сөз
	Бетпе-бет	
	Нақтылық ұғым атауы	

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған туынды сөздер. Қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын байытатын ең ұтымды да өнімді сөзжасамдық тәсілдің бірі - сөздерді тіркестіру тәсілі. Мысалы, күні бойы, қызыл ала, он бес, егін шаруашылығы, сөйлем мүшесі, т.б.

Түсіндіріледі: кемінде толық мағыналы екі сөздің тіркесуі арқылы жасалып, жаңа лексикалық мағынаны, білдіріп, жаңа ұғым атауы болатын туынды сөздің түрін тіркесті сөз дейміз. Тіркесті сөз «құранды сөз», «құрама сөз» деп аталып та жүрді.

Есте сақтайтын: анықтағыштар:

1. Тіркесті сөздің лексикалық тіркес ретінде синтаксистік тіркестен, (грамматикалық тіркес), яғни, еркін сөз тіркесінен айырмашылығы салыстырыла түсіндірілуі тиіс; Мысалы: тіркесті сөз асықты жілік, қара торғай

Тіркескен сөз бен сөз тіркесінің бір-бірінен айырмашылығы:

а) Тіркесті сөздер бір ғана ұғымның атауы болып, бір ғана лексикалық мағынаны білдіріп, сөйлемде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. ә) Сөз тіркесінің (еркін тіркес немесе синтаксистік тіркес) құрамындағы сөздердің әрқайсысы өзінің лексикалық мағынасында тұрып, сөйлемде әрқайсысы жеке-жеке сөйлем мүшесі қызметін атқарады.

2. Тіркесті сөздің лексикалық тіркес ретінде тұрақты сөз тіркестері не (ол да лексикалық тіркеске жатады) ұқсастығы, айырмашылығы салыстырыла түсіндірілуі тиіс; Мысалы: тіркесті сөз: қара сұр, көре кел; ал тұрақты сөз тіркес: қара көңіл – арамы; төбе шашы тік тұру - қорқу

Аталған лексикалық тіркестердің ұқсастықтары да бар:

Құрамындағы сөздердің бәрі жиналып бір лексикалық мағынаны білдіреді, бір ұғымның атауы болады; Ал айырмашылығы: а) Тіркесті сөздің құрамындағы сөздердің әрқайсысы өзінің лексикалық мағынасында тұрады; ә) Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны тұрақты болады, бірақ құрамындағы сөздің әрқайсысы өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрмайды.

3. Тіркесті сөздер немесе сөздің тіркесуі арқылы әр түрлі ұғым атаулары жасалатындығы аңғарылуы тиіс; Мысалы,

а) Заттық ұғым атаулары: дөңгелек үстел, боз торғай, тобықты жілік, мемлекеттік сыйлық, т.б.

ә) Сындық ұғым атаулары: сары ала, қызыл күрең, ашаң жүзді, қою қара шашты, т.б.

б) Мезгіл ұғым атаулары: күні бойы, ала жаздай, таң сәріден т.б. в) кимыл ұғымының атаулары: бара кет, айтып бар, қарап тұр т.б.

4. Тіркесті сөздің құрамындағы сөздердің бөлек жазылатындығы аңғартылуы тиіс.

Қысқарған сөздер. Тіркесті сөздің ықшамдалған түрі - қысқарған сөз деп аталады. Мысалы, Бұқаралық ақпарат құралдары - БАҚ, Ішкі істер министрлігі - ІІМ. Қысқарған сөздер жайында түсінік беруде мынадай анықтамалар ескертілуі тиіс:

1. Қысқарған сөздердің жаңа сөз емес, грамматикалық тұлға (форма) екендігі; Мысалы, ашық акционерлік қоғам - ААҚ немесе жеке кәсіпкер - ЖК. Бұл жерде сөзжасамның тіркесу тәсілі арқылы жасалған жаңа ұғым атаулары ықшамдалып тұр.

2. Сөздердің тіркесу тәсілі арқылы жасалған жаңа сөздердің, ұғым атауларының қысқартылып қолданылуының өзіндік заңдылықтары болатындығы; Олар: а) Тіркесті сөздің басқы әріптерінен қысқартылуы; Мысалы, ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік; ә) Тіркесті сөздің алғашқы сөзінің бас буыны мен соңғы сөздің басқы әріптерінен қысқартылуы; Мысалы, ҚазҰУ - қазақ ұлттық университеті; б) Тіркесті сөздің әр сыңарының басқы буындарынан қысқартылуы; Мысалы, кеңшар - кеңестік шаруашылық;

Бұлардың жазылу емлесі жаттығулар арқылы үйретіледі.

Тасымалды үйрету. Сөзді буынға дұрыс бөлу, сондай-ақ буыннан сөзді дұрыс та тез құру мәнерлі оқуға көмектеседі. Сөзді буынға бөлу дұрыс тасымалдау мүмкіндігін береді. Дұрыс тасымалдай білу жазу мәдениетіне шешуші орын алады.

Тасымал - емлелік құбылыс, ал тасымалдау белгісі (=) - емлелік белгі. Оқушылардың жазба жұмыстарында тасымал қатесі жиі кездеседі. Мұның себебі фонетика материалдарын оқыту кезінде буын тақырыбы да, тасымалдау тақырыбы да ат үсті жеңіл өтілетіндігінен болса керек. «Жазып келе жатқанда, сол жолға сыймаған тұтас сөз келесі жолға тасымалданады. Тасымалдау буынға негізделеді» деген түрде ереже айтумен шектелу болмайтындығын тәжірибе көрсетуде. Біздіңше, тасымалдау тақырыбын өту сағатын көбейте түсу жөн сияқты. Шынына келгенде, сауатты жазатын есейген, мәдениетті адамдар тасымалдаудан қате жібереді. Тіпті мұндай қателіктерге қазір компьютерлік жазуда назар аударылмайды.

Тасымалды оқытуды теориялық жағынан екі жолмен жүзеге асыру тиімді болатындығы байқалады: а) тасымалдауға болатын жағдайлар, ә) тасымалдауға болмайтын жағдайлар. Ал тәжірибелік жағынан дұрыс тасымалдау жолдары түрлі варианттарда үйретіліп, жаттығу жұмыстарына неғұрлым мол, неғұрлым жіті орын берілуі керек. Әріп қатесіне қарағанда, тасымалдау қатесі көп болып жүргендігі осыны талап етеді.

Сөздерді тасымалдаудың негізгі ережелері. Жолға сыймаған сөздің бөлегін екінші жолға тасымалдау буын жігінен жасалады. Мынадай

сөздерді тасымалдауға болмайды:

1. Бір буынды сөздер (от, бар, кел т.б.)
2. Сөздің бір әрпін келесі жолға көшіруге немесе жолдың соңында қалдыруға болмайды (Ата, сия т.б.)
3. Қысқартылып жазылған кісі аттарын фамилияларынан бөліп тасымалдауға болмайды.
4. Қысқартылып жазылған өлшем аттарын км, г, си, клг, мм, га, т.б. саннан бөліп тасымалдауға болмайды.
5. Бас әріптен және әріп пен буыннан қысқарған сөздер тасымалданбайды (ТМД, ҚазМУ т.б.).

1-жаттығу Мәтін ішінен үлгіге қарап, тасымалдауға болмайтын жағдайларды табыңыз.

Үлгі: Ұлт, ел, ...

Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан. Мен - Қазақстан азаматымын. Ұлтым – қазақ. Қазақстан – әртүрлі ұлт өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел біздің жерімізде есепсіз байлық бар. Еліміздің ең басты байлығы кеңпейіл халқы және шетсіз-шексіз даласы.

2-жаттығу. Берілген мәтіндегі асты сызылған сөздерді тасымалдап жазыңыз.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Тілді білу – үлкен рухани байлық, мәдениеттілік, тәрбиелілік, әдептілік өлшемі. Мемлекеттік тілді білу арқылы мен Қазақстан халқына деген құрметімді білдіремін, туған жерімнің алдындағы борышымды ақтаймын. Мен туған Отаныма адал қызмет етемін.

3-жаттығу. Тасымалдауға келмейтін сөздерді теріп жазыңыз.
Бұйрық, отан, қоғам, атақ, адамгершілік, әсер, ұлт, жолсерік, адам, тарих, банк, одақ, біліктілік, билік, жұмыс, ең, сауда, мемлекет, тиімді, ғылым, бағдарлама, ант, орын, ауылшаруашылық, жүктеме, куә.

Бас әріптің қолданылуын үйрету жүйесі. Ол үшін бас әріптің мына жағдайларында қолданылатындығы туралы мәлімет беріледі:

1. Сөйлем соңына қойылған нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп белгісінен кейінгі келесі сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады:

2. Төл сөз және цитаттар бас әріптен басталып жазылады:

1. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі еліміздің мемлекеттік тілін одан әрі дамытуға бар күш жігерімізді жұмсауымыз керек» деп, ерекше көңіл бөлген.

4. Адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, сондай-ақ бүркеншік аты бас әріптен жазылады: Ахмет Байтұрсынұлы, Қаныш Сәтпаев, Шыңғыс Айтматов, Әбіш Кекілбаев, Әлия Молдағұлова, Қоңыр (М.Әуезовтың алғашқы кездеп бүркеншік аты)

5. Дефис арқылы жазылатын екі сөзден құралған фамилиялардың екеуі де бас әріптен жазылады Екі-үш бөлімнен тұратын шетел азаматтары аты-жөндерінің әр компоненті бас әріппен дефиссіз жазылады:

Аманжолова-Жиеналина, Ван Мен, Те Дян Хен.

6. Географиялық атаулар (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады: Каспий теңізі, Балқаш, Тынық мұхиты, Алатау, Іле, Сібір, Астана.

7. Халықаралық ұйымдар атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі,

8. Жеке мемлекет ретіндегі республика атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: Қазақстан Республикасы. Қытай Халық Республикасы. Америка Құрама Штаттары. Біріккен Араб Әмірлігі.

9. Көше, алаң, парк, шоссе, көпір, канал, жол, тарихи орындары атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Түрксіб темір жолы. Жібек жолы көшесі. Республика даңғылы. Эйфель мұнарасы.

10. Мемлекеттік басқару органдары, мемлекеттік басқарма, жоғарғы ұйымдардың, лауазымдардың атаулары: Қазақстан Республикасы президентінің әкімшілігі. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты.

11. Тырнақшаға алынып жазылған зауыт, фабрика, спорт қоғамдары, кәсіпорын, кинотеатр, т.б. аттары бас әріппен жазылады: «Арман» кинотеатры, «Еңбек» спорт қоғамы, «Қарағанды 3-бис» шахтасы.

12. Кітап, газет, журнал аттары бас әріппен жазылады. Егер олар бірнеше сөзден тұрған күрделі аттар болса, бірінші сөзі ғана (және ішіне енген жалқы есім) бас әріппен жазылады. Олар мәтін ішінде қолданылғанда тырнақшаға алынып жазылады: «Анна тілі» газеті, «Қазақстан мектебі» журналы, «Абай» романы.

13. Бұрынғы ордендердің аттары тырнақшаға алынбай, әрбір сөзі бас әріппен жазылады (орден деген сөзден басқасы): Еңбек Қызыл Ту ордені, Қызыл Жұлдыз ордені, Халықар Дастастығы ордені.

Кейбір ордендер мен медаль аттары және құрметті аттар тырнақшаға алынып жазылады, мұндайда олардың бірінші сөзі ғана бас әріппен беріледі: «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Ардақты ана» ордені

14. Өлеңнің әрбір жолы, көбінесе бас әріппен жазылады:

Орфографияны игертуде мәтінді пайдаланудың әдіс-тәсілдері

Лингвист ғалымдар мен әдіскер ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, мектеп оқушылары меңгеруге тиіс болатын мәтінге тән мынадай негізгі белгілерді атап көрсетуге болады. Бұл белгілер ғылыми жағынан анықталған негізгі қасиеттеріне сәйкестендіріліп және бастауыш мектеп оқушыларының түсінуіне лайықталып алынады.

10-кесте – мектеп оқушылары меңгеруге тиіс болатын мәтінге тән негізгі белгілер

№	Ғылыми жағынан анықталған негізгі қасиеттер	Бастауыш сыныптар үшін берілетін негізгі белгілер
1	Тақырыптық-мазмұндық бірлігі мен тиянақтылығы	Мәтіндегі берілетін/ ауызекі, жазбаша/ ой, пікір, мазмұн белгілі бір тақырыпқа негізделеді, яғни белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды

		білдіреді
2	Коммуникативтік мақсаттылығы прагматикалық бағыттылығы	Мәтінде барлық уақытта негізгі ой болады.
3	Құрылымдық біртұтастығы	Мәтінді құрылымдық бөлімдерге бөлуге болады
4	Құрылымдық-логикалық жүйелілігі	Мәтіннің құрылымдық-мазмұндық бөлімдері және ондағы сөйлемдер бір-бірімен жүйелі түрде байланысады.

Мәтіннің мұндай белгілері оқушылар ұғуға тиіс мына мәселелерді: мәтін деген не, ол қалай түзіледі, қандай заңдылықтарға сүйенеді, мәтінді қалай жүйелі түрде байланыстыруға болады, мәтіннің түрлері қандай, олардың бір-бірінен басты айырмашылығы неде, олар қалай құрылады және т.б. жайттарды түгел қамтиды, әрі өз жанынан мәтін құруға дағдыландыруды мақсат етеді.

Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ тілі бағдарламасында мәтіннің осындай белгілерін ендірілуі, қазақ тілі оқулықтарында қатысымдық-сөйлеу бағытылығының жүзеге асырылуы функционалды-семантикалық тұрғыда нақты тілдік бірліктерді оқытуға алғышарт жасады. Онда «мәтінмен жұмыс, бір жағынан, оқушылардың сөйлеу дағдысы мен машығы қалыптастырудың негізі болса, екінші жағынан, тілдің лексикалық және грамматикалық жақтарының алуан түрлі қыр-сырларын жан-жақты талдап, жинақтай білуге, олардың өзара бірлікте болатынын байқауға мүмкіндік береді» делінеді [95,6].

Мәтін лингвистикасының қазақ тіл білімінде қарастырылуы тілді оқыту үдерісі үшін де маңызды екендігі Н.Құрманованың «Текст теориясы және тексті талдау» еңбегінде [96] баса көрсетеліп, ғалым қазақ тілін мектепте оқыту әдістемесінде «Мәтін» туралы түсінік беру, мәтіннің жасалу жолдары мен өзіндік ішкі табиғи заңдылықтарын оқушыларға таныту жолдарының айқындалуын қажет деп табады.

Мәтін туралы түсінік беруде мәтіннің дыбыстан, фонемадан, сөзден, лексемадан, морфемадан, сөйлемнен (жай сөйлем, құрмалас сөйлем), абзацтан дербес түрде келетін ерекшеліктері бар екендігі, сондықтан да мәтінді жеке тану керек екендігін нақты мысалдармен, талдаудың көптеген түрлерімен ұғындырылады. Мәтіннің өзіндік белгілерін жекелеген фактілер арқылы түсіндіріп, сол жеке белгілердің барлығы бірігіп келіп, біртұтас мағынаны-«мәтін» табиғатын санасында орнықтыратындай күйде оқытылуы керек. Мысалы, мәтін туралы түсінік қалыптастыру сабағының үлгісін беруге болады.

Сабақтың тақырыбы: Мәтін деген не?

Сабақтың мақсаты: Мәтіннің табиғатын, жасалу жолын, құрылымын, байланысуын, сөйлемнен т.б. тіл бірліктерінен айырмашылығын меңгерту; салыстыру, талдау, жинақтау, ой қортындысын

жасауда игерту; Логикалық ойлау мәдениетіне тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Дұрыс құрастырылмаған аққала суреті, сызба

Сабақтың барысы:

1. Мотивациялық-бағдарлау кезеңі

Психологиялық дайындық жұмыстар.

Мұғалім төрт заттың суретін көрсетіп, әрқайсысына бір сөйлемнен құратады. Құраған сөйлемдерден тақтаның сол жақ жартысына жаздырады. Сонан соң бір заттың суретін көрсетіп және соған байланысты бірнеше мәндес сөйлемдер мен оң жақтағы сөйлемдер салыстырылады:

- Бірінші бағандағы сөйлемдер кім (не) туралы?

- Дәрігер, ата, көзілдірік, ит туралы.

- Екінші бағандағы сөйлемдер не туралы?

- Ит туралы.

Тапсырма: екінші бағандағы сөйлемдердің орнын ауыстырып айтып көр. (Сөйлемдердің орны ауыстырылып оқылады.) Әңгіменің не туралы айтылып тұрғанын білеміз бе? - Жоқ. Әңгіме не туралы екендігі белгісіз.

- Ендеше, екінші бағандағы сөйлемдер бір бірімен жалғасқан? Төрт сөйлемді де байланыстырып тұрған ортақ ой не туралы? Олардың орнын ауыстыруға бола ма? Осы айтылғандардан қандай ой тұжырымын жасауға болады?

Оқушыларға ой тұжырымдамасын жасатып, ереже шығарту.

2. Операциялық-орындаушылық кезең.

Оқулықпен жұмыс. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жазбаша жауап бер:

1. Бұғы қандай жануар?

2. Оның қандай ерекшелігі бар?

3. Солтүстік бұғысы немен қоректенеді?

Мәтінге қандай ат қоюға болады?

1-жаттығу. Суретке қарап, әңгіме құрастыр. Әңгімеге қандай ат қояр едің? Неліктен? Әңгіме мазмұнына сәйкес сурет салып көр.

«Бүгін – күн жексенбі. Балалар ауыл шетіндегі төбешікке жиналады. Бірі шанамен сырғанса, екіншісі шаңғы теуіп жүр. Қолдан су құйып жасаған сырғанақтарында бірнешеуі конькимен жарысуда. Ойын қызығына түскен балалар күннің суықтығын да сезер емес».

2-жаттығу. Ойсергіту мақсатын көздейді. «Дұрысын тап» ойынын ойнату Ойынның шарты: Қ. Баянбайдың төмендегі мәтінін оқытып, тақырыпты «Өлеңде не туралы айтылған?» сұрағын қою арқылы таптыру және ат қойдыру.

Тақтайлардың қалдығын
Қиып, Қырнап, Қашадым.
Қиыстырып барлығын,
Бір орындық жасадым.

3-жаттығу. Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құра.

Бұл тапсырманы орындатар алдында оқушыларға дұрыс құрастырылмаған аққаланың суреті көрсетіледі.

III. Рефлексиялық-бағалау кезеңі.

Мәтінмен жұмыс. Берілген мәтінді оқып, оның неше бөліктен тұратынын анықта, әр бөлікті азат жолдан бастап, мәтінді көшіріп жаз.

Суыр

Суыр-сүйкімді аң. Оның басы жалпақтау, тұмсығы доғал болады. Суырдың түсі сарғыш немесе сарғыштау сұр болып келеді.

Суыр әр алуан балауса шөптермен қоректенеді. Олардың терісі мен майы үшін аулайды. Суырдың майы ем ретінде қолданылады. «Ол кім? Бұл не?» кітабынан)

Ойын «Аққала жасайық». Ойынның шарты: Аққаланың әр бөлігіне «Мәтін дегеніміз не?», «Қандай сөйлемдер мәтін құрайды?», «Мәтіннің бөліктері қалай жазылады?», «Мәтінге ат қоюда қандай сұрақты қою тиімді?» дейтін проблемалық сұрақтар жазылады. Сұраққа жауап берілген жағдайда осы бөліктерден аққала құрастырылады.

«Мәтіндегі аңдар атауын тап» ойыны. Ойынның шарты: Мұғалім тақтаға «...және...» деп жазып қойып, мәтінді оқиды:

-Сен қаймақ пен сүт ішкенді ұнатасың ба?

-Мен орман жаңғағын жақсы көремін, қаймақ пен сүт сенің сүйікті тағамың ғой.

Көп нүктенің орнына керекті сөздер мәтін мазмұны арқылы таптырылады. Табылған сөздер мәтіннің аты болатындығы дәлелді жауаптармен бергізіледі.

Рефлексиялық-танымдық жаттығу. Өзіндік қабылдау.

Қағазды екіге бөліп сызып, сол жағына менің кемшіліктерім, оң жағына менің жетістіктерім деп ойларын бүкпей ашық жаздыру.

Менің кемшіліктерім

Менің жетістіктерім

5 минуттан соң 3-4 оқушының өз жазғандарын топтап талдап, талқыға саламыз. Оған 10 минут уақыт беріледі. Мына ережені есте ұстаған жөн: бір-біріне сұрақ қоюға болады, бірақ сын айтуға болмайды.

Қортынды: тренинг нәтижесі оқушының шыншылдығын, жауаптылығын, алғаш рет өзіне қортынды жасауын, өзін түсініп, өзгеге сенуін көрсетеді. Тренинг барысында баяу музыка ойнап тұрады. Ол оқушылардың ашылуына, ойланып қайта әрі сөйлей білуіне әсер тигізеді.

Үйге тапсырма:

2 ой бөлігінен тұратын мәтінді тауып жазып келу.

«Қысқы ойын» тақырыбына әңгіме жазып келу.

Мұғалімдердің мәтінге тән қасиеттер туралы мәліметі болу керек. Ол үшін мәтіннің тақырыптық-мазмұндық бірлігін мәселесіне тоқталып, бірнеше кезекте «тақырып» ұғымның мәнін ашып алған жөн.

Бұл жерде ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың: «Тақырып-әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады..... Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін шығарманың тақырыбы басына қойылады. Әңгіме басында тұрған «Жаз» деген сөзді көріп, не туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз» [97].

Ғалымның бұл сөздерінен біз, біріншіден, тақырып мәтіннің арқауы,

өзегі нысаны екендігін байқадық, екіншіден, тақырып мәтіннің ішіндегі пікірді алдын ала анықтап, оқушыға әңгіменің мазмұны жайлы білдіріп тұратыны аңғарады.

Ал «мазмұн» ұғымын А.Байтұрсынов былай анықтайды: «...мазмұн дегеніміз бір нәрсе туралы ойға пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады» [97,143.].

Демек тақырып «пікір не нәрсе туралы екенін білдірсе, мазмұн «бір нәрсе туралы ойға алған пікірді» танытады. Ендеше, тақырып пен мазмұн бір-бірімен астарласып, тығыз байланыста, бірлікте жүреді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына тақырып пен мазмұн бір-біріне сәйкес, өзара тығыз байланысты болатынын білу арқылы берілген тақырып бойынша оның ішкі мазмұнын болжауды және берілген мазмұнға байланысты оның тақырыбын анықтауды үйренуі тиіс. Сондықтан шығарма жазғызу үшін берілетін тақырып жеңіл, түсінікті, қысқа әрі нақты болып, тақырыптың мазмұнын ашу оларға ауырлық түсірмейтіндей болуы шарт.

Сонымен тақырып дегеніміз-әрі мәтіннің арқауы, әрі мәтіннің ішкі мазмұнының сыртқы көрінісі. Бұл біз қарастырып отырған мәтіннің тақырыптық-мазмұндық бірлігі дейтін қасиетті көрсетеді. Осы қасиетті ашатын анықтаманы орыс әдіскері М.Р.Львовтың еңбегінен кездестіруге болады: «Тема-это предмет сочинения, то что составляет его содержание» [100]. Бұл да біздің ұстанған бағытымыздың дұрыстығын байқатады. Ойымыз дәлелді болуы үшін мысал келтіре кетейік:

Лашын

Лашын-жыртқыш құс. Оның арқасы көк сұр. Ал алқымы ақсұрлау болып келеді. Лашынның көзі дөп-дөңгелек, қап-қара. Қанаты ұзын және сүйір. Онымен құсбегі аң аулайды.

Мәтіндегі барлық сөйлемдер бір тақырыпқа шоғырландырылған. Әрбір сөйлемде тақырыпқа қатысты сөздер бар, әрқайсысында да лашын туралы айтылып отырады. Лашын-оның-лашынның. Осы мысалға қарап бұл мәтін тақырыптық-мазмұндық бірлікте құрылған деп айтуға болады.

Тақырып пен мазмұнның сәйкес келуіне әр түрлі қайталаулар, тақырыптық тірек сөздер, синонимдер т.б. амал-тәсілдер көмекке келеді. Жоғарыдағы мысалдар лашын сөзінің «оның» есімдігімен алмасуы тақырыптың мазмұнын ашуға себеп болып тұр. Ендеше шығармада тақырып басты рөл атқарады.

Мәтінді әрі қарай талдайық. Бірінші сөйлем Лашын-жыртқыш құс тақырыпқа қатысты отырып, оқушыны мәтіннің әрі қарай ашылуына жетелейді.

Зер салып қарасақ, бұл сөйлем лашынға алдын ала мінездеме беріп, өзінен кейінгі сөйлемдерден сол айтылғанды әрі қарай аша түсуді талап етіп тұрғаны көрінеді. Бұл жерде лашынның жыртқыш құс екені айтылады да, оның дене бітіміндегі ерекшеліктерді нақтылай түсуді қажет етіп тұрғанын аңдаймыз. Міне, тақырыпты ашу бірінші сөйлемнен бастап іске асады екен.

Келтірілген соңғы сөйлемнің мазмұны да тақырыпқа қатысты болып тұр. Бұл сөйлем бірінші берілген ойды қорытып, тиянақты тұр, яғни лашын жыртқыш құс болғандықтан, онымен аң аулауға болатындығы туралы ойды түйіндеп тұр.

Жоғарыда сөз болған пікірлерге сүйене отырып, оқушыларға мына мәселелер үйретілуі қажет:

-мәтін бір тақырыпқа негізделіп құрылады;

-мәтіннің тақырыбы жазылмақ ойдың не туралы болатынын анықтап, тақырыптық-мазмұндық біртұтастық жасауда маңызды рөл атқарады;

-мәтіннің мазмұны тақырыпты толығымен ашады, ал бұл екеуінің сәйкес келуіне тілдік амалдар септігін тигізеді;

-тақырыптың мазмұнын ашу кезінде бірінші сөйлем жазылмақ ойдың бағытын анықтап, сол ой одан әрі сипатталып, нақтыланып, соңғы сөйлем міндетті түрде тақырыптың мазмұнын тиянақтайды.

Бұдан келіп шығатын екінші лингвоәдістемелік шешім: берілген тақырыптың мазмұнын ашу кезінде оқушылар қиналып қалмау үшін мәтіннің барлық сөйлемдерінің ішкі мазмұны тақырыппен байланысты болуы керек екені және бірінші сөйлемі жазғысы келген бағытын көрсетіп, одан әрі сол ой бірте-бірте дамытылып, ең соңында жазылған мәселеге баға беріп, оны қорыту қажет екенін меңгертіп, соны тікелей іске асыруға дағдыландыруға қажет. Оған қоса, осы кезеңде тақырыпты аша білу және мәтінге ат қоя білу дағдыларын қалыптастыру тиіс. Бұл, үшін ең басты мәселе-шығарма немесе әңгіменің мәтіннің құрап жазу барысында тақырыпты есінде үнемі нысана етіп берік ұстауға және ой желісін сақтап, бар мүмкіндігін сол тақырыптың мазмұнын ашуға өзін толық жұмылдыруға төселдіру қажет. Осы екі мезанизм тақырыпты нысана етіп ұстау және тақырып мазмұнын ашуға өзін жұмылдыру тақырып пен ішкі мазмұнының бірлігін қамтамасыз етеді.

Келесі мәтіннің құрылымдық біртұтастығы қасиеті – оқушыларға мәтін туралы білім беруде ескерілуі тиіс маңызды белгілерінің бірі.

Оқушыларға мәтіннің құрылымы туралы түсінік қалыптастыру үшін, ең алдымен, мәтіннің «бірнеше сөйлемнен құралатындығы» жайында белгілі бір дәрежеде білім беруіміз керек. Өйткені қатысымдық қарым-қатынастың тілдегі ең кіші бірлігі сөйлем болып табылады. Сөйлеу әрекетінің қайсысы болсын сөйлем құрау арқылы яғни кез-келген ойды сөйлеммен білдіру арқылы іске асады.

Мектепте синтаксистен берілетін ұғымдар оқушының мәтін түзуге үйрету үшін жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан, ең алдымен, оқушыларды мәтін түзуге дағдыландыруда айтылатын ойдың күрделі ойдың жігін сөйлемдерден дұрыс ажыратып, әрбір ойды күрделі ойдың бір тармағын жеке даралап жеткізуге үйретудің маңызы зор. Оған қоса, сөйлемдерден мәтін ішінде қалай болса солай, ретсіз орналаспайтынын, олардың орналасу реті, белгілі бір заңдылығы бар екенін білдіру қажет. Осыған байланысты оқушыларға мәтін ішінде алғашқы сөйлем айтылатын ойға бағыт беріп, оны дайындап, келесі сөйлем сол ойды дамытып, оған

айтылуы тиіс жаңа ой қосып отыратынын меңгерту керек. Мұны білмейінше, оқушы шығарманы саналы жазуға тез үйрене алмайды.

Бағдарламада оқушылардың мәтін түзуге үйретуде мәтіннің сыртқы құрылысымен таныстыру міндеті қойлған. Осыған байланысты бағдарламада мәтіннің алғашқы бөлігінде тақырыпты анықтау, екіншісінде-тақырыпты ашып мазмұндау, соңғы бөлігінде аяқтау, қортындылау жұмыстары орындалатынын санасына сіңіреді. Мәтіннің ой бөліктерін анықтау оның мағыналық және құрылымдық біртұтастығын тануға көмектеседі:

Жаттығу. Әңгімені оқы. Ондағы бөліктердің бөліп жазылуына назар аудар. Неліктен бұлай берілгенін түсіндір.

Біз әкеміз екеуміз бақ ішінде қыдырып жүргенбіз.	Басы
Кенет ағаш басынан ұлпа жүнді тиін секіріп түсті.	Негізгі бөлім
Бізден қорыққан жоқ. Адамдарға әбден үйреніп алған.	
Мен оның алдына қолымдағы қарағай жаңғағын тастай	
салдым. Тиін жаңғақты қақшып алды. Содан соң	
олжасын жақын маңдағы ағаш түбіне көме бастады.	
Тиін қысқы азығын осылай жинайды екен.	Соңы

Композициялық бөліктер	Мазмұны
Басы:	Әңгімелегенде, түсіндіргенде немесе суреттегенде тыңдаушыны одан кейінгі айтылатын ойға дайындайсың, келесі ойдың не туралы болатындығын аңдатасың.
Негізгі бөлім:	Сол негізгі айтайын дегенінді ашып, мазмұндайсың.
Соңы:	Мәтін бойынша айтайын деген ойыңды барлығына түсінікті етіп қорыта аяқтайсың.

Мәтіннің мұндай сызбасы оқушылардың өз бетінше жазба жұмыстарын орындағанда немесе шығарма жазғанда, жалпы мәтіннің мазмұндық бөліктерін түсінуге, ажыратуға жол ашады. Мұндай мәтін сызбасының мазмұны нақты жоспарда да беріледі:

Сызба	Жоспар
1.Басы: оқиғаның басталуы-	1) Көксеректің өсіп, ер жетуі
2.Негізгі бөлім: оқиғаның дамуы- оқиғаның шиеленісуі-	2) Ауылдың иттерімен сыйыспауы. 3) Ауыл малына тиісуі
3.Соңы: оқиғаның аяқталуы-	4)Көксеректің адамдар арасынан кетуі.

Мұндағы әрбір бөлікті ажырата білу, оны құрастыра білу, тақырыбын анықтау, ат қою құрылымдық тәсілі арқылы мүмкін болады. Мысалы.

Жаттығу. Мәтінді оқы. Мәтін неше бөліктен тұрады? Мәтіннің басқа

бөлігін көшіріп жаз. Барыс – бағалы аң...

Жаттығу. Мәтіннің басқы, негізгі және соңғы бөлігін тап, орны өзгертілген сөйлемдерді әңгіме шығатындай етіп өз орнына қойып жаз.

Түнде таған құс өзінің қай жерде екенін ұмытып, өзінше айғай салды. Таған көгершіндедің даяр тамақта, жылы орында тұрғанын көрді де, жүнін ақ бояумен бояп, соларға келіп қосылды. Сонда көгершіндер оның бөтен құс екенін біліп, қуып жіберді. Осы қалпымен таған көгершіндерге де қосылмай, өз жолдастарына да қосылмай, көрген күні қараң болды. Бұдан кейін таған өзінің жолдастарына келіп қосылды. Жолдастары жүні ақ болған соң, танымай қуып жіберді.

Жаттығу. Мәтінді оқы.

Жолбарыс Азияны мекендейді. Ол – аң аулауға аса шебер жыртқыш. Оның құмартып аулайтыны-бұғы, жабайы шошқа мен киіктер.

Жолбарыс тордағы тіршілікке де оңай үйренеді. Бұл жыртқышты көптеген хайуанаттар бағынан көруге болады. Ол үй мысығына ұқсас.

(«Ол кім? Бұл не?» кітабынан)

Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлікте не туралы айтылған? Мәтіндегі «жолбарыс» сөзін алмастырып тұрған сөздерді тап. Мәтіннің негізгі бөлімін көшіріп жаз.

Жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екінші – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қаратөбет абалап үріп шыға келді.

- Ақселеу, қаш, эне, ит келіп қалды!-деп, Абыз айғайлап жүгіре жөнелді.

- Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Айбар шекті. Көршілер келіп, Ақселеуді айырып алды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды.

- Абыз Ақселеудің жанына келіп:

- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің,-деді.

- Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмайтын сен тұтылып, мен құтылатын едім. Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым,-деді Ақселеу.

- Ақселеу бала да болса, азамат екен! Оның мұнысы нағыз достық!-деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп (М.Төрежанов)

Мәтіннің басы, негізгі бөлімі, соңғы бөліктері бойынша жоспарын құр.

Мәтіннің құрылымдық біртұтастығы туралы түсінік қалыптастыруда оқушыларды мәтіннің үш бөлігінің әрқайсысына тән тілдік көрсеткіштерін (лексикалық және синтаксистік) үйрету, шығарма жазу барысында көп көмегін тигізеді. Бұндай көрсеткіштерді анықтау үшін балалар жазушыларының әңгімелерін, мәтіндерін, қазақ тілі оқулықтарынан

іріктеп, таңдап алдық. Өйткені, шығарманың басқы бөлігінде балалар лексикалық мағынасы толық сөздерді қолдануы керек. Оған қоса «бір күн», «ертеде», «ерте-ерте ертеде», «баяғыда... өмір сүріпті» және сипаттау мәтіндерінде кездесетін жалпылама сипат беретін мәндегі сөйлемдерді пайдаланады. Негізгі бөлігінде «кенет», «алғашқыда», «одан кейін», «онан соң», «онан әрі», «содан кейін», «біріншіден», «екіншіден» ... т.с.с. сөздер мен тіркестер қолданылады. Мәтіннің ең соңғы бөлігінде «сөйтіп», «сонымен», «ақыры», «ақырында», «қорыта келгенде», «міне», «...осы», т.с.с. сөздер қатысады.

Сонымен, дұрыс құрылған мәтінде барлық бөліктер өз орнында тұрып, әрі бір-бірімен тұтастық байланыста болса, барлығы қосылып біртұтас ойды білдірсе, онда мәтіннің құрылымдық-біртұтастық қасиеті дұрыс іске асқанын көрсетеді. Қорыта келе, оқушыларға өз жанынан шығарып құрған шығармасының мәтінін дұрыс үйрету үшін мына жайттарға көңіл бөлу қажет: 1) сөйлемдерді бірінен соң бірін ретімен дұрыс бере білу, олардың жігін дұрыс ажырату; 2) шығарманың басқы, негізгі, соңғы бөліктерін түгел қатыстырып, толық мазмұнды, логикалық ой желісі сақталған мәтін түзе білу; 3) мәтіннің әрбір бөлігін әзірлеп дайындауда, жазуда қажетті тілдік көрсеткіштерді орынды, дәл тауып пайдалана білу.

Мәтіннің негізгі қасиеттерінің бірі – қатысымдық мақсаттылығы. Мәтін сөйлеу әрекетінің жемісі екендігі белгілі. Кез-келген әрекет сияқты сөйлеу әрекетінің де мақсаты мен уәжі болады. Осы мақсаты пен уәж сөйлеудің не жайында, не туралы екендігін анықтап береді. Адам белгілі бір ойды білу я білдіру мақсатын көздейді, яғни сөйлеу мақсатының артында үнемі негізгі ой тұрады. Лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерде сөйлеудің мақсаты. Негізгі ой, идея деген терминдер бір-біріне жақын мәнде қолданылады. Біз оқушылардың түсінігіне сай “негізгі ой” ұғымын пайдаландық. 4-сынып қазақ тілі оқулығында негізгі ой ұғымын төмендегідей мағлұмат берілген: «Мәтіндегі негізгі ой – автордың айтқысы келген басты пікір». Оқулықта мәтіндегі негізгі ойды анықтау тапсырмалары бірнеше жаттығулар арқылы берілген. Мысалы жаттығуларда Б.Бұлқышев шығармасынан үзінді беріліп, мәтіндегі негізгі ойды анықтау тапсырмасы қойылады.

Оқушыларға мәтіннің келесі белгісі – сөйлеудің функционалдық-мағыналық типін танытудың мәні зор. Мәтіннің әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түрлері табиғатынан екіжақты құрылым ретінде түсіндіріліп жүр. Ол – ойлаудың бір түрі, яғни ойлау әрекетін жүзеге асырады, әрі сөйлеу әрекетінің бір түрі, яғни қатысым түріне жатады. Мәтіннің бұл түрлерін үйретуде де оның осы екі қыры ескерілуі керек, себебі мәтінде сөйлеу мен ойлаудың заңдылықтары тоғысып жатады.

А.Байтұрсынов мәтіннің бұл үш түрін былай түсіндіреді: «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, я ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз, я тұлға-

тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдай сөйлейміз. Осыған орай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады».

Мәтін туралы оқушылардың білімдері сөйлеу формаларының тұтас шығарма ішінде берілуін айқындау арқылы тереңдей түседі. Мәтін түрлерін сұрақ қою арқылы таптыру әдістемелік ерекшелігін ескерілген:

Мәтіннің қандай түрлері болады?

Мен 5-сыныпта оқимын. Бізге Айман апай сабақ береді.

Біздің оқитын сыныбымыз кең, жарық. Төбесі биік, қабырғалары аспақ.

Біз сыныпты таза ұстаймыз. Өйткені, ол-біздің екінші үйіміз. Мұны балалардың бәрі жақсы біледі.

1
Не істеді? Әңгімелеу.

Қандай? Сипаттау.

Неліктен? Пайымдау.

Мәтіннің бұлайша құрылуын анықтау шағын мәтіндер арқылы болады.

Әңгімелеу мәтіннің құрылымындағы сөйлемдер оқиғаның дамуына байланысты бірінен кейін бірі жалғасып келіп, бір-бірімен тығыз байланыста құрастырылады. Мұндай құрылым мәтіннің синтаксистік жағынан ұйысдасқан түрде қатысуын да анықтайды. Сөйлемдердің бір-бірімен байланысында олардың баяндауыштардың шақтық мағыналарының сәйкестігі, лексика-грамматикалық амал-тәсілдердің (шылау, есім сөздер, үстеу т.б.) қызметі ерекше мәнге ие болады. Оқушылар осы мәселелерді білумен қатар, әңгімелеу мәтіннің құрылымын да есіне ұстауы қажет:

- 1) оқиғаның басталуы;
- 2) оның әрі қарай дамуы (негізгі ойдың көрінісін табуы);
- 3) оқиғаның аяқталуы.

Сипаттау мәтінмен жұмыс оқушыны салыстыра білуге, аңғарымпаздыққа және бақылампаздыққа үйретеді. Сипатталатын зат немесе құбылыс оқушыларға өте таныс, жандарына жақын болуы қажет.

Мұғалім оқушылардың сипаттау кезінде заттың немесе нәрсенің барлық белгілерін тізіп, түгендеп жатудың қажеті жоқ екенін, оның негізгі я айрықша белгілерін ғана мән беру керектігін және бұл белгілерді біртұтас образ шығатындай етіп бейнелеу керектігін ескертеді. Сипаттап отырған затына немесе нәрсесіне өзінің пікірін, содан алған әсерін, сезімін, сондай-ақ ол заттың адамға пайдалы немесе пайдасыз екенін білдіру де естерінде болғаны дұрыс.

Сипаттау мәтінде сөйлемдердің басталуы, аяқталуы бірдей тұлғада, сөздердің орналасу тәртібі де біртектес т.с.с. болып келеді.

Сипаттау мәтінде негізгі ой тақырып бірлігін сақтайтын тірек

сөздер, түрлі көркемдегіш құралдар арқылы жүзеге асады. Ал бұл жұмыс оқушылардың сөздік қорының молдығын, әсіресе, синонимдер мен антонимдердің жеткіліктілігін, лексикалық қайталауларды, теңеу, эпитет т.б. орнымен қолдана білулерін қажет етеді. Сондықтан да мектепте сөздік жұмысына басты мән берілуі – оқыту ісінде күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе.

Оқушыларға пайымдау мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың өзіндік әдістемелік ерекшелігі бар. Тұтастай мәтіннен сұрақ қою арқылы (неліктен?) таптыру, оның құрылымдық бөліктерімен (дәлелденетін пікір, дәлелдеу немесе түсіндіру пікір, қортынды пікір) таныстыру және оларды мәтін ішінен, тапқызу, бір бөлігін беріп, қалған бөлігін оқушылардың өздеріне тапқызу т.с.с.

Пайымдау мәтіні грамматикалық жағынан сөйлемдердің бір-бірімен сабақтастық байланыстар арқылы жасалады. Сонымен бірге мұнда қыстырма сөздер: «біріншіден», «екіншіден», «ендеше», «олай болса», «сондықтан», «сол себепті» т.б. қолданылады.

Зерттеу тақырыбымызға жақын еңбектерге (С.Рахметова, Н.Құрманова) жасалған талдау балалардың өз сөйлеуінде сөз тіркестерін белсенді қолданатындығын көрсетеді. Оқушылар жұмыстарында заттың, қимылдың белгілерін білдіретін сөздерді көптеп кездестіруге болады. Бұл, сөз жоқ, оқушыларды сөйлеу дәлдігіне, бейнелегіне жетуге талпындырады. Бірақ, балалардың сөздік қоры әрдайым бай емес, синтаксистік құрылымдары әртүрлігімен ерекшеленбейді, балалар шығармалары мен мазмұндамаларында, мәтін құрауда стильдік қателер көптеп кездеседі. Демек, бұл айтылғандар қазақ тілі сабақтарында оқушылардың байланыстырып сөйлеуін жетілдіру бағытында бағдарламада қарастырылған грамматикалық тақырыптармен өзара байланыста сөз тіркесін мәтінмен жұмыс жасауда қабылдау және шығармашылықпен қолдану арқылы қатысымдық біліктілігін қалыптастыру тұрғысында әдістемелік жүйені жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Мәтінмен жұмыс жасауда сөз тіркестерін автордың түпкі ойын бейнелеу құралы, оқиғаның даму шегін (динамикасын) көрсету құралы, мәтін құрылымын түзудің құралы ретінде қолдануға болады.

Әлі күнге дейін сөз тіркесі теориясы туралы, оның табиғаты туралы орныққан пікір жоқ. Бірақ ғалымдардың көзқарастарын жақындататын тұтары бар. Мысалы, сөз тіркесі мен сөйлеу – синтаксистің объектісі (М.Балақаев), сөйлеу қарым-қатынас жасауда жетекші рөл атқарады (Оразбаева Ф.Ш.). Сонымен бірге кейбір ғалымдар (Х.Аханов) сөз тіркесін сөйлем құрамынан таныту, сонан соң оны талдаудан өткізу әдісін қолданады.

Қазіргі зерттеулерде сөз тіркесін оқыту проблемасының екі бағыттылығы байқалады: Бұл тіл бірлігінің тілдік және қатысымдық қасиеттерін үйрету мәселелері.

Лингвистикалық әдебиеттерді талдау сөз тіркесін оның белгілерін (мағынасын, формасын, қызметін) бірлікте үйрету арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуға қатысымдық тұрғыдан келу оқытудың жаңа нәтижелі әдіс-тәсілдері мен құралдарының пайда болуына

себепші болды. Бұл сөз тіркесі ұғымын қалыптастыру, оны синтаксистік бірліктің мағынасы және қызметі тұрғысында қарастыру үдерісіне әкеліп отырады.

Мектепте сөз тіркесін функционалды-семантикалық тұрғыда іске асырудың негізгі құралы ретінде мәтін танылады. Мұндай тәсіл сөз тіркесінің мәтін жүйесін ұйымдастырушы, мәтіндегі автордың негізгі міндеттері мен ойын беру тілдік құралы ретіндегі мол мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды. Сондықтан әдістемелік әдебиеттерді талдау функционалды-семантикалық тәсілді жүзеге асыруды қамтамасыз етуде тілдік бірліктердің мәтіндегі рөліне бақылау жасау керек екендігін көрсетеді.

Сөйлеу әрекеттерінің мәні туралы психологиялық-педагогикалық зерттеулер негізінде оқушылардың белсенді танымдық әрекетін қамтамасыз ететін, тілдік құбылысты жетік меңгеруіне мүмкіндік беретін проблемалық оқу міндетін қою оқушылардың қатысымдық мұқтаждығының пайда болуына мүмкіндік жасайтын сабақта тілдік жағдаяттар жасау шарттары анықталды.

Қорыта келгенде, сөйлеу әрекеті сөйлеудің қабылдау және сөзді тудыру үдерісін қамтиды. Осы үдерістердің негізінде жағдаяттың дұрыс элементтерін таңдаудан, оларды біріктіруден, әрқайсысының салыстырмалы өлшеуішін таңдаудан, оларды біріктіруден, әрқайсысының салыстырмалы өлшеуішін анықтаудан тұратын алдын-ала болжау және түсіну жатыр. Сөйлеу әрекетінің мазмұны мен құрлымына ден қою барабар таңдаудың қатысымдық мәнділігі біліктілігін, сөйлеу әрекетінің рецептивті және продуктивті түрлері сөз тіркестерін қабылдау мен қайта жасауды анықтауға мүмкіндік берді. Сөз тіркесінің функционалды-семантикалық аспектісі бойынша мәтінмен жұмыстың психологиялық және психолінгвистикалық негіздемесіне келесі факторлар: а) алғашқы көркем мәтінді елестете алуда оқушылардың өмірлік және тілдік тәжірибеліктерін тірек ету; ә) көркем мәтінді қабылдауда және өзі мәтін құрауда тілдік тұлғалар деңгейлерінің өзара көмектесе әрекет жасауы жатады. Сондықтан емлені үйрету мәтін арқылы жүргізу нәтижелі болмақ.

Емлені тыныс белгімен байланысты игертудің ерекшеліктері.

Мәтінмен жұмыс істеудің сапалы да тиімді әдістері көп ретте синтаксистік түсіндіру барысында мол байқалады. Оның ішінде әсіресе, сөйлем, сөйлем мүшелері туралы түсінік беру барысында мәтіннің табиғатын таныту әдістері молаяды.

«Сөйлем мүшелері» тақырыбында, оның ішінде «Тұрлаулы мүшелер», «Тұрлаусыз мүшелер», «Сөйлем мүшелерінің байланысы», «Сөйлемнің біріңғай мүшелері», «қыстырма сөздер», «қаратпа сөздер» тақырыптарын оқыту барысында олардың қызметі-мәтін құрумен байланысты танытылу керек. Ол үшін оқулықта берілген жаттығу мәтіндері талданып, арнайы жаттығулар іріктелді.

Сөйлемнің біріңғай мүшелері тақырыбын оқыту барысында тек даяр мәтінмен бірыңғай мүшелерді тапқызып қоймай, олардың бірыңғай мүше

екенін дәлелдету арқылы пайымдау мәтінін құруды меңгерту керек. Ол үшін оқушыларға, алдымен, дәлелдеу үлгісі беріледі: **Әркім күрек, сүймен, зембілдерін ала барды** деген сөйлемдегі **күрек, сүймен, зембілдер** бірыңғай мүше болып табылады. Өйткені бұлар нені? деген бір ғана сұраққа жауап береді, бәрі де **ала барды** деген баяндауышқа қатысты болып тұр және бұлардың барлығы – еңбек құралдарының аттары.

Келесі сөйлемдер осы үлгімен талданып, пайымдау мәтіні құрастырылады. Мысалы, **Қаз, үйректің балапаны өте нәзік болады** деген сөйлемдегі **қаз, үйрек** бірыңғай мүше болып табылады. Өйткені бұлар ненің? деген бір сұраққа ғана жауап береді, бәрі де балапаны деген бастауышқа қатысты болып тұр және бұлардың барлығы құс атаулары.

Тұжырымдағанда мәтінмен жұмыс тыныс белгілерге негізделіп жүргізіледі. Мысалдар келтірейік.

Қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар туралы түсінік берілген соң, олардың тұтас мәтінде алатын орны, атқаратын қызметі туралы білім қалыптастыруы қажет. Осы ретте, олардың қолданылу мақсаты – сөйлемдердің біртұтастыққа бірігуіне, мәтіннің жасалуына үлкен байланыс орнату екендігі анықталады. Сондықтан, мұғалім оқулықта берілген жаттығулардың мәтінін осы бағытта талдап, қаратпа сөздердің, қыстырма сөздердің, одағайдың қызметіне, онда да мәтін құруға байланысты қызметіне оқушылардың назарын аудартады. 1. Мысалы, мәтіннің ішіндегі одағай сөздерді алып тастап, сөйлемді өзгертіп көру мағынасы мен құрлымына нұқсан келтіре ме, жоқ па, соны анықтату:

Кәкеннің демалысы кезінде әкесі:

- Ертең жолға шығамыз, балам, тағы да тауға шығып кетпе,-деді.

- Қайда барамыз, көке?- деп, Кәкен кәдімгідей көңілденіп, қуанышын жасыра алмай қутындап қалды.

- Ауылға барамыз, бабаңа сәлем беріп, батасын алып қайтамыз.

- Баба деген кім ол, көке?

- Бабаң – әкеңнің атасы, атаңның әкесі.

(Әдібай Табылдиев)

2. Қаратпа сөз туралы түсінік беруде диалог-мәтін қолданудың артықшылығын тұстары бар. Тақтаға жазылған диалог талданады:

- Айгүл сен математикадан есепті шығардың ба?

- Иә, Темірлан, барлығын шығарып келдім.

- Балалар, мұғалім келе жатыр.

Осындағы асты сызылған сөздер не үшін қолданылып тұрғанын анықтату проблемалық сұрақ қою арқылы іске асырылады. Сөйлеуші ауызекі сөйлеуде екінші адамның назарын дыбыспен немесе қимылмен өзіне аударып алады. Мұнда, әрине, белгілі кідіріс болады, жазуда оны үтірмен белгілейміз. Ендеше оқушыға қаратпа сөздің басты белгісін тыңдаушы назарын аудару екенін түсіндіру аса қажет, назарын аудару – тыңдату деген сөз. Мәтін туралы түсініктерін бекітуде диалог-мәтінге ат қойдыру тапсырмасын беруге болады.

Сонымен қатар, мәтінмен жұмыс жасаудың тәрбиелік жағын да

мұғалім әрдайым есіне сақтауы тиіс.

Қыстырма сөздердің тек сөйлемді ғана емес, тұтас мәтінді де «ұстап тұра алатын» қызметін таныта түсу үшін мынадай салыстырулар қолдануға болады:

Сөйлем

Кірпіш, біріншіден, барлық жерден табылатын саз бен құмнан жасалады, екіншіден, отқа, суға ерімейді, үшіншіден, қатты аязда да шытынымайды.

Синтаксисті дамыта оқытуға арналған тест. «Тест»-ағылшын сөзі, сынақ, байқау деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш рет оқушылардың білімін тексеру үшін тестіні ағылшын педагогы Дж.Филлер 1864 жылы қолданған.

Тест – психологияда жеке адамның ақыл-ойы дамуының, білік-дағдыларының, қабілеті дамуының белгілі бір деңгейін тексеруге арналған стандартты қалыптағы тапсырмалар жиынтығы болып келеді.

Қазақ тілінен берілетін тест болса мұндай интеллектуалдық тестіден мазмұны мен көздеген мақсаты жағынан бөлек болып келеді.

Оқушыларға қазақ тілін дамыта оқытуда олардың білім дәрежесін тексеріп, бақылап, нәтижелерін жақсы көрестекіштерге жеткізуді мақсат ететін тест, біріншіден, уақыт үнемдеуге мүмкіндік жасаса, екіншіден, мазмұны мен мақсаты дамытушылыққа бағдарланып, онда қазақ тілі пәнінің өзіндік ерекшелігін ескеріледі, үшіншіден, оқушылардың рефлексиялық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Оқыту мен бақылау функциясы біріктіру мақсатын көздейтін тест тапсырмасына мысал келтірейік:

Екі бағанда орналасқан сөйлем түрлерінің атаулары мен сөйлемдерді бір-бірінің айтылу мақсатына қарай топтастыра, екеуін сәйкестендір.

- | | |
|-------------------|----------------------------|
| 1. Хабарлы сөйлем | а) Қасқырдың төлі не? |
| 2. Сұраулы сөйлем | ә) Мал тыныстайды. |
| 3. Лепті сөйлем | б) Жүйрік озады. |
| | в) Мысық қалай дыбыстайды? |
| | г) Өркенің өссін, қарағым! |
| | ғ) Тау мұнартады |

Мұнда оқушының шығармашылық ойлауын мүмкіншілік беретін сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін ажырату, оларды бір-бірімен салыстыру және ондағы сөздердің мағынасына назар аудартудың өзі де оқушыға бір материал негізінде көптеген оқу-танымдық әрекеттер орындауын мүмкін етеді.

Мұғалім тестің баламалы (альтернативті), толықтыру (еске түсіру), сәйкестендіру, дұрыс жауабын таңдау тестілерін қолданудың технологиясын жете меңгертуі тиіс. Бұл аталған тест түрлері оқушылардың білімін тексеріп, бақылауда және оқушының өзін-өзі бағалауына, жақсы көрсеткіштерге жетуіне мүмкіндік берері сөзсіз.

Тестің негізгі түрлері мыналар:

1. Баламалы (альтернативті) тест. Мысалы: алақай, қандай,

тамаша, жасасын сөздердің барлығы лепті сөйлем құрауға қатыса ала ма? Оқушы бұған тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі тиіс.

2. Толықтыру (еске түсіру) тесті. Мысалы: а) Хабарлы сөйлем берілген. Оларға тиісті сұрақтарды қоя отырып, көп нүктенің орнына сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

Үйді құрылысшы салады. ?

Керіктің мойны ұзын. ?

Дәрігер ауруды емдейді. ?

ә) Төмендегі ережені толықтыр.

Лепті сөйлем адамның көңіл-күйін,.....

б) Өлеңнен тұрлаулы мүшелерді тауып, оларды сызықшамен толықтыр.

Отан – туған үйіміз.

Отан – туған жеріміз.

Отан – ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен күйіміз.

(Е.Өтетілеуов)

в) Өлеңнен бірыңғай мүшелерді тауып, оларды тыныс белгілерімен толықтыр.

Мектеп – ана

Тәлім алған осыдан атамыз да,

Әжеміз де, анамыз да, әкеміз де.

Құшағына түлегін шақырды ана –

Енді біз де үлгілі шәкірт бала.

(М.Әлімбаев)

г) Әр қатарды осыған ұқсас сөз тіркестерімен толықтырып жаз.

1. Мектеп ауласы,.....

2. Терең көл,.....

3. Екі ешкі,....

4. Ақыл айт,....

5. Тез оқы,...

3. Сәйкестендіру тесті. Екі бағанда орналасқан деректерді, мысалдарды бір-бірінің мағынасына, мазмұнына байланысты тауып топтастырады. Мысалы: а) Екі бағанда орналасқан мүшелерді түрлерінің атаулары мен сөздер тобын топтастырып, сәйкестендір.

Тұрлаулы мүше

қатты ренжідім

тәжірибелі мұғалім

мен қуандым

тұрлаулы мүшесі бар

Тұрлаусыз мүше

жерді өлшеді

ә) Бағанның сол жағында орналасқан дара және күрделі мүше мен соларға сәйкес келетін сөйлемдерді бір-бірімен сәйкестендір.

Бала орманға барды.

Дара мүше

Болат ағаштан кеме жасап отыр.

Көшеттерді суаруға он бес бала бөлінді.

Қызыл ала көбелек гүлге қонды.

Күрделі мүше

Орман желмен тербеледі.

б) Екі бағанда орналасқан қаратпа сөзі бар өлең мен өлең мазмұнына сәйкес келетін қаратпа сөзі бар сөйлем сызбасын бір-бірімен сәйкестендір.

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!...

в) Екі бағанда орналасқан адамның көңіл-күйін бейнелейтін суреттер мен соларға сәйкес келетін сөйлемдерді бір-бірімен сәйкестендір.

Суреттер

- а) Алақай, мен Астанаға баратын болдым!
- ә) Тұр орныңнан!
- б) Қап, сиямның таусылып қалғаны!
- в) Қазақстан халықтарының мызғымас достығы жасасын!
- г) Мына қардың аппағын-ай!

4. Дұрыс жауабын таңдау тесті. Мысалы: Білімді бекітуге арналған тест сұрақтары:

1. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?
 - а) 2
 - ә) 3
 - б) 4
2. Сұрауға жауап боп келетін сөйлемнің түрі
 - а) сұраулы
 - ә) хабарлы
 - б) лепті

Бұл аталған тест түрлері оқушылардың білімін тексеріп, бақылауда және оқушының өзін-өзі бағалауына, жақсы көрсеткіштерге жетуіне мүмкіндік берері сөзсіз. Біз ұсынып отырған тест тапсырмалары дамытушылыққа бағдарланған, қазақ тілі пәннің өзіндік ерекшелігі ескерілген тесттің түрі деуге болады.

Қазақстандық мектептерді дамыған елдер қатарындағы мектептер қатарын жеткізудің бір жолы – оқыту үдерісінің компьютеризациялау. Ендеше, оқушының қазақ тілінен алған білімін бақылау мен тексерудің тиімді жолы ретінде тест ала отырып, оқушыларды қызықтыруға, өзінің білімін өзі бағалау арқылы көбірек білуге деген құштарлығы артуын компьютерлік тестінің берері мол. Компьютермен тест алуда мектептің компьютермен жабдықталған кабинетінің болуы, қазақ тілінен мұғалімнің компьютермен тест алуға даярлығының болуы шарт.

Сонымен, тесттің оқыту үдерісіндегі маңызы мен болашақтағы тиімді

тұстары таныла түсіп, қазақ тілін сапалы деңгейге шығаруға көмектеседі, оқушылардың сауатын арттырады.

Синтаксисті дамыта оқытудың әдістемелік кешенін жасауда компьютермен тест алатын орны зор. Компьютермен тест алу үшін мектепте компьютермен жабдықталған кабинеттің, оқушылардың компьютермен жұмыс істей алу дағдысының, синтаксис тақырыптарынан тест алу даярлығының болуы қажет. Мысалы, **синтаксис материалдары бойынша деңгейлік тапсырмалар**.

Зерттеуіміздің психологиялық негізі болып табылатын теория – Л.С.Выготскийдің «оқыту үдерісінде оқушының ақыл-ойының дамуы «актуальды даму» аймағының «жақын арадағы даму» аймағының ауысу» теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға арналған 1-деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғары деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады [98].

Осындай іс-әрекет деңгейлері арқылы оқушылар синтаксис материалдарын әр түрлі деңгейде қабылдайды.

В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей – міндетті, оқушылық, екінші – алгоритмдік, үшінші – эвристикалық және төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау.

1-деңгей

Бұл деңгей әрбір тақырыптың ең негізгі де, басты қарапайым мазмұнын ашып, сол тақырыптың білуге міндетті тұтас бейнесін береді. 1-деңгей базалық деңгей ретінде қабылданған. Бұл міндетті деңгей болғандықтан барлық оқушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2-деңгей

Қосымша мәліметтер алғашқы деңгейде алған білімді одан әрі кеңейтіп, тиянақтайды, негізгі мазмұнын нақтылайды, ұғымдардың не үшін, қалай қолданылатынын көрсетеді. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды оқушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3-деңгей

Өз бетіндік жұмысты қалыптастыру мақсатында оқушылар жана тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қортындылай білуге жол ашады. Бұл деңгейде ребус, сөзжұмбақ, анаграмма құрастырады.

4-деңгей

Бұл деңгейде берілген тақырып бойынша өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Реферат, баяндама, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру тапсырмалары беріледі.

Мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту мақсатында айқындау оқыту нәтижелерін таныта алатын нақты әрекеттер арқылы жүзге асырылады. Дегенмен әрекетті жасау кезінде ойлау жүйесінің деңгейлері әрқалай болатындығы белгілі. Ал бұл көптеген ғалымдардың назарында болғаны мәлім, солардың бірі – Б.С.Блумның оқушылардың танымдық, эмоционалдық, психологиялық-моторлық аялар іс-әрекеттеріндегі оқу

мақсаттарының таксономиясы.

Б.С.Блумның таксономиясы танымдық үдерістің ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 категорияға жіктейді: білім деңгейінде өтілген қарапайым фактілерден бастап, тұтас теорияға дейінгі оқу материалының еске сақталуы мен еске түсірілуі іске асырылады, ал түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөздерімен жеткізе алумен жалғасады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты күрделі әрекетке ұласады, яғни меңгерілген оқу материалын өмірдегі нақты қажеттіліктерде және жаңа бір жағдаяттарда дұрыс әрі тиімді қолданады. Бұдан кейінгі оқушының оқу-танымдық қызметінің жоғары деңгейлерінде оқу материалын орналастыру, бөлу және оны жинақтау, бағалау жұмыстары жүргізіледі. Мұндай жұмыстардың негізінде оқушылар оқу материалын салыстыра, сипаттай біледі және меңгерілген білімнің негізінде ой қортындысын жасай алады.

Блумның осы таксономиясын басшылыққа ала отырып, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда мақсат қою технологиясын қалай іске асырғанымызды кесте арқылы өрнектейді:

11-кесте – Блумның таксономиясы арқылы оқушылардың іс-әрекетін қалыптастыру

Дағдылар	Анықтама	Оқушының іс-әрекеті
Білім	Берілген жаңа түсінікті ұғады, еске ұстайды, бұрынғы білімді еске түсіреді.	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды.
Түсіну	Жаңа материалды түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасау	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Жаңа білімді тәжірибеде, яғни нақты жаңа жағдайда пайдалану	Бұрынғы алған білімін пайдалана отырып, жаңа проблема шешеді.
Талдау	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді дәнін бөліп ала білу, яғни бүтінді бөлшектерге жіктеу арасындағы байланысты айқындау	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді.
Жинақтау	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау (жалқыдан жалпыға)	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Бағалау	Жаңа ұғымы, жаңа материалдың құндылығын анықтау, керектігін анықтау, пайымдау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.

Бұл жүйені жете түсіну үшін мұғалім қандай тірек сөздерді пайдалануы мүмкін, соған тоқталайық:

12-кесте – Блум таксономиясын жүзеге асырудағы мұғалім басшылыққа алатын сөздер

Білім	Айт, жаз, атап бер, орнына қой.
Түсіну	Өз ойынды айт, түсіндір, ұқсастық, айырмашылығын көрсет, мағынасын түсіндір.
Қолдану	Қолдан, тап, пайдалан.
Талдау	Салыстыр, басқаша ойластыр, басқа ерекшелігін тап, негізгі қасиетін дәлелде.
Жинақтау	Құра, ойлан (жаңа нәрсе), керісінше, мүмкін.
Бағалау	Бәрінен жақсы, бәрінен жаман, неге солай, пікірдің біреуіне келісемін, сын айт.

Тәжірибеде осы мақсат бойынша мақсатқа қалай жетуге болатынын өз зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырайық.

13-кесте – Сөйлем тақырыбын Блум таксономиясы бойынша анықтау

Білім	Сөйлемге анықтама бер. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін ата. Оларды бір-бірінен ажырат.
Түсіну	Берілген мәтіннен хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді тап.
Қолдану	Хабарлы сөйлемді сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдыр.
Талдау	Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.
Жинақтау	Берілген тірек сөздермен хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдері бар мәтін құра.
Бағалау	Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді пайдаланып, «Дәрігерде» тақырыбында диалогқа түсіп, өз-өзіңді бағала.

Деңгейлік тапсырмалар:

Білім: Мәтіндегі әр сөйлемде не туралы айтылғанын аңқыта, қандай сөйлем екенін айт.

Тірек-сызбамен жұмыс:

Осы сызба арқылы хабарлы сөйлем туралы ой тұжырымдамасын жаса. Айтқан ой тұжырымдаманды оқулықтағы ережемен салыстыр, айырмашылығын тап.

Түсіну: Әйелдің киімін білдіретін сөздерді бір бөлек, ерлердің киімін білдіретін сөздерді бір бөлек топтастырып жаз:

Сәукеле, орамал, жаулық, камзол, шәлі.

Жейде, күпі, құлақшын, ішік, шекпен.

Қолдану: Балалар, тау, сырғанақ, қар сөздерімен хабарлы сөйлем құрастыр.

Далада қар жауып тұр. Балалар сырғанап жүр. Дидар тауға атасымен бармақшы.

Талдау: Сөйлемдерді тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жаз. Нүкте қою себебін дәлелде. Ол үшін төмендегі өлең шумақтарын басшылыққа ал.

Мен сөйлемнің соңында тұрам,

Солында емес, оңында тұрам.

Сөйлемдердің жігін ажыратып,

Кідірісі белгісі орнында тұрам.
Тиянақты ойдың біткенін білдірем,
Сөйлем соңына таман,
Даусыңды бәсеңдетіп үлгерем.

Жинақтау: Суреттегі тірек сөйлемдер арқылы әңгіме құрастыр: *Сәуле орманға жидек теруге келді. Оның үлкен себетін көріп, жидектер тығылып қалды. Шырша бұтағына көбелек ұшып келді. Сәуле көбелекті қуып кетті. Себет жерде қалды. Бәрін байқап отырған тиін себетке жидек тере бастады. Қайта оралған Сәуле себеттің жидекке толы екенін көрді. Ол қатты қуанды.*

Қорытынды

Барлық оқу пәндері сияқты, қазақ тілі грамматикасы да тілдік ұғымдардың жүйесінен жасалады. Соған орай грамматиканың әрбір бөлімі мен тарауы, тақырыбының өздеріне тән атаулары мен ұғымдары бар. Оқушыларда тіл ережелерін меңгеруінің психология-педогогикалық негіздеріне байланысты болмақ. Мәселенің мәні біріншіден, оқушылардың оқыту үдерісінде тілдік ережелерді жете түсініп, меңгеру болса, екіншіден, сол грамматикалық ұғым-түсініктерді тиімді амал-тәсілдер арқылы түсіндіру, үшіншіден, әрбір тілдік ұғымдардың өзіндік мен жалпы белгілерін ажырата білуге шәкірттерді машықтандыра отырып, орфографиялық сауаттылықты тіл материалдарының ереже негізінде қалыптастыру. Сондықтан оқушылардың тілін дамыту жұмысында мұғалімдердің қызметі көрнекті орында тұрады. Ал оған педагогикалық жағдай туғызу оқушылардың сөйлеу дағдыларының дұрыс қалыптасу үдерісіне әсер ететін құралдарды таңдау немесе әдістемелік әдіс-тәсілдерін байыту сияқты мәселелер келіп шығады.

Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыруда жаттығу жұмысын дұрыс ұйымдастырудың екі жағы бар: біріншіден, оқушылардың сауатын дамыту жұмысының негізін, жүйесін, мазмұнын, көлемін, түрін және оны ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін анықтау;

Екіншіден, сауатты жазу барысында оқушылардың қызметін ұйымдастыруға байланысты икемділік пен дағды беретін әдіс-тәсілдерді, жаттығу жұмыстарын, тапсырмалар жүйесін жасау, ал бұлардың барлығы жазбаша мәтіннің сауаттылықпен орындалуына жету.

Оқушылардың орфографиялық сауатын дамытуда қазақ тілі пәні бойынша тілдік құрылыстың заңдылықтары мен ерекшеліктерін, тіл стильдерін үйретіп, оны күнделікті қарым-қатынастағы тілді қолдану тәжірибесімен байланыстырып жүргізіледі. Сондықтан сауатты жазу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру мынандай жүйеде жүргізу тиімді болып есептеледі:

1. Дұрыс жазу да сөйлеу әрекетінің түрі. Қазіргі кезде әдістемеде жазу және жазбаша сөйлеу деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдарды ажырату, жазу механизмдерінің ерекшеліктеріне байланысты. Ол механизм екі

бөлімнен тұрады: а) Жеке әріптерден сөздер құрастыру; ә) Жеке сөздер мен сөз тіркесінен жазбаша түрде мәтін (хабар) құрастыру.

2. Жазу механизмінің бірінші бөліміне тән икемділік пен дағдыларды қалыптастыру үшін оқушылар графика мен орфографияны меңгеруге тиіс. Оларды меңгеру дағды деңгейіне дейін жеткізілуге, ал жазу механизмінің екінші бөлімін меңгеру үшін оқушылар белгілі графикалық кодтың көмегімен өз ойларын өзгелерге жеткізе білуге тиіс, яғни бұл жерде жазбаша сөйлеу әрекеті жүргізіледі. Сонымен жазбаша сөйлеуге графикалық және орфографиялық дағдылар құрама бөлік ретінде кіреді.

3. Жазбаша сөйлеу әрекетінің айырықша түрі: ол ақпаратты графикалық байланыс арқылы, яғни графикалық түрде қалыптастырып, сөйлеу тудырады. Сонымен жазбаша сөйлеу әрекеті сөйлеудің экспрессивтік (репродуктивтік) түріне жатады. Құрылған ой жазба таңбалары арқылы белгілі норма бойынша қағазға түсіріледі.

4. Жазба тілді дамыту негізінде жазудың психофизиологиялық сипаттамасына байланысты жүргізіледі. Ойды жазбаша түрде жүргізу барысында сөйлеу екі сатыдан тұрады: а) ойды ауызша жеткізу үшін дыбыстық хабарды жазбаша түрге айналдыру; ә) жазбашада тілдік құралдарды сауатты түрде жазу.

Дыбыстық хабардың қалыптасуы күрделі әрекет болып табылады: айтылымды мазмұндық жағынан бағдарламалау, айтылымды грамматикалық тұрғыдан жүзеге асыру, сөздерді іріктеп алу, дыбыстарды іріктеу; сөйлеуді жүзеге асыру, айту. Бұл аталғандар – ауызша сөйлеуді тудырудың жолы. Сол ойды жазбаша жеткізу барысында жоғарыдағы аталған іс-әрекетке қосымша дыбыстық хабарды белгілі жазумен ұштастыру, хабарды іштей сөйлеуге келтіру әрекеті қосылады. Жазбаша түрде берілген мәтінді көшіріп жазғанда немесе естігенді жазғанда (диктант) бірінші элемент өз ойын кодтау емес, көру немесе тыңдау арқылы қабылданған сөйлеу туындысының кодын ашу болады. Демек, жазбаша сөйлеу қалыптасуының екі сатысы: кодтау немесе кодты ашу және графикалық канал бойынша кодтау және жазба сөзді алдын-ала ауызша қалыптастыру жазудың ауызша сөзбен және оқумен тығыз байланыстығына әкеледі. Сөйтіп жазу тіл дамытудың маңызды құралына айналады.

Оқушылардың тілін дамыту деңгейлері мына сияқты бірліктер негізінде анықталады.

- пікір айту көлемі (сөйлемдер мен лексемалар саны);
- тақырыпшалар саны, олардың тақырыпқа және мәтінде айтылған ойға сәйкес келуі, толық қамтылу деңгейі (мағыналық компоненттер, олардың көлемі);
- арнайы тілдік құралдар;
- әртүрлі сөздіктер мен синтаксистік құрылымдар және т.б.
- сөйлемдердегі сөздердің орташа саны;
- мағыналық, лексикалық, синтаксистік және басқа да емлесілік кателер мен кемшіліктер саны.

Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыра оқытудың негізгі бағыттарының бірі – қатынас тілін дамытуда емле ережелерін сақтау. Оған мынадай міндеттер қойылады:

- Ойын жеткізу мақсатында тіл құралдарының құрылысы, мазмұны бойынша жұмыс (арнайы жаттығулар, диктанттар орындау барысында, мазмұндама мен шығармаға дайындық кезінде); Біліктілікті қалыптастыру мен дамыту; Орфограммаларды айқындау, оның ережесін игеру;

- Сауатты жазуда икемділік, дағдыларын қалыптастыру.

Ол үшін «икеңділік – субъектінің алған білімдері мен дағдыларының жиынтығы арқылы іс-әрекетті орындауға қатысты меңгерген қабілеті» бойынша қалыптастыру. Ал икемділік жаттығу арқылы қалыптасады және іс-әрекетті үйреншікті жағдайда ғана емес, сонымен қатар, өзгерген жағдайларда да орындауға мүмкіндік жасайды. Оқушының өмірдегі тәжірибесі орындалатын тәжірибелік - теориялық іс-әрекеттері олардың икемділігін көрсетеді. Ол икемділік жетіле, автоматтандырыла келе дағдыға айналады.

Дағды – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттыға беру нәтижесінде автоматты қалыптасуы болып есептеледі.

Сондықтан дағдыға айналған әрекеттер санадан тыс болмай әрекет өнімділігін арттырады. Ол үшін жаттықтыру керек. Сондықтан оқушылардың сауатты жазуын қалыптастыру үшін дидактикалық талаптар: оқытудың ұстанымы, әдіс-тәсілдері, тәжірибелік жұмыстар жүйесі анық белгіленуі тиіс.

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы; «Қазақ Университеті», 1993 – 160б.
2. Безымянная О.М., Лукьянов С.А. Диктанты с комплексным анализом текста, - М.: Арыс пресс, 2003, - 256с.
3. Бағдарламалар. Қазақ тілі 5-9 сыныптар. Алматы 2003.
4. Әлімжанов Е., Маманов И. Қазақ тілінің методикасы. –Алматы: Мектеп, 1946.
5. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993.
6. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: Санат, 1995, 120 б.
7. Жапбаров А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері. 1-кітап, Алматы, 2007.
8. Оралбаева Н., Абылақов Е. Қазақ тілі, Алматы, 1987.
9. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000, 207б.
10. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Алматы, 2002.
11. Тұрғанбаев Ә. т.б. Ғылым тарихы мен философиясы, -Алматы: Білім, 2006, 285 б.
12. Ковалев А.В., т.б. Жалпы психология. Алматы., 1980, 350б.
13. Пассов Е.И. Коммуникативный метод. обучения иноязычному говорению. – М.: 1991. 222с.
14. Жинкин Н.И. Развитие язык и языковая личность. М., 1994. 213с.
15. Ананьев В.Г. Психологические основы культуры устной и письменной речи и ее воспитание в школе. Уч.записки АГПИ им. Герцена. Т. 43. –
16. Титов В.А. Методика преподавания русского языка: Конспект лекции. – М.: «Приор-издат», 2005г.
17. Қордабева Т.Р: Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987.
18. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966, - 362б.
19. «Қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне кейбір өзгерістер енгізу туралы», қаулы, 1938ж. 2-қаңтар.
20. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, 448б.
21. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001-230б.
22. Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. – Алматы: Орталық білім жетілдіру институты, 1994. 18б.
23. Құрман Н., Уәли Н., Нышанова Ғ. “Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі” жүйесінің қазақ тілінен толық фонетикалық курсы. –Астана: 2009, 176 б.
24. Джунусбеков А.Е. Сингормонизм в казахском языке. – Алматы, Ғылым, 1980, 77с.

25. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті. 1991. -41б.
26. Мусаев К.М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографии тюркских литературных языков Советского Союза.// В.кн. Орфографии тюркских литературных языков СССР. – М.: Наука, 1973.с.4-48.
27. Ысқақов А. Алфавит пен орфография ережелерінің жобасы туралы. // Қазақстан мұғалімі. 1953, 28-ақпан.
28. Балақаев М. Орфографияның бірер ережелері. // Қазақстан мұғалімі, 1953, 6-наурыз.
29. Ермеков Ә. Екі мәселе. // Қазақстан мұғалімі. 1953. 28-наурыз.
30. Шәукенов Қ. Морфологиялық принцип толық сақталсын. //Қазақстан мұғалімі. 1953. 28-наурыз.
31. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 200, -332б.
32. Сарыбаев Ш.Қ.Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1959, -98б.
33. Аханов К., Кәтембекова Б., Әбдіғалиева Т. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау» - Алматы: Рауан, 1990. – 90б.
34. Ұйықбаев И. Бірге жазылатын сөздер. //Қазақстан мұғалімі. 1958, 23-қаңтар.
35. Мұсабаев Ғ. Біріктіріліп жазылатын сөздер. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998, №6, 50-56б.
36. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарты. Алматы, 2002, 30-б.
37. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993, -160б.
38. Мектеп бағдарламасы. Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, Мектеп, 1977.
39. Айғабылов А. Лексиканы оқыту методикасы және оның қазіргі міндеті// Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері. – Алматы: Мектеп 1972.
40. Орфографиялық сөздік. –Алматы. 1962. -219 б.
41. Орфографиялық сөздік. –Алматы. 2001.
42. Кәтенбаева Б., Нұрғалиев М. Морфологияны оқытудың методикасы. – Алматы: Мектеп, 1975.
43. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, Мектеп, 1959, -98б.
44. Орфографиялық сөздік. –Алматы. 1963.
45. Аханов К. Күрделі сөз және оған тән белгілер. //Қаз.мектебі. -1972. №10. 82-85 б.
46. Смирницкий А.И. К вопросу о слове // Сб. Вопросы теории и истории языка М., 1952, с 182-203.
47. Жирмунский В.М. О границах слова //Сб.: Морфологическая структура слова в языках различных типов. М-Л. 1963.

48. Жәркешова Г. Біріккен сөздердің кейбір мәселелері. // ҚҒА. Хабарлары, философия сериясы. 1954, №135.
49. Ермеков А. Семантика стилных слов в казахском языке: автореф. к.ф.н. Алматы, 1950.
50. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер. Уәждеме және аталым. – Алматы; Университет, 2001, -172 б.
51. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу. Алматы: Ғылым, 1966, 362 б.
52. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология, -Алматы: Мектеп, 1967, 398 б.
53. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. –М.: Наука, 1982. 150 с.
54. Севортян Э.В. Соотнесение грамматики и лексики в тюркских языках. // Вопросы теории и истории языка. –М., 1952. -55 с.
55. Современной татарский литературной язык. М., 1969, -372 с.
56. Ильясова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: калыптасу мен даму үдерісі. Алматы, 2003. 125 б.
57. Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы. (Синтаксис, пунктуация). Алматы, 1974.
58. Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся 3-4-классов, М., 1995, -116с.
59. Лурия А.Р. Жазудың психологиялық-физиологиялық очерктері. Алматы, 1990.
60. Виноградов В.В. Русский язык. (Грамматическое учение о слове). М., 1972, с273.
61. Тукумцев Г.Р. Урок грамматики и правописания. //Методика грамматики и орфографии. М., 1979.
62. Пешковкий А.М. Избранные труды. М., 1969.
63. Фирсов Г.П. Синтаксические упражнения в связи с развитием речи, - М., Просвещение, 1979.
64. Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М., 1984, 127с.
65. Всеволодский В.Н. Общие проблемы воспитания школьников. – М: Просвещение 1979.
66. Гальперин П.Я. Психология и учение о поэтапном формировании умственных действия. М.: Просвещение 1996.
67. Званцева Ф.М. Пособие по развитию речи. М.: Высшая школа, 1985.
68. Ушинский КД. Родное слово. Книга для учащихся. Собр. соч. Т6, М-Л., 1949.
69. Леонтьев А.Н. Речь и общение (общая психология) М., 1971г.
70. Гурьянов Е.В. Психологические основы упражнений при обучении письму. М., 1968.
71. Шеварьева П.А. Обобщение ассоциаций в учебной работе школьника. М., 1987.

72. Павлов И.П. Избранные произведения, в 2-х т. М., 1984.
73. Коменский Я.А. Великая дидактика. // Изб.соч. М., 1951, -472 с.
74. Текучев А.В. Об орфографическом и пунктуационном минимуме для средней школы. –М., 1976.
75. Педагогика, под.ред. И.А.Кайрова. –М.: Учпедгиз. 1956. -436с.
76. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы: РБК, 1999.-83Б.
77. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, Санат, 1995. – 120б.
78. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1967.
79. Федоренко Л.Ф. Принципы и методы обучения родному языку. М.: Педаг. 1964. -255с.
80. Текучев А.В. Основы методики русского языка. – М.: Просвещение, 1980. 230с.
81. Баринаева Е.А. и др. Методика русского языка. – М.: Просвещение, 1974, - 368с.
82. Лернер И.Я., Скаткин М.Н. Требование современному уроку. – М.: Педагогика, 1969. – 178с.
83. Бабанский Ю.Х. Избранные педагогические труды. – М.: Высшая школа, 1975. -316с.
84. Бейсенбаева З. Жоғарғы оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт.дисс.13.00.02. Алматы: ҚазҰПУ, 2005. -294б.
85. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1975, -144б.
86. Математический энциклопедический словарь. М., 1988. – 965с.
87. Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 200, 201б.
88. Екшембаева Л.В. Языковые модулы и проблемы обучения. – Каунас, 1989, 271с.
89. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2002.
90. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2004.
91. Шадиева Н. Қазақ мектебінің 3-сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту әдістемесі. Алматы, 2003.
92. Власенков А.И. Взаимосвязь обучения орфографии и умственного развития учащихся. Автореф. Д.п.н.-Казань, 1983, 44-с.
93. Әуелбаев Ш. Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1974.
94. Әлімжанов Д. Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1967.
95. Бағдарламалар. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-9

сыныптарына арналған. –Алматы: AOND, 2003. -28 б.

96. Құрманова Н., Мухлис Қ. Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі. Алматы, 2000, -114 б.

97. Байтұрсынов А. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989, 320 б.

98. Выготский Л.С. Собр. сочинений в 6-ти т. М., 1983.

99. Беспалько В.П. Слагаемын педагогической технологий, М., 1996, 192 стр.

100. Львов М.Р. О речевом развитии учащихся средней школы // Педагогика. 1973, №9. 27-29 с.

Мазмұны

Кіріспе.....

Бірінші бөлім. Оқушылардың орфографиялық білім, білік, дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-теориялық негіздері

1.1 Орфографиялық икемділік пен дағдыны қалыптастыру әдістемесінің зерттелуі мен оқытылу жүйесі.....

1.2. Оқыту үдерісінде оқушылардың орфографиялық икемділік пен дағдысының мазмұны мен мақсаты

1.3 Орфографиялық икемділік пен дағдысын қалыптастырудың лингвистикалық негіздері.....

1.4 Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастырудың психологиялық негіздері.....

1.5. Орфографиялық емлені оқытудың педагогикалық негіздері.....

Екінші бөлім. Оқушылардың емлелік икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

2.1 Орфографиялық икемділік пен дағдысын қалыптастыра оқытудағы жазба жұмыстардың жүйесі.....

2.2. Орфографиялық жаттығу жұмыстарының жүйесі

2.2.2 Орфографиялық талдау әдісі.....

2.2.3 Орфографияны игертуде диктант жұмысын жүргізу.....

2.3. Орфографияны тіл материалдары негізінде игертудің әдіс-тәсілдері.....

2.3.1. Фонетикалық білім негізінде жазу емлесін игертудің әдіс-тәсілдері.....

2.3.2. Сөзжасам емлесін үйрету.....

Қорытынды.....

Әдебиеттер тізімі.....